

**ЖАҚСЫБАЙ САМРАТ**

**БҮРДАЛАДЫ  
ЗАМАДЫ**



Жақсыбай САМРАТ

# Әураған затан

РОМАН

Оңтүстік  
с. Мұжаков атындағы  
архитектуралық  
автографы

23.11.2018 -

Алматы  
2018

УДК 821.512.122

ББК 84 (5қаз)

С 19

С 19 САМРАТ Жақсыбай

Бұралаң заман: роман / Ж.Самрат. – Алматы: Arnau print, 2018.  
– 224 б.

ISBN 978-601-06-5421-1

Бұл бір адамның басында болған оқиғаларды өрбіту сияқты ерекше тәсілмен жазылған роман. Оnda нақ бүгінгі өмірде туып жатқан түрлі қоғамдық қайшылықтардың шарпысы, жас адамның алдына тартылған күрделі өмірдің еселі сыйбағалары әсем өрнектеліп, шынайылықпен әрі шебер көркемдікпен жеткізілген. Кітаптың тілі шүрайлы, жеңіл оқылып, оқырманды тартып отырады.

### ПІКІР

«Бұралаң заманды» әу баста көз жүгіртіп қана шығып, номерге дайындағанда толық оқырмын деп кейінге ысырып жүр едім. Тендер деген, т.б. жағдайлар күіп кетіп алды тосыла берген соң, міне, осы бірер құндікте толық оқып шықтым. Сен мені қуанттың, бауырым! Фанибет күй кештім. Сені танымай жүр екенмін, Қалыптасқан мықты қалам иесі екенсің ғой өзі. Бас-аяғы жинақы, жұтынып түрған шап-шагын дүниен әзден лайық, тұрмыстың ұнғылш-шұнғыл қалтарыстары әлеуметтік-моральдық тұрғыда кең қарыммен қамтылған. Қоғам өміріндегі қайшылықтарды дөп басып, балалап жатқан былапты-азғындықтарға деген жиіркенішің, бір сөзben айтқанда, азаматтық позицияң, зердемен үңіле білетін зерттеушілігің қатты ұнады. Ақ қағаздай таза, үміт дүниесіне жаңа аттаған жас адамның жанталасқан жан арпалысы сәтті ашылған... Ең бастысы – жалықтырмай, қызықтырып отырады. Неге? Бұл – шеберлік, көркемдік өре. Сен осыған жетіпсің. Құтты болсын. Осы биігінен түспе.

559 677

Жазушы Тұрысбек СӘҮКЕТАЕВ

УДК 821.512.122

ББК 84 (5қаз)

ISBN 978-601-06-5421-1

© Ж.Самрат, 2018 ж.

Тапсырыс № 4098.

«ARNAU Print» ЖШС баспаханасында басылған.  
050043, Алматы қаласы, Орбита-3 ықшам ауданы, 55/1.  
Байланыс телефоны: +7 (727) 242-53-35  
arnau\_print@mail.ru

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

Дизайн және беттеу: Г. Джаббарова  
Мұхабаның суретін салған: Айдарбек Фазизұлы

Осы еңбегімді белгілі ғалым  
Бұркітбай АЯФАНҒА арнадым

## Далада

Айқын сағатына қараса, екіден он минөт өткен екен, сабактың аяқталуына бес-ақ минөт қалыпты, ендеше бәрін тұжырса да болады. Даусын төмендетіп: – Солай, қазақ ханлығы XV ғасырда Орталық Азияда туысқан түркі тайпаларын біріктірген алғашқы мемлекет ретінде құрылды, оның бергі тарихың келесі сабактарда айтатын боламыз. Ал қане, ұрақтарың бар ма? – деп сыныпқа қарап еді, қыбырлап-жыбырлап орындарынан тұруға ыңғайлана бастаған балалардың ешқайсысынан белсенділік көре қоймады, бәрі де қонырауды асыға қутіп, есікке алаңдал қалыпты. Алдыңғы партада отырған Сәния да қағаздарын жиыстыра бастаған. Устіндегі қытайдың арзан матасынан тігілген көйлегін жөндей, етегін төменге тартып, жазып қойды. Бырысып қалатын арзан мата «көн тартылса қалыбына барады» дегендей, қайтадан тырысып жатыр.

Мектептің талайды көрген ескі парталарының сыры көшіп, сыны тозған. Орындықтары да көп қолдың көп жөндеуін көріп, қағылған шегелердің үнірейген орындарынан сау жері жоқ. Сынып қабырғалары да «мені қашан ақтайсындар» дегендей, әр жерінің қара, көк дақтарын қотыр ешкідей айқындал тұр. Бұрыш-бұрыштағы қыстың сзыянан қалған көкшіл дақтар тұтасып, бөлменің онсыз да ауыр халін баса түсken.

Көп тосқанда аз уақыттың өзі созылып кетеді емес пе, дегбірі қашқан балалардың шыдамдарын сынағандай болып, ол да жесіз аспандағы зілмәуір бұлттай жылжымай қойды. Сыныптағы тоғыз баланың бәрінде дерлік сағат бар, оған қайта-қайта қарап қозғалақтап, тұруға ыңғайлана бастағандар іштерінен қонырау түмешесін басуға асықпай, ырғалып, жай басып баратын Зикамал апаларын сөгіп отырғандай. Осы кезде ғана электр қонырау шар ете қалды. Сабактың аяқталғанына бәрі де бір сәт қуанып, орындарынан дүркірей көтерілді.

Ал жақсы, балалар, қош-сau болындар, – деп мұғалім Айқын да орнынан тұрды.

Мезгіл көктем еді. Терезеден шуағын мол түсіріп тұратын күн бөлме ішін ысытып, онсыз да тымырсық болып тұратын ауаны қапырық қылып, әбден ауырлатып жіберген. Бөлмені тазартып, таза ауа енгізуге болатын желдеткіш мұнда жоқ. Терезелердің жақтаулары күн күйдіріп тұрса да, жабағы күпісін жарбитып үстінен тастамайтын баяғының жалбыр тымақ қойышыларынша, әлі күнге қысқы пленкалармен қымталған күйінде мызғымай тұр. Іші ысып кеткен тыншу бөлмеде балалардың бәрінің көзіне үйқы тығылып әзер отырған. Қонырауға жеткенде өре түрегеліп, есіктен ата жөнелгені сол.

Айқынның ауыл мектебіне мұғалім болып орналасқанына биыл бір жыл ғана болды. Облыс орталығындағы педагогикалық институттыбылтыр бітіріп келген. Алғашында осы жұмысқа тұрғанына мәз болып еді, енді алаң көнілі далан болып, қаңырап қалған ауылда көшкен елдің жүртүнда қалғандай сезініп, қалаға кеткісі келіп жүр. Қазір мұнда өзі теңді жастар жоқ, бір кезде қызыу қазандай қайнап жата-тын кешкі тірлік тып-типыл. Жергілікті өкіметтен әл кеткенде, өзге емес, өзін ғана ойлайтын ауылдастары қаңырап қалған клубтың жөндемді дүниесінің бәрін жау шапқандай

жоқ қылып, «атаңды жау шапса – қоса шаптың» керін қылып, талап алған. Қазір оның сырлы есігін, терезе көсегесін, кірніштерінің қалдығын әркімнің ауласынан бір көріп, жүргегің қан жылайды.

Ауылдағы ағайынның көбі тұрмыс талқысымен басқа жерлерге көшіп жатыр. Біразы қалаға, біразы қала маңына барып қоныстануда. Бұрынғы қаптай қонған үйлер жоқ, арасына алапес кіргендей әр бұрышта екі-үш қорадан ғана қалып, көше атаулы жетімдік күйін кешіп тұр.

Елде мал өсіргенімен, бала оқыту, басқа күнкөріс қыын, қарап отырғаны алдындағы үш-төрт қарасы ғана. Оның етін де ойлаған бағасына өткізе алмай, «еңбегі ещ, тұзы сор» болып, алыпсатардың жемсауына түсіп кетеді. Сөйтіп, көзінен таса қылмай мәпелеп өсірген, балықтай жүйткітін қонды малының құны мақтағанда бір тәуір сулыққа ғана жетіп, аузы анқылып қала береді.

Өкіметтен майлығына болмаса да, шайлығына жетерлік табыс табатын ауылдағы мұғалімдер ғана. Айқын соның бірі. Кейбіреулер мұның тірлігіне қызыға қарайды. Жалақы алып, табыс тапқанына әке-шешесі де мәз, бірақ жігіттің көнілі самарқау тірлікті місе тұтар емес. Кеш болса жас денесі еле-гізіп, делебесі қозып, көнілі алағызып, бір жаққа шығып, қызырып кеткісі келеді. Қайда баарын білмеген соң, есік алдына шығып итін жүгіртіп, оған ағаш лақтырып, әкелдіріп, соны ермек қылады. Алайда елеуреп, еліккен көнілін басар алданыш бұл емес.

Үйге кіргендегі ермегі – әке-шешесінің қасына отырып, тележәшікке үңілу. Оның да қазір жарнамасы көбейген, көріп отырған қызығынды ортасынан шорт үзіп, көнілінді сұытып тастайды. Интернет бұл ауылда жалғыз мектепте ғана бар.

Соңғы кезде жастықтың жалауын желбіреткен көктем ерік алдына қояр емес. Жаз шығып, оқу жылы аяқталған соң, жүрттың бәрінің делебесін қоздырып жатқан Астанаға

бұл да ат басын түземекші. Әйтпесе, көшкен елдің жұртында қалғандай болып, ауылда жалғыз өзі сопиып қалай отырсын.

Сыныптастарынан қалған жалғыз Қорабай ғана, онын амалы жоқ, шешесі қайтыс болған соң, қолына кәрі әкесі қарап қалған, содан аяғы тұсалып, амалсыз отыр. Оның үстіне құлағының мүкістігінен жасқанып, алысқа ұзай алмайды. Қыз апалары тегіс күйеуге кеткен. Жасы жиырма екіге жаңа толса да, әкесінің қалауымен үйіне бір шүйебас енгізіп, үйленуді ойладап жүр. Басқа арманы жоқ, кездесе қалса айтатын әңгімесі де сол. Мектепті зорға бітірген еді, енді әкесінің зейнетақысы мен қорасындағы 3-4 қараның табысын қанағат тұтып, өмір сүрмекші. Айқын мұндағы қанағаттанбайды, қаруының барында қауқар қылып, мал тапқысы келеді. Жұрт қатарлы жақсы жерде тұрып, жайлы тұрмысты көргісі келеді. Эрине, анасы мұны алысқа жібергісі жоқ, оқу бітірдің, жұмысың бар, енді бір келіншек алып, ауылда тұра бер, сен біздің кенжемізсің, осы қара шаңыраққа ие болып, әке-шешенді асырауың керек деген сөзді қысқа күнде қырық рет айтып, құлағына құйып жүр. Айқыннан үлкен екі ағасы да ауылда тұрмайды, бір ағасы облыс орталығында дындан мемлекеттік қызметкер. Былтыр коттедж тұрғызып алды. Екінші ағасы Айдынның шағын бизнесі бар, өздігінен талпынып мата мен жұннен жасалған дүниелерді химиялық ерітінділермен тазалайтын цех ашқан, қазір соның жұмысымен жан таппай, қашан көрсөң зырылдан жүргені. Ауылға келе қалса кетуге асырып, сағатына көп қарап, зерігіп, жаны дызалақтап біtedі. Мектепті осы шаңырақтағы балалардың ішінде төмендеу оқығаны сол болсада, әйтеуір қалада қатарға ілігіп, өздігінен мал тауып жүргеніне туысқандарының бәрі мәз. Әкесі мен шешесі бала кезінде тұрлі қиянқылығына орай көбінесе осыған ұрсып, осыған ғана көп ақыл айтушы еді, қазір соны ғана мақтап, соны ғана дардитып, ауыздарынан тастамайды. Ал үлкен

ағасы Айбынды айтқанда, әлденеден қысылып, тіл-көз тиіп кететіндей сақтықпен сөйлейді. Соған қарай анау да күннен-күнге шалқып барады. Соңғы келгенде тіпті, бұрын ешкімде көрмеген жаңа маркалы «Джиппен» келді. Айқын оның бағасын интернеттен көріп алған, су жаңасы 100 мың доллардан артық. Жұрттың өні түгіл түсіне енбейтін соншама көп ақшаны бұл жігіттің қайдан алатынын бәрі де іштей сезеді, сол желеумен оның күннен-күнге байып бара жатқанына қуаныштан гөрі үреймен қарайды.

Қазір ауыл адамдарының да көзі ашық, теледидардан ұсталып жатқан жебір шенеуніктердің талайын көрген. Қолы бос ауылдықтар солар туралы хабарларды үзбей қарап отырады да, ертесіне гүж-гүж әңгіменің арқауына айналдырады. Құрыққа сырый жалғап, естігендеріне қиялдары жеткенінше қосақ тіркеп, қолдарымен ұстағандай көпіртіп жүретіндер де бар.

Қандай үлкен қызметтерде істеп, абыройы аспанға жетіп, ту десе түкірігі жерге түспейтіндердің талайы жегені желкесінен шығып, аяғы аспаннан келіп жатқанын көрсетті. Әрқайсысы 10-15 жылдан сотталып, мал-мұлкі де тәркіленіп жатқандары қаншама? Сондайды көріп отырып әкесінің қатты күрсініп қалатынын да талай рет көрді. Бірақ ана жігіттің ойына ештеңе кіріп шықпайды, байлығының буына қарадай мас болып, өктем сөйлейтін болып барады. Келген сайын бұған ақыл айтып, өзінің артықтығын, өмірінің жарқындығын астамшылықпен жеткізіп кетеді. Мектепті орташа бітірсе де, әскерден келген соң дайындық курсында оқып, жоғары окуорнына ілдебайлап зорға түсken еді. Әйтеуір бағы жанып, жақсы жерден келіншек алды, жақсы жолдастары болды, солардың көмегімен жақсы қызметтерге тұрып кетті. Қазір экономика ғылымдарының кандидаты, салық департаменті бөлімінің дыңдай бастығы. Рұқсатнама қағаздарын, лицензия берумен айналысатын қызметтің құлағын ұстап отыр.

Еңбекақысы да жоғары екен, Айқыннан төрт-бес есе артық алады. Бірақ соның өзімен де мұнша байлық жинап алу мүмкін емес екенін Айқын біледі.

Қымбат қызыл кірпіштен өрілген, сауна, бассейні бар үш қабатты коттедж салуға, бағасы удаі қымбат машина алуға, үй қызметіне 2-3 адамды ұстауға мұның таза табысы ішпей-жемей жинағанның өзінде ешқашан жетпес еді. Осыны білетін үй-іші оның елді алып, Еділді алып бара жатқан қадамдарына үрке қарайды, біреу-міреу оны мақтай бастаса – басқа сөзге айналдырып, бұрып әкетуге тырысады. Ауылға бір келгенінде әкесіне де қызыл кірпіштен өрілген зәулім үй салдырып беруді мәслихат еткен. Әкесі одан ат-тонын ала қашты, шешесі де көзге шыққан сүйелдей болармыз деп шошынып қалды.

Айқын үйдегі үш ұл, екі қыздың бәрінен де жақсы оқыды. Жасынан жақсы атқа ілікті, оның үстіне үйдің кенжесі, үлпілдеткен бала болып, аға-апаларына еркетотай, еркін сөйлейтін бұла болып өскен. Әрі жақсы оқып, зерек болған соң да, оның алдында үлкендері именіп тұратын. Мектепті бітірген бойда облыс орталығындағы пединституттың тарих факультетіне еркін түсіп, ақы-пұлсыз оқып шықты. Қазір үйдің бес баласынан ауылда қалғаны жалғыз өзі ғана болып отыр. Қыздар да қалалы жерлерде, тұрмыста. Анасының кенже ұлының қолда болғанын қалап жүргені де сол.

Айқын сабактан келген соң, кей күндері үйдегі жан мен малға алыстағы құдыққа ат жегіп барып, су алып келеді. Ал қорадағы 3-4 қара мен қой-ешкіні жайлау әкесінен де артылмайды. Содан басқа жігіттің бар ермегі – телевизор. Бұрын кітап окушы еді, қазір қызық кітап та таппай қалды. Қолына түскенің бәрі татымсыз, арзан дүниелер. Ал телевизордан көретін барлық қызық – жаңа қалада. Қазақтың барлық жастары сонда жүрген сияқты. Күнде бүйірі қызып, мен де қашан жетер екенмін деп бұл жүр.

– Келдің бе, қарағым, – деп анасы құнделгідей бүтін де сабақтан келген мұны құрақ ұшып қарсы алып, ас қамына кірісіп жатыр. Құнделікті жана шырылдық болған соң, Айқынның еті өліп кеткен, анасының сөздеріне мән бермей, сырт киімдерін шеше бастады.

Баласының қасынан ұзай алмай сипақтап тұрған шешесі ішіне сыйдыра алмай тұрған хабарын да айтып салды.

– Естідің бе, қалқам, Қорабай құрдасың Қекталға келіншек әкелуге кетіпті.

Бұл хабарға Айқын елең етті. Осыдан 2-3 күн бұрын кездескендерінде ондайын айтпаған еді, «ұн демей қатырмақ болғанын қарашы қудың» деп құрдасын ішінен сөгіп қойды.

– Е, дұрыс болты. Кімнің қызы еken, маған ештеңе айтпап еді, – деп анасының жаңалықтарын көбірек білмек болып жатыр.

– Қекталда Роза апасы тұрады ғой, сол көздестірсе керек. Біреудің күйеуден шыққан қызы дейді...

«Е, бәсе, Қорабайға не қылған дұрыс қызы кездесуші еді, әйтеуір әкесінің шәйін құйып беретін біреуді тапқан еken ғой» деген ойын ішінен түйген Айқын аңтарылып қалған күйінен арылып, киімдерін шеше бастады. Мектепке киетін киімдерін шифонердің ішінен алған ілгіштерге қатарлап іліп, үйде киетін женіл киімдерін алып жатыр.

Баласының көңілі пәс болып қалғанын сезіп қалған анасы:

– Күйеуден шықса қайтушы еді? Екеуі жарасып кетсе болды да... Қорабай да жуас бала ғой... Байғұстың бағы жансын, – деп жуып-шайып жатыр.

Айқын ұн демеді. Оның ойын Құсни кемпірдің қораның төбесіне шығып алып, қалта телефонымен айғайлап сөйлесіп жатқан даусы бөліп жіберді. Құлмесіңе қоймайтын көрініс. Айғайламаса естімей қалатындаі көріп, бүкіл ауылға естіртіп күнде осылай бажылдаپ жатқаны...

— Ертең әкенді қарсы ал. Ауылдың автобусымен май-қаймақ апарады. Әнеуті әйелдерге өткізерсіндер, ақшасын әкеңе дәл кетерде ғана бер, әңгүдік неме ішіп қойып жүрер...

Осы Құсни кемпір қалтафонды алғаш көргенде шошынып, жарадай көргені бар. Арғы көшедегі Смайылдың қалада жұмыс істейтін қара баласы ауылға алғаш рет әкеліп, басқа жер желісін ұстамайтын болған соң, қораның төбесіне шығып сөйлесіп жатқан ғой. Оны сол жерден сиырын айдалап, өтіп бара жатқан Құсни көріп қалыпты. Қораның төбесінде өзімен өзі сөйлесіп, бірсек күліп, бірсек біреуді сөгіп тұрған Ерланды бірдене соғып кеткен екен деп ойлап, көзі бақырайып кеткен кемпір көргенін айтып, сол бойы бүкіл ауылды ақтап шығады. Жұрттың бәрі Ерланның соңғы кездегі қылықтарын, айтқан сөздерін еске алып, оның бәрінен есі ауысқан адамның белгісін тауып, жағаларын ұстайды. Ертесіне Ерланды көрсе барлық ауылдастары шошынып, жақындауға жасқанып, дегбірлері қашады. Бұдан бірденені сезген Ерлан төбеге шығып өзімен өзі сөйлескеннің мәнісін жұртқа зорға түсіндіреді.

Сөйткен қалтафонды қазір Құсни кемпірдің өзі қалтасынан тастамай, керек болып қалғанда сатыны қораға сүйей салып, жоғарыға өрмелеп бара жатқанын көресің.

Айқын көңілсіз мырс етті. Анасының жазылып жастық, иіліп тәсек болып жасап жатқан ілтипатын да, берген тамағын да теледидарға қарап отырып, аса құмартпай, салғырт ішті. Оқу бітуге екі апта қалды, аяқталған бойында өтінішін беруді ойлап қойған. Директор мұның кететінінен бейхабар, биыл жазда оқушылармен болатын демалыс шараларын өткізуғе жазып қойыпты. Элі, кетпейсің деп сол кедергі жасап журмese болды. Басқа ештеңеге қарайлайтын шамасы жоқ.

Баласының қас-қабағынан оның көңілсіз екенін сезіп тұрған анасы аландалап, қайтып көңілдендіруді білмей бәйек болып жатыр.

– Жазғы демалысында Айдын ағаңның үйіне барып қайт, отын-шөбіне көмектесіп қиналады дейтін емес, қыдырып, бой жазып қайтасың... Бірге оқыған жолдастарынды тауып, бәлки бір... қыз-мызға кездесіп қаларсың. Жастардың бәрі қазір қалада ғой.

– Қойшы, апа...

– Не қойшысы бар, енді... Оқуынды бітірдің... қызметің бар, енді қолымызды ұзартып бір шөпжелкені кіргізіп берсең несі бар? Жұрттың өзіндей балалары үйленіп жатыр ғой, әне...

– Жаспын дедім ғой, әлі...

– Қайдағы жассың... Жиырма екіден астың, «болар бала жиырмасында баспын дер, болмас бала жиырма бесте жаспын дер» демекші, өзің бір жасық болмасаң игі еді...

– Қайра, қайрай тұс. Бәрібір сенің айтқаның болмайды. Адамша өмір көрмей жатып, отбасының шырғалаңына шырмалар жайым жоқ. Үйлену ешқайда қашпайды, біраз қыдырыстал, өзгелер қатарлы өмір көремін. Элден үйге қамалып, не болыпты сонша? Өзімнің бағымды сынаймын, Астанаға барып жұмысқа тұрамын, магистратураға тұсуге тырысамын.

– Жұрт сен бітірген институтты да бітірмей өмір сүріп жүр ғой. Қайтесің оқи беріп... Оқудың тубіне ешкім жеткен жоқ. Одан да жұрт қатарлы үйленіп, сәби сүйсен, ертең балаң өзінмен бірдей өседі.

Айқын шешесімен бұдан әрі салғыласқысы келмей, телевизордың антеннасын түзетуді сылтауратып орнынан тұрып кетті.

\* \* \*

Ертесіне Қорабай шынымен бір келіншекті алып келді. Онысы көздері жәудіреп тұрған, үлбіреген бір жан екен. Айқын алдымен барып амандастып, құрдасының аузы-

шаш саламанда таң қалды, күлкісі қандай шіркіннің, аппақ тегерін көрсеттін, сұу тартқанда ішінді қыж-қыж қайнатады. Анырмай, мына Қорабай иттің жолы болғышына не берер-сің? Айқын ішінен келіншекті қызғанып қалды.

...Қауырт дайындықтары болмаса да, Қорабайдың тойы біршама қызықты өтті. Алыс-жақыннан бірге оқыған жолдастары, сыныптастары тегіс келіпті. Айқын көптен көрмеген құрбы-құрдастарын көріп бір жасап қалды. Бәрі де Айқынның әлі күнге ауылда жүргеніне таңырқап, «онсыз да үркейін деп тұрған жылқыға жапырақ шашсаң не зорық» демекші, жігіттің ауылдан кеткісі келіп қопандап жүрген көнілін тіпті желпілдетіп кетті. Ауылда жүргенде кеше ғана бұйыры бол жүретін құрдастары ысылып, барлық нәрседен хабардар, барлық жаңалықты көрген, естіген болып шыққанына бұл да әбден қызыққан. Тіпті өзді-өзі бұл біле бермейтін бір қызықтарды да әңгімелеп кетеді. Соның бәрі тең құрбысынан озық болып өскен жігіттің өзімшілдеу көнілін шоқтай қариды.

Бірге өскен құрдастарымен алаңсыз қызықтаған көктемнің қызулы шағындағы шағын той жас жүректің тамашаға, күлкіге ынтық алаң күйіне аяусыз от тастап, жаман елеуретті. Түні бойы билеп, ойнап-кулген жастар таң атып қалса да бірін-бірі қимай, айырылысада ұзақ әңгімелері таусылмай, көп уақыт тарай алмады.

...Оқу жылы аяқталуға бір апта қалғанда Айқын директорға өзінің кететінін айтып, арызын берген. Былтыр өзін зорға қабылдаған Есболат ағасы мұның шүғыл шешімін естігендеге шоршып түсті.

– Балам-ау, сен былтыр ешқайда қозғалмай жұмыс істеймін деп уәде берген едің ғой. Мұның қалай? Мектеп саған ойыншық па?

– Ағай, мен магистратураға баруым керек, жас күнімде оқып алғаным дұрыс қой. Бакалавр деген бұрынғы техники-кумның деңгейіндегі ғана білім...

– Е, сырттай оқы, міндетті түрде күндізгі бөлімге бару керек емес қой. Әзірге сырттай оқытатын бөлімдер бар емес пе?

– Жоқ, ағай, мен келісіп қойдым, қаладағы ағам көмектесемін деген... Биыл түспесем болмайды, ендігі жылы жабылып қалуы мүмкін дейді...

«Қаладағы ағам» деген сөздің құдіреті Есболат ағайға қаттырақ әсер еткені көрініп түр. Ол салғыласуды дереу доғарып, белден соққандай сылқ етіп, ойланып қалды. Жаңа ғана алдынан кері сырған өтінішті өзіне жақындастып, сөздеріне үніле қалды. Қолындағы қаламын да үстелге қаттырақ тықылдатып, ауыр ойларға шомып кеткендей.

Бүкіл ауыл Жарасбектің салық комитетіндегі «керемет жұмыста» істейтін баласын жақсы біледі. Оның шылқыған бай екендігін, үйінде жалшы ұстайтынын, тіпті жеке құзетшілері де бар екенін айтып ауыл азыз қылатын. Осы ауданның әкімі де оның алдында құрдай жорғалап, «Әйекелеп» асты-үстіне түсіп жатқанын бір үлкен жиналыста көріп қалған.

Сондай құдіретті ағаның беделі көлденең тартылған соң қоя ма, жаңа ғана жонын құдірейтіп, жалына қол апартпай отырған директор жасқаншақтап, именшек дауысқа түсе қалды.

– Ә... әрине, ондай болса оқып алғаның дұрыс екен... Қап, енді... Мындағы іні-қарындастарың өзіңе үйреніп қалып еді... Қаншама қоғамдық жұмыстарға бас болдың... Қап... Амал қанша... бар, бара ғой, оқи ғой, – деп ол шын қиналған түр көрсетіп, арызына қол қойып берді.

Кұлығын асырғанына қуанып кеткен Айқын директордың бөлмесінен тазысы түлкі алған жас аңшыдай шаттанып шықты. Сол күтындаған күйі арызын өз қолымен хатшы қызға беріп, бүйрық шығартып алды да, онысын бухгалтерге апарып, жұмыстан шығарардағы толық есеп айырысуын жасатуға берді. Жол бойы кездескен қызметтестері Айқын-

ның бүгін қыз қойнынан шыққандай елден ерекше мәзекеніне назар аударып жатыр. Бірақ олардың әзілдері мен өзін әңгімеге тартқысы келген күйлеріне қарауға жас жігіттің зауқы жоқ еді.

Сол күйімен үйіне келгенде баласының қуанышты жүзін көрген анасы бірден секем алып қалды.

– Қөңілдісің ғой... Бір қуанышты хабар бар ма?

– Иә, апа... Директор арызыма қол қойып берді. Жұмыстан шығатын болдым...

Анасының аузына сөз түспей қалды. Түрі де қуарыңқырап, қаны қашып, анадай жерде тұрған орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Айқын анасының кәрілікке бет алған келбетін нақосы жерде ғана көргендей болды. Бетін алғашқы әжімнің салқыны шарпып, қыртыс сыйзықтар да түсе бастапты.

– Е, қарағым-ай, анаңның сөзін құлағыңа да ілмедің-ау... Қайтейін... шіркін...

– Апа, мен айттым ғой саған... Жападан-жалғыз өзім ауылда қалай қалмақтын? Барлық кластастарым шетте жүр. Ауылда 2-3 алқаштан басқа мен құралпы ешқандай жас та жоқ. Кіммен сөйлесіп, кіммен ойнап-кулемін... Өзің көріп жүрсің ғой бәрін де...

– Ал біз ше? Бізді кімге тастайсың? Біз саған сеніп басқа баланың бәрін қалаға жібердік емес пе?

– Сендер әзір қартайып тұрған жоқсындар ғой. Әкем алпыс беске енді келеді. Сен де алпыстан жаңа ғана астың... Қартайып қалсандар, ауру-сырқаулы болсандар... келеміз ғой біріміз. Немесе сендерді де қалаға әкетерміз.

– Әкең ауылдан ешқайда бармаймын деп отыр емес пе? Өлсем де өз ауылымда боламын дейді ғой ол. Оны қалай әкетесің? Ата-бабасының, әке-шешесінің туған жерінен кетіп ол ешқайда бармайды.

– Жұрттың бәрі кетіп жатыр ғой. Ешкім де туған жерін қалтасына салып жүрген жоқ. Қазақстанның барлық жері

де біздікі қазір. Бәрі де туған жер. Жұрт қазір өз еліміз түгіл шістелге де кетіп жатыр емес пе?

– Кетсе, қызыметі барлар, окуы барлар кетіп жатыр. Өмір бойы ауылдан шығып көрмеген әкеңе қайда бар демексін?

Екеуінің салғыласуын ауызғы бөлмеге енген Жарасбектің дабыры тоқтатып таstadtы. Шешесі қолына шәйнегін ұстап, ас қамдауға кірісті, Айқын төргі бөлмеге өтіп, әкесімен болатын ауыр әңгімеге іштей дайындала бастады.

Жарасбек кезінде ауылшаруашылық техникумын сырттай бітіріп, ұзақ жылдар бойы ауылдағы басқарушының бірі болған, біршама білікті жан. Газет-журналдар мен теледидардың салмақты хабарларын босатпай, оны және ауылдастарына әңгіме қылып, өзінше топшыладап, саясат соғатыны да бар. Айқын онымен сөз таласында талай рет ұтылып қалып, өзінің өресі әкесінен әлдеқайда тайыз екеніне көзі жеткен. Онымен болатын алдағы ауыр сөздерде ұтылып қалмас жағын ойлап, қорғалақтап отырғаны сол.

Қолына «Жұлдыз» журналының соңғы нөмірін ұстап отырғанымен ойы мулде басқада. Әкесін өз ісінің дұрыстығына қалай мойындата алады? Жастардан қалмаймын, жалғыз өзім ауылда не істеймін деген сөздерді ол балалыққа балап, бойына дарытпасы белгілі. Оқуың бар, қызыметің бар, өзіңе қарап, ертең бағады деп отырған кәртәміш әке-шешең бар – қайда бармақсың деген сөзді әкесі шешесіне қарағанда жүз батпан ауыр салмақпен айтары хақ. Тіпті тереңнен толғап біз сендерді алақанымызға салып, не үшін өсірдік? Ертең қартайғанда бір көмек қылар, қолымызды жылы суға малар деген дәмем қайда? Өсіп алған соң қоянның көжектерінше бытырап, әке-шешенәнді тастанап, өз беттеріңмен кету деген қайдан шыққан? Ата-бабамың жолы осылай ма еді? Барлық тірнектеп жиғанымды, қалған өмірімнің бар арманын бір өзіңе балап, үкілеп отырған үмітімнің күйгені ме?

Айқын тіксініп қалды. Апырау, осы сөздерді осы уақытқа дейін не қылып ойламағанмын? Бәрі шындық екен-ау, сонда не істемекпін? Әлде... Мектепке барып, өтінішімді қайта алайын ба? Жо-жоқ... Ол болмайды. Қайнап жатқан қызу өмір жан-жағымда лапылдан жатқанда ешқайда шықпай, теледидарға телміріп қалмақпын ба? Кешегі жігіттердің әңгімесі қандай? Бұрынғы дискотека деген де қазір түк емес дейді. Қазіргі өмірді қызықтағың келсе күнде той. Қыздармен кафе-ресторандарға жиі барып тұрамыз... Көңіл көтеретін орталықтар, дискотека, тұнгі клубтар самсап тұр. Бірінен бірі өтеді. «Думан», «Хан шатыр» дей ме, әйтеуір қызықтарын айтып тауысу мүмкін емес. Одан... кешке боулинг ойнаймыз, бильярдқа барамыз, фитнесте жаттығамыз, саунаға түсеміз... деп шұбыртқанда аузың ашылып, көзің жұмылады. Ал бұл ше... Күнде кешкісін кемпір мен шалдың қасында телміріп теледидар қарайды. Жұрттың бәрі өмірді қызу кешіп, қызық көріп жүргенде, бұл кембағал жандарша соны тек қарап жатуы керек пе? Көретін бар қызығы сол ма? Тым болмаса ауылда бір мезгіл барып, сергіп қайтатын клуб та жоқ. Тіпті кешке әңгімелесіп, карта ойнап, көңіл көтеретін құрбы-құрдастар да қалмаған. Жалғыз жолдасы Қорабай еді, оның өзі де үйленіп алған соң ештеңені керек қылмай, кеш болса шамдарын тезірек өшіріп, үйқыға кететін болыпты...

Енді не істеймін, кетпегенде? Институтта оқып жүргендे Айқынның Гүлдерай деген сүйкімді қызben сөзі болған. Бірақ үйлену туралы әңгімеге екеуі де бара қойған жоқ-ты. Том-пифан, бір көрмеге тартымды қыз еді. Сол байғұс ауылына барған еді, бір жігіт алып қашып, тұрмыс құрып кетіпти. Тым болмаса соның басы бос болса, мүмкін үйленуді ойланар ма еді, қайтер еді... Одан басқа қызды да білмейді. Ауылда да үйленетін қыз қалмаған.

Айқынның ойын әкесінің жөткірінген дыбысы бөлді. Шешесінің күйіншті сыбырмен сұылдай шыққан даусы

үзік-үзік естіліп жатыр еді, әкесіне барлық жайды жеткізген секілді.

— Кел, тамағынды іш, — деді шешесі төргі үйге басын сұғып. Айқын қандай дауылға болса да шыдармын деген ниетпен шақарланған бала қоразша қоқыланып, асүйге келді.

Әкесі әңгімені бірден бастаған жоқ. Алдана қойылған ыстық асты ақырын іше бастады. Ойы мулде басқа жақта екендейтін көрініп тұр, қол астындағы нанды да көрмей, ортаға қойылған нансалғышқа қайтадан қол созып жатыр. Асау баланың арынын қалай басып, айтқанымға қайтып көндіремін дегенді қатты ойланып қалғандай. Шешесі де үнсіз. Тек қолына ұстаған заттарын ұстелге дурс-дұрс қоюды ғана біледі. Ар жағында тепсініп тұрған долы ашу бар.

— Е, сөйтіп... кетемін де, — деді көп уақыттан соң әкесі. Ешкім үн қатпады, біраз отырған соң әкесінің өзі:

— Бар, бар, жолың болсын... Сені қалай арқандап ұстап отырайын...

Әкенің үнінен шарасыздықтың қуйінішті лебі есіп тұр. Қалай десе де бұл Айқынның да, шешесі Құлмәштің де күтпеген жауабы еді. Кекесінмен айтып отыр ма деп көзінің астымен барлап қарап еді, шыны солай сияқты. Бірақ шешесі шыдай алмай долданып кетті.

— Бар дегені несі балаға? Бізді тастап қайда кетеді?

— Е, немене, осыған қарап қалдың ба? Жұрт қатарлы отырармыз бірдеме қылып. Әзірге сінірімізге сүйеніп, қартайып тұрған жоқпыз ғой... Барсын, көрсін ел-жұртты... Мұны қамаудағы кісідей қалай арқандап отырмақсың...

— Ойбай-ау, әкесі, есің дұрыс па? Қамаудағы кісідей деп үйді тұрмеге теңегені несі?

— Саған тұрме болмаса да бұған тұрме сияқты. Жападан жалғыз қалай отырмақ кемпір-шалдың жанында қамалып...

Айқын әкесінен мұндай сөздер естірмін деп күтпеген еді. Қайран әке, ун демегенімен мұның бар қуйін танып жүреді

екен-ау... Айқын оның ағы молайып келе жатқан самайына, сынық жүзіне сүйсіне қарады.

Өзінің осыншалықты дана әкесінің бар екеніне бір сәт тоқмейілсіп те қалды.

\* \* \*

Осы әңгімен соң жарты айдай өткенде Айқын үлкен жолға түсіп, қалаға, қызуы бет шарпыған орасан өмірге бет түзеді. Таңғы автобусқа біршама ауылдастары да шыққан екен, бәрінің де қауырт шаруасы бар. Қорабай келіншегінің қалада қалған заттарын әкелуге бара жатыр, Құсни кемпір өзі зорға сиятын есіктен өзінен екі еседей ауыр, гүжбандай сөмкелерін сүйреп кіргізді. Есіктен кіре алмай, ышқынып жатқан оған жүргізуші Жарас өзіңізден басқа тағы екі орынға ақша төлейсіз деп тіпті қысылтты.

– Неге екі орынға? Өткен жолы ғана бір орынға төлеп едім ғой, – деген.

– Сөмкелеріңізben есігімді қирата жаздал кересіз. Оның үстіне орындықтардың жамылғыларын жыртып жатырсыздар. Соның бәрін маған біреу тегін жөндеп бере ме? Мына көрші «Қызылтастың» автобусы тіпті ешқандай жүк те алмайды екен... Сіздердің еркеліктеріңізге шыдап жүрген мен ғана, – деп Жарас сарнап қоя берді.

– Жә, жә, төлеймін... Таң атпай салғыласпайықшы, – деп Құсни кемпір де дереу мәмілеге келе қалды.

Өйтпей қайтсін... Мына апара жатқандарының бәрі осы ауылдан жинаған ірімшік, қаймақ, сары май сияқты тез бүлінетін заттар. Шопыр айнып, апармаймын десе, ыстық күнде оларды қайда сақтамақ. Оның үстіне андағы клиенттері де тосып қалады. Оларға тауарын иістенбеген, бүлінбegen күйі уақытында жеткізіп тұрса, бұған сенім пайда болып,

үнемі алып тұратыны белгілі. Тұрақты клиенттерден айрылмау керектігін андағы қыздары да қатты ескертіп отырады. Жазғанның жанын жалдап, ышқынып жургені сол.

Құснидың осындай «коммерциялық құпиялары» барын пүүл оның өз аузынан біліп алған. Біреулер оның ептілігіне, ауылда отырса да қаланы шауып, мал тауып жургеніне қызыға қарайды. Кейбіреулер қундеп, «жанын жеп осыған не бар екен, отырмай ма одан да пенсиясын қанағат қылыш» деп сыртынан қыжыртып қояды.

Құснидің қаладағы екі қызының да отбасы оның осы заттарымен күн көріп отырғанын қайтсін. Қазір кемпір жеткізген осы тағамдарын оның қыздары мен күйеу балалары қарсы алғып, бірнеше жерге бөліп әкетіп сата бастайды. Дүкендерін пакетпен сатылатын сүт пен кілегейдің, сары майдың химиялық қоспасы барынан қорқып жүретін көзі қарақты қала тұрғындары олардың арзан, табиғи өнімдерін талап алмаса да, қуана-қуана алып жатады.

Ауылдың кейбір жас жігіттері түсе қалып, Құснидың сөмкелерін көтеріспі, кіргізіп жіберді. «Алла, апа-ау, алтын салып алғанбысыз, мыналарды қалай көтеріп журсіз» деп, олардың кейбірі ойынды-шынды араластырып, кемпірдің қайратына таң қалып жатыр.

Кейбір ауылдастар Құснидың маңындағы қайнап жатқан осынау тірлікке ұнатпай қарап, томаға-түйік отыр. Екі-үш әйел күнкілдесіп, өзара әңгімеге кірісіпті.

Айқын қалаға барған бойында алдымен ортаныш ағасы Айдынның үйіне тоқтамақ. Осы жылдың басында ол да жана үй салып, кіріп алған еді. Қоныстойға әке-шешесі барып, мақтап келді. Енді соны көрмекті сылтау қылыш, Айқын алдымен соның үйіне бармақшы. Үлкен ағасы Айбын күні бойы қызметте, оның мазасын алуды өзі де жөн көрмеген, шешесі де сондай мәслихат берген. Оның үстіне үйіндегі женғесі де бүлініп, бұрынғыдай емес, тікбақайланып бара

жатқанға ұқсайды. Бұрын жалғыз өзі істейтін үй жұмысын енді күтушіге артып қойса да, мұрнына су жетпеген күй танытып, өткен жолы соққан әке-шешесін дұрыс құтпепті. Айтатын әңгімелері тек шет ел көрінеді, әбден шаршап, ығыры шығып жүргендей, биыл солардың қайсысына барып дем аламыз, қайсысынан жағажайы жақсы, қызметі керемет дегенді айтып ауыз жаппайтын көрінеді.

Кеше телефон соққан еді, Айқынды автовокзалдан Айдынның өзі қарсы алды. Шешесінің беріп жіберген сәлем-сауқатын жүрдек мәшинесінің жұксалғышына жылдам орналастырған ол артық-ауыс сөз айтпай, інісін отырғызып алып, ала жөнелді.

– Мына жерде біздің бір филиалымыз бар, соған соға кетейік. Үйдің қожайыны арендастын көтеремін деген еді, соны жapsам ба еken деп ойлап журмін. Қазір жағдайларын байқай кетейікші, – деп өз бизнесінің жай-жапсарынан сөйлеп жатыр.

Айқын тетелес өскен осы ағасына әсіреле сөйлейтін әдетімен:

– Сен өуелі ауыл аман ба, әке-шешемнің халдары қалай деп сұрамайсың ба?

– Ой, қойши, сен де осы... Эйтеуір маған ақыл айтпасаң жүре алмайсың. Кеше ғана телефонмен сөйлестік қой. Бәрінің жаңалығын кеше ғана өзің екі сағат бойы мылжындал, айтып бердің емес пе?

– Ол телефонмен айтылған сөз. Он минөт сөйлесіп ен, саған екі сағат болып көрінді ме? Енді жүзбе-жүз көріскеңде жай сұраудың артықтығы жоқ қой.

– Жақсы-жақсы, сенікі дұрыс. Мен сен сияқты институтты қызыл дипломмен бітірген білгіш емеспін. Маған өзімнің бизнесімді жүрттап қалмай жүргізу керек. Тоқырап қалсам, тоқтап қаламын. Соңдықтан сен сияқты көп сөйлеуге уақыттым жоқ, жанталаспаса болмайды. Конкуренция деген

масқара. Мен он ойланып, жуз толғанып жүргенде кеше ғана «Бензостройда» біреулер офис ашып үлгеріпті. Бос рынокқа бас салушылар көп...

Айдынның зуылдатып келе жатқан мәшинесі бағдаршамшың сарысы жанғанына қарамай, екпінін тежемеген қүйі сыр стіп өте шықты да, көп қабатты үйлердің бірінің ауласына жып етіп еніп, оның ортасында тұрған бір қабатты ғимараттың сол қапталына келіп тұра қалды.

– Жүр, көресің бе? – деп, інісі есіктен шыққанша өзі жүгіре басып ғимаратқа да кіріп кетті.

Айқын асықпай кіргенде ол зат қабылдауға жалдаған дүйелмен істің жайын сұрап, қызу шүйіркелесіп тұр екен. Бір қалың кітапты алдырып, ондағы жазуларды да шұқшиып қарай бастады. Жып еткізіп қалтасынан калькуляторын шығарып, әлденелерді есептей жөнелді. Зат қабылдаушы кексе әйел жасының үлкендігіне қарамай, мұның алдында құрақ ұшып, аяғының ұшымен жүр.

Айдын тіпті інісінің өзімен келгенін де ұмытып кеткендей, мұнда кірген 10-15 минутте бұл жаққа бір рет те басын бұрып қараған жоқ. Сол екі ортада бір клиент келе қалып еді, бар үміті соған тіреліп тұрғандай жазылып жастық, иіліп төсек бола қалды. Затын алуға келген жан екен, екінші қабылдаушы әйел оның тапсырысын іздең кеткенде клиенттің жұмсақ креслоға отырғызып, алдына шай алдырып, түрлі-түсті журналдар беріп бәйек болды. Тазалауға тапсырған дүниесі келгенде оны клиентпен бірге қарап, кәстөмнің қалтарыс-бұлтарыстарына дейін көрсетіп, әбден тазарғанына көзін жеткізіп, көңілін көк аспанға көтергендей етіп, шығарып салды. Сосын қайтадан есеп-қисапқа шұқшиып, бірдемелерді өзіне жазып алып, цехтың ішіне де 2-3 рет кіріп-шығып, сол екі ортада қалтафонымен де қайта-қайта сөйлесіп, жұмыскерлерімен жылы қоштасқан соңғана інісіне көңіл аударды.

– Бір клиентті риза қылып жіберсөң, ол кем дегенде он клиент әкелетініне қозіміз жеткен, – деді ол інісін мәшинесіне отырғызған бойында. – Сондықтан да жанталасамыз, олай етпесөң жұмысың журмейді.

Бұларын тек сөздің ретімен айтып жатқан сияқты, әйтпесе інісінің жауабын қүтіп, ойын білуді керек те қылған жоқ. Өзімен өзі сөйлескендей болып:

– Жоқ, бұларды жаппау керек екен, мына жердің өтімділігі күшті. Арендасын аздал көбейтсе, оған да шыдаймын, – деді.

Бір кезде дүниенің бәріне үстіргт қарап, салдыр-салак жүре беретін ағасының қалайша мұнша мәттақым болып кеткеніне Айқын таңырқаумен келеді. Нағыз «заманың тұлкі болса, тазы бол шалдың» керіне келіпті.

– Жеңгең жұмыста, балаларды алып кешке бір-ақ келеді. Қазір үйден менің қойған шәйімді ішесің, – деді ол мәшинесін жаңа үйінің ауласына бұрып жатып.

Қаланың қалың орман басталатын шеткергі ауданына салынған еңселі үйдің сыртқы бейнесінен-ақ оның жаңа пошымы мен тұрпаты сезіледі. Бұрынғы үйлердей жатаған да, сұрқай да емес, қызыл кірпішпен қапталған өрттей қызыл үй күйлі тұрмыстың рең басын аңғартып тұр. Ауладағы аяқ астын да әсем өрнектаспен тұтас өріп тасталты. Үйге кіретін басқышпен тұтастырып, моншаға тартылған жабық жол да шаруаға аса пысық адамның қүйін танытады. Қоңыр бөренендерен өрілген моншаның сырт тұрпаты көрген адамның көзін тартып, келсөңші маған, түссөңші тез деген қонақжай қүй көрсетеді.

Жаңа үйдің тұрпатына қызыға қарап, тәтті ойларға беріліп, таңырқап тұрған інісінің қиялын жұксалғыштағы сөмкелерді жылдам алып, кіреберіске беттеген ағасының «жүр енді» деп зеки шыққан даусы бөліп жіберді.

Екі қабатты коттедждің іші де атшаптырым. Екі балкон, лоджия, екі туалет, джакузи, душ кабинасы – бәр-бәрі бұрын

шетелдік кинолардан байлардың үйінде ғана көретін жаңа дүниелер. Асүйінің өзі де бұрынғының 4-5-еуіндей бар. Женгіссі оның ішіне екі тоңазытқыш, екі мұздатқыш, аппақ жиһаз бер жайнаған үстел-орындықтарды үйіп қойса да, толтыра алмапты.

Айқын үйдің ішін аралап, таңырқап жүргенінде, Айдын шәй әзірлеп, әйелі пісріп кеткен асты ысытып үлгерді. Осы екі ортада қалтафонымен де бірнеше рет сөйлесіп жатқанын естіген еді, соның бәріне қалай үлгергеніне Айқын таң қалып жатыр.

– Қарасам жаныңа дамыл жоқ сияқты, осының бәрін сәл асықпай істеуге болмай ма? Қайда жанталасып барасың? – деді оның қимылына шыдай алмаган інісі.

Мұның сұрағына бойлап, ойланған қалған Айбын күтпеген жерден қызықты ойлардың тиегін ағытып жіберді.

– Қазір жылдамдықтың күш алған заманы. Мектепті жақсы оқыдың ғой, менен гөрі жақсы білесің: жол дегеніміз жылдамдық пен уақыттың көбейтіндісінен тұрады емес пе? Ал жол – ол өмір, өзгермейді, ұзындығы белгілі. Оның да ұзындығы жылдамдық пен уақыттың көбейтіндісінен тұрады. Қазір жылдамдық артты, соның есесіне уақыт азайды. Соңдықтан жанталаспасаң уақытың жетпей қалады...

Мұндайды Айқын бұрын да бір жерден естіген еді. Е, есіне түсті, бір діндар осылай деп, бұл да ақырзаманның бөлгісі деп сарнап тұрған. Соны журегіне жатқызған мына Айдынның логикасы күшті екен, өзі шығарды ма, әлде бұл да бір жерден естіді ме? Шынында қазір жылдамдық артып тұр, бұрын 4-5 сағат жүретін жолға бір-ақ сағат қана жібересің. Хабарды да тез аласың. Ал бұдан өзгерген дүние бар ма? Бәрі сол орнында емес пе?

– Өзің философ болып кетіпсің ғой... Осыны өзің шығардың ба, әлде біреуден естідің бе?

– Е, маған философиямен шұғылданып отыруға уақыт қайда? Өмірдің өзі көрсетіп жүр емес пе...

Айдынның өз сөзінің байыбына терең бойлауға да уақыты жоқ сияқты. Тамағын да асығыс ішіп, жауапты да келте қайырып отыр.

– Сен асықпай дем ала бер. Телевизорды қалай қосуды білесің ғой? Интернет қарағың келсе, компьютер ана түкпір бөлмеде, қосып аларсың. Мен жұмысқа кеттім. Кешірек келемін, келген соң өзіңмен асықпай әңгімелесерміз. Ал, есікті жауып ал, – деп журе сөйлескен ол басқа әңгімеге зауқы болмай, киімін де жүре киініп, шығып кетті.

Алла-ау, мынаның қымылы қандай, мен мынадай жұмысқа шыдай алмаспын деп ойлаған Айқын үстелді жинастырып, залдағы диванға отырған соң, қабырғадағы телевизорды қости.

...Ұлы мен қызын мектептен алған жеңгесі де жұмысынан өз мәшинесімен кеш оралды. Бір кезде толықша болып, ақ тамағының астындағы бұғағы білініп, ақ тоқаштай болып жүретін оның да жағы солып, жүдеп кетіпті. Өзі бауырмал еді, көптен көрмеген қайнысын құшақтап, бетінен сүйіп жатыр. Айқын осы қалада оқып жүргенде жас қосылған бұлардың бір бөлмелі үйінен шықпайтын. Қашан қалаға үйреніп, жатақхананың өміріне көндігіп кеткенше, осылардың жанында болып, бауыр басып қалған еді. Сол күндер есіне түсті ме еken, жеңгесі жарқылдай амандастып, жас жігіттің бар жаңалығын түгін қоймай сұрап жатыр. Гулдерайдың да хабарын естіп, қабағын шытып қалды. Өзі оны жақсы біліп, болашақabyсыным болар деген оймен жақындастып жүретін.

– Жә, қыз табылар, өзің аман бол. Енді қандай жоспарларың бар? Айдын сені Астанаға барамын деп жатыр дейді ғой?

– Сөйтпекпін, мүмкіншілік болса магистратураға түсіп, оқуымды жалғастырмақпын. Қазір оны бітірмеген соң, жоғары білімдімін деу қын.

Мектептен қарындары ашып шыққан балалар тамаққа тойып, әжелері жіберген ауылдың жылы-жұмсағын жайғаған соң, ағаларын айналдырып, өздерінің не білетіндерін көрсетіп, мақтанып жатыр. Үйелмелі-сүйелмелі екі баланың арасы бір-ақ жас болатын, біреуі екінші сыныпты, екінші мектеп алды дайындық тобын аяқтап, биыл мектепке барады. Қазір әрқайсысы өзіне ұнаған өнер, спорт қурстарына барып жүр екен. Олармен әңгімесін тауысқанша, жеңгесі ас қылып үлгерді. Екеуі ас ішіп отырып, ұзақ әңгімелесті. Айқын ағасын тоспаймыз ба деп емеурін жасап еді, жеңгесі қолын бір-ақ сілтеп, ол түнгі он бір, он екілерсіз келмейтінін айтты.

Жеңгесінен білгені, Айдынның қазір қалада химиялық тазалауға заттар қабылдайтын оншақты нұктесі бар екен. Енді аудан орталықтарында да сондайды ашамын деп үміттенип жүрген көрінеді. Солардың бәріне күні бойы бақылау жасап, кешке есеп-қисабын түгендеп жанталасып жүргені. Жұздеген жұмыскерлері болса да, жаңа тазаланған заттардың біразын өзі қайта тексеріп, олардың жұмыстарының салақсырамауын қадағалап жүреді, жанына дамыл жоқ дейді жеңгесі.

Софан қарай табысы да жаман емес екен, осы үйді жарым-жартылай несиеге салдырығанымен, оны уақытынан бұрын төлеп бітіретін түрі бар. Биыл мәшинесін де жаңалап алыпты. Екі баланы да қаладағы жекеменшік, қымбат мектепке беріпті. Олар сабактарынан шыққан соң, сондағы шет тілін үйрететін, спортқа баулитын, би үйрететін үйрімелерге қатысып, таңертен барғаннан кешке бір-ақ босайды. Апару, алып қайту, жиналыстарына бару сияқты жұмыстың бәрі жеңгесінің мойнында. Үлкен ағаларымен аралары салқын, Айдын оның демалысқа тым көп әуестенетінін ұнатпайтын көрінеді. Оның үстіне үйдегіabyсыны да өзгеріп бара жатыр. Бұларды шақырған қонақтарының арасына қоспай, шетқақпай қылады екен.

Айқын жеңгесінің ыңғайынан қайынағасының үйінен әбден көңілі қалғанын сезді. Былтыр жиен ағасы қайтыс болғанда кіріп шығып, көңіл де айтпапты. Дұниемелікке көңілі әбден бұзылғанabyсыны да мұнымен салқын екені сезіліп тұр.

Біреу туралы айтуға келгенде тілдері сүйренде, қаны қызып, жаны кіріп, жұзі жанып кететін әйелдердің ежелгі әдетіне салған жеңгесі ақыры қайынағасының отбасын Айқынға түгін қалдырмай жамандады. Бірақ соның өзімен жігіттің ағасының отбасын көруге деген ынтығын арттыра түскенін сезген жоқ. Арнаулы дизайнер жалдап, онымен abyсыны Қытайға өзі бірге барып өте қымбат жиһаздар әкеліпті. Олары өте ауқымды, әрқайсысы абажадай болып, арбиып жатқан бірденелер, кең үйдің ішін тарылтып, айналымға келтірмей тастаған. Ағай ұрсып, қайта сат деген екен, онысы өтпей, әлі күнге үйдің сәнін кетіріп тұр деген секілді әңгімелер Айқынның оларды көруге деген қызығушылығын зорайта тұсті.

Ертесіне Айқын тағы да Айдынның орнын сипап қалды. Жеңгесі де асығып, балаларды оқуға әкеткелі жатыр екен, бұған үйдің кілтін беру үшін оятыпты.

– Бүгін де біздің үйде болсайшы. Аналарға ертең барапсың...

– Көрерміз, мүмкін, кіріп шыққан соң қайтадан осында келетін шығармын...

– Оларға деген мамамның сауқаты ана үлкен тоңа-зытқыштың астыңғы сөресінде тұр. Кешегі өзің әкелген пакетте. Ал біз кеттік, – деп, жеңгесі бірденелерді айтып, сонынан балапандарын ерткен мекиен тауықша қыт-қыттаған күйі ұзай берді.

Есікті жауып алған Айқын жұмбағы көп ағасының үйіне қалай баруды ойлада отыр. Мекенжайын білгенімен, кеше жеңгесі алдын-ала телефонмен хабарласып алмасаң күзет-

шіден кіре алмайсың деген. Айқын соған қитығып, туған ағамның үйіне баруға рұқсат сұрап жүремін бе, телефон шалмай-ақ бара беремін деп шешті.

...Сырты винилді сайдингпен қапталған үш қабатты зәулім үй шағын отбасы үшін шынында да тым аңғарадай екен. Темір қақпаға жеткен бойында алдынан Сәуле жеңгесі айтқан арандар самсал қоя берді. Мұнымен есіктің сыртындағы домофон арқылы сөйлескен күзетші кім екенін білген соң да есікті шалқасынан ашқан жоқ, ішкі телефонмен қожайындарынан рұқсат сұрап, біршама айналған соң ғана кіруге мұрсат берді.

Үйде Сәлима жеңгесі жалғыз екен, балалардың үлкені шетелде, қалған екеуі каникул уақыты болса да, осындағы жекеменшік мектептерде жүргізілетін түрлі үйірмелерге кетіпті. Күйеуі жұмыста, тұскі асқа бір-ақ келеді. Алайда асүй жақта тағы бір жанның жүргені білініп тұр, соған қарағанда үй күтуші адам бар екені сезіледі.

Айқын бұл жеңгесінен әңгімеге жарымайтынын бұрыннан білетін. Тілі орысша шыққан Сәлима қазақшага шорқақ, оның үстіне барлық қылышы мен құлқы қарапайым қазақтарды кем тұта қарап, орысшылдыққа бейім тұратын қытыймыр. Осында оқып жүріп, анда-санда келгенде Айқынның айтқан әңгімелерін тыңдауға оның іші пысып, естуге зауқы соқпайтын. Өзі тек тарс-тұрс нақтылықты ұнатады. Сол әдетімен мұны бірден сұрақтың астына алды.

– Ата-анаң сені қалай жіберіп жүр, қолымызда ұстап, үйлендіреміз деген еді гой?

– Олар солай ойлағанымен, мен өзім тұра алмадым. Ішім пысып үйге сыймаймын, бірге оқыған жастардың бәрі қазір ауылдан кетіп қалған...

– Ал мында қайда орналаспақ ойың бар?

– Мында емес, Астанаға барамын. Соңда магистратураға түсуім керек. Болмаса жұмыс ізделеп көремін...

Жаңа ғана қақшаңдал, шүкшия тергеп отырған жеңгесі Астанаға барамын дегенді естігенде күрт жылып, жымылып қоя берді. Бойына ашық-шашық іле салған халатын да жөндейп, толық түймеленди.

— Ну, правильно! Барлық жастар қазір Астанада. Қызықтың бәрі сонда... Мында не бар? Бәрін өзің көргенсің. Пройденный этап. Уж лучше жаңа жерге бару керек қой...

Айқын көзімен барлап Сәуленің жамандаған жиһаздарын іздеп отыр. Ашық түсті жұмсақ былғарымен қапталған шалқақ диваңдар мен креслолар әрі кең, әрі тым жайлыш екен. Олар атшаптырым қонақ бөлмені ұзына бойына толықтырып түр. Төбенің биіктігі үш метрден кем емес. Үйдің аула жақ қабырғасын тұтасымен панорамалық шыны алып, одан еркін құйылған күн сәулесі қоңыр түсті итальяндық паркеттің өзін жарық қылып жылтыратып, түсін жайдары қылып жіберіпті.

Бұрыштарға үлкен, сәнді құмыраның ішінде көлдің қоғасы секілді жасанды шөптер қойылған. Қарсыдағы үлкен қабырғаны тұтастай алған теледидар «үйдегі кинотеатр» дегеніңіз мен боламын деп тұрғандаі. Аласа журнал үстелдерінің беті де барынша үлкен. Залмен асүй жалғасып, ортасын белден жоғары келетін шағын аран ғана бөліп түр. Сәуле айтқандай, орынсыз арбиган ештеңе жоқ, бірақ бұлардың бәрі Айқын бұрын көрмеген сән.

Сағат күндізгі бірден аса бергенде, Айбын да түскі асқа келе қалды. Күзетшіден інісінің келгенін естіген болуы керек, Айқынды көргенде, таң қалмай амандасты. Айдындаі емес, бұл ауылдың бар жаңалығын, өзімен бірге оқығандарды, әке-шешесін – бәрін қалдырмай сұрады. Көп сөзділігін ұнатпай, әйелінің екі-үш рет тыржың ете қалғанына мән берген жоқ.

— Бүгін біздің үйге қон, мен кешке саған барлық хозяйствамды көрсетемін. Ешқайда кетпе. Мен де ертерек келуге тырысармын, – деді ол.

Айқын өзі де ағасының жай-күйін жақсылап білгісі келген еді, оның айтқанын қабыл алды. Ағасы келгенше үйдің ішін біраз аралап, күлі тұрмыстың артық-ауыс дуниелеріне таңырқап жүр. Екі бала мен өздерінің жатын бөлмелерінде де телевизор бар екен, тіпті компьютерлер де бөлме бас сайын қойылыпты. Соған қарағанда, бұл үйдің балалары не көріп, не тындаимын десе де, ерік өздерінде сияқты. Олардың немен айналысатынын қадағалау әкесі мен шешесіне қажетсіз дүние екені көрініп тұр. Ұлы тоғызыншыда, қызы жетіншіде оқып, нағыз қадағалауды қажет ететін жаста болса да, олардың «бас азаттығы» әлден өздеріне берілген. Бөлмелеріне іліп қойған суреттер де менің өз еркім өзімде дегенді сездіріп тұр. Ұлдың бөлмесінде үстінде суға түсетін лыпасы ғана бар шетелдік модел әйелдің суреті ең көрнекті деген жерге ілінсе, қызы да ресейлік бір ерек әншінің дәл сондай сәнмен түскен суретін жапсырып қойыпты. Екеуінің де компьютерлерінің сыры көшіп, әбден қажалғаны балалардың одан бас алмайтынын паш еткендей. Үлкен компьютер аз болғандай, ноутбук пен макбук те жатыр. Есесіне оқулықтар тұрған сөрелерде көркемсуретті энциклопедиялардан басқа бір-де-бір көркем кітап жоқ.

Кешке әкелерінен сәл ғана бұрын келген үл мен қыз көп-тен көрмеген ағаларымен кеше ғана көргендей салқын амандасты. Кісікіктігі шешесінің ықпалынан екені көрініп тұр. Өздері жаңалық, жақсылық атаулының бәрінен жалыққан жандар сияқты. Атасы мен әжесін ауыздарына да алған жоқ. Шешелері де бір ауыз емеурін білдіріп, ағасына жақын болуды мегземеді, жұмыстан мұрнынан шанышылып жүрген дауыспен тек тамаққа отыруларын қатты талап етіп жатыр. Күні бойы оқу-жаттығуларда болып шаршаған, қарындары ашқан балалардай емес, келе сала екеуі де компьютерге отырып, өздерімен бірге алып келген дисктерді тамашалауға

кірісті. Шешелерін бірнеше рет айғайлатып қана, жасап қойған тамаққа зорға келді.

Айбын жұмыстан келген бойында Айқынды даалаға алып шығып, өзінің барлық шаруашылығын мақтанышпен көрсептті. Бұрын шаруаға қыры жоқ, тік жүретін сыйбай-салтаң жігіт еді, енді бұл да дүниеге мәттақым болып, көрінген нәрсенің бәріне көніл аударатын жіті көз болыпты.

– Үйдің сыртын да архитектуралық талғаммен көркемдей білу үлкен өнер. Мен арнайы дизайнер шақыртып, моншаның, гараждың, бассейннің қалай орналасуын, тіпті иттің үйшігіне дейін қандай болып, қай жерге тұруына дейін солардың ақылымен істеттім. Үйдің ішін интеръер десе, сыртын экстеръер дейді. Қазақ бұрын ондайға көніл бөлмеген ғой. Ал құрылыштардың арасына қандай ағаштар егіліп, демалатын орындықтардың, балалар ойнайтын алаңның қалай орналасуы, жасыл шөптердің қай жерлерге егілуі дегендегер ландшафт дизайны деп аталады. Оның да өзіндік сәні бар. Аулаға егілетін ағаштарды да талғаммен отырғызу керек. Қайынды біз қанша мақтасақ та, оның аулаға отырғызылмағаны жөн, өйткені ол иі жұмсақ ағаш, маңына құрт-құмырсқа үйір болады, масасона да соны айналдырады. Ал біздің теректі тіпті ауызға алуға болмайды, ол өте лас ағаш, бүршік атар кезде бүкіл ауланың ішін қоқсық қылып жібереді. Сондықтан, қарағай мен шырша сияқты элитарный ағаштар ғана отырғызған жөн, оттегі де олардан жақсы шығады, шыбын-шіркей де жоламайды, сосын жапырақтарының оюлары әдемі болатын декорациялық ағаштар жақсы. Міне, мынау пирамида формалы қарағаш соның бірі. Қараши, әдемі емес пе? Мына аллеяның бойына кілең осындай ағаш отырғыздық, – деп Айбын інісінің ойына бұрын келмеген көп мәслихаттар айтты. Осының бәрін көптен зерттеп-білген үлкен маманша білгірлікпен баяндал жатыр. Інісінің қабағы оған

селт ете қоймағанымен, жұмысы болмай өз әңгімесінің қызығына өзі елітіп, ұзақ сөйледі.

Шынында, ауланың көркі көз тартарлық екен. Биік дуалдың ішіндегі аула сыртқа көрінбесе де, ішіне кірген адамға барынша сәнді болып, тартымды жылдылық танытып тұр. Айқын ағасының басқа сырын білгісі келіп асықса да, оның әңгімесінің аяқталуын сабырмен күтті.

– Осынша үлкен территорияға картоп, я басқа көкөніс отырғызып, жемістер неге екпедіңдер?

Ағасы мына сөзге лекіте күліп алды.

– Оның не керегі бар? Бәрі де дүкенде, базарда самсал тұрған жоқ па? Сенің айтып тұрғаныңды «типичное совковое понятие» дейді. Сен содан арылмағансың. Дем алатын жерге олардың керегі қанша? Тәттіге ара қонады, көкөністерге шыбын-шіркей, маса, сона үйір болады. Олар дем алғың келгенде маза бере ме? Керек дүниенің бәрін де қазір супермаркеттерден сатып алуға болады және оларды маман адамдардың егуі керек қой... Жұрттың бәрін бағбан қылғысы келген Совет өкіметінің порочная практикасы... Дүкенде ешнәрсе болмағандықтан, халық амалсыз жаппай бағбан болып кеткен және өздері соны дұрыс деп санайды.

– Бірақ оларды суарып, арам шебін жұлғызып, балаларды еңбекке баулудың өзі өнеге емес пе...

– Ешқандай өнеге емес. Сендерді педагогикада сондайдан басқа не оқытты дейсің? Бұл да сол совковая идеологияның білгені... Мүмкіндігім болса, мен неге балаларымды қара жұмысқа тәрбиелеуім керек, керісінш, оларды айти-технология, электроника тілдерін білуге баулығаным дұрыс емес пе? Сондықтан да сабактан кейін қосалқы үйірмелерге қатысады. Дене күші мығым болсын деп спорттан да, биден де қалдымаймыз. Ал сенің айтқаның жұрттың бәрі қара жұмыс істей білуі керек деген баяғы коммунягалардың тәрбиесі...

Бай елдердің талай миллиардерлерінің өзі балаларын қара жұмысқа баулығанын, бәрі жетіп тұрса да газет сату, пошта тарту секілді майда-шүйде жұмыстарға жегіп, ақша тапқызғанын, сөйтіп еңбекпен табылған нанның қадірін білгізгенін еске салып, қарсы дау айтқысы келіп бір оқталса да, Айқын ағасының көңілін қимай, үндемей қалды. Інісінің үндемей қалғанына Айбын тауып айтып, қатырдым десе керек, тіпті бөсіп, қайдағы бір қияли дүниелерді айтып кетті. Осының бәрі Айқынның намысына тиіп, ағасымен ашық айтысуға бел буды.

– Осы үйді салуға қанша ақшаң кетті? – деді ол ағасы бір кезек әңгімесін аялдатқанда құтпеген сұрақ беріп.

– Мұндайды бөтен адамға айта беруге болмайды, сен інім болған соң ғана айтайын. Көп емес, жігіттер көмектесті. Баржогы 300 мын доллардай жұмсалды ғой...

Айқын қатты таңырқап қалса да, сыр білдірген жоқ.

– Сен өзіңнің еңбекақыңмен ішпей-жемей, киінбей-шешінбей жинасан да ондай ақшаны жинай алmas едін...

Бұл сөзді ағасы шамданып қалмас па еken деп қорқа соғып айтқан еді, бірақ оған анау айылын да жиған жоқ.

– Әрине, таза еңбекақыға ғана қарап отырсам, мен ондай ақшаны жинай алmas едім, мынадай үй де сала алмас едім. Бірақ «қолда тұрғанда қонышынан бас» деген бар емес пе? Мен де ептең қолымнан келгенінше ақша істеймін, оның несі айып?

– Айып емес, ол қылмыс қой... Сенің ақшаны қалай тауып жатқаныңды жұрттың бәрі біледі. Әке-шешең болса бір күні ұсталып қалмас па еken деп ішкені ірің, жегені желім...

Айбын бұл сөздерге мырс етті. Дегенмен ойланып қалғаны да көрініп тұр.

– Сен білесің бе, менікіндей қызметтегілердің бәрі де осылай тұрады. Тіпті менен жақсы тұратындар да көп. Солардың бәрін отырғызып көр, тұрме жетер ме еken?

— Отырғызып жатқандары да аз емес қой? Бар абыройынан бір-ақ айрылып, тірнектеп жиған дүниесін бір-ақ ақтаратып жатқандар қаншама?..

— Бар, бар ондайлар. Білемін... Бірақ сен біздің системаның қандай екенін білмегеннен осылай сөйлейсің. Бізде қолынан келгеннің бәрі де жейді, бәрі де ұрлайды. Ондайды «бәрі де в теме» дейді. Жемесе, қолынан түк келмейтін бейшара деп мазаққа ұшыратады. Ал ұсталмас үшін бөліседі. Бөліспесең, аяғынды аспаннан бір-ақ келтіреді.

— Сонда милиция сендерден пара ала ма?

— Баламысың деген... Милиция дейді ғой... Біз милицияны жұмсайтын үлкен қызылкөздермен, сосын өзіміздің бастықтарымызben бөлісеміз. Сондықтан олар біздейлерді қорғайды. Бәріне көз жұмып, сезбеген болады.

— Сонда сен қалай аласың ақшаны?

— Оның сырын саған да айтуға болмайды. Бірақ бастадым ғой, енді айтайын. Тісінен шығарма. Маған рұқсат қағаз алу үшін кәсіпкерлер келеді. Мемлекетте 600-ден артық рұқсаттама беру жүйесі бар, соның бәріне такса қойылған. Онсыз болмайды. Біреуі құрылыш саламын дейді, біреуі зауыт ашамын дейді, біреуі сауықхана тұрғызамын, біреуі мәшине жөндеймін дейді... Эйтеуір бәрінің мақсаты – баю. Ал оларды байытатын рұқсат қағаз біздің қолымызда. Мен сол рұқсатты беріп тұрып өзім неге байымауым керек? Бәрі адаптация жатса бір жөн, көбі істеймін деген шаруасының он екіде бір нұсқасын білмейді. Егер біз рұқсат бермей шалқайып қалсақ, шаруасы шайқалып, тұрып қалады. Сондықтан асты-устімізге түсіп, сұраған нәрсенді жеткізіп береді. Ол ақша ғана емес, құрылыш материалдары, я басқа да заттар болуы мүмкін. Сонын керек қағазын алады да, шаруасын оғып, бұғып жүргізіп кетеді. Тендерге қатысып, мемлекеттен де ақша алады. Ол жақта да бөліседі. Сондықтан жалғыз біз емес, жұмыстың өне бойы

осылай бөліспен жүргізіледі. Ал бөліспесен, ештеңе де істей алмайсың.

– Бөліс деген ұрлық, пара беру деген сөз ғой...

– Ақымақ болмасайшы, саған не айтып отырмын. Біз олардың қалтасына түсіп жатқан жоқпызы, мемлекеттің дүниесін де жытырып жатқан жоқпызы. Тек рұқсат береміз, сол үшін андан бірдене талап етеміз. Бізге берген дүние оған түк емес, ертеңіне біз берген қағаздың арқасында жұз еселеп орнын толтырады.

– Логикаң тастай ғой, сенің заңсыз берген рұқсат қағазың арқылы ол тендерге заңсыз түсіп, өкіметтің, яғни халықтың дүниесін заңсыз алмай ма?

– Неге заңсыз алады, тендерді ұтқызатындар оның мұмкіншілігін зерттеуі керек қой. Сол үшін ақы алады. Ал біздің оған қатысымыз жоқ. Әкелген құжаттары түгел болған соң, біз рұқсат қағаз беруге міндеттіміз. Ар жағын өзі білсін. Тендердегілерге бірдеме берсе – ол менің шаруам емес. Жегендер болса, өздері жауап береді. Өкіметтің дүниесі ұрланбауын тексеретін арнайы органдар бар, сол үшін ақша алады. Біздің оған қатысымыз жоқ...

– Саған салса ешқандай жазықтарың жоқ екен. Бірақ барлық заңсыздықты бастап, қолынан іс келмейтін фирмаларға рұқсат қағаз беріп, қылмысты бастайтын сендер емессіндер ме?..

– Саған мұғалім емес, юристтің оқуына бару керек еді. Сонда, бәлки, прокурор болып, бұл күнде шалқып отырар едін...

– Сен менің сұрағыма жауап бермедін. Қылмысты бастайтын сендер ғой, солай емес пе?

Ағасы бұл сөздерге де айылын жиған жоқ. Айқынның түсінігін балалыққа санап, оның танымының таяздығына аяушылық білдіргендей, жоғарыдан тәмен қарады.

– Біле білсен, біз ешқандай заңсыз іс қылмаймыз. Қолында қажетті қағаздары толық адамдарға рұқсат беруге міндет-

тіміз. Ал ондай қағаздарды қандай жолмен алғандарында біздің шаруамыз жоқ. Әрине, заңсыз екенін әшкерелеуге болады, бірақ оның қажеті қанша? Түсінігі бар, жолын, жөнін біліп тұрған адамды қинап қайтеміз?

– Жөнін білмесе ше?...

– Ондайлар сирек болады. Жөн білмейтін адамға, әрине, ешқандай рұқсат бере алмаймыз.

– Қысқасы пара беруді «жөн білген» дейді екенсіздер ғой.

– Қой, ондай сөздерді айтпа. Бизнес қылатын жандар бөлісу керектігін өздері де біледі. Бөліспесе ешқандай жұмыс істей алмайды.

– Неге олай? Олар заңға сүйеніп шаруаларын жүргізе бермей ме?

– Ешкім де заңға сүйенбейді, бізде заң қағаз үшін ғана жазылатынын ұмытпа.

– Сонда қалай... Заңмен жүреміз, заңсыз жүретіндер сотталады дегеннің бәрі өтірік пе?

– Өтірік емес, рас. Бірақ өмірде басқаша болып жатады, оның өз занылығы бар. Таза бизнес жасап, алым-салығын дұрыс төлеп, барынша дұрыс жолмен жүріп жатқандар да бар. Бірақ ондайлардың жоғарыда қолдаушылары болуы керек, немесе өздері де жоғарыда болып, өзін-өзі қалай қорғаудың жолдарын жіті білуі керек. Әйтпесе, аяқтары аспаннан келеді.

Айқын бұл ағасымен ешқашан ұғыса алмасын сезді. Қайдағы бір тәртіптерді өздері шығарып алған, және соның дұрыстығына да көздері әбден жеткен сияқты. Арам-адал, обал-сауап түгілі, қылмыстың не екенін айыра алмай қалғандай. Мұлде бөлек философия, басқаша түсінікке беріліп кетіпті. Өз сөзінен басқаны ұқпайды, тек біздікі дұрыс деп санайды. «Түрлі-түрлі заман бар, заманға қарай амал бар» деуші еді бұрын үлкендер, мыналардың амалы да өз заманына қарай тұған ба екен? Апырмай, дінді де теріс ұғынып,

өзгеше жол жасап алатындар сияқты занды да, тәртіпті де өзгеше жолға салып жіберетіндер болады екен-ау. Қазір қалай айтсаң да, мына Айбынды өз жолынан бұру мүмкін емес сияқты. Басқа діндегі кісіні өлтіруді дұрыс іс деп санайтын кәдімгі діни радикалдар сияқты. Сотталып жатқандар ма. Олар бөлісудің тәртібін бұзғандар дейді. Басқа ешқандай кінәсі жоқ сияқты. Мұндайды не деуші еді. Фанатизм бе еді? «Ақша жасаудың» жолына әбден берілген фанаттар осындаイラ болар, өзге дүниені ұмытқан. Діни фанатизмді сынап жүретіндер осындаиды да фанаттар болатынын білсе ғой. Пара алудың жолын тауып, жөнін білгенді ең дұрыс өмір сүру жолы осы деп мойындаап алған нақұрыстар. Басқа пигылдың бәрі олар үшін жарамсыз, адалдық туралы айтсаң ертегі естігендей есінеп, «дұрыс қой, бірақ...» деп тез жалыға қалар еді.

Інісінің ойланып қалғанын өзгеше жорыған Айбын өз сөздерінің салмағын сезінгендік деп санаған болуы керек, енді басқа қырлы әңгіменің тиегін ағытты.

– Сен магистратураға барамын дейсің... Жақсы, магистр боларсың. Оны да жақсы бітірерсің, бір қызға үйленерсің. Сонда неменеге қол жеткізесің? Пәтерді қалай аласың? Семьяңды қалай асырайсың? Магистрдың окладымен алысқа ұзай алмайсың. Көп болса бір университетке мұғалім боларсың, бар мақсатың сол ма?

– Сонда маған қандай ақыл бересің?

– Мен сени осындағы бір фирмада менеджер етіп орналастырайын. Жақсы оклад алып тұрасың, бірдеме түсіруді де үйренесің.

– Мысалы қандай фирмада?

– Банктердің біріне немесе шетелдік бір фирмада. Тіпті госслужбаның біріне откізіп жіберуге болады. Бірақ онда біршама уақыт аз окладқа істейсің...

– Мениң мамандығым мұғалімдік қой. Басқа жұмысқа қалай тұрамын?

– Түү, сол да сөз бе екен? Бұл да сенің совковый понятиядан арыла алмай жүргендігің. Сол кезде ғой қалтаңа күректей қылып бір диплом салып аласың да, содан басқаны білмей өмір бойы бір іске байланып қалатының. Қазір кез келген жерге сенің педагогический дипломыңмен орналасуға болады. Талап етіп жатса, бір частный ВУЗ-дың заочный отделениесіне тіркеліп аласың... Экономист керек десе – экономистке, юрист керек десе юристке оқытатын жерге кіресің. Ақшасын төлеп тұрсаң болды, бір-екі жылдан кейін дипломын алып шыға келесің. Тіпті шетелдің бір университетіне тіркеліп, 1-2 рет барып қайтсаң «тыңдаушы» болды деген қағаз береді. Оны резюмеге кіргізіп, шетелден стажировкадан өткен деп жазсаң салмағың арта түседі.

– Бәрі де оп-оңай сияқты...

– Эрине, ақшаға бәрі оңай, дүниенің бәрін қыындалқан тек совковый порядок болатын.

– Сонда қалай, мен тұк оқымай экономист немесе юрист болып кете аламын ба?

– Жұмыс барысында бәрін де үйреніп аласың, түгі де жоқ. Соған бола бес жыл бойы сарғаудың не керегі бар? Тек ұғымтал болып, бір үйреткенді қағып алсаң жетіп жатыр. Сенімен салыстырғанда жіп есе алмайтындар да үлкен еңбек-ақы беретін жұмыстарды үйріп жүр ғой. Олармен салыстырғанда сен ақылға да, білімге де ағып тұр емессің бе? – деп Айбын інісіне құле қарады.

Ағасының мұндағы ұсыныстары Айқынның бұрын ескермеген нәрселері еді, не айтарын білмей тосылып қалды. Расында магистратурамен ешқандай перспективаға жете алмайсың. Пи-джи доктор болғаның өзінде алатының шағын оклад болатынын естіген. Ғылымның құпиясына сұңғіп, үлкен еңбектер жазғанның өзінде олардың жариялануы, бағалана қоюы екіталай. Ал мынаның айтқанының бәрі қолма-қол, экономистікке сырттай оқып жатырмын деген

анықтама алып, күйлі жұмысқа кіріп кетсе жаман ба? Ағасының қолынан келіп тұрған істен неге қашуы керек?

Жігітті ыстық жүректің бастауымен жүрмей, салқын ақылдың сабасына түсіргісі келгендей, терістіктің ерте күзді сездіретін салқын самалы соғып өтті. Жаңа ғана жайылып, еркін отырған жігіттер аяқ-қолдарын жинап, бүрісе қалды. Тымық кеште дыбыссыз болып, қалғып тұрған жапырақтар да тегіс сусып, сыңсып қоя берді.

Айқынның ойы онға, санасы санға бөлініп, ағасына нақ қандай жауап берерін білмей толқып отыр. Бір жағында еркін өмір, өзі көрмек болған қызықтар, өмірдің ашы-түщысы, ешкімге кіріптар болмай, азат самғау тұрса, екінші жағында рахат өмірге тезірек қол жеткізетін женіл жол, жалтаң тірлік. «Қолда тұрғанда қонышынан бас» деп ағасы отыр. Эрине, ол бір түсімді жерге мұны кіргізіп, тезірек жақсы тұрмыс құруына, баюына ықпал етеді. Жақсы жерден қыз көздестіріп, женғесі екеуі өздеріндегі қолы жүріп тұрған адамдармен құдандал да бола қоятын шығар. Содан әрі белгілі, ішкені алдында, ішпегені артында, жақсы тұрмыс, жайлы өмір. Бірақ... бірақ біреуге кіріптарсың. Өздігінен қолың жетпеген соң, ағасы болса да күндерде бір күн сені адам еткен мен емес пе едім деп еңбегін бұлдан шыға келері сөзсіз. Әсіреле, женғесі «мы же тебя человеком сделали» деп бір мал болып жүргенінен қайырып әкеліп, адам қосына тіркегендегі міндетсір...

– Иә, маған не айтасың? Тұлімді ал, жаман болмайсың, – деді ағасы мұның көп ойланып қалғанын жақтырмай.

– Мен жауабын ертең айтайын, алдымен ойланып көрейін, деген. Сосын:

– Үйге кірейікші, дала сұып кетті ғой, – деп түннің ызғарын сұлтауратып орнынан тұрды.

Ертесіне Айбын тұндеғі ұсынысыма не айтасың деп қатты шүкшіған жоқ, ақыл-есің бар баласың ғой, өзің шеш деп қыз-

метіне аттанып кетті. Соны пайдаланған Айқын да бұл үйден тезірек кетуге тырысты. Жеңгесі бірдеңе айтпақ болып екі-үш рет оқталса да, Айқын оның емеурініне мән бермей, басқаға бұрып, сөзін тыңдағысы келмеді. Не айтпақ екені жәй да белгілі еді, ол ағайындылардың басы бір жерге қосылғанын жарадай көріп тұрғаны анық, өзі ғана болсам дейтін жан өзгелерді табағына қол сұққандай көреді емес пе? Ағасының тек жылы қатынас білдіргенінің өзіне талағы тарс айрылып қалғаны сезіліп тұр.

Айқын көшеге шығып такси үстады да, вокзалға жетіп, Астанаға баратын поезға бүгін кешке билет алған соң, кіші ағасының үйінен үлкен жолға аттанды.

# *Kazagat*

Айқынның Астананың тас жолдарын шиырлап жүргеніне екі айдан асты. Жастардың бәрі осында екені рас екен, қайда барса да алдынан гу-гу етіп таныс-білістері шығады, жайрандап жүрісіп, жарқылдап құлісіп, қуанып қалады, тіпті танымайтындары да тез арада шүйіркелесіп, көптен білетіндей қауышып кетеді. Бірақ бәрінің де бір жұмыстары бар, бос жүрген адамды көрмейсің. Бір жаққа қауырт жөнеліп, одан қаптап келіп, қапыла кетіп жатады. Көнілдері кең, құшақтары ашық болғанымен, жұмыстары тығыз, шаруалары бітпей жатады. Демалыс күндері ғана жағаны жайлauға салып жүреді, онда да құлақтарынан қалтафондары түспей, анау қанша екен, мынау не болыпты, қаншадан алуға болады деп әлдененің бағасын бір-біріне жеткізіп, қысқа сөзben, қалт түсінікпен көбінесе өз арасындағы жаргондармен шалт қайырып жатады.

Келген бетінде қарсы алғып, алақандарына салған ауылдастарының көнілі қазір сынық, әркім өз тірлігімен жанталасып жүр. Ұлттық университеттің магистратурасына түсе алмады, кезінде ағылшын тіліне көңіл аудармағандығы алдынан шықты. Басқасын жақсы тапсырса да, шет тілінен сүрінді. Енді бір жұмысқа кірсем бе деп дәмеленіп жүр, бірақ соның сәті түсер емес. Оншақты жерге резюмесін беріп қойған, солардың бірі шақырып қалмас па екен деп күнде телефонына үмітпен қарайды. Ол пәтшағар да міз бақпай, үнсіз жатыр.

Ауылдасы Мұратпен бірге екі бөлмелі жайлы үйдің бір бөлмесінде пәтерде тұрады. Екінші бөлмеде тұратындармен бірде тату, бірде араз. Құрылыста қара жұмыс істейтін екі жігіт демалыс құндерін жиі мейрамдап кетеді. Кейде бөлмеріне жеңіл жүрісті, арзан әйелдер әкеліп, олармен келісе алмай у-шу болып жататын кездері де жиі болып тұрады. Бұларды да өздеріне қосып алғысы келіп, үнемі үгіттейді, абыыр болғанда Мұраттың денесі сом, бұлшық еттері де ойнап тұрады, содан жасқанып қана бұларды өз дегендеріне көндіре алмай, қолмен кіріспесе де, сөзбен шағып, кекетуді біледі. Айқын олардан іргесін мұлде аулақ салайын десе де құтыла алатын түрі жоқ, ортақ асүйде жиі кездесіп қалады. Ондағы тоңазытқыш та ортақ. Бірде бұлардың рұқсатының пісіріп қойған еттерін жеп қойып, мас болып, айыра алмай қалыптыз деп абырайдан мұлде айрылған. Ондайлары кейде көбейіп те кетеді. Өздері көпшіл, ас істесе бұларды да шақырып, соңдарынан қалмайды. Ал жақындастырып кетсең қайдағы бір ақымақтық істерге бастап, қызырыс, жүрістердің лас түрлерін айтЫП, бастарын ауыртады. Қолдарының сұғанақтығы да жоқ емес екен, әсіресе бұрын бір отырып шыққан ана Алмастың сондай екені көрініп жүр. Бір күні Айқынға қымбат қалтафон әкеліп, арзан бағаға ала қойшы деп жабысты. Бір жерден қағып кеткені айдан анық. Ұрланған дүниені алуға болмайтынын билетін Айқын оның үгіттеген қынқылына көнген жоқ.

Басында бұлар көршілеріне бір-екі рет қосылып көріп еді, абырай ала алмасын көріп, Мұрат екеуі іргесін аулақ салуга көшкен. Кейде аналар тамақ істеп, асүйде дуылдап жатса, бұлар бір сылтау тауып, көшеге шығып кетеді.

Мұрат та оқымаған жігіт, бірақ аналардай дарақы емес, өз есебін біледі. Астананың бір базарында күзетші болып істейді, ас-суына жетерлік азықты сол жерден әкелгенімен айырып, айлық табысын жинап жүр. Бірақ кейде қызыққа

елтіп, бұл да ақшасын көбірек шашып қойып, өкініп жүргені. Дегенмен Айқын өзінің Мұратпен тұрғанына дән риза. Артық-ауди сөзі жоқ, томаға түйік жігіт мұның ісіне араласпақ түгіл, не істеп жүргенін де сұрамайды...

Қала өмірі аяқ бассаң ақша екенін Айқын жақсы білетін, бірақ соның ішінде Астананың бағалары ақылға қонбайтын удаи болғанына басында шошынып қалды. Бір тостаған шәйдің 500 теңге болғанын осы жерден көрді. Сол бағаны кафеде шай сатып тұрған адам ұялмай-қызармай айтады, ал сатып алушылар ондайға таңырқамайды, үнсіз көніп, ақшасын ұсынып жатады. Қайсысының түк көрмеген, ит көнбіс екенін ажырату қыын. Қаңғырған қаңбақтың жөнін біл деп жұмсаған ханға Жиренше шешен әкелген: «ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі, соны сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?» деген жауабы сияқты, қайсысының ақымақ екенін айыра алмайсың... Мандай тер, табан ақымен табылған пұл болса, ақшаны бұлай қаудырлақ қағазға ұқсатып, бір тостаған шайға осынша жұмсамас еді деп бір-екі адамды көрсөн айттар едің, ал бәрі солай жұмсап жатса – кімді ақымақ көрерсің? Ең абзалы, пұлдан құн кеткен заман екен деп ойлады Айқын.

Тағы бірде «қымбат дүкеннен» 85 мың теңгениң белбеуін көрді. Олай айналдырып, бұлай айналдырып қараса – кәдімгі жақсы иленген жұмсақ былғарыдан әдемілеп жасалған белдік, бар артықшылығы – әшекейлі айылбас қана. Онысы алтын да, күміс те емес, тек қасқалатқан ақ темір. Мақтаса 10 мың теңге ғана тұратын дүниенің бағасын 100 мыңға тақап қойыпты. «Бояушы бояушы дегенге сақалын да бояпты» дегендей, қымбат тауарлар дегенге осылай да қымбаттата ма екен деп Айқын қатты таңырқады. Осындайды да ала ма деп сатушы қыздан сыр тартып көріп еді, анау ара шаққандай шоршып түсті. Жаңа ғана ананы-мынаны көрсетіп, иіліп-бүгіліп қызмет көрсетіп тұрған қызы «е, осындай ма едің» деген-

дей» алая қарап, «конечно алады» деп шамдана қалды. Бейне бір өзі жасаған тауарды жамандаған адамды көргендей шамырқанғанына қарағанда, бұл дүкенге кіретіндер бағаға таңырқамайтын болса керек.

Алғашқы күндері бәрін аралап көрген соң, Айқынның қазір қайталап көруге ешнәрсеге зауқы соқпай қалды. Оның үстіне ақшасы да құмға сіңген судай болып, із-түссіз азайып, сусып барады. Ағаларынан ақша сұрауға намысы жібермейді, ал өзінің мұғалімдікten бір жыл бойы жинаған тыындары Астананың бағасына төтеп бере алар емес. Енді тезірек бір жұмысқа тұрмаса болмайды.

Телевизор қараған болып төсегінде қисайып жатқан Айқын қалай күрсініп қалғанын сезбей қалып еді, ойын кіре беріс есіктегі шаң-шұң дауыстар бөліп жіберді. Көрші бөл меде тұратын Қызырбек екен. Бір жап-жас қызды жүлқылап, кір де кір деп үйге енгізбек болып жатыр. Анау кіргісі келмей, тартыншақтап, алға басар емес. Шыға қалған Айқынды көрген соң тіпті тырмысып қалды.

Қызырбек соңғы кездे күзетке ауысқан, бір тәулік барып келеді де, екі тәулік бойы осылай іші пысып, үйге сыймай жургені. Кейде бөлмесіне қыздар әкеліп, көңіл көтеріп жататын. Айқындар оның істеріне араласпай, әңгімелерін де журе тындаиды.

Алайда көз алдында болып жатқан зорлыққа шыдай алмаған Айқын кіргісі келмеген қызға ара тұсті.

– Қызырбек, жібер, қайтесің, кіргісі келмей тұр ғой... – деп еді, арашаға арқаланған қыз тіпті үдетіп кетті.

– Жіберіңізші, қолымды ауырттыңыз ғой. Қандайсыз. Кірмеймін дедім ғой. Кірмеймін бәрібір, – деп тыртысып, екі қолын босағаға тіреп, тұрып алды. Қызырбек те сүйрелеп, қара күшке салуда.

– Осы жерге дейін неге келдің ендеше, – дейді алқынып.

– Өзіңіз ғой алдаған. Үйге кірмейсің дедініз ғой...

– Жә, Қыңдырбек, жіберші. Қайтесің зорлап, – деді Айқын да.

Айқынның соңғы сөзі қамшы болып, Қыңдырбек қызды желкесінен бір нұқып қоя берді. Өзі аздал ішіп алышты, аузынан анқып тұр.

– Неменеге араластың? Өтірік бәлсініп тұр да... Эйтпесе талайды көрген проститутка емес пе?

– Оны қайдан білдің? Жап-жас қой...

– Жастығына қарай ма? Мына жердегі колледжде оқиды.

– Немене, колледжде оқыса проститутка деп пе едің?

Обал ғой, жап-жас қызды солай деу. Қарындастырымиз емес пе?

– Ой, сен де... Қазір қарындастейтін қызы бар ма? Ақша табу үшін қазір студент қыздардың бәрі де тәндерін саудалайды. Сен ауылдан жаңа келдің ғой, ондайды біле бермейсің...

– Ендеше неге кірмеймін деп тыртысып қалды?

– Үйге кіргізсе мені ақша бермей, алда деп тұр. Алдымен ақшанды бер деп далада сұраған. Мен мына жердегі үйде, кіріп алып шығамын деген едім. Енді сені көрген соң, бұлар екеу болып зорлап, ақша бермей қуып жібере деп тұр да. Оның үстіне сен болысқан соң, ұялып қалғаны ғой, өзінше...

– Өзі келіскені шын ба?

– Мен сені алдайды деп пе едің?

– Сүмдық екен...

– Біздің әкеліп жүрген қыздарымызды көрмейсің бе?

Шетінен сондайлар ғой...

– Сонда мұндаілар ертең қайтіп адам болады? Қайтіп күйеуге шығады?

– Е, мұндаілар ертең-ақ ауылдың бір аңқау жасының етегінен ұстап, майысып келін болып шыға келіп, керемет үй болып кетеді. Ондайдың талайын көріп журміз...

– Күйеуі біліп қалса ше?

– Білсе не болсын, намысы бар біреу болса қылп жібереді, ал намыссыздар сондайлармен тұра береді. Баласы болса қимайды ғой. Өтірік білмеген, естімеген болып жүре береді де...

Айқын жаман түршігіп кетті. Заман не болып барады өзі? Ата-аналары ғой балаларын оқута жібердік деп анда жүр, ал бұлар мұнда бұзылып, көрінгеннің қолжаулығы болып, тәнін сатуда...

Айқынның түрінің бұзылып кеткенінен Қыдырбектің өзі сасып қалды.

– Өй, сен саспа, қыздардың бәрі жәлеп емес, дұрысын табуға болады. Саған дұрысын табамыз әлі, қорықпа, – деп өзінше жұбатқан болып жатыр.

Кеше бір ауылдасы хабарласып, Айқынды түнгі клубқа апарып, қызық көрсетпек болған. Өзі сол жерлесін тосып, үйден шықтай жатқан еді, бірақ Қыдырбектің сөздерінен кейін ешқайда баруға зауқы болмай қалды. Қыз атаулының бәрі тәнін саудалайды дейді, сонда дұрыс қызды қалай тап-пақ? Ауылдағы Қорабай құрдасы алған қыз да сондай болып шығыпты. Біраз тұрған соң, оның үйіндегі қолға ілінетін кәкір-шукірлерін теріп алып, іздең келген біреудің мәши-несіне отырып, тайып тұрыпты. Жасы бұдан үлкен болса да, құрбықтай сырласатын Қали деген мұғалім жігіт бар еді, сол телефонмен айтты. Тіпті қалада жезөкшелікпен айналысып, баласы болып қалған соң ғана Қорабайға тие салған екен. Енді еті үйренген соң, мұны місе тұтпай, қалада бірге сай-рандаған жігіттерінің бірін шақырып алып, ғайып болыпты. Бәсе, көзі жәудіреген аппақ әйел еді, Қорабайды қайdan мен-сіне қойды десем, сондайы бар екен ғой деп ойлаған Айқын Қыдырбек айтқан жезөкшелердің ауылға да келе бастаға-нына көзі жетіп, шошына тұсті.

Кешке түнгі клубқа апарамын деген жерлесі Елдос келіп, мұның бармай-ақ қоялықшы дегеніне қарамай, сүйрелеген-

дей болып алып шықты. Екеуі Айқынның көптен бері баруға күмартқан қызығын көру үшін таксимен сонда келді.

Есілдің екі бетіне салынған қаланы тұрғындар «оң жағалау», «сол жағалау» деп екіге бөледі. Соның оң жағалауы ескі қала да, жаңаның бәрі сол жағалауға шоғырланыпты. Архитектуралың озық жетістіктерін қолданып жасалған үйлер бір-біріне ұқсамайды, бірақ бір-бірімен үйлесіп, бірінің жоғын екіншісі толтырып, көздің жауын алады. Көңіл тоқтатып қараған жанның бәрі де оларды көргенде таңырқамай қала алмайды екен. Эрине, мұның бәрі бұрын басқа жерлерде салынған құрылыштар болуы мүмкін, бірақ солардың Сарыарқаға келіп сап түзей қалғандығының өзі қазақ дала-сының айрықша түлеп, жаңа өмірді бастағанын көзі ашық жанның бәріне танытып тұр.

Сәнмен салынған, биік үйлердің көбі адамға ыңғайлыш, жайлыш болуды ескерген. Барлық биік үйлердің астында автомобилдер тұратын паркингтер. Бірінші қабаттары азық-түлік дүкендерінен басқа тегіс қызмет көрсету орындары. «Шоқжұлдыз» атты тұнгі клуб та сондай сәнді үйлердің бірінің астына орналасқан екен, кіреберісінен төріне дейін бір міні жоқ жалтыраған қара плиткамен көмкеріп тастанты. Жарығы күңгірт, қабырғалары да қара түспен боялған, соның әсерімен тіпті қаранды болып тұрған көрдей жерге кіргенде Айқынның басы айналғандай болды.

– Тұнгі клуб дегеннің қызығы осы ма, басым айналдығой?

– Саспа, қызықтың бәрі алда, – деп жол көрген Елдос қаранды түкпірге қарай сұнғи берді. Алдынан шыққан даяши қыздардың біріне сыйырлап еді, анау жол бастап Айқындарды орта тұстағы бір орынға отырғызыды.

Атына қарап ерекше бірдеңе болады деп күткен Айқынның тұнгі клуб дегеннен көнілі шу дегеннен қалды. Тамақ жеу, сусындар ішу, билеу, одан қайтып келіп тағы отыру,

тағы изең-изең би, жастардың айғайы. Бір уақытта үстінде ұтты жерлерін ғана жапқан лыпасы бар жуантық әйел шықты. Эркімнің үстеліне бір барып, құлақ тұндырыар музыканың ырғағымен сыйған ба, африкалық па, латын америкалық па, әйтеуір біреулердің биін билеген болып, бөксесін селкілдетіп еді, бір дарақылар беліне, төсіне ақша қыстырып жатты. Арак-шарапқа қызып алған қазақтың жастары әбден мәз, айғай-ұйғайдан, ыскырықтан, қышқырудан құлақты тұндырып жібере жаздады. Бәрінің сөзі орысша, қазақша үн шығарса қақалып қалатын сияқты. Қатты музықадан өзге түгіл жанында отырған адамның даусын естімейсің. Оның үстіне күндіз де күн түспейтін етіп есік-терезесін түмшалап қойған орынның іші ыстық, ауасы ауыр, қапырық. Айқынның басы ауырып, жүргегі лоблыды.

– Елдос, кетейік, мен тойдым мынадан, – деді ол айғайлап.

– Кеткені несі, қызықтың бәрі енді басталады, – деді анау. Өзі мұндайға әбден еті үйреніп алған тәрізді, шуды бола түсінші дегендей қызынып алыпты. Басқа жастар да ортаға шығып алғып, шамасы келгенше айрықша болып көрінгісі келіп, ойна келгенді билеген болып жатыр. Олардың ерекшелігіне, жарасымына ешкім көңіл аударып жатқан жоқ, әркім өзін өзі қызықтауда. Жігіттер түгіл қыздар да белсеніп алған, жуысып кеткен ерек кіндіктіге жабыса кетеді. «Қарап тұрған жігітке қыз артылар» деген Мөңке бидің сөзі дәл келіпті. Ара-арасында арық-тұрақ, ілмигендер де, орынсыз жалтайып, толып кеткен жуантық қазақ қыздары да көп. Бұрын мұндайда тал бойының бір міні жоқ еуропалықтар ғана ортаға шығып аласұратын, әсіресе ақ сандары мен аршын тәстерін жарқылдатып, сал бөксесін солқылдатып орыстың бикештері жүретін еді, ал қазақ жастарының көбі ұят сақтап, шегіншектей беретін. Оның үстіне бойының тапалдығынан, мойнының қортықтығынан қорынып,

еркін қимылдай алмайтындар да көп болатын, мына жерде сондайлардың да күні туған сияқты; әрі қараңғы, әрі ешкім көңіл аударып жатпаған соң, ондайлар ара-арасында шыңғырып қойып, шаштарын жайып жіберіп, бастарын сілкіп, денелерін жынданған жандардай жұлқынтуда. Бәрі де елігіп, музықадан басқа дүниені ұмытқан. Қазір керісінше, еуропалықтар сырылып қалыпты, қазақ жастарының бойы да өсіп, ойы да болып, еті де толып, өрісі кеңіген екен.

Ақыры Айқынның жүргегі көтеріліп, әжетханаға барып, ішкен-жегенінің бәрін құсып таstadtы. Жалынғандай болып Елдосты қараңғы көрден зорға алып шыққан ол далаға шыққандаған «ух» деп бір-ақ тыныстады.

- Ендігі көрмегенім түнгі клуб болсын. Азап қой мынау...
- Ештеңе етпейді, етің үйреніп алса әлі ұнайтын болады. Бірінші рет келген соң солай болып түр ғой. Жиі келу керек...
- Атама, атама... енді желкемнің шұқыры көрсін...
- Мен де алғаш көргенде осылай ойлағам. Сосын үйреніп алдым, қазір келгім келіп тұрады.

Айқын Елдостың жүзіне сенімсіздікпен қарап еді, анау қарғанып, өзінің шын айтып тұрғанын жеткізді. Үйге жеткенше Айқынның ойы астан-кестен болып, адамның аңсаулары қалай тез өзгеретініне таңырқап келеді. Осы Елдос, бір-екі жас үлкендігі болмаса, ауылда қатар өскен құрбысы еді. Томаға-түйік, қойдан жуас, қоңыр бала болатын, кейде қолындағысынан айрылып жүретін болбырлығы да бар-тын. Жергілікті университеттің экономфагын бітіріп, осыдан 3-4 жыл бұрын Астанаға кеткен, бағы жаңып бір банкке жұмысқа кіріп кетіпті. Бұрын оның қызметін «клерк» деп жүрт менсін-бейтін, қазір сол жұмыс «менеджер» деген әсем атау алып, әжептәуір қызметке айналыпты. Жігіттің өзі де ширап, нағыз «келсен-келдің» өзі болыпты. Еңбекақысы да жоғары екен, айтқысы келмеп еді, сөзден сез шығып, білдіріп алды. Оның үстіне көлденең табысы да бар сияқты. Сөзі де, өзі де

пысық, шашасына шаң жұқтырмайтын өз ортасының жүйрігі болғанға ұқсайды. Көмескі жарықта екі көзі шоқтай жайнап, қыздарды онды-солды серпіп, кейде қеудесін төсімен жаншып, әрі итеріп, бері итеріп құтыртқанда, жұрттың бәрінің көзі осыған тусты.

Адам аз уақытта қалай өзгереді? Айқынның соған ақылы жетпей қойды. Айналаның адамды өзгертуі оп-оңай болғанда, бәлен жылдан бергі қалып қайда қалған? Әлде... Әлде адамның ортасына қарап өзгеруі занұлылық па? Сонда мен де өзгеруім керек пе, өзгермесем көзге шыққан сүйелдей болып, орыстар айтатын «ақ қарға» болып қаламын ба? Кешегі Айдын, бүгінгі Елдостар – бәрі ортасына қарай оңалмастай болып өзгерген сияқты. Өмірдің өзі өзгеріс пе еken әлде, бір орында тұра берген тек жансызыға ғана жарасатын шығар деп ойлады Айқын аяқ астынан бір тосын шешімге тіреліп...

\* \* \*

Айқын қалтафонына түскен нөмірге қайыра хабарласқан еді, резюмесін берген мектептердің бірі еken. Әуелі мектепке бармаспын, мұғалім болып балалармен басымды ауыртып қайтемін, одан да ақшаны көп төлейтін бір жерге аудармашылық па, әлде өкіметтік органдардың біріне шенеунік пе – сондай бір қызметке тұрса деп армандалап еді, оларға тұру оңай емес көрінеді. Ондай жерге тек ағасы мен жеңгесі, апасы мен жездесі жетелеп жүргендер ғана кіре алады еken және бос жетек емес, майлы жетек болса ғана өтімді болмақ. «Жетектеп салған тазы тұлқі алмайды» деуші еді, мыналарда керісінше – жетекпен жүргендердің жұлдызы жанып кетеді.

«Тиімді жұмысқа қызметкер керек» деген қулақтандырулар көп еken, еңбекақысы жоғары деген соң солардың біріне хабарласқан. Май жаққан терідей жылпышдаған бір жігіт

қарсы алып, жұмыстың қыны еместігін, жайдан-жай отырып миллиондарды табуға болатынын айтып, барлық жақсылықты үйіп таstadtы. Айқын оның ұзак-сонар сөздерінен шетелдік фирмалармен қатынас жасап, солардың ұсынған тауарларын алатын клиент табу керектігін, өткізген тауардың бәлен проценті мұның шотына қарша жауатынын, ал тауарлардың бәрі өтімді, күнделікті сұранысқа дүниелер екенін, ондайларды жүрттың бәрі таласа-тармаса сатып алатынын, мұның дер уақытында келгенін, енді екі-үш күннен кейін қызметкерлер қабылдау тоқталатынын айтып, қызықтырудай-ақ қызықтырды. Сендей білімді жастар аз уақытта тез байып, үй де, мәшине де алып жатыр, сосын өздерінің бизнесін ашып жатқандар да көп деп қызыл тілін bezеп бақты.

Айқын қолп ете қалмаса да істеп көруге болады екен деп көніп қалды. Ендеше алғашқы жарна ретінде он бес мың төлейсің, сосын құжаттарынды өткізген соң өзіміз хабарласамыз, деді. Паспорты мен дипломының ксерекөшірмесін де жып еткізіп түсіріп алды. «Асатпай жатып құлдық деме» демекші, алдын-ала, көрмей-білмей жатып неге ақша төлеуім керек деген еді, жылтыр жігіттің қабағы түйіліп, талағытарс айрылып кетті.

— Осы сендер, қазақтар, бұлданып шыға келесіндер, сендерге мынадай выгодный жұмыс ұсынылып тұрса да кергисіндер. Сендердің құжаттарынды түсіруім, фирмаға жіберуім, резюменді ағылшын тіліне аударып беруім – бәрі-бәрі ақша емес пе? Соның бәрін тегін істейді деп пе едің? Оның үстіне компанияға кепілдік жарна төлеу де міндет, – деп қараспанды жаудырып жіберді. Сенің ақшанды ешкім де жемейді, түбіртек жазып береміз, жеп кетті деп даулағың келсе, сотқа шағым айтасың деп тіпті сендерді.

Айқын он бес мыңын беріп, телефондарын жазып алып, 2-3 апта бойы құткен еді, қымс еткен дыбыс болмады. Өзі бір-екі рет телефон соғып еді, «tos, tosa тұр» дегеннен басқа

жауап жоқ. Мұрат ондайлардың алаяқтар екенін айтып, сендейлерден ақша жинап алғып, тайып тұрады, сотқа берсең 15 мың үшін ешкім іс қозғамайды, ал өзің сияқтылармен бірігейін десен, оларды да табу қыын деп қорқытып қойды. Амалы жоқ, Айқын оғиске барып еді, жыпсылдақтың орнын сипап қалды, дәл сол жерді басқа біреулер арендаға алғып үлгеріпті. Сөйтіп, айдың-күннің аманында он бес мың ақшасынан айрылып шыға келді. Енді ондайлардан аяғын андал басып, құлақтаңдыруларды таңдап қарайтын болды.

Сөйтіп, жұмыс таба алмай біраз уақытын босқа өткізіп жіберген. Ақыры басқа амалы құрыған жігіт енді көп мектептердің біріне орналассам да нан табуым керек деп шешіп, оларға да резюмесін тарата бастаған. Хабарласқан қыз сондай мектептің бірінен екен. Ертең сағат он бірлерде келіп қалыңыз, директор сізбен сөйлеспекші деген қыздың тақ-түқ еткен қатқыл үні қалтафонды жарып жібере жаздады. Айқын мектептің адресі мен баратын автобустардың нөмірін сұрап алғанша асығып, телефонның құлағын қоя салғысы келіп тұр.

– Қарындас, енді директорыңыздың аты-жөнін айта қойыныңызы, – деген еді:

– Түү, ағай, оны келген соң да білесіз ғой, сау болыңыз, – деген телефонын жаба салды.

Апымай, хатшыға дейін асыққан не заман болып кеткен, өзі? Тым болмаса бір артық хабар айтпады-ау, «Сенная база» дегені қай жақта екен? Қаланың бір қиырында болса оңайлықпен жете ала ма? Жарайды, Мұрат келген соң сұрап алармын, қаланы сол жақсы біледі деп ойлаған жігіт директоры жақсы адам болса игі еді, кездесуде қандай сұрақтар қояр екен деген ойларға беріліп кетті.

...Тұрған жерінен екі автобусқа отырып баратын мектепке Айқын бір сағаттай жүріп, зорға жетті. Қала соншалық үлкен болмағанымен, кептеліс сүмдық, көп көліктің жүрісіне есептелмеген, негізгі сүйегі бұрынғы провинциалдық қала-

ның көшелерінен құралған шаһар енді жойқын жүріске шыдас бере алмай, мәшинелердің адымын аштырмай жатыр. Жүрттың бәрі Алматының көшелерін оқтай тұзу қылышп, контурын сыйып берген Колпаковский дейсің бе, қалай ыңғайлыш болса, солай тарта салған кеңестік архитекторлар бір жерден шыққан көшениң ұшын екіншісіне үйлестірмей, кең болып келгенін тар қалыпқа түсірсе, тар болып келгенін жоқ жерден жалпаққа айналдыра салып, үйме-жүйме, ию-қиу көшелерді мұраға қалдырыпты. Тұні бойы ішкеннен ертесіне басы ісіп, көзі жұмылып, әйтекеүір жұмыс істеу керек болған соң сыйзын жасауға мәжбүр болғандардың қолы секілді болып көрінеді.

Жаңадан салынған, үш қабатты, өте жалпақ, зәулім мектеп сонарадайdan көзге түсіп тұр. Төңірегі таза, түскен ине табылардай жарқырайды, соған қарағанда мектеп директоры өз ісіне мүқият қарайтын, тыңғылықты адам сияқты.

Есіктен кіреберіс аранда отырған вахтер әйел каникул уақытында бейсауда келген адамға үдіреүе қарап, үнемі окушыларға айғайлап отырғаннан сыпайылық дегенді мулде ұмытып қалған дүңкілдеген даусымен Айқынның кімге келгенін шұқшия сұрады. Директордың шақыруы бойынша келген едім дегенге де айылын жия қоймады, аты-жөнін сұрап, жанында тұрған телефоннан біреумен хабарласып жатыр. Ар жағындағы адам құте тұрсын, өзіміз шақырамыз деген болуы керек, иегімен ескі диванды нұсқап: – Отыра тұр, қазір өздері шақырады, – деді.

Айқын мектептің ішіне қызыға қарап отыр. Жөндеуді толық аяқтап қалған секілді, едені айнадай жарқырайды, қабырғаға іletін түрлі тақырыптағы біркелкі тақталарды да тізіп үлгеріпті. Ішке енген барлық адамның көзіне жарқырап көрінетін гимн мен герб те өз орындарында тұр. Ардақты ұстаздар мен озат окушыларға арналған стенд те әсем етіп жасалып, суреттері рет-ретімен тізіліп қалған. Бәрі бір ізді, ала-құласы жоқ. Айқын өзінің ауылдағы мектебінде осындаі

стендтерді жасап, суреттер мен мәтіндердің бір қалыпқа келтіремін деп көп азаптанып, иттей әуре болғанын еске алды.

Мектеп ішіне сұқтана қарап отырған оның ойын вахтер әйелдің аяқ астынан сіз деп сзыла қалып, «кіріңіз» деген даусы бөліп жіберді.

Директор орталau жасқа келген, түрі байсалды, байыппен сөйлейтін әйел адам екен, Айқынға қатқылдау үнімен тіл қатып, сыпайы сөйлесті. Дипломындағы кілең бестік бағаларды бір шолып өтті де, мектепте неге бір-ақ жыл істеген себебін сұрады. Алдын ала дайындал келген жауабымен оған Айқын ауылда балалар азайып, мектеп жабылудың аз-ақ алдында тұрғанын айттып сыйылып кетті.

Қазір мұндай сұлтау Қазақстанның онтүстігінен басқа барлық облыстарында болғандықтан аттай шабатын.

– Мектептерің орталau болып па еді?

– Иә, енді бастауыш мектеп болып қалмақшы, сондықтан жоғары сыныптарға беретін мамандар қызметтен шығуға мәжбүр болдық...

– Ым-м... Жалпы, мұғалім болуға ықыласың бар ма? Әлде басқа жұмыстың ыңғайы болмаған соң келіп тұрсың ба?

– Мақсатым магистратураға түсіп, білімімді жетілдіру еді, оған ағылшын тілінен тәмен баға алып өте алмай қалдым. Ал мұғалім болуды бала жасымнан армандағанмын... Бірақ...

– Не бірақ?

– Бірақ қазір еңбекақысы тәмен, қоғамдағы беделі тәмен-деп қалған мамандық болған соң ықыласым біршама сұып қалды.

– Да... оның енді рас. Үкімет қолдамаған соң, қоғам да мұғалімдерді құрметтеуді қойды...

Айқын директорға жылы қатынасты жол тауып, өзінің ойын мақұлдатып, осы заманғы ғылым айтатын «коммуни-кабельді контакт» орната білген өзінің өнеріне іштей риза болып отыр.

Одан арғы әңгімеде еңбекақы, жұмыстың барысы, сағат саны, еңбек тәртібі жөнінде айтылып, Айқын Астананың бір шетіндегі 54-ші мектеп-лицейдің тарих пәнінің мұғалімі болып шыға келді. Ауылда бір жыл істесе де «қызыл диплом» алғандығының арқасында ғылыми еңбектерімен көрініп жүріп, бірінші категорияны мерзімінен бұрын алған еді, оның да пайдасы болып, мұғалімнің ортаң қолдай жалақысын алуға қол жеткізді.

Бірақ осы жалақымен де Астанада өмір сұру қиын еken, тапқаны пәтерақысын төлеуден сәл ғана артылады. Қыдыру, жүріп-тұру түгіл жақсы киім-кешек алуға да ақшасы жете бермейді. Барлық мұғалімдердің тауып алған қосымша еңбекақысы бар. Мектеп басшылары ондайға көніп, негізгі жұмысын ақсатпаса, қарсылық білдірмейді еken.

Айқынға берілген 9-10 кластардағы балалардың қабілеті әртүрлі. Қалада туып, қалада өсіп келе жатқандары самарқау, сабаққа ынтасы төмен. Есіл дерті қолдарындағы ұялы телефондарымен ойнау немесе әлеуметтік желі арқылы бір-біріне хат жазу. Оларын алып қойсаң тағы бәлеге қалатын көрінесің, ата-анасына айтса, кейбір әпербақандар мектепке келіп, шу шығаратын көрінеді. Мұғалімдер мүлде алып қойып, пайдасын көретіннен жаман, еңкілден келіп, ерегіспе сөздерін айтып кетеді еken. Сондықтан қалтаңа сал, сабакты тыңда деп қайта-қайта ескертумен шаршайсың. Ал ауылдан көшіп келген қазақтардың балалары сәл жуастау, кейбірінің тұрмыстық жағдайы да төмен екені көрініп қалады. Үйлерін бар ма деп сұрасаң, пәтер жалдап тұрамыз дейді. Бұл аймак қаланың шеті болғандықтан, бұрын қалалықтардың саяжайлары болған еken, сол жерлерге кейбіреулер жұпның баспа-налар тұрғызып алышты. Олары тым шағын, су, жылу деген жоқ. Отынды сатып алып, үйін жылдытады, ал суды алыстан тасымалдайды. Көбінің ескі-құсқы жеңіл мәшинелері бар, ауылдың қара арбасы сияқты, тұрғындар барлық шаруасын

сонымен бітіреді. Соңдықтан үсті-бастарын құтудің өзі оңай шаруа емес сияқты. Есесіне солардың көбі оқуға ынталы. Әсіреле, Сара деген қызы ұқыпты, окуына да тиянақты. Ақылына көркі сай, талшыбықтай бұралған бір керім. Сабак сұрағанда үнемі қол көтеретіндердің бірі сол, өзі белсенді, мектептегі қоғамдық жұмыстардан да қалмайды, қашан көрсөн, мұрнынан шаншылып, бір тірлікпен айналысып жүргені.

Мұғалімдер оқушыны аңдыса, балалар да мұғалімді сынап жүреді ғой. Айқынның білімі терең, білігі жан-жақты екенін олар да сезіп қалыпты, нешетүрлі құйтырықты сұрақтар беріп, кейде сабак сұратпаудың амалын жасап, қызық дүниеге тартқысы келіп тұрады. Ондайдың көбіне Айқын жауап тапқанымен, қысқа қайырып, сабактың талабына бұруға тырысады.

Осы күні Айқынды бір мазасыздық басып алды. Қай кезде келе қалған сезім екенін сезбей де қалды, әлі онынши класта ғана оқытын Сараны ішінен ұнатып, көргісі келеді де тұрады. Шіркіннің жалт-жұлт еткен ұялы қара көздері қандай, ішіне бәлелі сыр бүккендігі білініп тұрады. Кейде бәт-шагар өзіне терең сырмен ұзак қарап қалатынын да сезіп, тынышын кетіреді. Қазақ айтатын аршыған жұмыртқадай ақ білектерін таянып, ойланып отыра қалғаны қандай. Аялап ұстап, армансыз сүйіп алса ғой деген ойлар басына талай рет келді.

Апырау, осыным ұят қой, өзім оқытып жүрген он алты жасар қызы балаға бойжеткен деп қарауымды біреу сезіп қалса, абыройым айрандай төгіледі-ау деген ой жас жігітті көптен бері тығырыққа тіреп жүр. Сезімін күшпен басып, сездір-меуге тырысқанымен қызды көргенде жүрегінің елжіреп, қаттырақ соғып, сөзінің берекесі қашып кететінін бақылайды. Бүгінде міне, оның класында соңғы сабакты беріп, «ал хош болындар» деп босатқаны сол еді, жүрттың аяғында шыға берген қыздың төңкеріле қарап, жалт еткен жанары ыстық



шоқтай қарып алды. Тегін қарас емес, өзіне деген айрықша сезімнің көзқарасы екендігі көрініп тұр...

Пәтерде әлі де Мұратпен бірге тұрып жатыр. Оның базардан ала келген олжа тамағына ортақтасып, әкелген етін қуырып, кейде асуға машиқтанып, әйтеуір тамақтан өтетін бір жылы-жұмсақ жасауға шебер болып алды. Тамақты өздері істемесе асхана, дәмханалардың асына ақша шақ келмейді. Өткен айға алған 80 мыңының 30 мыңын пәтерге берді, қалғаны екі рет ауыстырып, күніне төрт рет мініп баратын автобус пен мектептің дәмханасынан түсте ішетін тамағынан да қалар емес. Жұмысқа кірген кезде кейде кешігіп бара жатса, таксиге отырушы еді, ол да қалтасын тесіп жіберетін болған соң бас тартып, шамасы келгенше ерте тұрып жүр.

— Сен проездной сатып алсаңшы, сонда біршама ақшанды үнемдейсіңғой, — деді бірде бұған қараганда тіс қаққан Мұрат.

Сол сөз ақыл болды, қазір бір айға «проездной» алғып, сонымен тегін жүреді. Сонда да ақшасы құтаятын емес, өткен айлығына бір жақсы құртеше сатып алған еді, қалтасы тақырланып қалды. Енді келесі айға дейін ілдебайлас, біреуден қарыз алмай жетуге тырысу керек.

Мектепте өзі қатарлы жас мұғалімдер көп екен, әсіресе қыздар жағы жетерлік. Әзілқойлау біреулері дәмханадан арзандау тамақ іздел тұратындығынан мұның қалтасының тайыздығын сезіп қалып, біршама күлкі қылды. Өздері онып тұрмаса да, қазақтың «жыртық тесікке құлетіні» қалмағанғой.

Бұған сабактан ертелеу келіп, банкоматта жатқан соңғы тиындарын сыпирмақ болып еді... о, ғажап, ғайыптан тайып 100 мың теңге түсे қалыпты. Е, бұл қайдан келді, біреудің қателіктен маған түсіп кеткен ақшасы емес пе екен деп құдіктене қалғаны сол еді, қалтафоны шыр ете қалды. Айдын ағасы екен, қай күнде қысқа сөйлесетін дағдысымен:

– Қал қалай, алдың ба? – деді ол.

– Нені?

– Саған әнеугі айтқан карточкаңа 100 мың теңге салып жіберіп едім ғой...

– Ә, сен бе едің... Рахмет, алдым.

– Жақсы, онда, деп анау трубкасын жаба салмақ еді:

– Өй, тым болмаса бір ауыз сөзге келсейші... Өздерің амансыңдар ма? Мына ақшаны не үшін салдың? – деді Айқын даусын қатайтып.

– Е, ақша артық болмайды ғой... Өткенде ауылға барып едім, мамаша, көмектесіп тұрсандаршы, қайбір жетісіп жур дейсің. Бізге бергенше соған бір тыын-тебен жіберіп тұрындар деген соң салғаным ғой...

– Е, бәсе...

Айқынның көзінен ыстық жас ыршып кетті. Қайран анам-ау, өздерін ренжітіп, тастап кетсем де мені ойлады. Осы жақсылығында қайтара алар ма екенмін деп ішінен тебіреніп кетті...

– Өй, неге үндемей қалдың? Үзіліп кетті ме? – деп Айдын да дігерлеп барады. Даусының қобалжығанын білдірмейін деп даусын қатайтып:

– Қалай, бизнесің дұрыс журіп жатыр ма? – деді.

– Нормаль... Бізге салықты көбейтіп жіберді, кредит алу да қындалп барады... Екі точкамды қысқарттым, – деп, Айдын өзінің әлеуләйіне бұрылып кетті.

– Айбын ағаны көріп тұрасың ба?

– Көп болды, көргем жоқ. Естуімше, Кариб аралдарының біріне әйелімен бірге дем алуға кетіпті. Сен, сол бай ағаңнан да ақша сұрап тұрсаншы, ақшасын қайда шашарын білмей жүрген жоқ па? – деп Айдын әзілдеген болды.

– Берер ол... Ана жолы осында бір қызырып келіп, өзімнен 20 мың теңге қарыз алып кеткен. Элі қайтарған да жоқ...

– Ой, не ғып, 20 мың теңгеге зәру болып қалып па?

– Қалтасындағы ақшасының бәрін құртқан ғой... Осында бес жүлдізды қонақүйдің бірінде жатыр екен, дем алып, көп ақшамды жұмсап қойыптын, банкоматтан алсам, жеңген біліп қалады... Сен бере тұр, артынан екі есе қылып қайтармын деген. Содан бері аумин, хабарласқан да жоқ...

– Е, дем алудан қолы тимей жүр де... Ал, жарайды бауырым, маған клиент келіп қалды, сау бол, – деп Айдын телефонын жаба салды.

Дегенмен, осының жобасы түзу деп ойлады Айқын оның 100 мың теңгесін тұтасымен банкоматтан алып жатып.

Бірінші сабак болмаған соң, ертесіне мектепке асықпай келген. Мұндағы жұрт у-шу, жақын мандағы жұпсыны үйлердің бірінен өрт шыққан екен, бір отбасы далада қалыпты. Кімнің үйі екен десе, ол Саранікі болып шықты. Шешесі мектепте кітапханаши болып істейтін, әкесі қуні бойы жеңіл мәшинесімен таксиші болып, кісі тасып құн көретін. Үй сүйқ болған соң шешесі от жағып, мектепке кетсе, иесіз үйде сәкіге шоқ түсіп, өрт шығып кетіпті. Сараның екі інісі төменгі кластарда оқитын, оқулары түстен кейін болған соң, аман қалған екен. Қыздың өзі түстен кейін мектептің бір қоғамдық жұмысымен журіп, үйіне бара қоймаған ғой, өрт сол кезде шығып отырып.

Киім, мұлік атаулысының бәрі күйіп, қыстың көзі қырауда аңырап-боздап қалған отбасына көмектесу үшін мектеп мұғалімдерден жылу жинауды ұйымдастырды. Жақын мандағы бір үйшікке уақытша пәтерге орналастырылған отбасының жағдайы мүшкіл: не төсек орындары, не киер киімдері, не ас-сулары жоқ.

Мектепте біреулер киімге, біреулер басы артық үй мұліктеріне жазылып жатқанда Айқын қалтасындағы ағасы жіберген 100 мыңды тұтасымен салды. Ақша жинап, тізім жасап жатқан көңілі жақын апай оған таңырқай қарап, аңтарылып қалыпты.

---

– Айқын шырағым-ау, директордың өзі 30 мың теңгеге жазылып жатқанда мынауың көpteу ғой, жартысын берсең де жетер...

– Жоқ, апай, қолдан келген көмегім ғой. Бәрін алыңыз, – деп, Айқын ақшасының жартысын қайта алғысы келмеді...

Осы оқиғадан он қундей өткенде есін жинаған Сараның анасы кәсіподак жиналышына қатысып, жұрттың бәріне алғысын айттып, көптің алдында көзін шылап, жылап жіберді. Оның қайғысына бәрі де қапа болып, сөйлегендер басу айтты. Дегенмен, қазақтың үқит-сүкиты қалған ба, Айқынның 100 мың теңге көмек бергені де біреуден біреуге жетіп, өсек-аяңның өзегіне айналмай қалмады. Әркім әртүрлі саққа жүгіртіп, жас жігіттің мұншалықты жомарттығының сырын топшылаумен болды. Жаны ашығандығын жасыра алмаған Айқын өзінің шалыс басқанын білген жоқ, ақыры өсектің әрті Сараны ұнататындығына да жетіп жатты...

Бір күні Айқын өзінің тарих кабинетінде сабакқа дайындалып отыр еді, есік қағылды. «Рұқсат па, ағай» деп имене шықкан дауысқа жалт қараса, есікте Сара тұр. Бетіне жүгіре қалған қызғылт үшқын сүйкімді жүзін тіпті нұрландырып жіберді.

– Келе ғой, бір жұмысың бар ма еді? – деді Айқын сыр білдірмей.

– Жоқ, ағай, ешқандай жұмысым жоқ, тек Сізге алғысымды білдірейін деп келіп едім. Өткенде біздің үйге үлкен көмек жасадыңыз...

– Оқасы жоқ, жұрттың бәрі де көмектесті ғой...

– Иә, бәрі де көмектесті, бірақ Сіз бәрінен де көп көмектестіңіз. Рахмет ағай!

Жайшылықта ашық жарқын, батыл сөйлеп, ойын емін-еркін айтып жүретін қызыдың үні шықпай, жан-дуниесі неге қысылып қалғандығының сырын Айқын сезіп тұр. Жәудірекен мөлдір қара көздерінің тұнық қарасының өзі де көп ойды

ұқтыруда. Тіпті алға басуға да именіп, жүргегінде елжіреген сүйіспеншілігі аяқ-қолын бұтаулап тастағандай. Жақындаған барып қолын ұстап, аялағысы келсе де, жігіт өзінің сезімін күшпен басып, орнынан қозғалған жоқ. Екеуі де осы қалыпта ұзақ отыра беруге бейіл сияқты. Ақыры Айқын қызды көп қинағысы келмей:

— Жарайды Сара, бара ғой. Бәріміз де көмектестік қой. Онда тұрған ештеңе жоқ, — деді. Арқасынан бір жүк ауып түскендей, Сара тез бұрылып, шығып кетті. Дәл есіктен шыға бергенде шұғыл бұрылып, жалт етіп қарағаны да сілейіп, соңынан қарап тұрған жігітті ток ұргандағы қатырып таставады. Осы қалыпта Айқын өзінің ұзағырақ отырып қалғанын сезбеді.

Осы күндері Айқын таңертең тұрғаннан мектепке асығатын әдеп тапты. Орнынан да сергек тұрып, өне-бойы елгезектеніп, жүгіре басқысы келіп тұрады. Жүргегі лупілдеп, алыстан болса да Сараны бір көруге асығады. Апырмай, мына жас қызға арбалып қалғаным ба, мен қандай педагогпын өзі, деп өзін-өзі ішінен сөгіп қойғанымен, екеуінің арасы жеті жыл ғана екенін есептеп қойған. Соншалықты көп емес, бірақ ол әлі оқушы ғой, студент болса бір сәрі еді. Жүрекке әмір жүрмейді деген осы ма, қай кезде оған шырмалып қалдым өзі, деп жігіт кей тұндері ұзақ ойланатын болған.

...Оку жылы қызып, екінші тоқсанды орталай бастаған бір күні мұны директор шақыртып, ерекше ұсыныс жасады. Сыртынан сынап, қолынан не келетінін байқап жүрген болуы керек, бірден шаруасын айта бастады.

— Айқын, айналайын, еңбекақының тәмен екенін көріп жүрген шығарсың? Бұл ақшамен жақсы әмір сұру қыын, ал сен сияқты жас жігіттердің шығыны көп болатынын түсінеміз. Сондықтан мен саған қосымша табуды ұсынамын.

– Қайтіп, Гүлназия Бектеміровна, менің сағаттық жүктемелерім жай да толық емес пе?

– Бұл сабактан тыс уақытта істейтін жұмыс. Біз сені пенсия жасына толса да, бізде біраз жыл істеген Жасұлан Бейсенбаевичтің орнына алғанымызды білесің. Міне, сол кісі тарихтан қосымша сабактар беріп, факультатив өткіzetін. Окушыларды ынталандыру үшін онда саяси мәселелерден де хабардар етіп, қызықтыратын. Екі күнде бір болатын оның осындағына 9-10 сыныптардың 20-30 баласы жазылып, әрқайсысы 20 мыңдан төлейтін. Осы ақшаның жартысын мектеп бөлмесінің амортизациясына ұстап, қалған жартысын өзіне қосымша еңбекақы ретінде беретінбіз. Мен сені сол кісімен таныстырайын, біраз ақыл-кеңес алып, қосалқы білім беруге балаларды тартуға тырыс. Бізде 9 бел 10 сыныптар бес-бестен ғой... Солардың ішінен тарих, қоғамтану, саясатты білгісі келіп, қызығушылық танытатын 20-30 баланы табуға болады. Бағдарламасын Жасұлан Бейсенбаевичпен келісіп, өзің жасайсың, мен бекітіп беремін. Жаңа жылдан бастап осы жұмысқа кірсуге болады. Осыған келісесің бе?

– Келісемін, әрине... Әйтпесе, өзіңіз айтқандай, еңбекақым пәтерге төлеуден де қалатын емес.

– Келістік ендеше... Мен ертең түстен кейінге Жасұлан ағайды шақырып, сенімен таныстырайын. Сабактарың біткен соң кетіп қалма, мұғалімдер бөлмесінде бол, – деп директор мұны шығарып салды.

Осы күннен кейін Айқынның өміріне үлкен өзгеріс енді. Ол өзінің оку бағдарламасына сәйкес беріп жүрген сабактарынан бұрынғыдай емес, ләzzat алатын болды, өйткені кез келген тақырыпты Жасұлан Бейсенбаев ағасының кеңесімен қосымша оқигалар мен әңгімелер айту арқылы терең ұғындырып, өзі де құлшынып, сабак берген балаларды да қызығушылықпен тыңдайтындағы қылып, жан кіргізді. Бұрын Абылай хан туралы екі сағатты үл заулатып, ханның

іс-әрекетін айтып, үш жұздің басын қайта құрағанын жеткізіп, соғысқан жорықтарын термелеп, оқулық бойынша бір сағатта өткізе салатын. Оған білмекке үмтүлған оқушыларының да, өзінің де сусыны қанбай, «бойға жұқпай сырғанайтын» жеңіл сөздермен сырғытып өтетін. Енді Абылайға адам ретінде қарап, оның көңіл күйіне, сол кездегі ахуалға терең бойлап, түсіндіруге тырысатын болды. Қосымша сабаққа қатысып, тарихты білгісі келетін оқушылар қызық сұрақтар беріп, құлақтары шалған, үқпай қалған дүниелерін ежелеп сұрап, тарихқа деген ынтызарлығы арта тұсті.

Алдымен 9-10 сыныптардан 13 бала жазылып еді, артынан көбейіп, саны 30-дан асып кетті. Сара да басқалармен бірге жазылып, тарихқа құштарлық танытып жүр. Оның қатысқаны жігіттің көңілін өсіре түсіп, кезекті сабағына қамсыз дайындалады. Өзі білмейтін көп дүниені Жасұлан ағасынан сұрап алғып, екеуі кейде тарихтың тереңіне бойлап кетеді.

Жайылған Азияны жалпағынан басып, қанатын кеңге жайып, барлық байлығын бауырына басып, халқын шоқындырығысы келіп, иесіз жер, бос жатқан атырап дегенді ғана ойлап, аяғын сұғына басқан орыс патшалығының экспансиясын, қаптаған Қытайдың да қазақ жерін меншіктегісі келген зымиян жоспарын талқылап, оқушыларға сол кездегі ахуалды терең таныстыру, сол үшін өзінің де ізденуі – Айқынды тарихтың тереңіне алансыз бойлата тұсті. Өзінде бұрынғы сылбырлық, енжар көңілдің бәрі қалып, қазақ далаының бар оқиғасын жүргегімен тануға үмтүлушылық оянды.

Қапсағай бойы осы құні еңкіш тартқан Жасұлан ағанын да білмейтіні жоқ екен, ол сол кездің саясатын да, қалыптасқан жағдайды да ежелей шағып, Айқынның көзін аша тұсті. Нұры тайып, сулана бастаған көздерін сүртіп қойып, ақсақал бар ниетімен білгенін түсіндіруге тырысады.

– Қазақ жерінің тұтастығын сақтау Абылайға оңай болған жок, ол кездегі қазақтың кеудесі көріктей болатын,

басынан бір сөз асырмайтын, кез келген шаншу сөзге шамданып, ұсақ хандар мен сұлтандар, рубасылар мен билер Абылайдың шалыс басқан әрбір қадамын андитын. Хан тура жолдан сәл ауытқыса болды, намыстанып, тулас шыға келіп, ұрандатып, өзіне қараған шаңырақтарды соңынан ертіп алғып, бағынбаймыз, ондайыңа көнбейміз деп көше жөнелетін. Сондықтан Абылайға «қара қылды қақ жару» керек болды, осы сөздің өзі сол Абылай заманынан қалған сияқты. Ал Бұқар сияқты жанындағы кеңесшілері, алғыр шешендері ханның шешімі дұрыс екенін халыққа танытып, қарсы сөйлегендер болса өтімді сөзben жеңіп, адымын аштырмайтын. Ол кезде тек сөзден ұтылғанға ғана мойын бұрып, бағынатын. Ал сөздің мәйегі ғасырлар қойнауынан ұрпаққа жаңылмай жеткен мақал-мәтелдерге сүйенетін. Бұларды қазақ аталы сөз дейді. «Аталы сөзге арсыз тоқтамас» деген тұжырым бар. Қазақтың жөні мен жолы, бүгінгі тілмен айтқандағы заңы сол мақал-мәтелдерде болды. Заңға сүйеніп, жалдаған адамын қорғайтын бүгінгі күнгі адвокаттар сияқты ханның ісінің дұрыстығын қолдаған билер мен жыраулар қарсыласын аталы сөзге ғана бас игізіп, тоқтатын. Осылай жеңіп тоқтатқанға ғана қазақ мойынсұнатын. Басқа ештеңені біздің халық мойындаған емес, бойындағы аламан мінез өзге дүниеге тоқтатпайтын.

– Қолында билігі бар хан қарсыластарын күшпен бағындыра алады ғой. Шоқан Үәлиханов Абылайдың билігі шексіз еді, ол қол астындағы қарашыларын билер кеңесіне салмай-ақ, жеке өзі өлім жазасына да кесе алатын деп жазды ғой, – деп Айқын әлсіз қарсылық білдірген болса, ағасы тіпті құлаштай жүзіп кетеді.

– Қазақты күшпен бағындыру тіпті мүмкін емес-ті, осыған көп жүрт көніл қоя білмейді. Ұшы-қиырсыз кең дала күшпен бағындырып, мойынсұндырамын деген істің бәрін тәрк етті. Бүгін күшке салып, тізе бүктірсен, ертесіне сол халықты күн-

шілік жерден іздеу керек болады. Қазақтың үшқан құстың қанаты талатын кең даласы емін-еркіндікке салдырып, заңға, мизамға үйытып, ешкімді шөктіртпеді. Соңдықтан Абылай халқын тек қана әділ сөзге, өз ісінің дұрыстығына иліктіріп, бағындырды. Ал халық басшылары, ру көсемдері мойындастын сөз айтып, шешім қабылдау үшін қара басыңындарыны аса зор, ісінің бәрі әділ болу керек. Абылайдың сол дарын болды. Ол халықты ешқашан құшпен ұстай алmasын білген. Өзіне қол жұмсал, басындағы бөркін ұрып түсірген әумесерді ғана ашу үстінде өлтіргені – оған өмір бойы күнә ретінде артылып, бетіне салық болып, ақыры ата қоныстан көшуіне мәжбүр етті. Есінде ме, Көтеш ақынның: «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің, Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің», – дегені? Міне, сол жолы ғана Абылай тізеге салып, құшке сүйенген. Басқа жолдың бәрінде «аталы сөзге тоқтататында» ғана әрекеттер жасаған, соңдықтан да үш жүздің ақын-жырауларының бәрі оның істерін мадақтап, үрпаққа жеткізді, – дейді ол қызынып.

Айқын мұндаидың бірін де білмейтін еді, ол тек өзі оқыған деректерге сүйеніп, окулықта жазылған жайттарды ғана окушыларына жеткізетін. Енді балаларға сол кездің жағдайын сараптап, мінездерді ашып, адамдар арасында қалыптасқан қайшылықтар мен өмірдегі қайрандарды көрсетіп берсе, ондай сабактарды балалар да үйып тындал, неше түрлі қызықты сұрақтар қоятын болды.

Жасұлан ағасы бүгінгі күннің саясатын да адымын аштырмай саралап береді. Өкіметтің «келешек» деген бағдарлама қабылданап, сонымен шет елдерде маман дайындау саясатын да іліп кетеді.

– Үйл негізінде дұрыс идея еді, бірақ біздің қазақ қай күнгідей оны іске асыруда баяғы әлеуләйлімге басып, оқуғашын ынтасы барларды емес, байшыкештердің қыын өмірді көрмей, алақанға салып, үлпілдеткен жалғыз-жарымдарын

жіберіп жатыр. Өз билігі өзіне тиген соң олар қайдан оқысын, өкіметтің берген стипендиясын да, әке-шешесінің уысындың қылып жіберген ақшасын да ойын-сауыққа шашады. Арасынан білім алып, ой-өрісін толықтырып келгендері шамалы. Тіпті сол оқып келгендерде азды-көп білім болғанымен тәжірибе жоқ, олар тек теорияны ғана біліп, практикадан мақұрым, сондықтан біздің елде басшы болып жарыта алмайды. Сыңаржақ бейшаралар биік креслоларға отырып алып, не істерін, не шешерін білмей, дүбәра болып жүр. Қемекшілері дайындалған берген баяндамаларды зүйлдатып оқып, исі мұрнына бармайтын терминдерді білгішсініп айтатынын қайтерсің. Олардың қемекшісі болып жүргендеге ана жебендердің жер тесетін балалары, олар да қу мүйіз емес пе, неғұрлым бастығы түсінбейтін термин жазса, соғұрлым өзін қадірлейтінін біліп, айтитехнологиямен бірге 18-19 ғасырларда қолданылған кейбір терминдерді тықпалап, біздің батырдың есін шығарады. Мұндайлар елді қайдан көгертең, көбі қолындағы биліктен басы айналып, иелігі өзіне тиген мемлекеттің байлығынан қайтсем өз қалтамды толтырамын деген арманмен жүр. Сондықтан, шетелге аздаған өмір тәжірибесі бар, шын ықыласымен оқығысы келетін жастарды жіберу керек еді, ондайлар біздегі өмір мен ондағы білімді салыстыра отырып, бойына нәр құймас па еді? – деп кейде ұзақ кейістерін де Айқынға айтып, ішін босатып алады.

Ақыл-оый жетілмей, санасы қатпай жатып шетелге шыққан қыздардың өзіне күле қараған жігітпен көңіл қосып, күйеуге кетіп жатқанына да қарт қатты қүйзеледі.

– Атам қазақ «қызыға қырық үйден тыю» дегенді тегін айтқан жоқ қой, жан-дуниесі нәзік, үнемі біреудің өзіне қамқорлық жасап, аялағанын, қорған болып жүруіне мүқтаж қыз бала шетелдіктің жылмия құлген аярлығына алданып, көніп қалады. Кейбіреулері тіпті тиіп алып та

жатыр. Бала туып алған соң сонда сіңіп, елді керек те қылмайды. Жат жиенді бір иіскеу түгіл, жанына жақындаі алмай мындағы әке-шешесі жүр, – деп кейде ақсақал қатты күрсініп қояды.

Осындай көңілсіз әңгімелерімен Жасұлан ағасы Айқынның көңілін түсіруімен бірге, өкіметтің істеп жатқан істеріне сын көзбен қарайтын көзқарас туғызды. Өз басы «Келешек» деген бағдарламаны өте дұрыс жасалып жатқан іс деп ойлайтын, сөйтсе оның көлеңкелі тұстары да көп екен-ау. Шынында өз елінде-ақ білім алған, білікті басшы болып жүргендер аз емес, ендеше неге шетелде оқығандарды дәріптеп, олардың білімін өзіміздікінен артық деп санаушылықты саналарға сіңіріп жатыр. Осының өзінде бір гәп бар-ау деп ойлайды Айқын.

\* \* \*

Бір күні Жасұлан ағасы мұны үйіне қонаққа шақырды. Қазақта алыстан келген адамға босағаны көрсету деген дәстүр бар, шырағым, көптен бері таныс болып келе жатырмыз, бүгінгі сабактан кейін біздің үйге келіп, дәм тат деп үлкен кісі шақырған соң, Айқын бас тарта алмай, оның ескі қаладағы көп «хрушевкалардың» біріндегі үйіне қонаққа келді. Төртінші қабатта тұратын ақсақалдың үйінің сырты қандай жұпны болса, іші де сондай. Әйелі де жуастау жан екен, көп сөйлемей, екеуіне ас жасап берді де, әңгімелеріне ортақ болып, кедергі жасамайын дегендей, басқа бөлмеге кетті. Үш бөлмелі үйде ақсақал әйелімен екеуі ғана тұрады екен, жалғыз ұлдары осыдан төрт-бес жыл бұрын опат болыпты. Айқын алдымен Жасұлан ағасының жасы 70-ке әлі жетпегеніне таң қалды. Өз ойында оны жетпістен баяғыда өтіп кеткен жанға санайтын.

Ақсақал айналы шкафта тұрған келбетті жігіттің үлкей-тілген портретін қолына алғып, аялай үстап, жалғыз ұлым осы еді, – деді.

– Мен оған дұрыс тәрбие бермедім бе деп осы күні өзімді кінелаймын. Жалғыз болғанына қарамай, еркелету, еркіне жіберу дегенді білмей үнемі тұқыртып, барлық оғаш қылыштан қағып, біреудің ала жібін аттама, заңды бұзба деп үстінен қадағалап отырдым. Соным өзі дұрыс та болмады-ау деймін, – деп ақсақал терең күрсінді. Қамыққан көңілінде бір терең сыры бар екені сезіліп тұр, сонысын айтып, ішін бір босатқысы келетін де сияқты. Айқынға ішіп отыр, жеп отыр деп отырса да, өзі дәмді тұртіп қана отыр.

Үйдің иесі қолын көп салмаған соң, Айқынның да тәбеті тартпай, жұмыстан ашығып шықса да, дәмді тамақты опырып жей алмады. Шәріпжамал апай да қайта-қайта кіріп, біреке сусын құйып, біреке сорпа ұсынып, жас қонағын күтудің қамымен жүр. Өзі артық сөйлемейді, аузына да нәр салған жоқ. Екеуі де қаланың өміріне әбден қатып қалған, интеллигент жандар екені көрініп тұр.

Асықпай ас жеп, шәй ішіп болған соң, Жасұлан ақсақал Айқынды түкпір бөлмедегі кабинетіне шақырып, әңгіме тиегін ағытты.

– Өзің сұрағың келмесе де, менің өмірінді жақсы білгің келгенін мен шу дегеннен-ақ сезгем, – деді ақсақал. – Оның әбден дұрыс, араласатын адамыңның кім екенін жақсы білу керек. Мен осы қаланың ежелгі тұрғындарының бірімін. Бір қыз, бір ұлым болды. Қызым бар, Ақтөбеде тұрады, тұрмыста, бала-шағасы бар. Ал ұлым осыдан 4 жыл 8 ай бұрын дүние салды. Жастайынан жақсы азамат болуға тәрбиеледім, мектепте жақсы оқып, өзіміздің құрылыс инженерлерін дайындастын институтты жақсы бітірді. Осындағы құрылыс кәсіпорындарында инженер болып істеді, бас инженер, ескі өкімет құлаған соң, директор да болды. Одан замана өзгеріп



бара жатқанда басқару академиясын да бітіріп алды. Адал қызмет қылып, әкімдікте, министрлікте басшы орындарда отырды. Жұрттың бәріне жақсылық жасауга үмтүліп тұратын. Келінді де жақсы жерден алдық, екі немерем бар.

Ақсақал әңгімесін үзіп, екі немересінің де суреттерін көрсетті. Ұлы атасына ұқсайды екен, қыр мұрынды көркем бозбала, ал көзі мөлдіреген 14-15 жастардағы қыз тіпті сұлуптар қатарына жататын сүйкімді жасөспірім көрінеді. Жасұлан ағасы олардың суреттеріне елжірей қарап, қайтадан орнына қойды.

– Ендігі қалған өмірімнің қызығы осы екеуі... Алтасына бір келіп, әйтеуір әжесімен екеумізге бастарын иіскетіп кетеді. Оған да шүкір.

Орнына ауыр отырған ақсақал негізгі әңгімесін жалғады.

– Балам қандай қызметке тұрса да, қазіргі заманың талағынан жаны түршігіп жүрді. Апырмай, кругом крахоборы, қалай өмір сүруге болады деп кейде маған мұнын шағатын. Бәрінің ойында тек біреуді жеу, қайтсе өкіметтің қамбасына қол сұғып, өзіне бірдене түсіру, қайтсе де ережеден, тәртіптен лазейка тауып, заңсыздыққа бару... деп налитын. Өзі өмірінің соңғы жылдарында қалалық архитектура басқармасында бөлім басшысы болды. Бұған қайтіп ақша жеуді, қайтіп біреудің қалтасына тусуді үйрететіндер де шығыпты. Бірақ жасынан шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиленген басы ондайға бармаған ғой. Заңсыздық жасамаймын, қылмысқа бармаймын деп ақша ұсынғандарға көнбей, тек таза істеуге тырысты. Бірақ «бармақ басты, көз қыстымен» қалтalaryн қампитып алған жанындағылар қоймай, бұған да қол қойғызу үшін түртпектей берді. Ақыры үстінен арыз түсіріп, тәрт-бес рет тексертті. Өтірік шағымдар ұйымдастырып, әуре-сарсаңға салды. Жаңадан салынатын құрылышқа рұқсат беретін осы архитектура бөліміндегілер ғой. Олар жаңа құрылыштың жер көлемі нормаға сәйкес болуын, қала сәніне

кедергі келтірмеуін, бұрынғы түрған үйлерге артық көлеңке түсірмеуін, жолдарды жаппауын, балалар ойнайтын, дем алатын алаңдарын алып қоймауын, күнді көлөгейлемеуін белгілеген арнайы нормаларға сүйенеді. Халық жүретін жерді, үлкен жолды басып қалмауын қадағалататын «қызыл линия» деген болады. Жаңа құрылыштар одан аспауы керек. Бірақ қазіргі құрылыштар ондайларыңа пыскырмай, архитекторларға пара беріп, рұқсат алып жатады. Еркінім ондайға бар-маған соң, жанындағыларға сүйкімсіз болды. Олар үйымдастып алып, қайтсе де менің балама қастық жасауға тырысты. Ақыры, күндіз-түні маза бермей, баламның жүйкесін жүқарташып, соның кесірінен аяқ астынан науқасқа ұшыратты. Мындағы дәрігерлер қолдарымыздан келмейді, Германияға барып операция жасату керек деді. Оған ақша қайда, біз үйімізді сатайып деп едік, баламның өзі оған баспады. Ұрлық-қарлық қылмаған соң, пара алмаған соң, таза еңбегімен күн көрген баламда көп ақша жоқ еді. Ақыры осындағы дәрігерлерге ота жасатып, онысы сәтті болмай, балам бір жыл ауырып, опат болды.

Ақсақал осы жерде көзіне келіп қалған жасты ірке алмай қалды. Қалтасынан бет орамалын алып, көзін сұртіп, терең күрсінген соң әңгімесін жалғады.

– Кешір, айналайын, балам есіме түссе осылай көңілім босап кетеді. Өле-өлгенше өзін емес, біздің жағдайымызды ойлап жатты ғой. Керемет жанашыр еді. Сөйтіп, қырыққа да толмаған жасында жалғызылған айрылып қалдым...

Ауыр күрсінген ақсақал көзінің жасын асықпай құрғатып, көп ойланып отырып қалды.

– Ол ұшыраған простатының рагы деген дерпттің өзі кәсіби науқас па деймін. Өйткені, қол астында істеген тағы бір жігіт те артынан соған ұшырады. Бірақ ол дүниеге епті екен, қаланың сыртынан коттедж салдырғанын естіген едік, оның үстіне көп қаражат та жинап алыпты. Германияға барып,

операция жасатып, аман-сау, тәуір болып кетті. Қазір қызметі жоғарылап, бастық болып жүр. Кездесіп қалса көрмеген болып, өте шығады. Міне, қазір осында лардың жолы болып тұр. Ал ақ, адап боламын, пара алмаймын, занды бұзбаймын деген біздің бала өмірден өтіп кетті...

Ақсақал көп ойланып отырып, енді ерекше ойдың ұшығын шығарды.

— Өмірде әр заманның өз талабы болатын сияқты ғой, біздің заманымыз адап бол, кісі ақысын жеме, ұрлық қылма, өтірік айтпа десе, мына бүтінгі заманда қайтсан де бір жерден бірдене ұрла, қолыңдан келсе пара ал, өйтпесең замана-ның талабына ілесе алмайсың дейтін секілді. Бірақ ондайлар адамзаттың бүтінгі де, өткен тарихында да дұрыс жол деп саналмаған, ал мына, бүтінгі заманымыз сол жолды қалап тұр. Оның алды-арты бұлдыр, әлгі Абай айтқан адасқан заман, болашағы жоқ.

«Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,

Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.

Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,

Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ», демейтін бе еді ол. Қазір біз де сондай адастыратын заманды бастан кешіп отырмыз. Естіп жатамыз, айналаның бәрі ұрлық-қарлықпен өмір сүруде. Мениң содан жаным түршігеді, – деді ақсақал.

Карттың әңгімесінен Айқын көп ой түйіп, жан-дуниесі жақаурап қайтты. Шынында біздің заманымыз не болып барады өзі? Тек ұрлық-қарлықтың, өтірік пен парапорлықтың заманына айналғаны ма? Абай айтқан «Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек» дегеніндей, заманың дегеніне көнбей, адап өмір сүре берген дұрыс па? Заманым солай екен деп оның оғаш қылыштарын қабылдаған дұрыс па? Ондайдың болашағы жоқ деген рас па? Жас жігіт осы ойлардың ұшығына жете алмады.

\* \* \*

Бойына көп өзгерістер еніп жүрген Айқынның қазір самарқаулығы тіпті азайып, мектепке құлшына басып келетін болды. Оның бойындағы басқашалықты әріптестері де байқап қалған екен, қалжындары жарасып жүретін бірекеүі оның сырын сұрап, әзілдеген болып, шынын айтқызы бақ болады. Ондайыңа қазір Айқын көне қоймайды, бойына дарытпай, сырын шашпақ емес.

Бір күні мектептен шу шықты. Медициналық тексеріс жүргізілген екен, үшінші сыныптың жеті бірдей баласынан Кохтың бацикласының белсенділігі анықталыпты. Бұл сонша бала туберкулезге бірден ұшырады деген сөз. Содан карантин жарияланып, мектепті жабатын болып еді, бірақ оған жеткізбей туберкулез таратушының кім екені анықталды. Дәмханаға жуырдаған орналасқан бір әйелдің көп жетелетінін жанындағылар байқап жүреді екен, дереу тексеріп жіберсе, туберкулездің ашық формасымен ауыратын болып шықты.

Содан шу шығып, барлық журналистер басқа жұмысының бәрін жиып қойып, тек Айқындардың мектебін ғана жазып, қайта-қайта көрсетіп, дүрілдетіп әкетті. Туберкулезben ауыратын әйелді осында тамақ беру ісін тендерден ұтып алған бір фирма жұмысқа алған екен, олар денсаулығы туралы анықтамасының дұрыстығына сілтейді. Сөйтсе... отырып шыққан әйел басқа жұмыстың ыңғайы келмеген соң, емханадан денсаулығы өте жақсы деген анықтама сатып алып, аспаздыққа орналасқан екен. Сөйтіп, емхананың анықтама сатастындығы да анықталды. Устерінен қылмысты іс қозғалған үш дәрігерсімақ пен төрт медбике мұндаймен көптен бері айналысады екен. Ой, сұмдық-ай... Біразға дейінгі әңгіменің арқауына айналған бұл оқиға да артына ауыр із қалдырып, қызуы басылды.

Туберкулезге ұшырап қалуларың мүмкін, сондықтан қуатты тамақ ішіндер деген соң, Айқын да асқа батылырақ кіріспек болған еді. Бірақ жасынан кірпияз болып, тамақты шұқып жейтін басы бәрібір опырып тамақ жей алмады. Содан фитнес клубқа жазылып, кешке бір мезгіл дене күшімен айналысатын болды, соның арқасында асқа да тәбеті тартып келеді.

Осындай күндердің бірінде Айбын ағасы келіп, мұны тағы да өзі жатқан қымбат қонақүйге шақырып алды. Бұл күнде ұзын бойлы жігіттің тұла-бойы жонданып, денесін май көтеріп, тіпті тұлғаланып кеткен. Өктем сөйлейтін дағдысы да арта түскен. Баяғы ұзын бойлы, қыр мұрын, аққұба жігіт жоқ, беті жайылып, мұрны да жалпайып кетіпті.

Інісімен салғырт амандақсан соң, ол рестораннан тапсырыспен алдырып, тамақтың неше атасын жайып қойған кен үстеліне шақырды. Айқын мектептен келгелі тамақ ішпеген еді, ағасынан тартынбай, дәмді асқа бүйі тигендей кірісті. Өзіне виски құйып, онысын анда-санда бір ұрттап қойып, інісінің қылығын бағып отырған Айбын тосын әңгіменің шетін шығарды.

– Саған бірденені сеніп айтуда болмайды еken, маған қарызға берген 20 мың теңгенді бүкіл ел естілті ғой, – деді ол мырс етіп. Бұл Айқынның күтпеген сөзі еді, сасып қалды.

– Айдынға ғана айтып едім ғой, жүрт қалай естіп қалған?

– «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деуші ме еді қазақ. Ол ауылда мамама айтқан, мамам көп сөйлесетін көршілеріне, олар өздерінің өсек бөлісетін подружкаларына... сөйтіп барлық ауылға тарап кетіпті.

– Қап, ұят болған еken...

Айқын шын қысылып қалды. Мандайы да шып-шып терлеп кетті.

– Ештеңе етпейді, онда тұрган не бар? Бірақ екіншіде сақ бол, ағайынды екеуміздің арамыздағы дүниені басқа ешкімге

айтпа. Тіпті Айдынға да. Ол екеуіңдің араңдағы әңгімені маған да айтпа, – деп Айбының өзі әңгімені жаймашуаққа бұрды.

– Жарты жылдан бері мұғалім болып жүр екенсін, қалай күнкөрісің?

– Жаман емес, басында қыындау болып еді, қазір қосымша, ақылы сабақ жүргіземін, соның арқасында еңбекақым аздал көбейді.

Ағасы бұл сөздерге езуіне келген құлкісін іркіп қарады.

– Сонда, перспективаң қалай, осылай жүре бересің бе?

– Енді не істейін, жұрттың бәрі жүр ғой, мен де солай жүре берермін...

Айбын орнынан тұрып, шкафта ілулі тұрған кәстемінің қалтасынан темекі алып тұтатты. Сосын інісіне сынай қарап, шылымының тутінін сыздықтата отырып, өзгеше әңгіме бастанды.

– Сен жұрттың бәрі дегенді қой. Жұрттың бәрі деген – жағдайы жоқтар. Жағдайы бар адамдардың бәрі алдағы күндерде қайтып жақсы өмір сүруді ойлайды. Ана жолы Айдын екеуміз ақылдасып саған әзірге бір бөлмелі пәтер әперейік деп шештік. Қазіргі бір бөлмелік жақсы пәтерлер бұрынғы екі, уш бөлмеліктен де артық. Іші кен, саған үйленгенше жетеді, – деді.

Айқын ағаларының өзіне қамқорлық ойлап жүргендеріне риза болып қалды.

– Одан басқа да әңгіме бар. Қазір карьерный рост дегенді мынау ғана шешеді, – деп Айбын бас бармағы мен сұқ сау-сағын бір-біріне үйкеледі.

– Әйтеуір мұғалімдікті қалап түр екенсін, сонымен журе бер, бірақ келесі оқу жылында мектепке директор болуың керек, оған да кісі тауып, мынасын беруді өз мойныма ала-мын, – деді ағасы.

– Жоқ, мен оған әлі дайын емеспін. Директор болу үшін өмірлік тәжірибе керек. Басыма сонша жаупкершілікті әлден үйе алмаймын. Кем дегенде 5-6 жыл мұғалім болып, әбден төселеуім керек, – деді Айқын.

– Ойдойт дерсің, заман сенің төсегенінді тосып тұрады деп пе едің. Ертеңгі күннің не болып кететінін ешкім де білмейді. Қазір қолдан келеді, көзді жұмып, қойып кетуің керек. Артынан тәжірибе жинай жатасың...

– Оның қызық екен. Алдымен тәжірибе жинап алмай, қайтып бастық бола алам? Сенің айтып тұрғаның атты емес, арбаны аттың алдына жегу ғой.

– Иә солай, алдымен қызметке тұрып ал, тәжірибе сосын келеді. «Қолдан келгенде қонышынан бас» деген емес пе? Өзіндей жас жігіттер қазір министрге дейін де жетіп қалды. Солар алдымен тәжірибе жинап па екен? Қарамайсың ба, жан-жағыңа? Тек келісімінді берсең болды, мен «движение» жасай бастаймын...

– Ойланып көрейін, тым болмаса 1- 2 ай уақыт бер...

Осы сөздерден кейін Айбын Астанаға екі рет келіп кетіп еді, әр келген сайын бұған пәтер іздейтін болды. Соңғы келгенінде Есілдің сол жағалауындағы элиталық үйлердің бірінен кең бөлмелі пәтерді алып та берді. Айдыннан алған 30 мың долларды қосып, інісінен бір тиын да сұрамай, сөзін жүтпай, үй алып берген ағасына Айқын риза болып қалды. Пәтері бір бөлме болғанымен, он кісі тұрса да тарлық етпейтін барынша кең, жарқыраған жайлы мекен болып шықты. Айқын Мұратты зорлағандай болып көндіріп, жанына алды.

– Ертең үйленсең де менімен тұрмақсың ба? Қой енді, ниетіне рахмет, өзің тұра бер, – дегеніне қараған жоқ.

Енді екі дос пәтерақы төлеуден құтылып, бастарын баспа-наға жеткізді.

# *Самсату*

Осы күндері Айқынның көңілі шат, қалтасындағы ақшасы да бір-біріне қосылып, құт дарып келеді. «Менің де қолыма қарға саңғыр» деп үлкендер дәме қылып айтып отыратын хал мұның басында да бар. Қосымша сабақтан алатын нәпақасын пәтер ақысы сияқты артық шығыннан құтылған тиын-тебені үстеп, бүйірі шыға бастады. Бірақ бір жақсы зат сатып алса, сол тиынның бәрі бірден қотарылып қалады. Ақшада құн жоқ.

Көңілді көк аспанға көтеретін ақша да емес, жүргегін жау қуғандай дұрсілдетіп, күнде ертесіне мектепке қарай детек-тететін Сара қызы. Кей күндері оны алыстан көріп қалғанның өзіне тәбесі көкке жетіп қалады. Ал оның класында сабағы болса, бар қайратын бойына жиып, қабағын түйіп, Сара жаққа қарамауға тырысады. Сұнғыла қызы бәрін сезеді, мұның сабағы біткенше басын бір көтермей, көзін төмен түсіріп отырған қалпынан өзгермейді. Тек сабақ бітіп, есіктен шығар жерде ғана жүрттың көзін ала беріп, төңкерілген көзімен жалт етіп бір қарағаны оғын ондыққа дәл тигізген мергендей жігітті сілейтіп кетеді. Бұл не деген көзқарас десеңші, андал қараған жан болса, Айқынның бұл кезде бір қызыарып, бір бозарғанын көрер еді.

Жігітті таң қалдыратын жайт көп, бір қарағанының өзі жүректі шоқтай қарығанда, одан әрі жақынырақ жанасса, есім ауып кетер ме екен деп те ойлап қалады. Кейде Айқын

осы халіне ыза болып, жап-жас қыздан осынша қалжырағаны үшін өзін-өзі сөгетін де болды. Солай болса да осы көз-қарасты тағы бір бастан кешкісі келіп, аңсан жүреді. Құтты бір есірткіге құмартқан нашақор ма дерсің...

Жігіт оңаша кездесуге оқталып, күнде дайындалғанымен, мектепте соған батылы жетпей, күнделікті жұмысына алданып, бас көтере алмай қалады. Мұғалімі ретінде тапсырма бермек болып, оңаша бөлмеге шақырып алуына болар еді, бірақ оны жұрт сезіп қалатында көріп, соған баса алмай қор болып жүр. Соншалық жігерсіз болғанына да жаны күйіп, ішінен өзін-өзі сыбап та алады. «Оқушы қыздан сонша қысылып, осы мен нағыз ынжықтын-ау осы» дейді іштей өзін-өзі сөгіп.

Бүгін де міне, қосымша сабақтан кейін алып қалып, оңаша сөйлесермін деп өзін-өзі қайрап шықты. Ол әлі бала ғой, баладан несіне сонша қысыламын, оған жамандық жасамаймын ғой, тек қолынан ұстап, саусақтарынан бір сүйсем де болар еді деген ой жан-дұниесінің дегбірін кетірді.

Мектептің алдында Қосман құрдасы кездесіп, мұғалімдер бөлмесіне екеуі бірге кірді.

– Айқын, сен әйтеуір мектепке екі езуің екі қулағыңа жетіп, мәз болып келесің. Неменеге жетісесің? – деп күңк етті ол.

– Өй, сен өзің... мұғалім әрқашанда көнілді, ақылды, тапқыр болып, әзіл айтып, мейірімді болып журуі керек деген қағиданы білмейтін бе едің? Педагогиканың гиганттары сондай талап қойды емес пе, бізге? Әй, бірақ сырттан оқып, сыра ішіп жүргенде сен не оқыдым дейсің? – деп құрдасына әзілмен жауап берді.

– Иә, жағдайың менікі сияқты болса, сенің де мәз болғаныңды көрер едім... Құрдасыңды кеше түнде жедел жәрдеммен ауруханаға жеткіздім, – деді Қосман оның әзіліне мән бермей.

Бұл жігіт ерте үйленген, келіншегінің екінші балаға аяғы ауыр еді, сол себепті ауруханаға түскен болуы керек.

– Перзентханаға ма? Үлкенің кіммен қалды?

– А нам келген, сол жақсы болды әйтеуір, әйтпесе баланы тастайтын да жер жоқ. Аман-есен жаны қалса еken деп тұрмын, толғағы ауыр болатын еді.

– Қорықпа... Аман босанады. Бірінші емес қой, бізге қорқынышты көрінгенімен, ол әйелдерге оп-оңай процесс...

– Түү, сен де айтады екенсін, – деді Қосман да өзінің үстеліне бұрылып жатып.

Алдағы болатын қуаныштан бойына енген шаттықтан Айқын бүгін алты сабақ бойы көңілді журді. Енді міне, тұсқи тамағын ішіп алған соң, тұс ауа факультатив сабағына кіріседі. Жазылған 30 оқушының көбі түрлі себеппен келмей қалатын, бүгін де аз келсе еken деп тілеп еді, қалағанындаі он бес балаға келді.

Бұл жолғы тақырып қазақтардың жонғарларға қарсы болған «Аңырақай шайқасына» арналған. Айқын біраз уақыт жонғарлардың озбырлығын, бейбіт жатқан қазақ жерін қайта-қайта шауып, жөн-жосықсыз тиісіп, үш жүздің қалың қолы біріккенше ұлан-байтақ өнірді басып алып, малын айдалап, байлығын тартып алып, еркек атаулыны құлдыққа, әйел атаулыны қундікке салғанын айтып, оқушылардың жүргегіне жауға деген өшпенделік отын оятып алды. Жүздерінде ыза, көздерінде кек үшқыны тұтандып, бастарын әнтек көтеріп алған боздақтардың жүргегіне жол табатын сәттен бастап Айқын енді шайқастың нақ өзіне бұрылды.

– Жонғарлардың 1723 жылы қазақты «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратып, бала-шага, кәрі-жас дегенге қарамай, қолға түскеннің бәрін қырғанын білесіндер, сондықтан да бұл жылдар қазақтың жонғарға қатты кектенген жылдары еді. Кекті шайқас 1729 жылы Аңырақай даласында болды,

– деп бастаған Айқын алдымен оның географиялық орнын картадан көрсетті.

– Иле өзенінің тау ішімен ағатын жартысын Қыспағай, даламен ағатын ағысын Аңырақай деп атаған. Сұрапыл ұрыс осы Аңырақайды болған. Түбегейлі жеңіс болмаса да, қазақты жер бетінен жойылып кетуден сақтап қалудың басы болған осы ұлы шайқастың қазақ тарихы үшін маңызы қазіргі Бельгияның территориясында болған Ватерлоодағы біріккен Еуропа монархтарының I Наполеонға қарсы шайқасынан еш кем емес.

– Аңырақай даласының аумағы солтүстікте Балқаш, оңтүстікте Отар даласы, Батысында Шу, Шығысында Күртіге дейінгі аралықты қамтып, ұзындығы 30-35, ені 20 шақырымды, яғни жалпы ауданы 700 шаршы шақырымдай жерді алып жатқан мына жер. Балқаш көлінен оңтүстікке қарай 120 шақырым жерде Итішпестің Алакөлі деген көл бар, қазір ол Сорқұдық деп аталады. Осы өңір тегіс Аңырақай даласы деп аталған. Бұл таулы, жыралы, көп қорымды жерлер. Шайқас Итішпестің Алакөлінің жағасында басталған. Қазақстандағы ең үлкен көлдердің бірі Балқаш, ол Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегіне жайылып жатыр. Соның ішінде Аңырақай шайқасы Балқаштың қазіргі Алматы облысының аумағына қарайтын шегінде болған. Көптеген мәліметтерге қарағанда ол көктемде басталып, 10-15 күнге дейін созылған. Болжам бойынша бұл соғысқа қазақ жағы 35 мындар, жоңғар жағы 40 мындар әскер шығарған. Ол кезде Ұлы жүздің ханы – Жолбарыс, Орта жүздің ханы – Сәмеке, Кіші жүздің ханы – Әбілқайыр. Ал Үш жүздің ханы Тәуке ханның баласы Болат еді. Осы хандар және Төле, Қазыбек пен Ақсұат (Әйткөне бұл жылдары жоқ, ол 1700-ші жылы қайтыс болған) билер, батырлар мен сұлтандар қатысқан Ордабасыдағы үлкен жиында үш жүздің қолына Бас қолбасшы қылып, Әбілқайыр ханды, бас

батыр етіп Қанжығалы Бөгенбай батырды сайлаған. Жолбарыс пен Сәмеке жонғардың шапқыншылығына көп ұшыраған жүздердің ханы болғанда, Кіші жұз халқы қырғыннан біршама аман қалып еді. Бірақ соған қарамай, көп қолмен келген, әрі сол кезде ана екеуіне қарағанда әскери дарыны артығырақ болған соң, Ордабасы кенесі аузы уәлі билердің айтуымен Әблілқайырды Бас қолбасшылыққа сайлайды, – деп келіп оқушыларының сипатын шолып өткен Айқын олардың ынтыға тыңдал қалғандарын көрді. Ауыздары ашылып, өзге дүниені ұмытқан тәрізді.

Осы арада өзі де ойға түсіп, кезінде шын тарихты өздеріне оқытпаған заманды еске алып кетті. Бұларға басқа жүрттың тарихын оқытып, соның жеңістері мен жеңілістерін танытатын еді. Соның ішінде Құлік (Куликов) даласында Мәскеудің князі Донской мен Алтын Орданың бегдербегі Мамайдың 1380 жылғы бір шайқасын мектеп оқулықтарында, көркем кітаптарда, киноларда дабырайта дәріптеп, орыстардың жеңісін мақтанышпен жеткізіп, жас үрпақтың санасына патриоттық рухты сіңіретін. Ол кезде кімнің кім екенін айыра алмайтын қазақ балалары Донскойдың ерлігіне тәнті болып, қуанатын. Алтын Орданың өзі біздің Орда екенін, тілі де, ділі де, тіпті діні де, қолбасылары мен әскерінің негізгі бөлігі де қәдімгі қазақтар немесе кейіннен қазақ халқын құраған найман, керей, қият, қоңырат, жалайыр және т.б. секілді түркі тайпалары деп айтуға ешкімнің батылы да бармайтын, жүрегі де дауаламайтын. Тіпті оқытушылардың көбі осы тарихты айыра алмайтын. Ал келесі жылы сол Донскойды Алтын Орданың ханы Тоқтамыс быт-шыт қылып жеңіп, Мәскеуді қайта тізе бүктіріп, өзіне бағынышты еткеніне қазақ балалары қарадай қүйініп қалағын. Өйткені, оқулық үл оқиғаны барынша үстірт жазса да, сондай қүйініш халін кешуге мегзейтін. Үрпақты өкінуге, жаудан жеңіліп қалғанына ашынып, қүйінуге тәрбиелейтін.

Қалай болғанда да осы соғыстардың бәрін орыс мұддесінің түрғысынан таныған қазақ балалары оны қызығып тыңдал, талқыға салатын.

Ол кездің тарих оқулығы қазақтың өзінде ешқашан соғыс, ел мен жер үшін талас болмағандай, қазақ ешқандай қырғынды бастан кешпегендей, тек айдалада басы ауған жаққа көшіп-қонып жүре бергендей қылып көрсететін. Ешбір ерлігі де айтылмайтын, өздерін үш жұз жылдай билегенін ауызға да алғызбайтын. «Татар-монғол» деген ойдан шығарылған бір атауды халық деп санатып, жұрттын бәріне соларды құбыжық қылып көрсететін. Ал қазақтың ерлігі айтылса, ондайдың бәрін шежіреші қарттардың ойдан шығарған аңыздары, мифтер деп көніл аудартпай, мәнсіз дүниеге балататын.

Татар деген халықтың өзі Байкал (Байкөл) көлінің жағасында өмір сүріп, мемлекет құрган түркітілдес тайпаның бірі. Кейін бұл есім Еділ бойында Ұлғар мен Хазар қағанаты заманынан бері отырып, мұсылман дінін қабылдаған ұлғар (болгар) халықтарына Алтын Орда қосындарымен барып, телінген. Орыс тарихы ордалықтарды ұлғарлармен қосып, тегіс татарлар деп атап, Алтын Орда шапқыншылығымен үйлестіріп, «татар-монғол» деген жеккөрінішті, жасанды атау ойлас шығарған.

Айқын Кенес дәүірі кезінде оқушыларға өз тарихымызды неге оқытпады екен деген сұрақтың жауабын кейін тапты. Сөйтсе, тарихын, өмірдегі орнын, ата-бабасының жасаған ерлігін білсе, үрпақ адаспай, қайда үрлесе, сонда ұшатын жел айдаған қаңбақтай болмай, өзімен санасуды талап ете алатын еңселі ел болып кетеді екен ғой. Барлық сана мен рух тарихи жетістіктерге байланыстырылады екен. Ал ондай ұлттардың КСРО-ға керегі жоқ. Оларға тек «орыстың арқасындаған көзі ашылған қазақ» қана керек болыпты. Сондықтан шын тарихын ауызға алғызбай, таза жауып қойған. Құдайға



шүкір, енді өз тарихымызды терендей танытып жатырмыз деген ойларға шомып кеткен Айқын «Аңырақай шайқасын» одан әрі жалғастырды.

– Шайқас бірден қатты басталмай, өз күштерін сынау тәсілімен жүргізілген. Екі жақ та өнірдің таулы, жыралы бедерлерін өз мақсаттарына ұтымды пайдаланып қалуға тырысқан. Қазақтар арасында ежелден келе жатқан «Ай қораланды», «Қүйрық жеу», «Ашамай» деген секілді соғыс тәсілдері бұл шайқаста кеңінен қолданылады. Айта кететін жәйт, жонғарларда зеңбірекпен қатар мылтық та болған. От қарудың қылыш-найзаға қарағанда көп артық екені белгілі.

Ақыры осы соғыста қазақ қолының жеңіске жетіп, жауды қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Аягөз, Шарға қарай түре қуып тастағанын айтып аяқтағанда, сілтідей тынған окушылар «уф» деп дем алғандай болды.

Ал енді қандай сұрақтарың бар дегендे, балалар үрысқа қандай батырлардың қатысқанын, қандай ерліктер көрсеткенін, қанша адам қырылғанын тұс-тұстан сұрап, әнгіменің аяғын ұзакқа созып жіберді. Бір сағатта бітуге тиісті сабак екі сағатқа созылып бара жатқан соң, Айқын бәрін қорытып, әлі де кеткісі келмеген шәкірттерінен зорға босады. Жұрттың бәрі өре түрегелгенде, көтеріле берген Сараға:

– Сара, сен бір минутқа қала түршы, беретін бір тапсырмам бар еді, – деді жұрттың бәріне естіртіп.

Қызды алып қалудың бұл әдісін жігіт көптен бері ойлаған. Мектептегі белсенді қызға мұғалімдер түрлі тапсырмалар беретінін білетін балалар бұдан еш оғаштық көрмей, «Аңырақай соғысынан» алған әсерлерін дүрілдей айтып, тез тарап кетті. Олардың соңынан есікті бекем жауып, қыздың қасына жақындаған Айқынның тамағы құрғап, қол-аяғынан әл кетіп қалғандай болды. Жігіт жақындағанда қыз да орнынан атып тұрған. Осы бетпен екеуі құшақтаса кетсе де, жарасып кет-

кендей еді, бірақ оған жігіттің батылы жетпеді... Көздері мөлдіреп тұрған қызға қалай жанасарын, не айтарын білмеген күйі дұрсілдеген жүргегін зорға басып, мұғалімнің орнына келіп отырды.

Екеуінде де үн жоқ. «Ағай, қандай жұмыс тапсырайын деген едіңіз» деп қыз да сұрамайды. Тек елжіреген көздерін бір-бірінен ала алмаған екі ғашық үн-тұңсіз отыр. Уақытты босқа өткізіп, айтпағымды жеткізе алмай қалармын деген ой басына келген жігіт әлден уақытта ғана есін жиып, тіл қатты.

— Сара... ертең сенбі, сабақ жоқ қой... Сағат 3-те мына адресстегі үйдің алдына келші, мен сені тосып аламын. Қандай автобустар баратыны және қандай аялдама екені мынада көрсетілген, — деді ол қалтасынан жұқа ғана қағазды шығарып.

Сара бір ауыз тіл қатпастан басын изеді де, жігіттің қолынан қағазды ала берді. Осы жерде ғана Айқын батылдық көрсетіп, оның қолын алақанында біршама ұстап қалды. Қыздың аппақ, жұмыр білегі де ашылып тұр, сүйрік саусақты алақаны да ып-ыстық, жұп-жұмсақ екен...

Қызың тартқан жоқ, үнсіз тұрып қалған. Тек бетіне қызыл күрең қан ойнап шыға келіп, құлағына дейін қызырып кетті. Өзі босатқанда ғана «сая болыңыз» дегенді ернін жыбырлатып айтып, тез бұрылып есікке беттеді. Бір қызығы, бұл жолы артына бұрылып, жаутандаған көзін жалт еткізбей, шұғыл шығып кетті.

Батылы жетіп қызға лебізін білдірген ерлігіне төбесі көкке жеткендей қуанған Айқын класс бөлмесінен шыққанда, жүзі жарқырап кеткенін өзі де сезбеді. Дәлізде ешкімнің көрінбегені дұрыс болды, әйтпесе жігіттің сыртқа тебіндеп тұрған мына халы көлденең көздің қырына ілікпей қалмас еді.

...Ертесіне Мұрат кезекшілікке кететін, Айқын үйде жалғыз. Қызды үйіне алып келіп, оңаша отырмақшы болып

жүргені сол. Көптен армандал, осылай жасауды ойлап жүрседе, соған батылы жетпей, бір байламға келе алмаған.

Ерте тұрған жігіт тәменгі қабаттағы супермаркеттен үстел жабдығына керекті дүниенің бәрін алып келді. Үй-ішінде жинап, шашылып жататын қағаздарын ретке келтіріп шықты.

Айқынның үйі бір бөлмелі болғанымен, жиһазбен екіге бөлінген студия еді. Айбын ағасы өзінің дизайнерін шақырып, жиһаздарын да өзі алып берген. Екі терезелі кең бөлменің бір жағында екі диван мен үлкен телевизор болғанда, екінші жағында жұмсақ креслолар мен кең, шыны үстел тұратын. Жігіт қонағының осы үстелдің басында күтпекши.

Бар өнерін салып, үстелін гүлмен сәндең, қажетті тәтті-дәмдіні де үйіп қойды. Сағатқа қайта-қайта қарап жүріп, күндізгі екі болмай жатып, далаға, қызды қарсы алуға шықты. Дүрсілдеген жүрегі де орнығар емес, тағат тауып бір жерде тұрғызбай тұр.

Қыз да кешіккен жоқ, жетінші автобуспен келер деп санап тұрған еді, тіпті оған да жетпей, төртінші автобустан жарқ етіп түсе қалды. Устіне жұқа сулық киген, шашын сәнді өрнекпен қидырған, әсем қыз ішкі сезімін жасырып, жігітті көргенде амандақанның ишарасын ғана жасап, тәмен қарап қалыпты. Мынадай қызды алқызыл гүлмен қарсы алса да жарасып кетер еді деп, жігіт жүрттан именіп гүл алып шықпағанына қысылып, өзін-өзі ішінен сөгіп қалды.

«Сәлеметті» сыйыр етіп айтқан жігіт қызды қатар жүргуге икемдеп, өзінің үйінің алдына алып келді. Осы жерде ғана есті қызға жан біткендей болып:

- Аға, қайда барамыз? – деді.
- Мениң үйіме.
- Ыңғайсыз емес пе? Басқа жерге барсақ қайтеді?
- Түк те ыңғайсыздығы жоқ, мен үйде жалғызыны...



Сара артық сөз айтпай, үнсіз қалса да, бір көңілсіз күйге еніп кеткені сезіліп тұр. Айқын да бұдан әрі тіл қатпай, артық сөзге бармады. Екеуі алтыншы қабаттағы жігіттің үйіне лифтпен келгенге дейін үн-тұнсіз қалып, есік ашқаннан бастап қана да қымылға келе бастады. Қыздың женіл сулығын қолына алып жатып, жігіт сұнғақ бойлы қыздың талшыбықтай бұралған әсем мүсініне көніл тоқтатып, көзі сүрініп қалды.

Екеуі залдағы үлкен телевизордың алдындағы жұмсақ диванға отырғанда ғана Айқын сөз бастады.

– Сара, сен ақылдысың ғой, түсінесің... Мұғалім мен оқушы жігіт пен қыз ретінде кездесуіне болмайды. Егер біздің мектептен біреу-міреу екеуміздің қыдырыстап жүргенімізді көріп қалса, мені мектептен шығарып жібереді. Соңдықтан мен сені көшеде қыдыруға шақырмай, үйге әкеліп отырмын, – деді барынша байсалды болуға тырысып.

Сара түсінемін дегендей басын изеді.

– Мені үйін көрсетіп, мақтану үшін шақырыпты деп те ойлад қалма, – деді жігіт бұл жолы жымия сөйлеуге тырысып. Сара бұл жолы да үнсіз бас изеді.

– Өзің білесің... мен сені жақсы көремін, – дегенінде, қыз құлағына дейін қызырып кетті. Осыдан арғы сөзді айтуда қызды қинайтынын сезген жігіт орнынан тұрып, қонағын күні бойы дайындаған үстеліне шақырды.

– Мына гүл саған, – деді ол жеті тал раушан гүлі салынған вазаны қызға ұсынып жатып. Бұл жолы Сара осында келгелі алғаш рет тіл қатып:

– Рахмет, – деді.

Осыдан әрі екі жастың әңгімесі жаразты. Айқын өзінше әзіл айттып қоюға да тырысады. Көлденең тыңдал тұрған кісі болса, оларының ұтымды шығып, күлкілі болып жатпағанын көрер еді, бірақ жігіт не айтса да, қыз мәз болып қүледі. Өзі де жігіттің ыңғайымен сөз қосып қояды. Екі ғашықтың арасын Абайдан артық кім айта алар:



Қызырып, сұрланып,  
 Лұпілден жүргегі,  
 Өзгеден үрланып,  
 Өзді-өзі керегі;  
 Екі асық құмарлы  
 Бір жолдан қайта алмай,  
 Жолықса ол зарлы,  
 Сөз жөндеп айта алмай;  
 Аяңдап ақырын  
 Жүрекпен алысып,  
 Сыбдырын, тықырын,  
 Көңілмен танысып;  
 Дем алыс ысынып,  
 Саусағы суынып,  
 Белгіз қысылып,  
 Пішіні құбылып,  
 Иығы тиісіп,  
 Тұмандал көздері,  
 Үндемей сүйісіп,  
 Мас болып өздері...

Алғаш рет оңаша кездескен екі ғашықтың халін данышпан осылай десе, мәңгі жастықтың символы болған Мағжан: «Қашан да махаббатты көз бастайды, Білдірмей ыстық қысып қол бастайды»... дегеніндей, жігіт дірілдеген қолын жылжытып қыздың аппақ саусақтарына апарды. Алақанын аялай ұстап, сыртын ерніне апарып, ұзақ сүйгенде қыз қолын әлсіз қарсылықпен тартып алды...

...Осы оқиғадан кейін Сара жігіттің үйіне сенбі сайын келіп тұратын болды. Кейде жігіт ғашығын өлердей құшып, жеп қоярдай сүйе бастағандағандаған қыз «ағай» деп қалады. Сол сөз екеуінің есін жиғыратын ерекше дабыл болды. Айқын

қызды тез босатып, шыға берістегі қол ұсыным айнаға барып, басы-бойын түзете бастайды.

Бір күні ол қыздың балигат жасына толғанын білмек болып:

– Сен биыл он алтыға толасың ба? – деді ол өзінің сұрағының әбестігіне ұяла отырып.

– Жоқ, мен биыл он жетіге толдым, – деді қыз.

– Қалай, саған әлі бір жыл мектепте оқу керек қой, биыл он алтыда ғана емессің бе?

Жігіттің жарықшақтанда шыққан даусында жасыра алмаған сүйініш бары сезіліп тұрды.

– Мен мектепке бір жыл кейін барғанмын. Сегіз жасымда, биылғы ақпанды 17-ге толдым, – деді қыз.

Бұл жаңалық жігітті қатты қуантты, әлі он алтыға толмаған қызбен қалай жақындастып журмін, біреу-міреу сезіп қалса ұттан жер боламын-ау деп қысылып жүруші еді, сөйтсе, бұл қысталанған да Сараның өзі құтқарып жіберді. Он сегізге шыққан қызбен кездескеннің еш әбестігі жоқ қой деп түйді жігіт ішінен.

Сара өзіне қоғалы көлдің құрагындай болған бөлмені ыстық көріп, оның ішін тасқаяқтай қағыстырып жинап кетеді. Қолы қандай икемді, Айқын мен Мұрат орындарын таба алмай, үйме-жүйе қылып қоя салатын аяқ-табақтарды біркелкі қылып, «қыздың жинаған жүгі» дегендей, қаз-қатар тізіп кететініне не бересің? Бұл қылықты Мұрат та сезіп қалды, өзі жұмысқа кеткенде шашылып жатқан дүниелерінің тастай болып жиналып қалатындығына ол да көніл аударып, ақыры сезігін Айқынға білдіріп, оған сырын айтқызы.

– Өй, мектепте оқитын қызбен жүргенің ертең басыңа сор болмасын... Оның үстіне өзіңің оқушын...

– Қыздардың нағыз пісетін уақыты 16 мен 17 жас қой. Баяғы заманда қызды осы кезде алған емес пе?

– Баяғы заман басқа ғой. Қазір ондай қыздарға жақындал қойсаң қылмыс болатынын ұмытпа.

– Сол баяғы кез қазіргі заманнан ақылды болған, не қыласың? Қызға деген махаббаттың ең тәттісі осы кез. Тек сол кездерде ғана қыздың жүрегіндегі махаббаты толық болады. Нағыз періште кезі сол. Содан кейін қыз жүрегіне сұмдық, залымдық, аярлық дегендер ене бастап, махаббатты тықсыра береді, ақыры жүректің қара дақтары көбейіп кетеді...

Мұрат шыдай алмай қарқындал құліп жіберді. Базардан алып келген бір кескен майлы етті қуырып, оның үстінен спагетти, сарымсақ, ашытқы салып, өздері ойлап тапқан рецептпен істелінетін дәмді тағамдарын ауыздарынан сіле-кейі шұбырып, тамсана жеп отырған екеуі қосыла құліп, үйді бастарына көтерді.

– Уәй, сен де айтады екенсің? Соның бәрін қайдан білдің?

– Барлық ұлы ақындар сұлу әйелге арнаған ғашықтық өлеңдерін тек 16-17 жасар қыздарға арнаған. Мысалы, Абай «Көзімнің қарасын» 16 жасар Тоғжанға арнап шығарған. Пушкиннің Наталья Гончароваға арнаған ғашықтық өлеңдері де 16 жасар қызға арналған. Гете өзінің ұлы шығармасы «Фаустын» 17 жасар қызға ғашық болған соң ғана аяқтай алған...

– Олар ұлылар ғой... Бір ғасырда бір-ақ туатындар... Сен де өзінді ұлымын деп санайсың ба?

– Енді... «болмасаң да ұқсан бақ» деген емес пе? – деп құлді Айқын.

– Жалпы сұлу, ақылды, мінезді әйелге кез келген жасында да ғашық болуға болады.

– Оның дүрыс... Бірақ ол 16 жасар қызға ғашық болғаннан мулде басқа. Өйткені, 16 жастағы қыз періште ғой, періште...

– Сен, өзі мына қызыңа әбден ғашық болып қалыпсың ғой. Байқа, тым алысқа кетпе...

Екеуі ас қайырып, орындарынан тұрғанда да, әңгімелері қыз болды. Өзінен бірер көйлекті бұрын тоздырғанын



көрсетіп, үнемі тіс қаққандығын білдіріп жүретін Мұрат бұл жолы да білгенін аяп қалмады. Қызды айтса ауыздарының сүй күритең жігіттер осылай, көп кештер бойы ортақ әңгімелерінің тақырыбын сұлуларға арнайтын болды.

...Бір күні кешкүрим былтыр түнгі клубқа апарып «қызық» көрсеткен жерлесі Елдос аяқ астынан сап етіп, келе қалды. Ол қазір үлкен банктың осы қаладағы бір филиалының директоры болып кеткен, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, астында қымбат мәшине, жиырма шақты қызметкері, есік алдында хатшысы бар үлкен қызметкер, екі бөлмелі үй де сатып алған. Бұрын да ысылып, епті болып қалғанын көрген, қазір тіпті жылпың қаққан сужүқпасқа айналыпты.

Айқын оның жәй келмегенін бірден сезді, өйткені қазір бұл жігіт сыйбай-салтаң қыдырысты мүлде қойғанын өзі де көрген, басқа жерлестері де айтып жүретін.

Көп отырмайтын қалып танытқан ол келген шаруасын да кешіктірмей айта бастады. Мұндағы өмір оның ішін пыстыра бастапты, оның үстіне жоғарыдағыларға жақпасаң, уақытында «отметка» жасап тұрмасаң, тәйкеңнен түсіріп, тобығынан қағып жібереді екен. Бұл «отметка» деген не деп еді, онысы жоғарғы бастықтарына белгілі уақытта тұрақты беріп тұратын пара болып шықты. Енді, Еуропаға кетпек және анау-мынау емес Испанияның өзінен бір-ак шықпақшы... Онда сені кім күтіп отыр деп еді, үй-жайын да алып қойыпты, жұмыс та табылатынын айтты. Және анау-мынау да емес, Жерорта теңізінің бойындағы Канар аралдарының өзінен көп бөлмелі пәтер сатып алышты. Онысын арендаға беріп, табыс таппақшы.

— Менің алған недвижимостарым 300 мың еуродан асады, соларды айына 4-5 мың евроға арендаға беруге болады. Сонда маған біздің ақшамен айына бір миллион теңгеден артық табыс құйылып тұрады, — деп жыымиды.

– Испанша білмейсің ғой, оны қалай таңдап жүрсің?

– Жарты жылдай болды, үйреніп жүрмін, ал Испанияда басқа еуропалық елдермен салыстырғанда азаматтық алу жеңіл, бағасы 140 мыңнан артық недвижимосың болса болғаны...

– Сонша ақшаны қалай таптың? Сенің табысың көп болса 400-500 мың теңге ғана емес пе?

– Жолын таптық қой, неғыласың?

– Қылмыстық жолға барған шығарсың? Көп ақшаны басқа жолмен табу мүмкін емес қой...

– Енді... жұрт қатарлы тіршілік қылдық... Қолымызда көп ақшаның кілті түрғанда движение жасадық етепт... Онда не тұр, қазір жұрттың бәрі сөйтеді. Бірақ бәрі занды, маған ешкім де приидираться ете алмайды...

Айқын оның жүзіне сенімсіздікпен қарады. Соны аңғарған Елдос тезінен негізгі шаруасына ауысып, өзінің барлық ақшасын шетелге аударып қойғандықтан, үш мың долларға зәру болып түрғанын айтты.

– 300 мың еуросы бар адам 3 мың долларға қарап қалғаны қалай? Сенімсіздеу ғой? – деп Айқын аңырап қарап еді:

– Шыны сол, барлық ақшамды шетелдік банк арқылы Испанияға аударып, недвижимостар алып қойдым. Енді кетуте шағын қаражат керек болып, қысылып жүрмін. Егер берсең, мен сенің ақшанды нотариус арқылы оформить етуге дайынмын. Жылына он пайыздық үстемемен 2-3 айда-ақ қайтарамын, – деді ол үстемелетіп.

– Елдос, екеуміз бір ауылдың баласымыз ғой, тіпті ағайындығымыз да жоқ емес... Бірақ мен, шынымды айтсам, саған сене алмай түрмyn, тым епті болып кетіпсің... Соншама ақшаны қандай жолмен таптың және сонша ақшанды бола тұрып менен қалай қарыз сұрайсың? Егер маған барлық шынынды айттып, ақшага шын қысылып түрғаныңа көзімді жеткізсең бере тұруға болады... Ағаларымның машина ал деп

берген ақшасы бар, оны әзірге депозитке салып қойғанмын,  
— деді Айқын.

— Жақсы, мен саған барлық шынымды айтайын... Өзің де көріп тұрсың, соңша ақшаны мен аз уақытта жинай алmas едім. Сондықтан байлардың қыздарын айналдырым. Иә, иә, облыстардан келіп, осында оқып жатқан қыздарына үй әперген байлар бар емес пе, солардың қыздарын аңдыым. Ол сорлылар тұнгі клубтардан шықпайды ғой, солардың ішінен алдымен біреуін таптым да, басын айналдырып, өзіме ғашық етіп, енді үйленеміз, свадьба жасауға кредит алайық дедім. Ол байғұс келісті. Қайтсін, ғашықтық оты қысып барады ғой, оның үстіне менің жұмысым да жақсы, перспективам да жоғары... Кредит алу үшін менің залогқа қоятын недвижимосым жоқ, давай, сенің үйінді қоя тұрайық деймін. Оған да көнді. Сейтіп, қымбат үйлерде тұратын үш дураға 30 миллион теңгеден кредит әперіп, оларын қалтама қақшып алдым...

— Мынауың сұмдық қой...

— Несі сұмдық? Олардың әке-шешесі таза еңбекпен осынша ақша тапты деп пе едің? Олар да біреуді қан қақсатып, болмаса бюджеттің тесігінен түсіп ақша істеп жатқандар емес пе? Так что менікі «экспроприация экспроприаторов», — деп Елдос қарқылдай құлді.

— Бәрі олай емес қой, Ескен... Мысалы, менің жездем егін-шілікпен айналысады, 3 мың гектардай жері бар. Соған көктемде тырбындал, кредит алып, егін егеді. Одан жаз бойы гербицид шашып, күтіп, күзетіп, жауын тілеп, жарғақ құлағы жастыққа тимейді. Одан құздің құрғақ болғанын, астығының шығымды болғанын Алладан сұрап жан таппайды. Астығын жинап алған күннің өзінде қайтсем жақсы бағаға өткіземін, шірітіп, үсітіп алмаймын ба деп те дамыл көрмейді. Эйтеуір қыстың басында дұрыс өткізсе ғана бір ух дейді-ау. Былтыр сондай азаппен тапқан ақшасына қызына қаладан пәтер

әперді. Ал сендейлер сондай бейшараларды қан қақсата-  
сындар...

– Оның дұрыс қой... таза еңбекпен ақша тауып жатқан-  
дар бар. Ал мына қыздардың біреуінің әкесі аудандық салық  
комитетінің бастығы, біреуінікі қалалық санэпидемстансада  
істейді. Тағы біреуінікі жол салушылардың бастығы. Бәрі де  
артық ақшаларын үрлап-қарлап тапқандар. Эйтпесе мемле-  
кеттік қызметтің окладын алып жүргендер Астанадан қызда-  
рына 2-3 бөлмелі пәтер алып бере ала ма? Олар біреулерді  
қан қақсатса, мен де оларды қан қақсаттым...

Жігіт тағы да қарқ-қарқ күлді.

– Робин Гудтың өзімін десейші... Бірақ ол байлардың мүл-  
кін кедейлерге әперіп еді, сен өзің алады екенсің... Ал енді,  
солар сені сотқа берсе не істейсің? Тіпті, шетелге кетіп қал-  
саң да интерпол арқылы ұстатады ғой?

– Ол жағын да ескергенбіз. Во первых, менің банктен  
ақша алғаным туралы ешқандай жерде қолым жоқ, ақшаны  
мен алғанымды ешкім де дәлелдей алмайды. Ал Испания  
сияқты елдер алдымен документті ғана мойындайды, оларға  
құр ауызben алдады-малдады дегенің сөз емес. Екіншіден,  
қыздарға ешқандай қолхат бергенім жоқ, онсыз біздің соттар  
да іс қозғай алмайды.

– Жоқ, олай емес, сен біреуін ғана солай алдай аласың. Ал  
үшеуі біріксе, сені мошенник деп айыптай алады...

– Оның дұрыс, бірақ ол сорлылар бірін-бірі білмейді ғой.  
Кредитті де мен үшеуіне үш филиалдан әпердім емес пе? Кол-  
легаларыммен келісіп, «шапкасын» беріп, ана екеуіне қала-  
ның екі шетіндегі филиалдан, ал біреуіне өзімнен әпердім.  
Оның үстіне қызымкелердің үшеуі де жанын жеп, жұлқынып  
түрғандар емес, байлардың болбыр қыздары. Ертең жылап  
әке-шешесіне баар-ак, бірақ олар менің иісімді де таба  
алмай қалады емес пе? Қызының үйі залогта түрған соң кре-  
дитті амалсыз төлей салады, онда не түр? Қазір мұндаидың



әкесіндейді жасап, шетелге миллиардтаған доллар шығарып алғандар бар, олармен салыстырғанда біздікі мелочь қой, тәйірі...

– Қалай десең де мынауың алаяқтық... Нағыз алаяқтық мынауың... Бір адамды отыз миллионға отырғызу дегенін сүмдүқ емес пе? Мен мынауыңда ортақтаса алмаймын. Кешір, ешқандай ақша да бере алмаймын, саған. Не ойласаң да өзің біл, – деп Айқын әңгімені ортасынан шорт үзіп, орнынан тұрып кетті. Жаңа ғана жалындай лапылдан тұрған Елдос еңсесі түсіп, есікке беттеді. Тек дәл шығар жерде қайта бұрылып:

– Мен саған барлық сырымды айттым, тым болмаса сыртқа шашпассың? – деді.

Оған қам жеме, мен ешкімнің сырын шашпаймын, – деді жігіт дүңқ етіп...

\* \* \*

Айқын әке-шешесіне тым жиі болмаса да айна бір-екі рет хабарласып, амандығын білдіріп тұратын. Өз қызығы өзінде жүрген жастар ана жүрегін түсіне ме, сөйлескен сайын анасының құмыққан даусынан көзіне жас алатынын сезетін. Соңғы жолы сөйлескенде әбден сағынған анасы келіп қайтқысы келетінін айтқан. Дүниеде ана жүрегінен артық кешірімі мол нәрсе жоқ қой, бұл тілін алмай, үмітін кесіп, ренжітіп кетсе де қимайды. Осы жолы даусындағы мұны арта түскені, тіпті кемсендеп жіберуге шақ тұрғаны сезілді. Ана үшін баланың орны бөлек, оның үстіне сүткенжесі болса... «Биылғы соғымнан да татқан жоқсың, бұрынғыдай посылке салу да жоқ, қазір. Өзің де келіп кетуді білмейсің, сені көрмегелі жылға таяды» деген анасы. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сол. Сонша жерден әуре болып,



келгенін қаламаса да, Айқын тоқтататын себеп таба алмай, анасының жолға шығуна қарсы болмаған. Өзі де анасын сағынып қалыпты, соңғы кездері түсіне жиі кіреді.

Бұтін міне, таңғы журдек поезден келетін анасын қарсы алуға Мұрат екеуі вокзалға бірге шығып келеді. Күн жексенбі еді, Сара кеше келіп, үйінің ішін тасқаяқтай қағыстырып, жинап, шаңын қағып кеткен.

Көптен бері жолаушы жүрмей, қарайып қалған анасы жол бойы алаңдап, тыныс алмаған сияқты, поездан ауыр түсті. Жүзінде терезеге қараудан көзі әбден талып, қашан жетемін деп жол тосқанның шаршауы бар. Екі бірдей зілдей сөмкесі де қартаң адамға аз салмақ емес сияқты. Айдын шығарып салып, вагонға кіргізіп бергенімен, олардың ішіндегілеріне алаңдап, дамыл таппаған сияқты. Әкеле жатқан піскен ет пен шики еттері қызып кете ме деп елегізіп, соған да тағат таппағаны көрініп тұр.

Айқынның жалғыз болмай, Мұратпен бірге жүргеніне қуанып қалған ана ауылдағы баланы да өз баласындағы құшақтап, мауқын басып алды. Екі жігіттің екі сөмкені шопақ құрлы көрмей, жүйткі жөнелгендеріне зорға ілесіп, жан-жағының бәріне таңырқай көз салып келеді. Апрай, осының бәрі қазақ па деп таңырқап қояды ішінен. Тіпті, бірде-бір орыс түсті көзге шалынбайды ғой. Өз басы сонша қазақтың қалың топ болып бірыңғай шоғырланғанын бұрын-соңды көрмеген. Әттең, көбісі орысша сөйлейді еken, біреу зорлағандай өзге тілде сөйлейтіні неси еken? Әке-шешесімен де солай сөйлей ме деп таңырқайды.

Вокзалдың алдына шыққанда қаптаған қалың мәшиненің арасынан Мұраттың қара «Мерседесі» көлдененеңдеп тұра қалғанда да анасы қайран қалды.

— Мұратжан-ау, мынадай қымбат мәшине алғанша, алдымен келіншек алмайсын ба? — деген сөзіне екі жігіт қосыла күлді.

Аналарының мұндай қамқорлығы екеуіне шыбын шаққан күрлө әсер етпегеніне білініп тұр. Тіпті, тілі жаңа шыққан баланың былдырлаған бал тілін қызықтағандай екеуі ұзак шаттанып қалды.

– Апа-ау, баяғы әнің қалмапты ғой, келіншек қайда қашар дейсің, алдымен адам жағдайын жақсартып атуы керек қой. Мұрат міне, мәшине алды, енді бір бес-алты жылда үй алады, сосын алады ғой, келіншекті, – деп күлді Айқын досының орнына жауап беріп.

– Сонша сарғайып не көрінді, жастарың өтіп кетеді ғой. Атаң қазақ «бас екеу болмай мал екеу болмайды» деген жоқ па?

– Ол бұрынғы заманның нақылы... Қазір келіншек алсақ, тапқан-таянғаныңды келіншегің мен баланды асырауға жұмсап, не үй ала алмай, не мәшине ала алмай, пәтер жал-дал жүресің... Басқа жақтан көмек болса жақсы, ал көмектің орнына «көмек бер» деп тұрса тіпті қын...

– Келіншегіңмен екеулеп жинамайсындар ма? Сол берекелі болады емес пе?

– Берекелі қылатын әйел кездессе жақсы, ал өзі де аз берекенді қашырып, анау керек, мынау керек деп қылқылдан тұрса қайтесің? Оның үстіне сәбилі болсан, баяғы Абай айтқандай «кемпір-шалы бар болса қандай қын, бір жағынан қысқанда ол да азынаптың» күйін кешесің...

– Е, шырақтарым-ай, әйтеуір, арты қайырлы болсын, «шегірткеден қорыққан егін екпейді» дегеннің соңына түскен екенсіндер....

– Қойыңызшы апа, бәрі де дұрыс болады, – деп Айқын анасымен арасындағы таласты доғарып, қала көшелерінде кездескен әсем үйлердің не екенін айтып, таныстыра бастады. Міне, мынау үлкен көк үй Қаржы министрлігі, апа. Қазақстанның барлық байлығын осы жерде есептейді. Үстінен қарағанда Американың долларына ұқсайды деседі...

Оның ар жағындағы көк күмбезді үй Президенттің бұрынғы резиденциясы... Қазір өзі сол жағалауға көшкен, «Ақ орда» деп аталатын қазіргі орнын сосын көрсетемін...

Күлмәшті таңырқататын дүниелер әлі де көп еді. Хан сарайындағы саңғыраған әрі биік, әрі кең бөлмелеге кіріп келгенде, ол өзінің қайда кіргенін білмегендей біраз уақыт аңырап қалды.

– Балам-ау, бір-ақ бөлмелі дегенің мынау болса... екі бөлмелісі қандай болады мұның? – деп таңырқап жатыр.

– Түү, апа, осы да үлкен бе, 62 квадрат метр ғана...

– Мұрат екеуің екі келіншек алып бірге тұрсаң да мына үй аздық етпейтін сияқты ғой... - дегенінде екі жігіт тағы да мәз болып құлді.

– Баяғыда бір бөлмеде шымылдық құрып, екі-үш ағайынды жігіт тұра беретін, – деп апалары жастарды одан әрі құлдірді.

Ауылдан алып келген сәлем-сауқатын асүйде орналастырып жатқан Күлмәш жоқ жерден тағы бір күдік айтты.

– Балам-ау, мына аяқ-табақтарды кім жинаған?

– Өзіміз ғой, апа, қолымыз бар емес пе?

– Сендердің екі қол емес төрт қолдарың болса да, бұлай жинай алмайсындар. Айтшы, кім жинады? Кім де болса қолы алтын біреу екен...

– Түү, апа-ай, өзіміз дедім ғой... Үйдіс жинаудың оқуы жоқ шығар...

– Ал мына орамалдарды кім жуып, жайып кетті? Балам, мені алдай алмайсың, сендер ешқашан мұндай қып жинай алмайсындар, бір қыздарың бар ғой, тегі... Қайсында болса да ұзағынан сүйіндірсін...

Айқынның құлағының ұшына дейін қызырып кеткені ананың көреген көзінен қақас қалған жоқ. Көңіл аудармаған болып, дастарханды жайысып жүрген жігіт ішінен анасының қырағылығына да таң қалып қояды. Екі жігіттің қонаққа істеп



қойған тамақтарынан да Құлмәш әйел қолының ыстығын сезіп отыр. Әдемілеп, біркелкі етіп туралған салаттардың көкөністері де еркектің қолынан шықпағанын сездіріп тұр. Өз баласының қаншалықты епті екенін жақсы білетін Құлмәш кескен томардай кеспелтек Мұраттың да қолынан мұндағы нәрсе келмесін көріп отыр. Нан тураған қолдарының өзі сойылдай, пышақты да нанның түбіне дейін батырмай, кеспеген жерлерін жұмарлап үзіп жатыр...

Сәлден соң Құлмәш баласының бір қызбен араласып жүргеніне іштей риза болып, көнілдене бастады. Асүй ғана емес, барлық бөлмеден әйел алақанының ыстық табын сезіп отыр. Ауылда туып-өсken екі ерек үйдін ішін үлай тап-түйнақтай қылып жинай алмасы белгілі. Әттең, баласы енді сол қызды көрсетсе ғой... әкесіне айтып барып бір қуантар еді.

Баласына қызынды көрсет деп қанша жалынса да, бірбет Айқынды қөндіре алмасын білетін Құлмәш қулыққа көшті. Екінші күні ол жол ауыртпалығын көтере алмаған болып, аяқ астынан ауырып қалды. Басын таңып алып, ыстығы көтерілген құсап, орнынан тұра алмай, ауыр ыңқылға басты. Дәрігер шақырайын деген баласына ойбайлад, жолатпады.

– Бір ыстық сорпа болар ма еді... Бұрыш салып, ыстықтай ішсем терлер едім, – деп қояды арасында.

Таңертең сабағына кетерде асүйде біраз сипақтап тұрғанымен, Айқын анасына жағатын ыстық сорпаны өзі дайындаі алмасын сезіп тұр. Мұрат та ерте тұрып, жұмысына кетіп қалған. Тұстен кейін Сараны ала келіп, сорпа істетуіне болар еді... Бірақ соған батылы жетпей тұр. Анасының ыңқылы да күшейіп, уні үйді басына көтеріп барады.

– Дәрі әкеліп берсем қайтеді, аптека жақын, мына жерде?

– Өмірі дәрі ішіп көргем жоқ, қандайын ішетінін де білмеймін... Бір тер қысып тұр...

Баласы үстін қалып жауып, мүмкін терлер деген оймен қымтаған болып жатыр.

– Элгі бір... ыстық сорпа болса жақсы болар еді...  
– Түстен кейін бірдеме қылармын, – деп міңгірлеген Айқын есікке беттеді.

Халықаралық қыздар мерекесінде Сараға жақсы айфон сыйлаған, сыртқа шыққан соң соған соқты. Екеуінің келісімі бойынша Сара мұнымен жанында ешкім болмаса ғана сөйлесе алады. Есімін де екі-ақ әріппен белгілеп қойыпты. «СЖ» дегеннің не екенін қанша жалынса да, өзіңіз табыңыз деп айтпай қойған. Ақыры Айқын «сүйген жарым» шығар деп айтқанда, қызырып кеткен қыз үндемей қалған... Қазір де міне, «СЖ» шылдыр еткенде Сара бірден көтерді.

– Сөйлесе аласың ба?  
– Иә...  
– Халың қалай?  
– Бәрі жақсы, мамаңыз келді ме?  
– Келіп еді... Жолда суық тиген бе, ауырып қалды. Дәрігер шақырайын десем, көнбейді. Бір ыстық сорпа ішсем, кетер еді дейді. Соған... түстен кейін келіп, сорпа істеп беруге қалайсың?  
– Менің қарсылығым жок... Бірақ... – деген қыз мудіріп қалды.  
– Не бірақ?  
– Бірақ ұят емес пе? Ол кісі не ойладап қалады?  
– Мен сені бірге қызмет істейтін қыз деп таныстырамын фой...

Не ойлағаны белгісіз, қыз үндемей қалды. Айқын сағат үште үйдің алдында қарсы аламын деп әңгімесін аяқтап, телефонын жапты.

Мамырдың мамыражай күндерінің бірі еді. Оқу жылының аяқталуына да аз уақыт қалған. Мұндайда жүрттың бәрі шаршап жүреді. Күн де қыздырып, адамның басыбойын балбыратып, мұғалімдер мен оқушылар құлағы көрінген каникулды тезірек келсе екен деп тосумен қалжы-

райды. Сараны көргөткөн асыққан көңілі алға тартып сергек жүретіндердің бірі Айқын еді, бірақ ол да соңғы кездері белбенеуді босата бастаған. Түстен кейін жолығатын болған соң, бұғін оны мектепте көргісі келмеді, тіпті кездесіп қалса да, көрмеген болып өтіп кетпекші. Алайда төртінші сабакқа асырып, тоғызынышы сыныпқа жүгіре басып бара жатқанда бетпе-бет кездесіп қалды. Қызарып кеткен қызы «сәлеметсізбені» қысыла айтып, тез бұрылып кетті. Балапан бұйрасы кетпеген бұрымы жалт еткен жүзін жауып, көзінің нұрын жасырып қалды. Жаңа ғана баяулай соғып тұрған жүргегі астан-кестен болып, атқақтай соғып кеткен жігіт қыздың ұялған сәттегі сұлулығына тіпті тәнті болып, сыныпқа шаттанған көңілмен кірді.

...Сабақтан шыққан соң, Айқын бірден аялдамаға тартқан. Қыздан бұрынырақ жетіп, оны өз үйінің қасынан қарсы алмақшы. Сорпаға қажет шөп-шаламды да төменгі қабаттағы супермаркеттен Сарамен ақылдасып алушы ойлаған. Әйтеуір, ойлағаны болып көздеген жеріне қыздан бұрын жетті.

Дүженде танитын біреуді кездестіріп қалудан қысылған Айқын қызға салқын қарап, айтқан нәрсесін ғана алушы білді. Есесінде кіреберістен өткен бойында қыздың ып-ыстық алақанын қысып алып, лифтке кіргенде бос қолымен құшып, оны бауырына тартты. Қоштасқанына екі-ақ күн өтсе де, айлап көрмеген сияқты, қатты сағынып қалыпты. Екеуі бір-біріне жабысып, осы күйде өмір бойы тұруға бар. Жайшылықта тез жүрмейтіндей көрінетін жеделсаты да бұл жолы алтыншы қабатқа зу ете қалғандай болып көтерілді.

– Қалай тез келіп қалдық? – деді жігіт алақтап.

Есіктің қоңыраулы құлпын шылдырлатып, бірінің соңынан бірі кіріп келгенде Күлмәш жата бергеннен жамбасы тесіліп, тәсекті жинап қойып, отыр екен. Бірақ басын шешеппеті, әлі де уһілеуі жиі шығады.

Қызды шешіндіріп, алға шығарған Айқын:

– Апа, мына балаңыз менімен бірге қызмет істейді, есімі Сара, сізге бір сорпа-суан жасап беріп, емдемекші, – деп таныстырып еді, Күлмәш отырған орнынан тез көтеріліп, қызды бас салып құшақтап, бетінен сүйді. Қызарып кеткен қыз қолын жуып, тез басып, асүйге кіріп кетті.

– Бөтен қызды несіне бас салып құшақтай алдыңыз, шошып кетті ғой, – деді Айқын шешесіне шешініп жатып, күңк етіп.

– Зайыры бөтен емес сияқты ғой. Жүрегім бірденені сезіп тұр, – деді Күлмәш та жымысып.

– Түү, апа, қойши енді, – деп қызарақтап қалған Айқын анасының халін сұрап еді, жаңа ғана үхілеп отырған оның жузі жадырап, көзі күлімдеп кеткенін көріп, таң қалды.

– Тәуірмін балам, тәуірмін. Аллаға шүкір, – деді ол сездерін үзік-үзік айтып.

\* \* \*

Айқын кеше ғана жұмысқа кірген секілді еді, жүгіріп жүргенде бір жылдың қалай өткенін сезбей қалыпты. Данышпан «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп қалай дөп басып айтқан, шәкірттерінің түрлі мінезі мен қылығын, кейде шаршатып, кейде жадыратып жіберетін сауалдары мен жауаптарын тыңдай журіп, Айқын оку жылын аяқтап тастағанда ғана бір жылдың қалай тез өтіп кеткеніне таңырқап қалды.

Жазғы каникулда алдымен ауылына барып, аунап-қунап қайтқан. Осы жылда әкесінін бұрынғыдан қартайыңқырап қалғанын көрді. Қай күнде жіті тұратын сергек басы қазір салғырт, кейбір қызығушылықтары да кеміп қалыпты. Саяси оқиғаларды талқыға салып, елдің қалай дамып бара жатқа-

нын өздігінен саралап отыратын еді, қазір соған деген құлшынысы да азайған. Сақал-мұрты да бұрынғыдан көбірек ағарып, бетіндегі әжімдер қалыңдай түскен. Отырып-тұрғандағы күрсінісі де көбейіп, аяғы да қоюлана бастағандай. Есесіне шешесі көңілдірек, Астанаға келіп, Айқынның халжайын біліп кеткеннен бері, өзінің айтуына қарағанда, бір түлеп қалғандай екен. Баласының асты-үстіне түсіп, әбден сағынып қалғанын көрсетіп жур. Алғашқы күннен көкейін тесіп бара жатқан бір сұрағын қоя алмай, тамағына кептеліп тұрғанын сездірді. Ақыры «күнәлі нәпсім тұтпеді-ай» дегендей, оны да қойып қалды:

- Сара қызыым аман ба, өзі?
  - Аман, апа, айтпақшы ол саған сәлем айтып еді, айтута ұмытып кетіппін ғой...
  - Бірден айтып қуантпайсың ба? Сәлемет болсын, балам. Анаңа келгенде бәрін ұмытып кетесің-ау, сен? – деп қуанышын жасыра алмаған күйі дастарханын жая берді.
  - Е, онда не тұр? «Мамаңа сәлем айт» деді. Сол сөз де қымбат болып па?
  - Саған қымбат болмаса маған қымбат. Алла екеуіңе бақ берсін...
  - Ай, апа, тағы бастадың ба?
  - Алтын асықтай екен, не қыласың балам, нағыз өзіңе лайық жар болатын қыз...
  - Өткенде де айтып едің ғой, несіне қайталай бересің?
- Осыдан кейін анасы шаруасына алданған болып, Сараны ауызға алудын қойған, бірақ үнемі есінде жүретінін сездіріп қалған. Қыз туралы әнгімені әкесі де білетін секілді, бірақ ол заңғар қынқ етіп сыр білдірmedі. Еスキ «МТЗ-50» майлап, босаған бұрандаларын тартып, жанына баласын ертіп шөпке шығады.
- Осыдан бір он жылдай бұрын Қарағандыда тұратын бір қытай тракторын 40 жыл мінді дегенге сенбеген едім, темір

де тозады емес пе? Бірақ қазір сенетін болдым, күтіп мінсең, бұзыла бастаса, байқап отырсан, бұл жарықтық журе береді екен-ау деп жаман тракторын мақтап қойды.

Екеуді трактормен шөп шауып, оны тасып, үйіп жүрген мазасыз шақтарда баласына бұрынғыдан гөрі бір жылы көзқараспен көз тастап, қолы жұмыстан сәл қалт еткенде әңгіме бастап қояды.

– Осы жүрт қызық, ауылда жұмыс жоқ, жұмыс жоқ деп қалаға ағылып жатыр. Міне, мынау жұмыс емес пе? Есік алдына шығып, тауық пен қазға жем шашып, су берсең де жұмыс. Қаз бен үйректің балапандары қашан өскенше қадағалап, қарға алып кетпесін деп, қырға алып шығып, күні бойы бағасың. Есік алдындағы 18 сотық жерге еккен картобынды жаз бойы екі рет арамшөптен тазартасың. Қазір міне, шөп шауып жатырмыз, ертең отын дайындеймиз, одан көмір түсіреміз... Күз келгенде малды қоралап, қолда күтеміз... Барлық уақытың соған кетеді. Осының бәрі жұмыс емес пе?.. Ендеше неге халық ауылда жұмыс жоқ деп зарлай береді, соның себебін айтши, маған? – деді бір күні.

Айқын қапелімде жауап таба алмай, қысылынқырап барып:

– Еңбекақы алмаған соң, бұл жұмыстарды көзге ілмейтін шығар?

– Еңбекақының не керегі бар? Мысалы, біздің үйде үш сиыр бар, шешең солардың сүтін күнде сауып, қаймағын сепаратормен айырып, майын алушыға еткізеді. Қорада 30-40 тауық бар, жұмыртқасын жинап алып, оны да алушыға сатады. Арзанға жібересің, әрине, бірақ Құдайға шүкір, қолың құр емес, айна 40-50 мың теңге ақша шығарады. Бейнеті жоқ емес, бірақ қол қусырып қарап отырганша, осылай қимылдаған дұрыс емес пе? Оның үстіне екеуміздің пенсиямыз бар... Екеумізге жылына 2-3 қап үн аламыз, ет бар, картоп, қант, май, шай бар, осыдан артық не керек? Қыста екі

биенің бір тайын сатып, бірін өзіміз соғым қыламыз. Оның үстіне күзде сойып алған қаз бен үйректің еті де тамаққа сеп. Аман өссе, үш сиырдың тайыншаларын да өткізіп, ақша қыламыз. Баяғыда, күні бойы сақпоздың жұмысында сөмпен-деп жүргенде де табатынымыз сол болатын. Сол кезде бүгін-гіден артық тұрмыс көрген жоқпын. Керісінше, сол уақытта жетпей жататын. Жалғыз біз емес, жұрттың бәрі солай. Ал қазір ойбай жетпейді, ойбай жұмыс жоқ, ойбай анау, ойбай мынау деп ойбайлап қалған бір халық... Осының сырлы неде? Сен көп оқыған жансың ғой, қазір маған қарағанда көп көріп жүрсін, осының сырлын айтшы маған?

Әкесінің сауалдары салмақты қорінді, ойланбай жауап беруге болмайды. Шын жүрегінен ақтарылған әке баласынан ақыл сұрап отыр.

– Меніңше мәселе жоқтықта емес, психологияда сияқты,  
– деді көп ойланған соң. Әкесі елең етіп, құлағын тіге қалды.

– Біздің халық ұзақ жылдар бойы өздігінен еңбек етіп, өзін-өзі асырау дегеннің не екенін білмеді. Өкіметтің саясаты халықтың өзін-өзі асырауға деген құлқын жойды. Сондықтан өкіметке табынып, сосын осы жердегі сақпоздың өкімет қойған бастықтарына жалтақтап, солардың берген дүниесіне қанағаттанып, бермей жатса жалынып, оған да болмаса ұрлап-қарлап өмір сұруді білді. Құдайының өзі – өкімет болып кетті емес пе, «өкімет өлтірмейді» деген сөз қалыптасқаны соның дәлелі. Ал енді өз күнінді өзің көр, саған бүйрық беретін өкімет жоқ дегенде, үстінен үнемі біреу тұрганына дағдыланып, көрбала болып қалған халықтың самарқау санасы сансырап, не істерін білмей, дал болып қалған сияқты, – деп жалғастырды баласы. – Сіздің айтып отырған табыстарыңызға күн көруге болса да, үстінен бүйрып, бағдар беріп, бақылап, жұмсал тұратын өкімет болмаған соң, өздігінен күн көру мүмкін емес деп санаған халық қалаға барып, біреуге жалдануды жаны қалап тұрады. Соған сүйеніп күн көрермін

деп ойлайды. Эйтпесе, өзі күзетке тұрып, әйелдері еден жуып алатын 40-50 мыңды, өзіңіз айтқандай, осы жерде де тауып, еркін өмір сұруте болады ғой...

– Міне, міне, осы сөзіңің жаны бар. Психология дедің бе, нақ соның кесірінен біздің халық біреуге жалдануды жандары қалап тұрады. Әлгі газеттер жазып жататын «құлдық сана» деген де осы шығар? – деп, әкесі мұның жауабына жаны сүйсініп қалды.

– Ие, сол, «құл жиылып бас болмас, құм жиылып тас болмас» дегендей, араларынан батыл бастаушы шықпаса, үйлыққан халық өздігінен жол таба алмай, қалаға ағылады. Мұса пайғамбар өзінің қауымын құлдық санадан құтқару үшін Кербаланың шөлінде 40 жыл жүргізген еken. Сол сияқты біздегі құлдық санадан құтылу үшін де уақыт керек.

– Солай сияқты... Ойбай-ау, қалаға көшкенде тұратын үйлері де жоқ қой... Мындағы хан сарайындағы баспаналарын тастап біреудің үйшігін жалдал тұрып жатқандар да бар-ау... Көргенде жүрегің қан жылайды. Әблілпайыздың Мұқажаның білесің ғой, сол біраз жыл осында заптоқ болды емес пе? Бөренеден қыып төрт бөлмелі биік үй салдырған. Алдына қосымша веранда қосып, ішін де кірсе шыққысыз қылған. Сорлы неме саңғыраған сол үйін сатып, қазір қалаға барып, біреудің бір бөлмелі жыртық үйін жалдал отыр. Әлі жасы пенсияға да жеткен жоқ, мектептің күзетіне жұмысқа кірген еken, қанша аласың десем, 40 мың теңге дейді. Оның да жартысын пәтерақысына береді еken. Эйелі бір жерге еден жуута тұрыпты. Сол ма өмір? Май-қаймақ дегенді көрмейді, етті анда-санда бір татады. Одан да ауылда тұрып, малы мен құсын өсіріп, картобын егіп тұрса ғой, әлдекайда жақсы емес пе?

– Ондайлар көп, «бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дегенді бастан кешіп, қаңғырып қалғандар жыртылып айрылады.

– Әлгі сорлыға ауылдан неге көштің десем, жол жоқ қой, ауырып-сырқап қалсақ ауруханаға қалай жетеміз. Бала-лар да келе алмайды ғой деп қиналады. Онысы сылтау, біздің Тайсойғанға Сәбет өкіметінің сары байлығы сарқырап жатқан кезде де жол тартылмаған, сол кезде де апталап ауылға жете алмайтын кездеріміз болатын. Бірақ сонда да ауылдан шошыған ешкімді көргем жоқ. Жол жоқтан өлді деген адамды да естіген емеспін. Құдайдан ажалы жеткендер болса, қалада тұрып та өліп жатыр. Ауылдан қашудың ең үлкен себебі – өзің айтқандай, үнемі біреудің ығында жүріп, жалдануды қалаудан сияқты. Оның үстіне өзінің азды-көп малына жем-шөп жинауды да қыынсынатындар көп. Бұрын сақпоздан ұрлап-қарлап жинап алса, қазір өзіне өзі шабу керек қой. Соған қиналады. Ал әйелдері сиыр саудан қашатын болды. Бұрын сауыншылар сақпоздың 10-15 сиырын жалғыз өзі қалай сауды екен, қазіргі әйелдер 3-4 сиыр сауғанды дүниенің азабы көреді. Кейбіреулері тіпті жалғыз сиырды ғана сауып, қалғандарын бұзауына емізетін болыпты. «Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер» деген сөзді мен ес білгелі айтуды қойған едік. О заман да, бұз заман, енді сол біздің жаққа қайтып келді, қазір сондайды да көретін болдық. Шешен Астанаға, саған кеткенде, үйдегі үш сиырды ақысына сауып беретін бір әйел табылмады осы маңнан. Сосын, әйтеуір көз көргендігі бар ғой, арғы көшедегі Сақыш апаңа айтып, сол келіп сауып жүрді. Қазіргінің бәрі жұмыстың бәрін қыынсынып, сыйбай-салтаң өмір сүргісі келеді. Оқуы жоқ, шокуы жоқ, үйренген кәсібі жоқ адамға қайдағы сыйбай-салтаңдық? Қара жұмыстан басқа не бұйырушы еді? Қалаға барғандағы көргендері де сол – айыр мен күрек...

Жазғы каникул күндерінен әкесінің осы әңгімелері есінде қалып, қазір жігіт көп ойланады. Бір қарасаң ауыл қандай тамаша, тұнде далаға шықсан – тым-тырс, сағ ауа, анда-

санда үрген иттердің даусы ғана естіледі. Күндіз-тұні дар-дүр еткен мәшиненің дүрлі жоқ. Мұлгіген тыныштық...

Ауыл үйдің терезесінен түскен көмексі жарық көшени ағарта алмайды, айнала қап-қараңғы. Оның да өз қызығы болады екен, қаланың самаладай жарқыраған көшесінде көп жүргің келмесе, ауылдың қараңғы көшелерін бойлап, қыдырып кете бергің келеді. Шіркін, Сараны қолынан ұстап, осы көшени бойлап қыдырыстап жүрер ме еді деп ойлап қоятын...

Айқын демалысы аяқталып, қалаға оралғанда, көңіліне бір елеусіз көңілсіздік кіргенін бақылады. Оның бірі ауылдың тыныш өмірін қимағандық болса, екіншіден әке-шешесін еңкейе бастаған тұсында қолын ұзартатын көмекшісіз тастап кеткені еді. Әкесі ер мінезділігіне бағып, уй жұмысын ауыр көрмese де, ыңқылы көбейгені көрініп тұр. Қатты басылып, әбден нығыздалып қалған маядағы пішеннен сұнгуйрмен шөп суырудың өзі ғана жасы жетпіске жақындаған адамға оңай емес. Күздің сылбыраған сұық жаңбыры таусылмайтын қолайсыз күнінде, қыстың сақылдаған сары аязында алыстағы құдыққа ат жегіп барып, су әкелу де азаптың бірі. Шешесі де ала таңнан тұрып, күні бойы бітпейтін үйдің ұсақ түйтінен бел шешіп бір отыра алмайды екен...

Жігіттің демалыс күндерінен алған тағы бір олжасы бар. Онысы – өзін көптен бері толғандырған бір сұрақтарға жауап тапқаны болды. Ұзын бойлы, кең жауырынды, қыр мұрынды, ақ басты, келбетті қарасүр кісімен поезда Қызылжардан бірге келген. Бұл кісінің аты-жөнін сырттай білетін, ол елге белгілі саясаттанушы ғалым екенін де телевизордан көріп жүретін. Сол ағасымен «Тальго-тұлпардың» екі кіслік купесінде Астанаға дейін бірге келіп, жол бойы армансыз сұхбатасты. Тәуелсіз ел болдық, Қазақстанның бар байлығын бұрынғыдей Мәскеу сыпырып әкетіп жатқан жоқ, өзінде қалады, енді бүйіріміз шығатын шығар деген дәмеміз қайда? Халықтың тұрмысы неге төмен, зейнетақы неге аз, бюджеттен еңбек-

ақы алатын мұғалімдердің, дәрігерлердің, тәрбиешілердің, тіпті облыс, аудан қөлемінде мемлекеттік қызметтерде істейтіндердің жалақысы неге тәмен? Осындай қызметтерде істеп күндерін зорға көріп отыргандар бар. Ал сол кезде кейбіреулер ақшасын қайда жұмысарын білмей, даға шашып жатыр деген сұрақтарға көptен айналысып жүрген мәселесіндей профессор көп ойланбай жауап берді.

– Мұның бәрінің сыры – біздегі демократиялық институттардың жетілмегендігінде. Билікті тұтасымен бауырына басып кеткен бұрынғы номенклатурага қарсы ешкім де өркениетті қарсылық білдіріп, талап ете алмай қалды. Саяси партиялар күш біріктіре алмай, жетілмеген күйінде тарап кетті. Арапарынан халықты ерте алатын үздік басшылар шыға алмады, ал көрінгендері болса, биліктің баспасөз құралдары оларды жаманатты қылып, алапес етіп көрсетуге тырысты. Сонын халық оларды қолдауды қойды. Оның үстіне өздері де ауыз біріктіре алмай, бірін-бірі қолдаудың орнына аяқтан шалды. Ал қазіргі саяси партиялар дегеніміз – биліктің қолымен жасалған, соның қолдауындағы қуыршақтар. Олар биліктен ештеңені табанды түрде талап етпейді, керісінше оны қолданап, бағдарламаларының орындалуын қадағалаған болады. Жетілген саяси партия өзінің бағдарламасын жасап, дамудың баламалы жолын ұсынуы керек еді. Мыналада оның иісі де жоқ, деп бір шалқыған Елшібек ағасы ауыр күрсініп, көзілдірігін қолына алыш, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

– Демократиясы дамыған елдердің басқару ісіне арасаса алатын институттары әбден жетілген, олар билік сәл қисық басса, сол мезетінде оған қарсылық білдіреді. Соның бірі кәсіподақ үйымдары. Еңбекақы аз, халықтың әлеуметтік жағдайы тәмен болып бара жатса, олар дереу мындаған адамдарды көшелерге алыш шығып, жағдайларын жақсартуды талап етеді. Бізде ондай болмаған сон, еңбекақыны

сол төмен қалпында қалдыра береді. Оның үстіне халықтың табысы жаппай артса, инфляция өсіп, ақша құнсыздана мадеп қорқады. Шынтуайтына келгенде, мемлекеттікі деген дүние-нің бәрі халықтікі ғой, сол дүниенің өздеріне тиістісін беруді халық талап ете алады. Ал бізде мемлекеттікі дегеннің бәрін билік жеке дара иемденіп алған, халықты оған жолатқысы келмейді. Кәсіподақтар да биліктің рұқсатының шегінде ғана сөйлеп, оған қарсы дауыс көтере алмайды. Заңдарымыз да халықтың жоғын емес, биліктің қолдауына сүйенген байлардың мұдделерін жақтайды. Сондықтан олар тиісті алым-са-лықты да дұрыс төлемей, елді байытудың орнына барлық табысты өз қалталарына басып жатыр. Сосын байыған үстіне байып, оны қайда қоярын білмей, халықтың ішін үдай ашытып, айдалаға шашып жатқандары да бар. Міне, халықтың тұрмысының төмендігінің осындай сырлы бар.

– Ал бізде коррупция деген неге көбейіп кетті, мемлекеттік қызыметтің басындағылар неге ақша үрлай береді?

– Ол да демократиялық әдіс-тәсілдердің жетілмелегендігінен... Бәрі де ашық, халықтың алдында есеп беріліп отырса – миллиардтаған дүние үрланбаған болар еді. Бізде бәрі де жабық, оны білсе – тексеруге барған шенеуніктер ғана біледі. Олар халыққа бәрін бірдей жария қылмай, тек айтұға рұқ-сат берілгендерін ғана жариялады. Сөйтіп, қылмыс жоғары жақ рұқсат берсе ғана ашылады. Сондай жабықтық болған соң, шенеуніктер шамасы келгенше үрлай береді. Қазір оларға тіпті ракат болды, гуманизация дегенді шығарып, заңға енгізді. Енді бәленбай миллиард үрлаған адам соттың шешімімен біразын қайтарса, ешқандай жаза берілмейді. Сосын үрламай қайтсін? Үрлықты да, барлық қылмысты да тиятын жаза ғой. Әлмисақтан бері солай болып келеді, ал біздегі «ізгілендіру» жаза дегенге тиім салып жатыр. Бәрін батыстан үйренудеміз дейді, олардағы жағдай мулде басқа емес пе? Оларда демократия бар, бәрі ашық, халыққа жария

түрде жасалады. Біздегідей бәленбай миллиардты олардың шенеуніктері үрлай да алмайды, ал ұсақ-түйек, бір мың, екі мың ұрланып жатса, оған гуманистік шара қолдануға да болар...

Екеуі алып шыққан тамақтарын ортаға қойып, шәй ішкен. Айқын шешесінің сүрленген сары қазысын ортаға турап, Елшібек ағасына дәм татырды.

– Шіркін, солтүстіктің сары қазысы-ай, балдай ғой, – дей отырып, аузына екі-үш кесегін салып жіберген ғалым:

– Міне, қарашы, – деді, – тісімізді тазалайтын таяқшаны да Қытайдан аламыз. Ине-жіпке дейін өзіміз шығара алмаймыз. Неге?

Айқын иығын қиқаң еткізді.

– Өйткені, бізде шағын және орта бизнесті қолдамайды. Жоғары жақ қолдандар дегенімен, жергілікті билік аяққа тұсау салады. Мәселен, біреу осы тістазалайтын таяқша жаса-мақ болып, ағаш жонатын шағын цех ашайын десінші, оған 20-30 рұқсат қағаз алуы керек болады. Соның ішінде санэпидемстанса да бар. Олар өздерінің осыдан 50-60 жыл бұрын жасалған бір инструкциясына сүйеніп, ағаш жонатын цехтің биіктігі 3 метрден кем болмауы керек, ал мынау 2 метр 80 см ғана, сондықтан мен қол қоя алмаймын деп шыға келеді. Оны қолынды қой деп ешкім қыстай да алмайды. Сонымен басталған іс аяқсыз қалады. Осындай мысалдар толып жатыр, сондықтан біздің ШОБ-ымыз дамымай жатыр. Ал ол экономиканың аяқтан нық тұрғанын көрсететін фактор. Дамыған шетелдерде бюджеттің 50-60 пайыз түсімін солар береді. Ал бізде ол 10 пайызға жетпейді. Оны дамытудың тағы бір жолы – елді мекендер арасындағы жолдардың жақсы болуы. Бізде оған да ешкім көңіл бөлмейді. Үлкен бастықтарымыз тек мега жоба-мега жоба деп бастарын қатырып жүр. Тек үлкен бизнеске қажетті инфрақұрылымдарды жасағысы келеді. Сөйтіп, аяқтың астындағы проблеманы шешпей

жатып, аспандағы айға ұмтылады. Әлгі «арыстан айға шауып мерт болыпты» дегендей, мега жоба дегендерің қазақ айтағын «батыр бір оқтық, байлық бір жоқтық» демекші, әлемдік бір кризистен қалмай аяғы аспаннан келеді. Одан да шағын бизнесті дамытуға назар аудару керек еді. Өйткені ол, анау-мынау дағдарысқа төтеп беріп, жұмысын жалғастыра береді. Даму деген қай күнде аяқтан басталады емес пе, адам баласы да алдымен аяғынан тік түрған соң, басқа денесі де, басы да дами береді ғой...

Аймақтарды дамыту үшін алдымен жолдар керек, соған ешкім көңіл бөлмей-ақ қойды. Облыстардағы басшылар бұл мәселені ескі жолдарды ішінара жамап-жасқаумен шешпек болады, ол түпкілікті бола ма? Устін жылтыратқанымен, асты іріп жатады да, бір-екі жылда қайтадан таз қалпына туседі. Біздей жері үлкен, қатынасы қыын ел үшін алдымен глобаль-ный масштабта жол мәселесін шешу керек. Жері үлкен араб елдерінің бәрі мәселенің бәрін жолдан бастаған, бізге де сол керек. Сонда жолсыздықтың кесірінен 20 пайызы жоғалатын астығымыз да дұрыс жиналар еді. Ең алыс түкпірлерге инвестициялар да жетіп, ел шын мәніндегі өркендеуге бет бүрар еді.

Елшібек ағасының әңгімелерін естігенде, қарапайым адамның білгенін, күнде көріп жүргенін үкіметтің қалай көр-мейтініне, жасағысы келмейтініне Айқын қайран қалған...

\* \* \*

Айқын бүгін демалыстан кейін бірінші күн жұмысқа шықты. Оқу жылдының басталуына он күндей қалған. Мындағы қарбалас жұмыстар әлі аяқталмапты. Былтырғы оқу жылдының аяғында директорлары ауысып, орнына бұрын мектепте бір күн де істеп көрмеген, тек үш-төрт жыл аудан-

дық оқу бөлімінде шенеунік болып жүрген бір жас жігіт келген. Мектептегі оқудың жаңа реформасына байланысты талай жерге осындаған жастар тағайындалған. Нұрлан Шәріпұлы деген сол жігіт мектепке етімді үйретейін, тыныс-тіршілігін сезінейін деген жоқ, бірден өзінің тәртіптерін енгізе бастады. Ендігі жерде мектеп білім бермейді, ол ескі ұфым. Біздің міндетіміз – балаларды өмірге бейімдеу дейді. Оу, білім бермесе мектеп емес, біржолата бейімдеу орталығы деп неге аталмаймыз деп әлсіз қарсылықпен үн шығарған екі-үш мұғалімнің соңынан келген бойында түсіп, ақыры жұмыстан кетуге мәжбүр етті.

Білім беру мен тәрбиелеуді ғана мақсат тұтқан Кеңес мектептерінің жолы дұрыс емес, ендігі жерде мектеп американалықтарша өмірге бейімді түлектер шығаруды ғана мақсат ететін болады дегенді жиі өткізетін жиналыстарының бәрінде жағы талмай тақылдайтын болған. Ондайды мұғалімдер келеке қылышп, жиналыстан шыққан соң, өзіміз бейімделмегенбіз, өзгені қалай бейімдесек еken деп қалжындастын. Ажар деген бойдақ келіншек Айқынға сүйкеніп, осы екеуміз бірігіп бейімделіп көрейікші деп қалжындаған. Сондай әңгімелер де директордың құлағына жетіп қалады еken, Ажар екеуін дереу алдына шақырып, мені тәлекек қылғыларының келсе ұстамаймын, жұмыстан шыға берулерінізге болады деп док көрсетті. Осындаған оқиғалардан кейін мұғалімдер бір-бірінен үркемен қарап, артық-ауыс әңгімелер де айттылмай қалған.

Айқын жұмысқа шыққанын айтпақ болып, директордың орынбасары, өзінің тікелей бастығы Ережеп Ноянулына келсе, ол да жарты ай бұрын жұмыстан шығып кетіпті. Оның екінші әріптесі де кетіп қалыпты. Мектеп іші құйын өткендей, бәрі үрпиісіп қалған. Қабылдау бөлмесінде отыратын қызы да ауысып, оның орнына көздері қоянның бадырағындей шарасынан шыға бақырайған біреу қонжиыпты. Есіл-

дерті есікті аңдуға жаратылғандай жан екен, бастыққа бөтен адамды жолатпай, шақ-шақ етеді.

Дәлізде бұрынғы директоры Гүлнәзия Бектеміровнамен ұшырасып қалды. Бұрынғы айбынды түрінен айрылып, жүні жығылып, жүдеу тартып қалған оны аяп кетті.

– А, Айқын, келдің бе, халың жақсы ма? – деді ол мұның сәлемін самарқау алып.

– Біздікі жаман емес қой, өзіңіз қалайсыз, апай?

– Онып жатқан дуние жоқ, пенсияға аман жетсем, бір күнде түрмаспын бұл жерде... 30 жыл еткен еңбегімді еш қылып, керексіз болып қалдым...

– Бір жайсыздық болды ма?

– Қандай жайсыздық болмады деп сұрасайшы одан да... Ата-аналардан ақша жинайды екенсіндер, қосымша сабақ дегенді қайдан шығардындар деп жаз бойы, әйтеуір бір маза бермеді ғой. Ішінде сендердің тарихтан ақылы факультатив сабақ бергендерінді де сұрады... Соның бәрі жемқорлық, ақша бөліскенсіндер дейді. Жұмыс жүргізілді ғой, балалар қосымша сабактар алды ғой, соларды тексермейсіндер ме десем, құлақтарына да ілмейді.

– Оқу бөліміндегілер ме?

– Солар бастап, сосын финпол деген бір пәлеге беріп, олар бір қадалған жерінен қан алатындар екен, әйтеуір жаз бойы бір тыным бермеді ғой. Бейне бір мен миллион теңге жеп қойғандай көреді...

– Ақылы қосымша сабақ дегендер занды емес пе еді?

– Бұрын занды еді, былтырдан бері жаңа министр өз реформасын жасап, заңсыз болып қалыпты ғой... Енді қосымша сабақ беруге болмайды, дамыту орталықтары дегендер ашылады екен, – деп апай ауыр күрсінді. Сосын қалтасынан орамалын алып, маңдайын құрғатып, сөзін жалғастырды:

– Ата-аналар ақшаларын сондайларға беріп, балаларын соларда дамытсын деген бір шала бүйрық болған. Бірақ

ондайға мен кезінде мән бермеп едім. Жоғары оқу орнын бітірген мамандар тұрғанда Дамыту орталығы деген коммерциялық құрылым не берер дейсің деп ойлағам... Сөйтсем, мектеп айдалада қалып, енді сондайлардың бағы жанған екен. Олар бір мықтылардың «қамқорлығында» көрінеді. Тапқан табыстарын бөліседі деседі... Эйтеуір, бір мазасызықтар туып жатыр...

Айқын апайын не деп жұбатарын білмеді. Ол кісі де бұдан артық ештеңе айтқысы келмегендей, тез қоштасып кетіп қалды. Бір кезде мектептегі оқу мен тәртіпті темірдей қаттылықпен ұстап, айбатымен арбап жүретін тұлғалы әйелдің ұнжырғасы әбден түсіп, екі иығынан су кетіп, бір ғана жылдың ішінде бұкшиіп, шөгіп қалыпты.

Өзі шақырмаса, бастықтың алдына жолау дегенді білмейтін Айқынды бір күні директордың өзі шақырды. Гүлнәзия апайдың кезінде қарапайым ғана болатын кабинеттің ішін жап-жаңа, қара түсті қымбат жиһаздарға толтырып тастанты. Өзі көк тірегендей шіреніп, биік орынтақтың жұмсақ отырғышына бәкене бойы батып кетіп, арқалықтың алдында қылқыып отыр. Не айбат, не парасат іісі сезілмейтін қалтақтаған бір бала. Артына мемлекеттік туды жайыла қадатып, оның үстіне жарқыраған алтын түсті елтаңбаны да ілдіріп қойыпты. Соларға сүйеніп басқарамын деген сөзі ме екен, әйтпесе өмірлік тәжірибесі жоқ, білімі де тайқы осын-дайлар тағдыры мен талқысы тасып жататын, мың адамнан артық адам бағынышты болып отырған алып ұжымды қалай басқарамын дейді екен деп ойлады Айқын.

Үстіне ине-жіптен жаңа шыққандай кәстөм киіп, ақ көйлекке бұқиған мойнын қылғындырып, жұп-жуан галстук тағып алған. Жұқа шашы тайқы мандайын жаба алмай, күшүк қалпын айқындаі түскен.

Бастық орнынан қозғалмаған қалпында Айқынның қолын селсоқ алып, жыртиған көздерін сығырайтып, сынай қарады.



– Мен мектептің қаржылық-шаруашылық жағдайына аудиторлық тексеріс жасатып, көптеген бұлық-шылықтарды өшкереletтім. Ата-аналардан ақша жинауга қатаң тыйым салынғанына қарамай, бұрынғы басшылық қосымша, ақылы сабактар жүргізуге жол берген. Соның ішінде сіз де бар екенсіз. Былтырғы оку жылында тарих сабағынан 15-20 адамға ақылы түрде қосымша сабак беріп келіпсіз. Аудиторлар бәрін анықтады. Бұл заңсыз болған соң, сіздің ісінізді финполға беру керек деген еді, мен жас мұғалім екен, бір жолға кешірейік деп жауып қалдым...

Айқын өзінің адаптацияның қырға шығып, аяқ астынан қылмыскерлер тобына қосылуға шақ қалғанына айран-асыр болды. Даусы да тарғылдана шығып, болған оқиғаның мәнісін түсіндіруге тырысты.

– Тарихты тереңірек білгісі келген балаларды ерікті түрде жинап, қосымша сабак бергенім рас. Бұл жұмыстың ақылы болатындығы да балалар мен ата-аналарға ескертілді. Содан кейін мектеп директорының бұйрығымен, ешкімнен ештеңені жасырмай, 15-20 баламен жұмыс істедік. Балалар ақшаны мектептің кассасына төлеп отырды. Ал бізге ғимарат пен құрал-жабдықтардың арендасы, амортизациялық шығындарды шығарып тастағаннан кейінгі қалған ақшаны қосымша еңбекақы ретінде төледі. Одан салық ұсталды. Қосымша білім алған балалардың тізімі бар, оларды шақырып, сұрауға болады. Сонда осы да қылмыс болғаны ма?

– Қылмыс па, жоқ па, оны құқық қорғау органдары анықтайды. Мәселе, заң бұзушылықта...

– Оқушыларға қосымша білім берудің де заң бұзушылық болғаны ма, сонда?

– Сіз олай бұрманыз, білім беруге болады, бірақ ол үшін ақы алуға болмайды. Заңды білмегендіктен, заң бұзушылыққа барғандық та жазадан құтылмайтынын білмейтін шығарсыз?

– Білген емеспін...

Тайқыбас директор Айқынға өкінішті жүзбен қарады. Оның үғымында қазір жігіт заң бұзушылық жасаған ісін жапқаны үшін бұған алғыс айтып, алдында құрдай жорғалар деген үміт барын Айқын сезген жоқ. Керісінше, кінәсіз екендігіне сенімді болып, айылын жимай отыр. Кіріптар болу ойына да келер емес, қайта не қыла қояр екенсін дегендей айбат бар...

— Жақсы... Бұл әңгімеге артынан оралармыз, әзірге жұмысыңызды істей беріңіз, — деп тайқыбас шіренген күйінде алдындағы телефонның құлағына қолын созды.

Оның несіне ораламыз деген қалып танытқан Айқын ииғын қиқаң еткізіп, есікке беттей берді. Өзінің тәуелсіз қалпымен ол тайқыбастың ашу-ызасын қайнатып кеткенін сезген жоқ.

...Оку жылы басталғаннан Айқынның үстінен түрлі тексерістер мен бақылаулар көбейді. Сырттай «тайқыбас» деп атаған директоры жұмысқа шыққанына жарты жыл өтпей жатып, барлық орынбасарларымен бірге мектептің белсендерін де ауыстырып үлгерген. Қазіргі бастықтардың арасында тек соның тағайындаған адамдары ғана қалды. Жұмыста ауырлай түскен. Сабакқа дайындалудың орнына түрлі папкалар толтырумен уақыты өтеді. Эр баланың сабактың басындағы, ортасындағы, аяғындағы мінез-құлқына сипаттама жазу керек деген талап қана жүзден артық папканы толтыруға міндеттейді. Толып жатқан бақылаулар балалардың сабак үлгерімін, білімін емес, сол папкалардың толтырылуын ғана тексереді. Тайқыбастың ісі тәйкі болып шығып, келгеннен бері айтқан сөздері ақыры шындыққа айналып келеді. Мектеп білім емес, өмірге бейімдеу деген бір солақай «данышпанның» шығарған мұратын тұтынып, тек папкалардың толтырылуымен айналысатын мекеме болып келе жатыр. Осының бәрі америкалық әдістің озықтығымен жалғастыра мақталады. Баяғыда американалық колледждерді

бітірген окушылар картадан Қазақстандай алып республиканың қайда екенін де білмейді, ал біз олардың барлық 51 штатының қайда тұрғанын көрсетіп бере аламыз. Қанша мақтанса да, Америка дегенің дұрыс білім бере алмайды екен-ау. Білмеген соң ол қандай білім деп бұлар қүлетін еді. Енді қазір сол білімсіздік артық болыпты...

Осындаイラрдың әсері болған соң, оның үстіне ойнап-күліп, әзілдесіп жүретін 2-3 мұғалім жігіттің шығып кетуімен былтырғыдай емес, Айқынның мектепке деген көңілі суып қалды. Таңертең жұмысқа шыққанда тек Сараны көретіндігі ғана көңіліне медеу болады.

Бұрынғы дағдымен қызың сенбі сайын келіп тұрады. Бүгінгі сенбіде де келіп, үйдегі әйелдің алақанын тілеп тұрған жұмыстарды тасқаяқтай қағыстырып, Айқынды түскі асқа шақырды.

– Сіз қазір көңілсіз жүресіз? Жүдеп те кеттіңіз? Бір нәрсеге қиналып жүрсіз бе?

– Иә, Сара, дәл таптың, қиналудамын. Мына жаңа бастық келгелі тынышсыздық келді, мектептегі барлық бос уақыттым ешкімге де керегі болмайтын бір папкаларды толтыруға кетеді. Сабакқа да дайындалып үлгере алмаймын. Соның бәрін толтырудан әбден қажимын...

Қызың не деп жұбатарын білмей, тек аяныш білдірген аялы көздерімен қарай берді.

– Міне, қарашы, күніне беретін алты сабактың жоспары біреу, өзіндік білім жетілдіру жоспары екеу, үйірме жұмысының жоспары ушеу, дарынды окушылармен жұмыс істеу жоспары төртеу, үлгерімі төмен окушылармен жұмыс істеу жоспары бесеу, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары алтау, сыныптағы тәрбие жұмысының жоспары жетеу... Бұл жартысы ғана. Санап шығудың өзі адамның басын ауыртады, соның бәрі бөлек-бөлек папка, соларды толтырумен барлық уақытың өтеді. Сабакқа дайындалуға еш мүмкіндік жоқ. Пап-

каларды құр толтырмай, істелген жұмыстардың фотосын да салуың керек. Фотоаппарат алып жүретініміз де содан...

Ауыр күрсініп қалған жігіт қыздың өзін аяп қамығып қалған жүзін көрді, бірақ күйіншіті әңгімесін аяқсыз қалдыра алмай жалғастыра берді.

– Сараптама, бақылау, мінездемелер жазу дегендер де бар, олардың бәріне бір-бір папка ашуың керек, әйтеуір шаршатады. Сара, мен осы мектептен кететін шығармын... Өзім іздегенмен, дұрыс қызмет таба алмаймын... Осы ертең-бұрсігүні Қызылжардағы ағама айтып, көмектесуін сұрап көремін. Оның өзі де мектептен кетуің керек деп қынқылдан жүр еді...

Сараның жүзі қызарыңқырап қалды. Бір кезде Айқын мектептен кетсем ғой, ешкімнен жасырынбай күнде кездесіп тұратын едік деген, қыздың есіне сол түсіп, қуанғанын білдірмеуге өз-өзінен қысылып қалған еді.

Осы әңгімeden кейін Айқын Айбынға хабарласып өзінін ойын айтқан. Ағасы оған қуанып кетіп, жақын күндердін бірінде Астанаға келетін сапарында кездеспек болған.

Бүтін сол уәдемен екеуі кездесіп, ұзақ әңгімелесті.

– Міне, көзің енді ашылып келеді... Қазір жанталасып қимылдаудың заманы, мына жерде бақандай бір жыл істемей-ақ ертерек кетуге болатын еді, – деп қатты ойланып, өзінің қалтафонынан бір таныстарын іздей бастады. Ақыры керек адамын тапқан болуы керек, онымен емен-жарқын сейлесіп, кешке кездесетін болып келісті.

Өзі айтқан сөзін, берген уәдесін шапшаң орындастын жылпос жігіт болып алған екен, қызметі облыста болса да Астананы шауып, мында да талай адаммен ауыз жаласып алғаны көрініп тұр.

– Кешке екеуміз бір үйге қонаққа барамыз, жинал... Менің бір жақсы жолдасым, бүгін әйелінің туған күні екен... «На ловца зверь бежит» демекші, дөп келгенін қарасайшы. Жолың болар. Жақсы подарка алуға тұра келіп тұр енді...



Сенің мәселеңді сол жігіт шеше алады. Министрлікте бір департаменттің бастығы... Айтқандай, бойжеткен қызы да бар, осы көктемде Германиядан ба, Америкадан ба өкүп келген, танысасың... Ұнаса келін қылып алып та қалармыз... Кім біледі...

– Ой, қойшы, мамам құлағымның етін жеуші еді, енді сендер де бастадындар ма?

– Біздікі айту парыз, орындау өзінің міндетің... Оған несіне шамдана қалдың? Үйленетін жасқа келгенің рас...

Әңгіменің бетін басқа арнаға аударғысы келген Айқын сонда қандай жұмысқа сұранған дұрыс деп қалды. Оған Айбын мырс етіп күліп жіберді де:

– Ай, бауырым-ай, сен әлі де сол наивный қалпында екен-сің-ау. Олай сұрауга болмайды, қазір. Қандай жұмыс ұсынса соған баруың керек. Ең бастысы, еңбекақысы мен «движение-сінің» шарты келсе болды фой...

Апырай, сонда мен де мынау сияқты май жаққан терідей жылпышдаған шенеунік болуым керек пе, басқа жұмыстың реті болмағаны ма деп ойланып қалған жігіт ағасымен көңілсіз айрылысып, кешке жолығатын жерге келетін болып қоштасты.

...Астанадағы корейлер салған «Хайвилл» тұрғын үй кешенінің үшінші қабатындағы төрт бөлмелі пәтерде тұратын Мансұр Сағатовичтің үйі соншалықты кең емес екен. Қазақтарға қажеттісі зал фой, ол кең жайлау емес, айналымға келмей, асүймен скандинавиялық стилемен жалғасқан күйкі қалып танытады. Бөлменің қабыргалары да жайдары жарқын емес, жиһаздарымен бірге сипыра ашық қоңыр түсті, көңіл күйді бір арнаға тоғыстырып, ой жүйенді еркін самғаттайтын қалыппен сұп-сұр болып тұр. Есесіне үш жатын бөлмелері бір-біріне байланыспай, алшақ жатыр. Онысы енді... әр бөлменің тұрғындары бір-бірінің қыбыр-жыбырын естімейтін болғандықтан жастарға қолайлы екен.

Шақырылған қонақ көп емес, әсілі, Айбын өзі хабарласқан соң ғана келініздер деген болуы керек, эйтпесе үйдің іші көп мейман күткен қалыпқа ұқсамайды. Айқын мен Айбыннан басқа осы кешенде тұратын Шолпан апайдың інісі ғана әйелімен болды.

Санжар деген ұлы мен Лэйла есімді қыздары қонақтар дастарханға отырып, әңгімелері жарасып, жапатармағай жайылып жатқанда бір-ақ келді. Онда да бірге емес, әуелі ұлы, ең соңғы болып қызы келді. Екеуі де аналарын құшақтай құттықтап, әкелген сыйлықтарын қонақтардың кезінше, еш қысылмай тапсырып жатыр.

Қазақтың Лэйла деген есімін «Лэйла» дегенге бұрып алғандарды Айқын бұдан бұрын да бірнеше рет көрген, мына қыз да соның бірі екен. Ұзын бойлы, ашаң, шашын жалбыра-тып қидырған аққұба қыз ештеңеден именуді білмейді, өзіне ұнаған нәрсесін, қалаған қылтығын жүрттың көзінше істеп жүре беретін тым еркін тотай екендігі көрініп тұр. Дастарханға отырған бойында «қарын хочу» деп ортада тұрған табақтың астан-кестенін шығарып, өз шанышқысымен іздей бастады. Анасы қызының еркелігін тия қоймады, ал әкесі тыймақ түгіл оған болысып, көзіне түскен туралған қарынды қызының тәрелкесіне салып әлек.

Қыз әуелде Айқынды көзіне де ілмей отырған, Айбынға сөз тиіп, ол туған құн иесін құттықтап, құлағына үлкен гауһар тасты сырға салғанын көрген соң ғана оның інісі деген жігітке жүзі жадырап, күтпеген жерден ықылас білдіріп, көржерді сұрап, әңгімеге тарта бастады.

Ас ішіліп болған соң үлкендер кең балконға кетті де, қыз шешесіне болысып, үстел жинасқан жоқ, Айқынды бірден өзімсініп, бөлмесіне баруға шақырды. Неше түрлі еркөңіздарды көрсе де, қонақ күтіп жүрген шешесіне саусағының ұшын қимылдатып болыспағанды бірінші рет көрген Айқын таңырқағанын жасыра алмай, оның соынан ерді.

Шағын бөлменің іші қыздың тұрағындағай емес, ашылып-шашылып жатқан дүниелері жайрап жатыр. Бірақ қыз одан айылын да жимай, қоқыратып, бір бұрышқа сыра салды да, Айқынды тергеудің астына алды.

Арасында ағылшын сөздерін қосқаны болмаса, қыз тек орысша сөйлейді. Айқынның орысшадан нан сұрарлығы болғанымен мұндайға елтімей, тек ана тілінде сөйлеуге тырысатын. Мына оспадар қызға да ерегесіп, қазір тек қана қазақша сөйлеп отыр.

– Сен университет бітіргеннен бері әлі мұғалім болып жүрсің бе? – деді қыз.

– Иә, онда не тұр? Өз мамандығым бойынша қызмет істеп жатырмын...

– Сонда, әлі күнге бакалавр ғанасың ба?

– Иә...

– Магистратураға да түскен жоқсың ба?

– Барып едім, түсе алмадым. Ағылшын тілінен құладым...

Қыз бұл сөзге ытырынып қалды.

– Как... қазіргі заманда ағылшын тілін білмеу ұят қой...

– Эрине, ұят. Ана тілін білмеген одан да әрмен ұят...

Өзінің бағанадан бері қазақша сөйлемей тек орысша сайрап отырғанын жігіттің іліп қалғанын қыз түсіне қалды. Бірақ мойын қойып, мән бермей, миығынан құлді де, сұрақтарын жалғастыра берді.

– Қазір жастардың бәрі әрбір күнін пайдаланып усовершенствоваться етуге тырысада. Ал сен әлі күнге бакалавриатпен қанағаттанып қалыпсың... Қызық екен. Оның үстіне Айбындан продвинутый ағаң бар. Тым болмаса, шетелдің бір университетіне барып, тәлімдемеден өтпелдің бе?

– Қай уақытта барамын... Жұмыс істедім емес пе?

– Түү, сол мұғалімдікті де жұмыс деп... Айына көп болса жүз мың алатын шығарсың?

– Бүйірганын аламыз...



– Ағылшын тілін үйрететін курсқа да жазылған жоқсын ба?

– Оған уақыт жоқ қой, сабақтан шаршап келемін, одан дайындалу керек...

– Фи... қандай тормозной жігітсің. Сенің орнында басқалар бір күн уақытын босқа өткізбей, жетіліп жатыр. Мысалы, мен биыл Гарвардқа барып, бір жыл оқып келдім. Сол жақта жұмысқа қалайын деп едім, «предки» болмай алып келді... Мені бір американецке тұрмысқа шығып кетер деп қорықсан-ау деймін.

Жігітке қыздың барлық қылыштары да ұнамады, бірақ ойын бүкпесіз айтатын ашықтығы бойын үйретіп, өзіне тарта берді. Мақтаншақтығы да бар екен, жас баланың ойыншыққа алданғаны сияқты түкке тұрмайтын бір заттарын көрсетіп, көп бөсті. Ал әкесінің өзіне үш бөлмелі үй сатып әперуге уәде бергенін айтқанда тіпті ашық мақтанып, мәз болды.

Көңіл аңғарына қарағанда, Айқынға кет әрі емес екені көрініп тұр, бірақ сары алтындаі Сарамен салыстырғанда сені қайтемін деген ниеттегі жігіт онымен тек бір көрген таныс сияқты сөйлесті. Кетерінде қызы жігітке өзі білетін ақылын да айтып қалды.

– Сен бір курстарға жазылып, уақытты босқа өткізбей тезірек ағылшын тілін үйрен. Сосын магистратураға түсіп ал, жас кезде оқып үлгермесең, кейін бәрінен құр қаласың. Орыстар «под лежачий камень вода не течет» дейді емес пе, жата берсең уақытың босқа кетеді, – деді.

# *Құлдырау*

Қонақтан көнілді шыққан Айбын қонақүйге бармай, інісінің пәтеріне келген.

– Мәселенді Мансұр шешетін болды, – деді ол інісін бірден әңгімеге тартып.

– Эрине, әйеліне 250 мыңның сырғасын салған соң шешпей қайда барады?..

– Ей, бауырым-ай, ол әлі басы ғана ғой... Жақсы қызметке тұрып кетсең тәңгемен құтылмайсың, жасыл қағаздың 10-15 мыңын жұтқызыамыз, әлі...

– Масқара! Қымбат қой!

-А как ты думал?! «Движение» жасайтын жұмыс болса оны өзің ептең қайтарасың, сосын...

– Менің ондайға ебім жоқ қой.

– Үйренесің, қорықпа. Истеп жүргендер іштен оқып туған жоқ, өмірдің өзі үйретеді. Бәрінен де сен қызы туралы айтшы. Ұнады ма өзіңе?

-Ой, анау біреуге әйел болатын қыз емес, есі-дерті дүние, мұлік, байлық, қызыру...

– Ондайлары бала тапқан соң басылады. Ең бастысы, оның ақшасы ғой. Көрдің ғой, әкесі керемет жақсы көретінің... Ал Мансұрдың байлығы жетеді. Менің білуімде ғана оның бірнеше балабақшасы, баспасы, дүкені бар. Бәрін әйелінің атына жаздырып қойған. Қызын алсаң, солардың бір-екеуін саған қоса береді. Сонын бай болып шыға келесің, – деп ағасы ыржиды.

Әйелсіз өтсем де мына қызға жоламаспын дегенді айтқысы келіп бір оқталса да, Айқын ағасының көңілін қимай іркіліп қалды. Дегенмен, үнсіз қалмайын деген оймен:

– Өзі менен екі жас үлкен де екен. Қайтемін ондай қызды, апа қыламын ба?

– Қазір ондайға қарамайды, екі жас түгіл пайдалы болса 10-15 жас үлкенде де алады...

– Ондайлар ұятты білмейтін бұзылған халықтар ғой. Бізге ұят болады...

– Ой, сөзіне болайын. Қазақ өзінен үлкен әйелді ешқашан алмап па? Ағасы өлсе, әменгерлік жолымен өзінен әлдеқайда үлкен, сарықарын бәйбішелерді де жас бозбалалар құшып жүре берген...

– Ол бұрынғы заман ғой. Ағасының балаларын жетім-сіреппеудің жалғыз амалы сол болған соң қайтсін?.. Қазір ондай жоқ.

...Ертесіне жұмыс күні болса да, Айбын інісінің шаруасымен тағы бір күнге қалған, түстен кейін мектепке телефон шалып, үйге тезірек жетуге шақырды. Бүтін-ертең жұмысқа тұрып кетермін бе деп алқынып жүрген Айқынды салқын жүзбен қарсы алған ағасы қызмет табылып тұрғанымен, алдымен мемлекеттік қызметшілер өтетін емтихандардан өтуі керектігін, ол кемінде 10-15 күнге созылатынын айта келіп, ауысу тек келесі оқу тоқсанына қалдырылатынын ескертті. Қандай жұмыс екенін, не істеуі керектігін, еңбек-ақысы қанша болатынын айтуды тіпті артық санағандай болып, өзі кездесіп қалған жерлесінің машинасымен Қызылжарға аттанып кетті.

Осы күннен бастап Айқын мемлекеттік қызметшілер білуге тиісті бес заңды оқып, оның талаптарын жаттауға кірісті. Жігіт заң баптарының нақты болмай, сүйрей салдығана болатынына бірінші рет назар аударды. Кейбіреулері тіпті талап та емес, жәй хабарлама дүние сияқты бір-

деңе, мұндай заң қалай бұзылмасын? Бұрын-соңды заңмен жұмыс істеп көрмеген Айқынға осының бәрі қызық болып көрінді.

Екінші тоқсанның ортасынан қар жауғанымен, қара жерді тегіс қамтымаған. Есесіне ызғырық қара жел адамның бойын бүрістіріп, күшешек халге жеткізген. Киімі қалың болса да, тұла бойды қалтыратып жіберетін Сарыарқаның ызғырығы адамға жайсыз тиіп, бір қырындастып жібереді.

Осындаған бір күні Айқын мектептен шығып, аялдамаға қырындалап келе жатыр еді, үлкен жолмен өтіп бара жатқан жеңіл машина сыр етіп тоқтай қалды. Мен таксиге қол көтермеген едім ғой, кімге тоқтады еken деп қараса, ақсия күліп бұрын мектепте бірге істеген жолдасы отыр.

– Кел отыр, жеткізіп тастаймын, – деді ол күліп.

– Өй, сен таксист болып кеткеннің қай жағындастың? Халың қалай, аман-есенсің бе? – деп амандасып жатқан Айқынға:

– Сен әлі мектепте істейсің бе? – деп, Саржан жауап берудің орнына таңырқай қарады.

– Енді қайда істейді деп едің?

– Әй, құым-ай, Сараны қимай жүрсің-ау, әйтпесе осы күнде сендей адам мектепте істер ме? – деді жігіт әзілдеп.

Оның әзілі Айқынның үстінен сұық су құйып жібергендей тіксінти.

– Айтып отырғаның не? Сара дегенді қайдан шығардың?

– Е, сенің Сараға ғашық екенінді жүрттың бәрі білгенде мен білмейді деп едің? Оның несіне таңырқадын?..

Мына сөздер жігітті шынымен таң қалдырды. Өздері біздің арамызды ешкім де білмейді деп құпиялап жүрсе, жүрттың бәрі біледі екен-ау... Қайдан біле қояды, осы жүрт? Екеуі туралы талай өсекті де сапырған шығар-ау? Ойбай, бәтір-ау, оқушыларыма не бетімді айтамын деген сияқты ойлар жігітті қатты қысылдырды.

Осы күннен бастап жігіт мектепке беттеуге арланатын болды. Сараны көріп қалса, салқын амандастып, басын изей салады. Бұрынғыдай жылы жымыып, көзімен аймалауды қойды.

Есесіне ерекше ермек табылды, Лэйла күнара хабарласып, көр-жерді айтып тұратын болды. Осы қыздың маған көңілі кетіп жүрген жоқ па, қайтып арамызды сұтуға болады дегенді ойлад, тіпті Айқынның басы қатты. Бірақ еті үйрене келе хабарласқанын теріс көрмейтін де сияқты. Оның таусылмайтын сұрақтарына келте жауап берген сайын анау өзеуреп, бұл білмейтін жаңа қызықтарды тауып алады.

Сөйтіп жүргенде екінші тоқсан аяқталып, мектеп қысқы каникулға шықты. Осы демалыс күндері Айқын министрлікке ауыспақшы, құжаттарын өткізіп қойған. Лэйла бір шетелдік фирмандың Астанадағы филиалында қызмет істейтін, олар да Айса пайғамбардың туған күніне орай «Рождественские каникулы» дегенге шыға қалды. Мұндайда шетелге баратаң қыз биыл Бурабайды қалапты, сондағы қымбат демалыс үйлерінің біріне әріптестерімен бірге бармақшы екен, Айқынды да өздерімен бірге жұргуте шақырды.

Басында еш алаңсыз келісіп қалған жігіт артынан қалай құтылудың ретін таба алмады. Демалыс күндері Сарамен бірге болармын деген басы енді көлденеңнен киліккен көк етіктінің құрсауынан шыға алмай қалды. Оның үстінے қызды өкпелетіп алудан жасқанды, ерке қыз әкесіне шағынса, ертеңгі күні кіргелі тұрған қызметтен айрылып қалармын деген қауіп те бір жағынан қысып барады. Өз көңілі мектептен көшіп қойған, оның үстінен, қайдан естігенін кім білсін, мұның министрлікке ауысатынын біліп қалған «тайқыбас» қазір алдында құрдай жорғалайтын болған. Ал егер министрлікке өтпей қалса, оның мойнынан түспесі де сезіліп тұр. Әмірді адамгершілікпен емес, қызмет орнымен ғана бағалайтын мансапқор неме мұны тек үлкен қызметіне қарап

қана адам қатарына санайтынын Айқын бірден сезген. Сондай пасықтың қол астында тағы да қалып қою ендігі жерде өліммен тең еді...

Сөйтіп, Сарамен қимай қоштасып, ертесіне төрт «Джиппен» шыққан Лэйланың әріптестеріне еріп, жігіт Бурабайға кетті. Алдағы қызыққа құмартып, мәз болған топтың ортасында жалғыз өзі тұтқынның қүйін кешіп, көнілі көтерілмеди.

Жол бойы бірнеше рет тоқтап, «вискиден» ауыздары боса-маған жастар демалыс үйін бастарына көтеріп, тек түстен кейін ғана жеткен. Мұның қабағында кіrbің барын сезген Лэйла бұрынғыдай емес, асты-устіне түсіп, көнілін жадыратуға тырысып бақты. Бұлардың тобындағылардың бәрі де шетелдердің демалыс орындарына жиі барып жүретіндер еken, келгеннен қонақүйдегі сервистің кемшіліктерін айтып, сарнай бастады. Әсіреле, тау шаңғымен сырғанайтын төбенің сапасы мен көрсететін қызметін француз Альпісіндегі Крушевельмен салыстырып, түгін қоймай жамандайды. Әрине, ондағы сервистің жоғары екені сөзсіз, бірақ олар осы сапаға ұзақ жылдарда жетті емес пе? Ал біз қызмет көрсетудің не екенін білмейтін, түскілік болса «обед» деп бәрін қараң қалдырып, жауып тастайтын совоктың сойқанынан жаңа ғана шықтық қой дегенді айтса, құлақтарына да қыстырмайды. Сонын Айқын олармен сөз таластырып, пікірін айтуды да қойған.

Қонақүйдегі нөмірлердің бәрін Лэйла жұмыс істейтін компания төлеген екен, бәріне бір-бір жақсы бөлмеден әперіпті. Арасында Айқын секілді 2-3 қонақ болмаса, бәрі сол компанияның қызметкерлері. Өзін қонақ ретінде сезінген жігіт мұнда көнілсіз қалпымен бірге басы-бойын еркін ұстаудан именіп, сезімге де қатты берілмейтін. Жолдастарының алдында мұны көптен білетін танысы етіп көрсетпек болып жүрген Лэйланың қылықтарынан да бойын алып қашуға тырысады.

...Демалыстың үшінші күні аяқталып келе жатқан. Жастар кешкі астан соң ресторанға келіп, билеп, сусында, ойын күлкімен отыр еді. Айқынды меншіктеп алған Лэйла оған қатты сүйкеніп, жабысып отыр. Айырымы терең жұқа кейлегінен аппақ сандарын да ашып қойып, Айқыннан еш именбей жарқылдатып бірінің үстіне бірін кезек салады. Билегенде де ешкімнен ығыспай, мойнына асылған бойы ыстық демі мен жұпар иісіне арбауда. Кештің қызған бір тұсында виски аңқыған аузын барынша жақындастып, мені нөміріме жеткізші деді. Қып-қызыл, сүйрік еріндері де шөлге қаталағаңдай кезеріп, аңқиып қалыпты.

Басында қызды қызып қалған екен деп ойлаған Айқын оны сүйемелдеп, үшінші қабаттағы бөлмесіне жеткізген. Есікten кіргізіп жіберіп, қайтуды ойлаған еді, қайдағы... қыз барлық әйелдік жалынымен арбап, мойнына асыла кетті...

Қазақтың ғажап жазушыларының бірі Бердібек Соқпақбаев «әйел де арақ сияқты, сүйсініп ішсең де мас қылады, сүйсінбей ішсең де мас қылады» деген еді, Айқын да солай, сүйсінбейтін әйелдің құшағына қалай мас болғанын сезбей қалды...

Демалыс уақыты аяқталып, Астанаға қайтқанда Айқын мен Лэйла ерлі-зайыпты қатынастағы адамдарша журді. Ерке қыз оңашада тұла-бойына массаж жасатып, өзінің ерекк сүйкенбеуге тиісті жерлерінің бәрін ұстартты. Есіне Сара тусіп кеткенде, селк етіп оянғаңдай шошынатын Айқын жалғаншының арбауынан қалай құтылууды ойлап, әбден басы қатты.

\* \* \*

Осы күндері Айқынның көрген күні түстей болып, жыланға арбалған торғайдай шырмалып жүр. Оралымды қызметке тұрғызған Мансұр ағасының өзіне жай қыз-

меткери емес, жақын жанындай қараған жылы қатынасы бір жағынан қысып, күніне 2-3 рет хабарласып, мазасын кетіретін қызы екінші жағынан арбап, Айқынның жанын отқа салды. Бұрын демалыс күндерін тұтасымен арнайтын Сараны көргісі келіп, жаны шырқырап тұрса да, оған түрлі сұлтау айтып, қашқалақтауға мәжбүр болған басы түн үйқысы төрт бөлініп алаңдайды. Бастықтың ерке қызы мұны сенбі-жексенбі күні жалғыз қалдырғысы келмей, жүрдек мәшинесімен желдіріп келеді де тұрады. Энеуті жақындықтан кейін көнілін сұтыып, бойын аулақ салуға тырысқан жігітке бұғалықты қыл мойыннан салуға тырысып жүрген сияқты. Экесіне шағынса, оны өкпелетіп алармын дегенді ойлаған жігіт қыздың қылықтарына амалсыз көніп, айдағанына жүріп, айтқанына барып жүр. Жігіттің әкесіне кіріптар еkenін сүм қызы жақсы біледі, сондықтан әкесін мақтап, оның таныс-блістері де көп еkenін, перспективасы да жоғары еkenін үнемі еске салып отырады.

Ертеңгі күн сенбі еді, міне тағы да оның нөмірі жарқ етіп, телефоны шыр етті. Айқын тыжырынған түрмен тұтқаны амалсыз көтерді. Соңғы кездескенде екеуі аралары салқын болып айрылысқан, жігіт оны бір өтірігінен ұстап мойыннатпақ болғанда анау қарсыласып, бетпақтанып қалған. Сол ашуы есінде болса керек, қызы амандық жоқ, саулық жоқ өктем дауыспен сөйледі:

– Сен неге маған хабарласпайсың? Неге тек мен ғана саған хабарласым керек? – деді салғаннан.

– Менің саған айтатын не жаңалығым, не хабарым болмаса не деп звондаймын, – деп әзілдемекші болған еді:

– Маған соларды айту үшін ғана звондауың керек пе, жақсы көретініңді, сағынғаныңды неге айтпайсың? Ана жолы өзің айттың ғой, сенімен болған көнілді, көп қызықтар көресің, сағынып қаламын деп...

– Ондай қызықтардың бәрі адамды жалықтырады ғой...



— Ах, солай ма? Онда мен де саған звондамай-ақ қояйын, — деп жоқ жерден тұлданған қыз телефон тұтқасын тастай салды.

Бұл жолы оңай құтылғанына қуанған жігіт дереу Сараға хабарласып, ертең оны үйінде сағына күтетінін айтты.

— Ағай, сіз мектептен кеткен соң басқа жерлерде де кездесетін боламыз деген едіңіз? — деді сөзін тұтас айтудан именген қыздың үні құмырып.

— Солайы солай, бірақ ертең үйге келсейші, сосын қайда баруды ақылдасармыз...

— Жарайды, онда, — деді Сара жібектей есілген жұмсақ үнімен.

Жаным-ау, жалғанда сені басқа жанға айырбастармын ба, өлсем де, деп өзінен өзі қүш кірген жігіт енді қызды қайда қыдыртудың жоспарын ойлап кетті. Есіне жұмысқа жақын жердегі концерт залы тусіп, жылдам барып ертеңгі кешке екі билет алды.

Жұмыстың қалған уақытында Айқынның жүзі жайнап жүрді, оны жаңа қызыметтестері де байқап қалыпты. Саржан деген жігіт ағасы әзілдеп, аяқ астынан қызыл тулкіге асыққан алғыр қырандай құлшынып кеттің ғой деп жатыр. Жігіттің тұтқын құстай сағынып, үш апта бойы сүйгеніне жете алмай жүргенін ол қайдан білсін? Ләйла соңғы демалыстардың бәрінде мұны анда-мында шақырып, қолын босатты ма? Бармауға болмайды, көк «Джипін» көлденендетіп келеді де тұрады. Жанында ұзын бойлы, әсем жігіттің жүргенін мәртебе көретін сияқты, араласатын құрбыларының бәріне көрсетіп және олардан қызғанып, сүйкенген әзіл-қалжындарынан қақпақылдал кететін де мінездер көрсетіп жүр. Соңғы жолы Қекшетау трассасының бойындағы бір демалыс орнына барғанда мұны қайта-қайта биге шақырған, мектепте бірге оқыған Жайна деген сұлу қыздан қызғанып, буынып қала жаздады. Кештің шырқын бұзып,

оғаш мінезін де жасыра алмай, жігітті мәшинесіне отырғызып, ешкіммен қоштастырмай алып кеткен. Енді сол Жайна да бұған телефон соғып, бір жаққа шақырғанын қалап тұрады. Жігіт болып бұл ізdemеген қыздың өзі қайта-қайта хабарласқаны баяғы Мөңкенің «қарап тұрған жігітке қызы асыларының» кері...

Екі күн демалыста Сарамен болғанда көптен көріспеген ғашықтардың әңгімесі таусылмады. Жандары бір-біріне жақын жандар алақандарынан ұстап отырған қалпы елжірей қарасып отырды да қойды. Алдына отырғызып, ыстық құшағына алғанда қыз да жігітін мойнынан қысып қояды. Кей-кейде еріндері де бір-біріне жабысып, өзге дүниенің бәрін ұмытып, мұлгіп кетеді. Жайшылықта екі кісіге тарлық ететін орынтақ та жабысқан ғашықтарға жайлы тиген. Жол көрген жігіттің қолдары еркін кетіп бара жатса, қыз есін тез жинап, ыстық құшақтан селк етіп тартылып, босанып алады...

Осы отырған қалыптарында екі күн емес, өмір бойы отырса да екеуі өкінбестей еді.

Дүйсенбі күні жұмысқа шыққанда Айқын барынша көңілді-тін. Өзін көптен бері басып жүрген уайымдарын ұмытып, бір сәт қатты сергіп қалған. Осы екі күнде Лэйла да хабарласпай, көңілін алаңдатпады. Үнемі бояумен ғана әсем көрінетін оның көздері мен келбеті сүртініп тастағанда күйкілеу екенін де ана жолы оңашада көріп, қазір оны еске алғысы да келмейді. Оның үстіне өзімшіл мінезі жан-дүниесін одан бездіріп, қапелімде еске түсіп кеткенде, бойы асуýден тарақан көргендей түршігіп қалады.

Жұмыстың қызуымен ештеңеге алаңдамай жүр еді, түске таяу қалтафоны шырылдаپ қоя берді. Танымайтын жанның номірі шығып түр екен, жігіт «ух» деп көтерген. Ар жағынан кекслеу әйелдің салқын даусы естілді.

— Айқын, сәлеметсің бе, мен Лэйланың тетясымын, есімім Райхан, бас прокуратурада қызмет істеймін, бүгін екеуміздің

кездесуіміз керек, мен сені кешкі сағат жетіде «Отырар» кафесінде күтемін. Кіріп келгенде оң жақ қатардағы ең шеткі үстелде отырамын, – деді әйел барлық сезін нақпа-нақ айтып. Қапелімде әйелдің мысы басып, «жоспарлаған шаруам бар еді» деп айта алмай қалған жігіт келісімін бірден беріп қойып, артынан «қап» деп өкініп қалды.

Бұл хабар Айқынның үстінен мұздай су құйып жібергендей селк еткізді. Мәссаған, ендігі жетпегені бас прокуратура еді. Ондай әйелдің менде не ақысы бар деп ойласа да, жігіт өзінің мойнына түскен қыл тұзақтың тарыла бастағанын сезіп түр. Төсекте неге жақындаасын, енді үйленуге тура келеді деп қинамаса болды. Әлде сүм қыз аяғым ауырлап қалды деп пәле жаба ма?

Бұл сүмдықтан қалай құтылуға болады? Бас прокуратурада істейтін апасын іске қосқанын қарасайшы, тым болмаса жай да адам емес. Бәсе, екі-үш күннен бері неғып тым-тырс бола қалды деп ем, осында тұзақ құрудың қамында жүр екен ғой.

Айқын қызды бұрынғыдан бетер жек көріп кетті. Не деген аяр адам еді. Барлық әңгімесінде айтатыны тек құлық-сүмдықтар, қайтып қастық жасаудың шытырмандары. Бурабайдағы күндердің бірінде вискиге елтіп отырып, тіпті өзінің дос қызына жасаған қастығын да айтып қалған. Құрбысының махаббатын қызғанып, оның жігітіне өзімен саунада бірге болғанда білдірмей түсіріп алған жалаңаш суретін басқа бір еркектің қалтафоны арқылы салып жіберіпті. Эрине, сүйген қызының жалаңаш суреті танымайтын адамның нөмірінде жүргені жігіттің тәбесінен жай түскендей қылады. Бұл кімнің нөмірі болды екен деп дереу хабарласса танымайтын еркектің гүр еткен даусы естіледі... Содан екеуінің махаббаты трагедияға айналып, айырылысып кеткен екен. Ал мынау біреулердің ақ махаббатын солай аяқта басқанын айызы қанып, әңгімелеп беріп еді.

Енді не болды? Бармай қойса қаштың деп тағы да жазғыратын шығар, анау-мынау емес, прокуратураның адамы болса, пәле жабудың да қитұрқылықтарын біледі ғой.

Айқын басында Лэйланың қайта-қайта келгіштеп жүргенін үлкен пәллеге қалармын деп ойламаған. Бір нәрсеге келіспей қалып, қатты сөздер айтып ұрыссып қалсам, өзі де жоламай қояр деп ойлаған еді. Сейтсе, сүм қызы мұны арқандаудың әдісін тереңге тарта бастаған сияқты. Мына үлкен кісіні қосуына қарағанда да мәселе қыындал бара жатқандай...

Көп дұдамалдан мезі болған Айқын не де болса көріп алдым деп өзін-өзі қайрап, көп ойларды бастан қуып, жұмыстың аяғына дейін зорға шыдаپ, әйелдің шақырған жеріне тартты. «Отырар» дәмханасы мұның қызмет орнына жақын жерде орналасқан, бас прокуратураның ғимаратымен екі ортада болатын. Жігіт қалың ойдан шыға алмай, оған жаяу барды. Бұрын да бір-екі рет болған орны еді, кіреберістің он жағындағы, кең залдың қаракөлеңкелеу түкпірінде отырған ақ жағалы әйелді бірден тапты.

Тұр-тұсі суықтау, жинақы отырған қыр мұрынды қарагер, мосқал әйел Айқынның өне-бойына барлай қарады. Сөзі де, ісі де байсалды, көпті көрген, көп ой түйген адам екені көрініп тұр, ол әуелі Айқынның өзінің шақыруына келгені үшін алғысын айтуды ұмытпады. Сосын даяшыға ымдал, екеуіне кофе келтірді. Асықпай қимылдал отырғанына қарағанда, әңгімені тереңнен бастайтын сыңайлыш.

– Шырағым, Айқын, мен сенің анаң сияқты адаммын, біз де уш-төрт бала өсіріп, қатарға қосқанша дамыл көрмей, барлық қанымыз берген жандармыз...

Одан әрі өмірде неше түрлі қыындықтар көріп, көп оқып, көп еңбек етіп, ақыры міне, әділеттің аға кенесшісі дәрежесіне дейін өсіп, бас прокуратураның бөлімін басқарып отырғанын жеткізді. Айтуына қарағанда, Лэйланың шешесінің туған апасы, туыстықтары өте тығыз, қызды екі үй алақанда-

рына салып өсіріп, оның «табанына кірген шөңге мандайыма қадалсын» деген жақындығы бар екен.

Осы жерде Айқын оның сөздерінің шындығына күмәнданып қалды, өйткені Лэйланың шешесі – Шолпан апайдың туған күнінде Айбынмен бірге болғанда тілек айтқан інісі оны жалғыз апам деген сияқты еді. Ендеше мына кісінің орағытып отырғаны айла сияқты деп түйген Айқын бірден тіксініп, іш тартып қалды.

Ұзақ жылдар тергеуші болып істеген қырағы әйел өзінің бір нәрседен шалыс басқанын сезіп, ендігі әңгімені турадан салды.

– Айқын, сенің Лэйламен жүргеніңе біздің ешқандай қарсылығымыз жоқ, ата-анасы өзінді біледі екен, ағаңмен оның папасы жақсы жолдас көрінеді. Екеуінің сөзің болғанына екі жақ тіпті куанышты, бірақ сен соңғы кезде қызға қырын қарай бастапсың, соның себебі не?

– Апай, менің Лэйламен ешқандай сөзім болған емес, тек досы ретінде оның шақырған жерлеріне 2-3 рет барғаным рас. Ешқашан Лэйлаға үйлену туралы ой менің басыма келген емес...

– Бурабайға демалысқа барғандарыңнан да жалтарасың ба?

– Жоқ... Мен ештеңеден жалтарып отырған жоқпын, жалынып шақырған соң, Бурабайға бірге барғаным рас. Онда бізден басқа да жастар болды.

– Айналайын, мен заң қызметкерімін, сондықтан тұра сойлеуге дағдыланған жаңмын. Шынынды айтшы, арала-рында төсек қатынасы болды ма?

Айқынның күткен соққысы осы еді, бірақ мынадай терминнен айтылып, мынадай ызғармен жеткізілгенде, тосылып қалды. Дегенмен, ерте дайындаған жауабынан жаңылмады.

– Әйел мен еркектің арасындағы құпия қатынастарды әйгілеудің керегі қанша? Мүмкін болған шығар, мүмкін



болмаған шығар, оны басқа адамның білуі міндетті емес қой?

– Мәселе осыған тіреліп түр ғой... Дегенмен, сен төсек қатынасының болғанынан бас тартпайсың, солай емес пе? Аralарында ер мен әйелдің қатынасында жақындықтың болғанын мойындастырың ғой?

– Мен жауабымды айттым, апай. Ал мойындастымын, мойындастымын дейтін мен қылмыскер емеспін...

– Сен занды жақсы білетін адамға ұқсайсың, оның жақсы екен. Төсек қатынасының болғанынан да бас тартқан жоқсың. Оның да дұрыс. Ал ендеше сол қатынастың салдарынан Лэйланың аяғы ауырлап қалғанын білесің бе?

Бұл да жігіттің күткен хабары еді, бірақ сонда да үр жаңа болып, қатты таңданды. Ақыры соған жеткізген екен-ау. Солай да болып қалар деп топшылағанымен, бұрын да еркекпен жанасып жүрген әйел сақтанудың жолын біліп, дәл соған жете қоймас деген дәмесі бар еді.

Құлаққа үрған танадай есептіреп, жаңа ғана шақар қораздай үрпіген басы сәл төменшіктеп қалса да, сыр бермей, шын ба, әлде мына әйел бопсалап отыр ма деп бар қымылымен прокурорды бағып қалған. Анау да бұдан көз алмай, мұның қымылын жіті қадағалап отыр екен. Арбасқан екеуі осылай біршама ұзақ отырып қалды. Жауап өзінен айтылуы керектігін ескерген жігіт есін сәл жинаған соң, қарсы шабуылға көшті.

– Бұл хабарыңыз да мені таңырқатпайды, Лэйланың өзінің айтуына қарағанда, маған дейін де жігіттері болған, мен де оны білдім. Соңдықтан шарананың дәл менен болуына күмәндімін...

– Шарананың пайда болғанына алты апта болып қалған. Бұл мезгіл сендердің Бурабайға барған уақыттарыңа дәл келеді. Соңдықтан, шырағым, ешкімге ештеңені дабыра қылмай, екеуіңнің үйленгендерің дұрыс болады. Менің шын жанашыр сөзім сол...

– Жанашырлығының көп раҳмет апай, бірақ мен Ләйлаға ешқашан үйлене алмаймын. Өйткені оны сүймеймін, – деп әңгімені тұжыруға айналып еді, әйелдің әңгімесінің зоры енді шыға бастады.

– Мұның орны толmas өкінішке соқтырады, айналайын. Осы жерде қалатын әңгіме болсын, сен айтпаған, мен естімеген болайын. Әйтпесе, шарананың дәл сенікі екенін ДНК арқылы анықтап, өзінді әйел зорлаған деген баппен жауапқа тарту да біздің қолымыздан келеді. Сол түні Ләйланың айғайлағанын, көмекке шақырып, жылағанын естіген күәлер де табылады. Вещдок ретінде жыртылған, қан жүккән ішкимдер де шығады. Сондықтан, әңгімені насырға шаптырмай Ләйлаға үйлен, сонда алдыңナン жарқын жол ашылады, қызметің де өседі, тұрмысың да жақсарады, ағаң мен Мансұрдың достығы да сақталады... Естіп жатқан шығарсың, оның қызметі жуырда өспі, министрдің орынбасарлығына көтеріліп жатыр. Бұл – ертең министр болуы да алыс емес деген сөз. Сондай кісінің жалғыз қызы қолыңа түсіп тұрғанда бас тартасың ба? Қазір өмірдегі құндылықтар сүйем-күйеммен өлшенбейтінін сен жақсы білуге тиіссің ғой.

Әйел ұзақ сөйледі, өз ойында әңгімесінің бәрі көңілге қонымды, бұлтартпас шындықтар екеніне сенімді сияқты. Құдайдың адамға берген бір құдіреті жүрек екенін, оның да өз әмірі болатынын мұндай бітеу жандар мұлде ұмытқан. Тым болмаса еске алып, мүмкін басқа қызың бар шығар, бірақ жағдай мынадай болып қалған соң, одан кешірім сұрауға тұра келеді деген сияқты жақауratуларды да білмейді. Басқаның бәрін біліп, ақылы алты қырды алып отырса да, әйелдің осыны білмегені санасы адамның қолымен жазылған заңға әбден кептеліп, өзгенің бәрін ұмытып, түйсіксіз, меніреу пендеге айналғанын көрсетіп тұр.

Екеуінің әңгімелері екі сағатқа созылып кетті. Жұмыстан шыққандарын айттып, қарсылық білдірген жігіттің ерік-ал-

дына қоймай, әйел дәмді тағамдар алдырып, әңгімелерін сыздықтатып отырып, кешкі ас та ішіп алды. Еш тамаққа тәбеті тартпаған Айқын әрнемені бір шұқып отыр. «Әйел зорладың» деп бәле жабуы мүмкін екенін айтып қорқытқан, сөйтіп жігітті үлкен қылмыскер қылып шығару да қолынан келетінін ашиқ айттып отырған әйелдің енді міз бақпай, тамақты жайбарақат отырып, тамсана ішкені де жігіттің жан-дүниесін түршіктірді. Апыр-ай, мыналар адамның қанын ішіп қойып та осылай, ештеңе болмағандай, міз бақпай отыра беретін шығар-ау. Соңда... соңда нағыз қылмыскерлер осылар болып шықпай ма, бірақ оларын қылмыс деп ойламайды да-ау... Қоғамды қылмыстан қорғайтын адамдардың өзі осылай қылмыска бейім болып отырса... біз қалай қарай дамып барамыз өзі? Әділет деген мулде жоғалғаны ма? Басына бәле салып, айтқанына көндіру деген қайдан шықты? Масқара ғой, мынау... Жігіт өзінің ойынан өзі тіксініп қалды.

Біраз отырған соң, өзінің жан-жақты хабары бар сұңғыла жан екенін білдіргісі келгендей, прокурор өмірдің басқа қырларының әңгімесін де шалып қойды.

– Эрине, сендей көркем жігіттің басқа қызы да болуы мүмкін, ол да естественно. Бәлкім оны Лэйладан артық та көретін шығарсың? Одан айрылғың келмейтін де болуың мүмкін? Ол да допустимо. Бірақ қазір заман басқа ғой. Махабbat деген бір уақыт аралығындағы қысқа сезім, біраз уақыттан кейін ол ұмытылады. Тек ертегілер мен аңыздарда ғана ол мәңгілік. Егер махаббатын жоғалтқаннан өлсе, қазіргі адамдардың жартасты қырыльып қалар еді. Материалдық байлық қана адамды бақытты ете алады, қалғанының бәрі бос сөз. Лэйла мен екеуің үйленсөндер, ата-анасы мен туыстары сендерге бақытты өмір сүргуте мүмкіндік беретін барлық жағдайды жасайды...

Мені дүние-мулікке, байлыққа алдарқатып, сатып алмақ қой, оныңыз бола қоймас. Шын бақыт деп жүрегінді қуантқанды айт, бағзыдан бергі даналардың айттып келе

жатқаны да сол емес пе? Жүргегінді қан жылатқан байлық кімге керек деп ойлаған Айқын сырын сыртқа шығармай, одан тезірек құтылғысы келіп:

– Жақсы... Мен ойланайын, хабарын кейін айтармын, – деген еді, прокурор қуанып кетті.

– Міне, осының ақыл айналайын, ойлан, менің айтқандарымның бәрін оңашада салмақта. Ешкімге де ешқандай артық проблема керек емес. Бәрін де ақылмен шешуге болады, деп ол визиткасын Айқынның қолына қыстырды.

\* \* \*

Айқын өзінің басына түскен қайғыны әлі күнгө ешкімге тіс жарып айтқан жоқ еді. Жүдеп жүрсін ғой, басында бір мазасыздық бар сияқты, айтсайшы, женілдейсін деген Мұратқа да ештеңе білдірмеген. Көңіл-күйі болмаған соң, ешнәрсеге зауқы жоқ, енжар. Тіпті Сара келетін сенбіні де бұрынғыдай асыға күтпейтін болды. Мұның көңілін ауламақ болған Мұрат Сараны мақтап, әңгімеге тартса да селт етпейді. Оның өзі қызбен бірнеше рет кездесіп, «акылына көркі сай, қыз біткеннің падишасы екен» деп бағалаған. Өзі шығарды ма, әлде бір жерден естігені ме, әйтеуір Айқын оның бағасына ұзақ уақыт тәнті болып жүрді.

Көңіл-күйінің бір көтерілмейтіндігі күннен-күнгө жалғасып бара жатқанын өзі де сезеді. Асқа да тәбеті жоқ, кей күндері үйқысы да ашылып, түні бойы дәңбекшіп, көз ілмейді. Көбінесе бастырылып, қатты үйықтап, басы мең-зен болып, зорға жүреді. Жұмыста жүріп бір күні Сайран деген әріп-тесіне бетпе-бет келіп, соғысып қалды. Мен сізді өткізіп жіберейін деп тұра қалып едім, тұра келіп соғылдыңыз ғой, көзіңіз жұмық емес пе еді деп қолындағы қағаздары шашылып қалған жас жігіт қатты таңырқап жатыр.

Мұндай торығудан адам психологиялық депрессияға түсетінін де Айқын бір жерден оқыған. Соңдықтан қайтсе де бір сәт көнілін көтермек керек. Бірақ қайтіп? Басыңа мынадай жағдай түскенде қайтып серпілерсің? Басқа түскен қайғының бәрін арақпен тұншықтырып, ұмытып кететін орыс та емессің, ондайды тіпті атағысы да келмейді. Ол тек бір сәтке өзінді өзің алдарқатудың амалы фой. Бірақ соған алданамын деген ақымақтар қайғысына ауру қосып, араққа үйір болып та кетеді. Мұндайды жігіт жақсы біледі.

Бірде есіне мектепте бірге істеген қызметтесі Қайырбектің бір ақылы тұсті. Ол өзі дін жолын қатты ұстап, бес уақыт намазын қаза қылмайтын такуа еді. Басыңа іс түссе, мешітке барып, садақа беріп, Алладан жәрдем сұрау керек дегенді сол үағыздайтын. Осы ақыл есіне түсіп, кеше мектептен келе жатып, жолдағы мешітке кіріп, молдаға құран оқытып, садақа беріп, ішінен Алладан жәрдем сұрап, көп жалынған. Соның әсері болса керек, бір-екі күн денесі женілдеп қалғандай болып жүрді.

Бір күні бастырылып, жеті түнде айғайлап оянғанынан шошып кеткен Мұрат мұны айтпасына қоймай, жалынып отырып, бар сырын ақтартты.

– Н... да-а, – деді жігіт өзінің көп сөйлей қоймайтын әдетімен қалың ойға шомып.

– Ал, айтқызың ғой, ақылыңды айтшы, – деді Айқын оның сөзін тосудан жалығып.

– Менің ақылым сенен артық емес, бірақ білгенімді айтайын. Жігітім сен бір үлкен бәлеге ұрынып тұрсың. Сарадан айрылып қалу қаупің бар. Бірақ ана әйелдің айтқан сөзінің жаны бар, қазір махаббат үшін ешкім де жандарын пида қылмайды, ойланып көрсөң проблеманы шешуге болады.

– Қайтіп?

– Ана әйелді... Ләйланы айтам, жақсы көрмейтінің расқой.

– Суқаным сүймейді... Соңғы кезде тіпті көргім келмей кетті. Соған басында қалай сүйкенгенімді білмей...

– Ендеше ол әйелден құтылудың бір жолы... киллер жалдап, көзін жойғызу керек...

– Ой, сөзіңе болайын... Менің заказым екенін екі айналмай-ақ табады ғой. Оның үстіне адам өлтіртіп қалай тірі жүргүре болады? Алла сақтасын...

– Қазір екінің бірі өлтіріп жатқан жоқ па?

– Қойшы. Мұның сөз емес. Мен ешқашан қылмысқа бармайын. Басқа ақылың болмаса қоялық, бұл әңгімені...

Мұрат орнынан тұрып, балконға шығып, темекі тартты. Ұзақ ойланып жүргені сезіліп тұр.

– Ендеше ана әйелдің ақылын алып, у-шусыз, ың-шыңсыз Лэйлаға үйленіп ал. Ал Сараға бәрін түсіндіріп айт, оның сен дегенде шығарда жаны басқа екенін көріп журміз ғой, бәріне көнеді. Сосын өзің ананың үйіне көш те, Сараға мына үйінді таста. Ал окуын бітірген соң, некелерінді мешітте қиғызы да, тұра бер. Біраз уақыттан кейін біліп қалса, ана әйел қиратмын, жоямын десе, ажырас та жүре бер. Оған дейін мына жұмысында да сіңіп аласың, жағдайында да түゼп аласың...

– Ой, шіркіннің ақылын-ай... Бәрін оп-оңай шешіп тастадың ғой. Бала болып қалса, қайтып ажырасарсың? Екінші әйел болуды Сараға қалай түсіндіреді екенмін? Ол бір мінезді, керемет намысты қызы, ойлағаны болмаса, журегіндегі запыранын бір-ақ серпіп, қолын бір сілтеп жүре береді. Сонда не болдым?

– Ол қызы сені сүйеді ғой. Сүйгені үшін бір ерлікке бармас деймісің?

– Ал мен оған қалай айтамын? Қалай көндіре аламын? Тоқалым боласың ба деуге менің де аузым қалай барады, ол да көнбейді ғой?

Ұзақ ырғасқан екі жігіт әйтеуір Сарамен сөйлесуді Мұратқа жүктеп, таң алдында ғана көздері ілінді.

\* \* \*

Сәрсенбі күні жұмысынан арнайы сұранған Мұрат Сараға барып сөйлесіп, көңілсіз хабар әкелді. Әуелі қыз бәрін тырп етпей тыңдал, үнсіз отырыпты да, бәрі айттылып болған соң, жүзі аппақ болып, жылап жіберіпті, сосын ештеңе айтпастан бетін басып кетіп қалыпты.

– Өзім де сасып қалдым, не деп тоқтатарымды да біл-медім... Алды-артына қарамай бір-ақ тартты, – деп Мұрат өзін кінәлі сезініп, сипактарап отыр.

Бұл Айқынның уайымына уайым қосқан хабар болды. Не деп топшыларын білмей, қатты күйзелді. Тіпті Мұратты араға киліктіргеніне де бір сәт өкініп қалды. Бәлки өзі түсін-дірсе жеңілірек болар ма еді? Бірақ өзі бұл сүмдыштарды жет-кізу түгіл ауызға алуға батылы бармасын сезген...

Жылаған Сараның жүзін көз алдына елестеткенде, жүрегі қатты түйіліп, шаншып кетеді. Бұған сеніп, жүрегінің түбінде ноқаттай да дақ қалдырмай, бар жан-тәнімен сүйіп жүрген жанның ақ, адал махаббатын қалай аяққа басты? Ешқандай сезімді білмейтін, тек есеппен өмір сүруді ойлайтын жалған-шының қармағына қалай түсіп қалды?

Айтқандай... айтқандай, оның өзі кеше бұған екі рет телефон соқты. Неміріне жиіркенішпен қарап, қайырып тастағанымен, екінші рет қайта соққанда амалсыз хабар жазып, артынан өзім соғармын деген... Бірақ онымен не деп сөйлесерсің, бәрін де апайы жеріне жеткізіп айтты ғой. Айлакер сүм өзінің ұпайын түгендеп жатқан сияқты, сөйлесер болса тағы бір шырғалаңға салып қоюы мүмкін...

Өзінің хабары досының көңілін тіпті түсіріп кеткеніне өкінген Мұрат асүйде тұртінектеп, тамақ істеген болып жүр. Оның пияз турал, қуырған етінің жайшылықта дәмді болып көрінетін иісі де бүгін жүрегін айнастып, құсқысын келтірді.

Екі күннен кейін Сара келуге тиісті еді, енді келмей ме? Ол келгенде үйі де, күйі де жарқырап, жаз кіргендей жайнап кетуші еді ғой. Ендігі өмірі сұрғылт күз бен қатаң қысқа айналмақ па? Мұлде келмей қойса, не болды? Хабарласайын ба.... әлде біршама шыдаپ, қоя тұрайын ба? Хабарласқанда тұтқасын көтермей қойса қайтпекпін?

Айқын қарадай ауру болуға айналды. Орнынан тұрып еді, басы айналып кетті. Махаббат деген бәленің мұндаі болатынын кім білген. Шынымен Сарадан айрылса – өмірдің де еш мағынасы жоқ екен-ау.

...Сенбі күні үйінен шықпай, орнынан тапжылмай күтті. Екі көзі табандап қалған сағаттың қос тілінде. Қанша қарасада жылжымайды, бір орнында тұрган сияқты. Соңғы кездері Сара жігіттің хабарласуын күтпей, өзі келе беретін. Сол дағдымен келіп қалар деген үміті үзілмей тұр. Далаңдағы лифт дүр ете қалса да есік шыр етпес пе екен деп аңырап қалады. Сараның өз кілті де бар еді, бірақ қыз кейде еркелеп, өзі ашып кірмей, жігіттің ашқанын қалап, қоңырау беретін. Кейде Айқын гүл алып, күтіп отыратын еді, есікті ашқан бойында қызды алқызыл гүлмен көмкеріп тастап, екеуі де мәз болып, құшақтасып, қуанып қалатын. Сол күндердің бәрі енді көзден бұл-бұл үшқаны ма?

Екі күннен бері жігітке ас та батпай, тәбеті ештеңеге тартпайды. Көз алдында Сараның ұлбіреген жүзі, мені сатып кеттіңіз бе деп мәлдіреген көзімен қадалады да тұрады. Жоқ, мен сені ешқашан да сатпаймын, тек айтшы, не істейін, бәрін тастап, сені алып кетейін бе көз көрмеген, құлақ естімеген жаққа деп те қиялдайды. Бірақ оған күш қайда? Сараның окуы бар, өзінің басында зор міндеті бар...

Уайымы қайғыға ұласқан сенбі де өтті. Не істесем екен деген жанын тілгілеген оймен жігіт сенбінің түнін өткізіп, көрер таңды көзімен қарсы алды. Түннің бір парасын аударайп жұмыстан келген Мұрат оның күні бойы нәр татпаға-

нын асүйдегі қозғалмаған ыдыстардан көріп, жаны түршікті, бірақ бірдене деп айтуда батылы бармай, сырғақтап, өзі де төсегіне құлай кеткен. Сол бойы пысылдаپ үйықтап жатыр.

Айқын сүйретіле тұрып балконға жетті, сағат таңғы оннан өтіп барады. Дала бүтін жайбарақат, желсіз тымық әрі жанға жайлы шуақты болып тұр еken. Жарқыраған күнге көзі қарыққан жігіт далаға сыйырая қарап тұр еді... Кенет... ток соққандай селк етті. Ақ сулықты бір қыз жалт беріп бұлардың кіреберісіне кіріп кеткендей көрінді. Тура Сараның өзі сияқты... Көзіме елестеді ме, жоқ әлде үқасас біреу ме деп ұмсына қарағанша қыздың бейнесі ғайып болды.

Апымай, өзі ме? Шіркін-ай, кіріп келер ме еді? Журегім жарылып кетпес пе еken деген ойлармен алданып тұрғанында есіктің қоңыраулы құлпы шылдыр еткендей болды. Айқын үйқысынан шошып оянғандай үстіндегі жамылғысын лақтыра салып, жып-жылдам шалбарын киіп алды.

...Сараның жүзі де жұп-жудеу. Екі көзі көп жылағаннан ісіп кетіпті. Батылсыз қимылмен жақындаі түскен жігіттің құшағы келесі сәтте қызбен еркінен тыс айқаса кетті...

Осыдан әрі екеуі ұзақ тұрды. Көздерінен аққан ыстық жас ақыры таусылуға айналып, кеуделерін қақ жарған азы өксік қана шығып жатыр. Қанша уақыт тұрганын сезбеген ғашықтар Мұраттың жөткірінген дауысынан ғана ес жиды...

Екеуі төргі үйге келіп отырғанда, Мұрат үйден бір сылтаумен шығып кетті. Көп уақыт бір-біріне өкінішті көзбен үнсіз қарап отырған екі жас ақырында тілге келді. Не деп сөйлеуді, неден бастарды білмеген Айқын қыздың екі алақанын бетіне басып отырып:

– Мені кешіре аласың ба? – деді құмыққан үнмен. Осы отырыстарында Айқын емес, Сара үлкен сияқты. Екеуінің тағдырының шешімі соның сөзінде екендігі де белгілі болып тұр. Бірақ Сара өзінің сөзін бірден айтқан жоқ, тек өкінішті жүзбен Айқынға мұсіркей қарап, ұзақ отырған соң:

— Мен сізді үлкен бе десем, бала сияқты екенсіз ғой... Эйелдердің қу болатынын осы уақытқа дейін қалай білмегенді? Сізді Бурабайға 5-б құнге қоналқаға шақырғанда, ойнап-кулуте ғана шақырды деп ойладыңыз ба? – деді.

Айқында бұл сөзге айттар жауап жоқ еді, тек кірпігін қайта-қайта қағып барып:

– Бірге барып, дем алып қана қайтармыз деп ойлағанмын ғой. Оның ішінде осындай зымияндық жатқанын қайдан білейін?

Сара тағы да үнсіз отырып қалды. Оған бірдене деп сөйлеуге, кешірім сұрап, аяғына жығылуға Айқында дәрмен жоқ. Не істесе де, не десе де жасанды болатындей, қыздың ашуызасын туғызатындей көріп отыр. Элден уақытта ғана есін жинағандай болған Айқын сөйлеуге жарады.

– Өзің білесің, мен сені ғана сүйемін. Басқа ешкім де, ешнэрсе де маған керек емес. Сенен... тек кешіргенінді өтінемін, – деді қыстыққан үнмен.

– Мен кешіргеніммен проблема шешілмейді ғой, – деді қыз.

Шынында солай еді, Сара кешірдім десе де, шыныраудан шығудың жолы жоқ-ты. Мұрат айтқандағы үйленіп, одан әрмен ажырасу да оңай емес. Өмірге сәби келсе, өзінің қаны болса, оны қалай қиып кетеді? Сол хикметтің бәріне көніп, Сара тосып отыра ала ма?

– Сіз бір нәрсеге сенімді болуыңыз керек. Ана әйел шынымен жүкті ме және ішіндегі нәресте шынымен сіздікі ме? Егер осыған көзіңіз жетсе, үйленуге тұра келеді... Ал мен... ал мен...

Қыз да көзіне келіп қалған жасқа қыстыға тұншығып, ұзақ уақыт сөйлей алмай қалды да:

– Ал мен сізді тосамын... Өзіңіз білесіз... Тек сізді ғана ұнатамын... – деді. Сүйгенін де, өзін де аяған қыздың жалынды жүрегіндегі тек әйелге ғана тән аяныш сезімі қара тасты да қара майдай балқытарлық еді...

Сөйтіп, Сарамен табысқанымен, қайғы бұлты бәрібір сейілмеді. Келесі аптада қайта-қайта хабарласқан Лэйла бұл түрлі сылтау айтып, хабарлама жазып жалтара берген соң, жұмыс орнына өзі жетіп келді. Бөтен адамды кіргізе қоймайтын есік баққандар жуырда министрдің орынбасары болып тағайындалған әкесінің арқасында мұны тоқтаусыз жіберген сияқты. Ордаңдай басқан күйі кабинетіне бұзып-жарып кіріп келген оны көргенде, Айқын креслосынан ауып түсе жаздады.

Алайда, сұыт қимылмен келсе де қыз сөзін әдеппен бастады. Жұзі де салмақты, ешбір ашу табын білдірмеуге тырысты.

– Бәрібір бір сөйлесуіміз керек қой, менен неге қашқалақтап, жалтара бересің? Табылмай кетемін деп ойлайсың ба? Ер адам өзінің жасаған қылышынан қашпай, қолмен істегенді мойнымен көтеруі керек емес пе? – деді ол даусын көтермей барынша жайбарақат үнмен.

Айқын орнынан тұрып, жабық тұрған есікті одан әрі қымттай түсті. Құтпеген жерден келген қызға не айтарын білмей, ойланып жүрген сияқты.

– Мен қашып жүрген жоқпын, ойланып жүрмін. Сенің аяғың ауырлап қалғанын тәтең айтты, соны өзің неге айтпадың?

– Айтайын деп едім сен менімен сөйлеспей, түрлі сылтау айтып, қашқалақтай бердің емес пе?

– Ал... ал сен маған дейін де ер адаммен қатынас жасағаның белгілі болды ғой... Тіпті... кейін де болған шығар? Шарананың менікі екенін қайдан білемін?

– Сен мені көрінгенмен бей-берекет қатынасқа түсетін жеңіл жүрісті әйелсін деп жазғырмақпсысың? Олай менің ар-намыссыма тиме... Рас, мен өзімнің бұрын бір еркекпен

болғанымды жасырмаймын. Оның шет жағасын өзіңе айтқанмын. Үйленемін деп алдап кетті. Ол оқиғаның болғанына да биыл үш жыл өтті. Ал оған тағдыр өзінің жазасын берді, Еуропа елдерінің біріндегі елшіліктің қызметінде жүргенінде жол апатынан қаза болды... Егер бойымдағы шарана менікі емес десен, ДНК саралтамасына салуға болады...

– Жақсы... Ал сен неге сақтанбадың?.. Ондайды білмейтін жас қыз емессің ғой?

– Менің қызып қалғанымды білесің? Өзің неге сақтанбадың? Тіпті келесі күндері де маған жетіп келетін болдың ғой. Сені жақсы көрдім, қолынды қайтара алмадым. Сүйгеніме жазықты емеспін ғой...

Мәймөңкелеген қыз өзінің сүйетінін де білдіріп қойды. Жаймашуақ сөйлескені де мәселені келісіммен шешуге саятын қалып танытып тұр...

– Егер біз бір-бірімізді кінәлайтын болсақ, ешқашан проблеманы шеше алмаймыз. Керісінше ауырлатып аламыз. Одан да жеңіл шешетін өркениетті жол іздейік...

– Сонда маған не қыл дейсің?..

– Үйленуімізге тура келетінін апайым айтты емес пе?

– Ол мүмкін емес... Шынымды айтсам... менің басқа қызыым бар. Мен оны сүйемін. Сенен біздің бақытымызды күйдірмеуінді өтінемін...

Айқын осы сездерді қалай жеңіл айтып қалғанын өзі де сезбей қалды. Бұл хабарға Лэйла шарт етіп сынар деп күткен еді, бірақ анау сабырынан айрылмады.

– Ал мен ішімдегі шарананы қайда жібермекпін... Мамам күнде жылайды. Хорошо что, әлі папам білмейді. Түсіртіп тастауға бәрі кеш көрінеді. Оның үстіне мұндай кездे түсірту денсаулығыма зиян болып, өмір-бақи перзентсіз өтуім мүмкін...

– Қазіргі медицина күшті емес пе?



– Медицина күшті болғанымен шарананы жеті аптадан кейін алу қауіпті көрінеді... Ал... ал мен сенің қызың туралы бәрін білемін... Оның әлі мектеп оқушысы екенін де білемін... Моральдық тұрғыдан өз окушынмен жүруің сені жақсы жағынан сипаттамайды...

Әуелде қатты таңырқап қалса да Айқын есін тез жинады.

– Ол сенің шаруаң емес...

– Менің шаруам болмағанымен, ертеңгі күні іс насырға шауып, сотқа тірелетін болса, сенің оқушы қызбен жүретінің де ашылады... Эрине, сен былтырдан бері жүргеніңмен, төсек қатынасына бармаған шығарсың, бірақ оқушынмен жүргеніңнің өзі ұят емес пе? Педагог осылай істей ме? Бұрынғы ұжымында бұл мәселені білетіндер бар. Егер ісің сотқа тартылатын болса, олардың арасынан бірнеше адам куәлік бере алады. Ал қыздың өзі ұятқа батып, ата-анасы да, өзі де күлкі болады емес пе? Осыны да ойланып қой...

«Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» деп ақын Сара айтпақшы, сөз Сараға тірелгенде, оның ар-намысы төгіліп, ұятқа қалатыны айтылғанда Айқынның үні шықпай қалды. Сұмырай-ай, алды-артымды орап, бәрін зерттеп алыпты-ау... Сейтіп отырып былқ етпейді... Мынау кісі өлтірсе де былқ етпейтін шығар деп ойлаған Айқын тіл-ауыздан айрылғандай сұлқ отырып қалды.

– Қысқасы... осы аптаның аяғына дейін хабарынды айт... Сенбі күні хабарласамыз. Келесі аптада үйлену туралы өтініш беруіміз керек. Егер аптаның аяғына дейін шешім қабылда- масаң, мен прокуратураға шағым түсіруге мәжбүр боламын, – деп қыз орнынан түрді да, қоштаспастан шығып кетті.

«Жұт жеті ағайынды» дегенді дана қазақ бекер айтпаған екен, ертесіне түстен кейін Айқын тәбесінен жай түсіргендей тағы бір сұық хабар алды. Айбын үйіндегі Сәлима жеңгесі хабарласып, ағасының парамен ұсталғанын жеткізді. Қабырғасы ерінің ұсталғанына емес, шығынның көп шығатынына

қайысып тұрған сияқты. Енді коттеджімізді сатуға тура келетін болды. Қаншама дүниеден айрылатын болдық, балалар әбден бауыр басып қалып еді, өзіміз де керемет жақсы көруші едік, барлық еңбегімізді, фантазиямызды салып, қаншама тер төккен қайран үйіміз енді бөтен біреуге бұйыратын болды дегенде өксіп-өксіп, көзінің жасын төгіп жіберді. «Айбын ұсталды» деген хабарды беті бұлк етпей айтқан шіркіннің үйді айтқанда өксіп қоя бергенінен-ақ ерін қатты қайғырып тұрмағаны көрініп тұр. Ол ол ма, жеңгесі енді Айқының өзіне де ауыз салды.

— Сен де үйінді сатуға тура келеді, оны саған біз әпердік емес пе? Шығынды бөліп көтермесек болмайды, жалғыз бізге ғана тусу керек пе? Мен Айдынға да соны айтатын боламын, оған да ағасы қаншама көмектесті, — деді бетбақ әйел...

Қапелімде не айтарын білмей қалған Айқын сәлден кейін ғана есін жинап:

— Мен Қызылжарға барып, Айбынның өзімен сөйлемесін... Үйінді сат дейтін болса... оны да көрермін, — деп еді, әйел бастырмалатып кетті.

— Қазір бәрін де ақша шешеді. Взяткамен түскендердің бәрі де қазір үлкен шрафпен құтылып жатыр... 40-50 миллиондай... Бізге де солай істеуге тура келеді. Мен жаңа адвокатпен сөйлестім, залогқа үйді қойып, ертең түрмеден шығарып алуға тырысамыз... Сосын соты болады фой. Соттың, адвокаттың шығыны... ана-мынасы бар 100 миллиондай ақша керек дейді...

Асқар таудай ағасының басына түскен зауал жігітті біршама есептіретіп таstadtы. Мұндай оқиғаның бір боларын білсе де, дәл осы кезде күтпеген ағасының қайғысына жаны ашып кеткен Айқынның көзіне жас та келіп қалды. Қазір екі көзі бозарып, кеше ғана кең дүниеге сыймай, шайқап жүрген жігіт енді қолынан ештеңе келмей, еш қайран қыла алмай, тар жерде қамалып отыр-ау. Бар туыстың ішінде

өзіне қамқор болып, әрқашан қолдап жүретін жана шырының еді, енді оның тар қапаста тұтқын құстай, қанатынан қайрылып отырған мұсәпір халін көзіне елестеткенде іші үдай ашыды. Тезірек жетіп, қолымнан келген көмегімді қылу керек деп ойлаған Айқын төмөндегі темір жолдың кассасына жүгірді.

Ертесіне жолға шықпақ болып, айтып кетпек үшін өзінің қазіргі тікелей бастығы Мансұр Сағатовичке кірген. Мұны көргенде жылығышырап қалатын бастығы жігіттің өңінің сынық екенін бірден байқады.

– Бір жерің ауырып жүр ме, қабағың келіспей тұрғой, – деді ол сөзді өзі бастап.

Айқын ештеңені жасырмай, Айбынның ұсталып қалғанын жеткізіп, өзінің барып келуі керектігін айтты. Бастығы аса таңырқаған жоқ, тек:

– Қанша алды деп отыр?.. – деп сұрады.

– 5 мың доллар дейді.

– Үлкен іс болды ғой... Жарайды барып қайт, – деді де, сөзін үзіп, ойланыңқырап тұрып:

– Қазір мен түскілікке барамын, менімен бірге біздің үйге соға кет, – деді.

Бұл шақырыстың не мәнісі бар екенін білмесе де Айқын бастығының сөзін жықпай, көнген қалпын үнсіз көрсетті. Сағатына қараған бастық:

– Өзі де болып қалған екен ғой... Жүр бірге шығайық, – деп мұны алдына салып есіктен шықты.

Әйелімен екеуі ғана тұратын «Хайвиллдегі» үйіне жеткенше ләм-мим демеген бастық тіпті өзінің кілтімен пәтерін ашып кіргенше де үн қатқан жоқ. Ішінен қатты ойланып, бәрін саралап отырған сияқты. Алдынан шыққан әйеліне де ешнәрсе айтпай, тек артынан ерген Айқынды алға оздырып, төрге шығарды. Жігіттің бұл үйден түскілік ішіп, шалжып отыруға зауқы жоқ еді, бірақ Шолпан апайдың асты-үстіне



түскен ықыласын жерге тастамай, дайын тамақтан тамтұмдап түртіп отырып, дәм татты.

Әлден соң Мансұр Сағатович өздерінің жатын бөлмесіне кіріп кеткен еді, Айқынды есіктен шығуға ыңғайланған кезде ымдап шақырып алды.

— Айбын менің досым ғой, қазір оның семьясының шығындары аз болмайды. Жақсы адвокат жалдасын. Ал мынау менің көмегім... Залогпен шықса өзіне, болмаса жеңгеле бересін, — деп қомақты түйіншекті жігіттің қойнына сұнгітіп жіберіп:

— 20 мың доллар, — деді.

Айран-асыр болған Айқын Мансұр ағасының мәрттігіне қатты разы болып, ертесіне жолға шықты.

...Екі-ақ түн ғана тар қапаста түнеп, енді бес миллион теңге кепілмен үй қамаққа шыққан Айбынның жүні жығылып, еңесі түсіп қалыпты. Кеудесінен өкініш кетпей, күрсіне береді. Інісі оны мұсіркемей, керісінше қатулы сөздер айтып, қайрат беруге тырысты.

— Ер жігіттің басына не түспейді, мықты бол... Қазір екінің бірі ұсталып жатыр ғой, қайғыра берме... «Уайым тубі — тұнғиық, батасың да кетесін...» деген. Ең бастысы бас аман болсын, әлі-ақ бәрі орнына келеді, — деп бір қайрап қойды.

— Қалай алданып қалғаныма өкінемін... Қайта-қайта келе бергенінен сезіктеніп едім, сейтіп тұрып қалай сенгенімді өзім де байқамай қалдым. Бұл подставаны кім жасап жүргенін де сеземін... Қап... Өкініші кетпейді екен... Өзегімді өрттеп тұр... Желмаядай желіп келе жатып, қалай сүрініп кеттім? Бәрі де дұрыс келе жатыр еді... Қолма-қол ақша алушан барынша сақтанып жүретінмін...

— Сен «біз бәрімен бөлісеміз, бөліскең соң бір-бірімізді саттаймыз, қолдаймыз, құтқарамыз» деген едің ғой. Бұл жолы бөліспей қалып па едің?..

— Ой, ол енді от случая к случаю ғой. Мына, қазіргі мені арандатқан адам «не в теме»... Менің орнымды өзінің ада-

мына алып беруді көздел отырған ғой... Бұрын емеурін білдірген еді, мен елемеген болатынын. Сол кезде кете қоюым керек еді.

Ағасының өкініші таусылмайтынын көрген Айқын енді қарсы шабуылға шығып, оның ақыры бір ұсталатынын еске салды.

– Қазақ «мың асқанға – бір тосқан» дейді, орыста да «сколько веревочки ни виться, а конец все равно будет» деген мақал бар. Біраз жыл шайқадың, бұйырғанын алдың, бірақ бәрібір ақыры болуы керек қой. Ешкім де дүниенің түбіне жете алмаған. Аяқталмайтын нәрсе жоқ... «Отқа түскен күймей шыға алмайды» деген... «Алды үміт, арты өкініш алдамыш өмір, Желігін жерге тықпас кісің бар ма?» деген Абай бабамыз да... Өкіне берме... Алдағы қундердің қамын ойлау керек, енді. Женешем қара аспанды жаудырып отыр, маған да үйінді сат, расходмызды бөліс дейді... Не істесем екен?

– Элі саспай тұра тұр... Жеңген айта береді... Үйінді әзірге сатушы болма, – деген ағасы енді басқа бір әңгіменің шетін қылтитты.

– Мансұрдың мына көмегінің түбін сеземісің, меніңше «с дальним прицелом» жасалған жақсылық сияқты. Әйтпесе, қатты сыйласқанымыз болмаса, Мансұрмен тонның ішкі бауындей жақындастан достығымыз жоқ-ты... Әңгіме саған тірелетін сияқты... Откенде бір кездескенімізде жақсы жермен құда болған да бір ғанибет қой деген сөздер айтқан... Қызының дұрыс жерге орналасқанын армандаштын әке жоқ, сені әйелі де, өзі де ұнатып қалғанын мен де сезгем...

– Туу, өзің мына бәледен құтылмай жатып, тағы бірденеге аландашын дедің бе?

– Саған сездіріп жатқаным ғой, бауырым... Қазіргі заманда жақсылық жайдан-жай жасалмайды. «Алмақтың салмағы бар» дегендей, түбінде құда болармыз деген үміті бар сияқты.

Сен шошынба, ешкім сені жаманшылыққа бастап тұрған жоқ. Ойлан, – деді ағасы.

...Осы әңгімeden кейін бір ай шамасында қылмысын бірден мойындаған Айбынға сот 50 миллион теңге айыппұл төлетіп, ісін жапты. Жан-жағын жайпап, барлық туыстарын сауып қалуды ойлаған Сәлима жеңгесі қанша тыптырласа да, Айқынға да, Айдынға да үйлерін сатқыза алмай, зығырданы қайнап, тек өздерінің үш қабатты коттедждерінен айрылып, қаланың ортасындағы үш бөлмелі үйге кірді. Мемлекеттік қызметтен біржолата шеттетілген Айбын енді жекеменшік фирма ашудың қамымен жүр.

\* \* \*

Осы оқиғалардың бәрі Айқынға да қатты соққы болып тиді. Әсіреле, ағасының басына іс түскені оны қатты толған-тырған. Ешкімнің де басындағы бағы мәңгі түрмайды екен, ғайыптан тайып кетсең, аяғың аспаннан бір-ақ келеді екен-ау. Адам заманының құлы дегенге көзі жетті. Біреулердің «адамның тағдыры өз қолында» дегеніне де ол енді иланбайтын болды. Тағдырды адам таңдамайды екен, ол Алланың маңдайға жазған сыйы сияқты. Құдайға қатты сыйынатын бір жолдасы: «адам – Құдайдың құлы, ал тағдыр оған бүйіртқан сыйы» деуші еді, сол сөздің жаны бар сияқты. Ал енді тағдырдың қандай болмағы адамның өзіне байланысты. Өмір бергенде Алла адамның басына азаттық, ісіне ерік, бойына ақыл-ой, сана берді ғой. Сол ерікті ессіз пайдаланып, жасаған ісінде санасына бойламағаны, ақылға салып ойламағаны үшін берілген тағдыр сыйы осылай, ойына келгенін қылыш, опық жегізіп, ойсыратып кететін болса керек. Өзінің сүйген қызы бола тұра, бұл да басқа бір әйелдің шакырғанына еріп, Бурабайға барып несі бар еді? Ал енді соның

сыбағасын алдың, қыл мойныңан түскен тұзак бұлқынған сайын қылғындырып барады, деп ойлаған жігіт көбінесе өзін өзі сөгіп, өзін-өзі жазғырады.


Неше сақта жүтірғен осындай ойларына құрық беріп, кей күндері әбден шаршайтын Айқын ақыры тағдырына мойынсұнып, бұрынғыдай арындауын қойып, Лэйлаға үйленуге келісімін берді. Екеуді неке қидыруға арыздарын да беріп қойды.

Ал Сараға барлық жағдайын қалдырмай айттып, қазір үйленбесе алдағы өмір жолы бұлғынғыр екеніне көзін жеткізген. Оның ақылын да тыңдалап, Лэйланың ағы ауыр екендігін анықтағанын да білдірген. Жігіттің басына түскен барлық қыыншылықты қайтсем де бірге көтерісем деген серті бар қызы оның айтқанына көнді. Үйленген соң Лэйланың үйіне кететін Айқын өз үйін Сараның атына жаздыратын болды. Нешетүрлі шытырмандарды құрастырып жүретін Лэйла бұған ертең үйін сатқызып, ақшасын иемденіп те кетер немесе тағы бір айла тауып, жоқ қылар деген қаупі де бар еді. Сондықтан оны Сараның атына басыбайлы жаздырып қойып, айласын асырган болды.

Ал Сараның өзімен қатынасын үзбеуге, көп болса 1-2 жылдан соң оған түпкілікті келуге келіскең...

...Астананың сәнді ресторандарының бірінде тойларын өткізген екі жас ағайын-туыстарының алқалауымен Дубайға, теңіз жағасына «бал айын» өткізбекке аттанды. Әуежайдан шығарып салушылар даурығып, қайта-қайта құшақтап, беттерінен сүйіп, куліп-ойнап жатқанда бір ак көйлекті қызы алыстан, биік баспалдақтан мұнарланып көрінгендей болды. Жан-жағына қаранып, алаң көңілмен түрған Айқын оны Сараға ұқсатып, қайта-қайта көзін сүзіп елеңдесе де, жанары анық жетпеді. Тек жүрттың көзін ала беріп, сәлем етпекке қолын көтерген еді, ак көйлекті қызы алыстап, сағымға айналып кеткендей болды...

# Дүгімелер



## СОЦИАЛИЗМ САЛАҢЫ

Ақындар аузынан тастамаған, пақырлар ағалап абыздаған «социализм ғасырындамыз». Құн жексенбі еді, үй-іші алакөлеңке, таң жаңағана атып келе жатқан сияқты. Эйелім әлдеқашан тұрып кетіпті, орны сұп-сұық. Асүйден әлденеге тұлданып, бұрқылдаپ жүрген дабыры да естіліп жатыр. Бәрі де құрып жатыр, бәрі дефицит деген сөздері құлағыма келеді. Бір кезде жатын бөлмеге басын сұғып:

— Бұтін айдың аяғы ғой, бірдене «лақтыратын» шығар, мен универмагқа барып келейін, қыздың колготки тесіліп жур. Жамаумен жүруге есін біліп қалған бала үялады. Сенің де көйлектерің тозды. Ана үлға да бір шалбар алмаса болмайды, тізесі жұқарып қалыпты. Асты өздерің іше беріңдер, — деп әйелім аттанып кетті. Осыдан ол шаршап-шалдығып, құн түстен ауғанда бір-ақ келеді...

Төсекте керіліп-созылып жата бермейін деп мен де орнынан тұрдым. Не үйге жарық түсірмейтін, не қараңғы да қыла алмайтын әредік күйдегі капрон перделерді сырғытып, бөлмеге Құдайдың жарығын молырақ түсірдім. Бұтін демалыс, қайда барсам екен, уақытты көңілдірек өткізетін жер де жоқ. Тележәшікте қашан қоссаң да Брежневтің «бейбітсүйгіштік саясатын» онды-солды мадақтаған насиҳат. Даға шықсан таныс көршілеріңмен қосылып, бірер шөлмекті босатумен құн өткізесің...

Үйелмелі-сүйелмелі бір үл, бір қызыым бар. Қызыым он екіде, бесінші класта, ұлым онда, үшінші класта оқиды. Жуынып-қырынып асүйге келсем үстел үстінде қатқан нан мен қанттан басқа ештеңе жоқ. Тоңазытқыштан нанға жағатын маргарин мен алманың тосабын алдым. Таңғы асымыз осы. Балаларым да орындарынан тұрып, бірін-бірі қуалап келіп, асқа отырды. Екеуі де құлақтарынан құн көрінетін арық.

Қара шайды сораптап, нанға жағылған маргариннің үстіне тосап төсеп, құшырлана тістеп отырған ұлым бір кезде:

- Ет жегім келіп кетті, – деді.
- Отырши, қайдағыны айтпай, айт жоқ, той жоқ, не қылған ет?
- Қонақ келсе онды болар еді...
- Қайтесің қонақты, үйде түк те жоқ...
- Пап, давай мамам келгенше ет асып қояйық, – деп қызым шап ете қалды.

Ұлым да оны қостап «давай-давайға» басты. Мен студент кезімнен ет асууды үйреніп, бап болып алған едім. Балаларым соны біледі. Қызым да еттің нанын жая алады. Сол естеріне түскен екеуі шешелері жоқта иі жұмсақ мені айналдырып, бір жырғап қалмақ қой. Е, несі бар, көптен бері ет жемеп едік, ассақ асып жіберейікші, ашығып келген әйелім де бір жасап қалсын деп ойлап, балаларымның айтқанына көне кеттім.

Тоңазытқышты ашып жіберіп, қарасақ... Бір түйір ет жоқ. Мұздатқышын ашсақ... онда да мұздан басқа ештеңе қалмапты. Қап. Бәріміз қатты өкініп қалдық...

Шайдан тұрған соң үйге қамалғымыз келмей, ашқұрсақ қалпымызбен далаға шықтық. Құлыншақтарым қолдарына тиген тындарына мәз болып, кинотеатрға мультфильм көруге кетті де, мен жақын жердегі гастрономға бет алдым. Онда шылым мен арақтан басқа түк жоқ, фильтрлі жақсы шылым да дефицит, сондықтан «Астра» мен «Приманы» бүркүратамыз. Ойым бір-екі пәшке «Астра» алу еді.

Күн енді қызып келеді, мезгіл жазтоқсанның аяғы. Жек-сенбі болған соң жұрт аяғы сирек, тек мен секілді дүкен жаққа бет алған кезбелер ғана бар. Артымнан шәркесін тарпылдата сүйретіп, асыға басқан біреу қызып келе жатыр. Екпіні үй жыққандай, басып өтуге бар. Айналып артыма қарасам, өзімнің «тетя Маша» дейтін төменгі қабатта тұратын көршім. Жүре амандасқан күйі ол менен озып, алға түсіп барады.

- Таң атпай қайда асықтыңыз?
- Сүйек сатып жатыр дейді, соған асығып барамын. Сен алмайсың ба, жүрсейші бірге...

— Жоқ, маған әйелім айтқан жоқ...

Ендеңе өзің біл дегендей иығың қиқаң еткізген етжеңді әйел екпінін қайтадан үдетіп, ұзай берді.

Дүкенге ет болмағанымен, кейде осылай сүйек-саяқ сататынын мен де білемін. Кәдімгі қу сүйек. Осындағы ет комбинатында сойылған малдардың етін сұлып алғып, консервілейді де, сүйегін қала дүкендеріне шығарып сатады. Иттің несібесін тартып жеп жатқанымен жұмыс жоқ, халық соны алғанына мәз болып, суға асып, еттің іісін шығарып, үстіне макарон мен картоп салып, кәдімгі салма қылып, өздерін өзі алдарқатады. Кәдімгі қазақтың «ет жемесем де сорпа ішкендей болдым» деген сөзінің кері.

Асықпай аяндалап «гастроном» деген жазуы бар үлкен дүкенге мен де келгенде, бағанағы көршім айтқан сүйек-саяқты сату аяқталып, халық бір-бір ораманы қолдарындағы торкөздеріне салып, тарап жатыр екен. Балық консервілерінен басқа түк қалмаған «ет, шұжық» деген жазуы бар осы бөлімнің жанынан өте бергенімде бір кавказдықтың өңмендей келіп, «деушке, колбаса есть?» деген сөзін құлағым шалып қалды. Басқа жүртқа менсінбей қарайтын «көзі тұздай, мұрны біздей» деуге дәп келетін бөкселі әйел аяқ астынан жылмиып, «қараның» қолына бір буманы ұстата салды. Ақшасының қанша дегенін ести алмадым, бірақ ананың қалтасынан бір көк қағазды шығарып, әйелге қарай лақтырып қалғанын анық көрдім. Ойхай, мыналарда шұжық та бар екен-ау деп ойлап, көк көз әйелге жақындал, мен де шұжық сұрап едім, жоқ, бітіп қалды деп бір-ақ қайырды. Мұндай ыза болмасын... Бұ не деген әділетсіздік? Жаңа ғана менің алдындағы адамға саттыңыз гой. Тауарды біреулерге тығып сатасыздар, басқа жүртқа жоқ деп алдайсыздар, деп біраз күңкілдеп едім, жаныма біршама адам топталған қалды. Олар да назаланып жатыр. Одан бөлім бастығы келіп, сөренің астын көрсетіп, міне, түк те жоқ, деп өп-өтірік шыж-быж болды. Жанымдағы адамдармен бірге қаншама сөзіміз қор болып, бәрібір түк өндіре алмай шығып бара жатыр едім, есік алдында тағы бір Андрей деген көршім кездесе кетті.

— Оу, қабағың түсіп кетіпті ғой, не болып қалды? — деді. Болған жайды айтып беріп едім, ол да дүкенші атаулыны сыбап, бұларға Сталин керек, әбден құтырып алды, ешкімнен айылын жимай бәрін де тығып, өздерінің тамыр-тансыстарына ғана сатады деп біраз бүркүлдады. Оның үндескені жақсы болды, бойымдағы ашуым жеңілдеп, біршама сергіп қалдым.

Тамағы үнемі жыбырлап жүретін Андрей сабасына түскен соң, енді басқа әңгімені көнірсітті.

— Бүгін демалыс қой, айда, көнілімізді тым болмаса бір жартымен көтерейік. Менде бір сом бар, — деді.

Мен оған үш сом беріп, гараждың сыртына бара берейін, сол жерге келерсің дедім. Қуаныш кеткен анау екі сөзге келмей лып етіп, дүкенге қайта кіріп кетті.

Ауламыздағы балалардың ойнайтын жерінен ойып алып, төрт-бес байшыкеш гараж тұрғызып қойған. Оған қарсы болып біраз көршім шу шығарып көріп еді, мүгедекке бөлінген жер, ардагерге берілген орын деп Қалалық кеңес сыйылып кетті. Бірақ біз ол жерлерге ешқандай мүгедек емес, бастықтардың өздері мен балалары гараж тұрғызғанын көрсек те, артынан үндемей қалдық... Өйткені, соның өзі демалыста көңіл көтергісі келетін біздей бейбақтарға дұрыс болды. Арасындағы құыстарға кіріп кетіп, құрылыстан қалған тастардың үстіне отыра қалып, бір-екі жарты ішіп аламыз. Көңіл көтеретін жеріміз де осы, дәрет сындыратын құысымыз да сол...

Көп кешікпей жау құғандай асығып, Андрей де келіп жетті. Қолтығында бір «русский» бар. Өзіміз білетін құыстан сынған тостағанды сұрып алып, әбден шөлдеп қалғандай, ештеңеге қарамаған бойы ол шыныдағысын шүпілдетіп құйып та жатыр. Тіске басарға бір-бір тоқаш қана алыпты.

— Өй, тым болмаса бір консерві ала салмадың ба?

— Қазір консерві жеуге болмайды деп жатыр ғой, естімедін бе?

— Е, не болыпты?



– Консервінің бәрі ескі дейді. 20-30 жылдан оборонный запаста жатқандар екен, соларды жаңаларымен ауыстырында ескілерін бізге әкеліп, дүкеннен сататын болыпты. Содан уланған адамдар да бар дейді...

– Сонда халық уланып, қырылсын дей ме? Бұл не деген қасқунем өкімет?

– Арасында кейбіреулері дұрыс шығар, әйтеуір жаппай қырылып жатқан ешкім жоқ...

Андрей облыстағы өндірістік басқармалардың бірінде инженер болып істейтін өзім сияқты «қаратаяқтың» бірі. Қөп нәрседен хабардар, құлағы түрік жігіт. Кейде «Голос Американы» да тыңдал, сенетін адамдарына естіген сұмдықтарын да айттып отырады. Бүгінгі естіген сұмдықтары да осал емес екен.

– Брежневтің қызы музейдегі патшаның қатындарының алтын алқаларын алып, мойнына тағып алыпты дейді. Үақытша тағып, қайтарамын деген ғой. Соны жаңында жүретін бір сыйған досы ұрлат алып, сатып жіберіпті. Енді музейге қайтарайын десе, алқа жоқ. Содан шу болып жатқан көрінеді.

– Ой, сұмдық-ай...

– Енді сол қымбат алқаны Израильге қашып кеткен бір зергер еврейге көп ақшага тапсырыс беріп, істеткелі жатқан көрінеді. Эйтпесе халық біліп қалып, шу көтеруі мүмкін ғой...

– Алқаның өзі де бәленбай мың тұратын шығар?

– Қайдағы мың... Миллион сомнан қымбат көрінеді. Ортасында жақұт тастары бар дейді.

– Ой, сұмдық-ай... Енді сол ақшаның бәрі ғой өкіметтен алынады.

– Енді қайдан алады деп едін?

– Сондай расходтар болған соң біздің ел қайдан оңсын?.. Сол қатынға алтын алқа неменеге керек екен? Жүрмей ме жәй?

– Жәй қарап жүретін сенімен мен деп отырсың ба? Оларға ел-жүртттан ерекше болу керек, басқалардан озу керек қой. Олардың психологиясы сондай...

— Ана сығанды тауып, неге алтынды таптырып алмайды екен?

— Ол сыған ұстатар саған... Ендігі шетелге қашып кеткен шығар. Ол туралы айтпайды. КГБ айрылып қалған ғой...

Отырган қуысымызға аяқ астынан жел үйтқып, женіл құйын шаңға көміп кетті. «Фу, фулесіп» үсті-басымызды қаққан болып жатырмыз.

— Андрей, сен осы көп білетін жігітсің ғой, айтшы, біздін мясокомбинатта күніне алты мыңдан артық мал сойылады, ал дүкенде не ет, не колбаса жоқ. Соның бәрі қайда кетіп жатыр? — деймін мен ішіме енген бірер жұз грамм жадырата бастаған соң.

— Бәрі де оборонкаға кетеді... Мәскеудің, Ленинградтың түбінде жердің астында ұлken қалалар бар көрінеді. Атом соғысы болса, сонда миллиондаған адамды кіргізіп, аман алып қалады. Солардың бірнеше жылға жететін тамағы запасталып жатыр...

— Өтірік шығар... Қалған жұрт қайтеді, қырылып қала ма сонда?

— Қырылса қырыла берсін... Бізді кім керек қылады?

— Сұмдық-ай... Сонда біз оларға адам емес екенбіз-ау. Бәсе, дүниенің бәрі неге қат болып кетті десем... Мен Азия мен Африканың аш елдеріне апаратын шығар деп ойлайтын едім...

— Ол да бар. Енді ғана бастарының азаттығын алған елдерді Америка бір жағынан, біздікілер екінші жақтан өздеріне тартады. Социалистік ел болсандар бәрін береміз деп біздікілер емексітеді, аналар капиталистік ел болындар дейді. Сонда бай боласындар, біз көмек береміз дейді. Сөйтіп, тартысып, таласып, қызықтыру үшін әркім өзінің қолындағысын береді. Қай жеңгені өздерінің военный базаларын сонда орнатып, күштерін арттырады...

— Бірақ қолындағысының бәрін беріп жатса да, Америкада біздегідей дефицит жоқ қой. Олардың дүкендері толып тұрады, бәрі де еркін сатылады деседі...

—Дұрыс... Оларда тамақты да, киімді де – бәрін шығаратын капиталистер. Олардың меншігін ешкім тартып алмайды. Бергенін ғана алады. Сондықтан олар өкіметке бәрін өткізбей артығын ғана беріп, қалғанын өздерінің дүкендерінде сатады. Табысынан салық қана төлейді. Ал бізде бәрі өкіметтікі ғой. Колхоз-совхоздардың, фабрик-заводтың – бәрінің иесі өкімет. Олардың шығарған барлық дуниесін өкімет менікі деп тартып алады. Сосын қайда жіберетінін өзі біледі. Жұмысшыларға тек енбекақысын ғана төлеген болады. Сондықтан барлық гәп меншікте. Жекеменшік болған жерде өкімет ойына не келсе соны істей алмайды...

Екеуміз осылай саяси экономиканың біраз қырларын ашып, қыртыстарын ақтарып отырмыз. Тіске басар болмаған соң қолымызыдағының аңы уыттын сіреңкенің қорабын иіскеп тұшынған боламыз. Әңгімемен отырып, бір жартыны да төңкеріп тастаппыйз. Тағы бірін сұрап, ішіміз ашып тұрганымен қалтамыз тесік болған соң, әрқайсымыз өз үйлерімізге тарадық.

...Әйелім тұс ауған соң келді. Боршыққан жүзінен әбден қажып, шаршағаны көрініп түр. Бәріміз есікке ұмтылып, оның қолына қарап жатырмыз. Құрсын, адыра қалғыр, неге бәрі адыра қалмайды бүйткенше, деп ол есіктен сарнай кірді.

– Не, не болды сонша шала бұлініп?

– Мына қызға бір колготки ала қояйын деп екі сағат өшіретке тұрып едім, адыра қалғыр, дәл менің кезегім жеткенде бітті де қалды...

Үмітпен ұмтылған қызымының екі көзі боталап қоя берді. Оны аяп менің де жүрегім шым етті...

– Эйтеуір, саған бір көйлек алдым. Оған да қолым зорға жетті. Ана өшіретке бір, мына өшіретке бір жүгіріп жүргенде ол да бітіп қала жаздады...

Жұмысқа киетін екі көйлегімнің де жендері қырқылып жүр еді, онды болды-ау деп ішімнен қуанып қалдым. Бірақ әйелім салаң еткізіп сөмкесінен сұрырып алғанда шошып кеттім.

– Ойбай-ау, мынауың үлкен ғой, қай жеріме киемін?

— Ауыстырып алармыз, саспа, главно жаңа көйлек болсын... Универмагтың алдына хабарландыру үліп кеттім... деп әйелім мені тыныштандырып әлек.

Өзіне де біршама киімдер алған екен, оны да шығарып, көрсетіп жатыр. Қадімгі ішкиімдер, соның өзі дүкенде еркін сатылмайды... Кейде жұмыстан шыққанымда жолдағы дүкенге әйел-еркек жапырладап тұра қалатын өшіретке мен тұра қоймайтынмын. Бір жолы қасымдағы Фарит деген татар жолдасым біз де тұрайық деген соң, соның сөзін қимай тұра қалып едім, онысы әйелдердің панталонының өшіреті екен. Фу, деп қолымды бір сілтеп кетіп қалғанмын. Үйге келіп әйеліме айтқанымда, ол менімен үш күн бойы ұрысты.

— Немене, дамбал болса, қолыңа бірденесі жұтып қала ма, жүрттың еркектерінің бәрі тұрады ғой, осы... Кездеспей жүрсе мен қайдан алады дейсің... Қолдан тігіп алуға лайықты мата да жоқ, — деп жаман шаптыққан.

Бүтін әйтеуір өзі алып келген екен, мен де арқамнан бір жүк түскендей болып, женілдеп қалдым.

Базаршының әңгімесі таусыла бергенде, екінші айғай шықты. Құні бойы үйде жатып, тым болмаса тамақ істеп қойсандар қайтер еді. Қолдарыңа құлғана шыға ма? Мені бір рахаттан келеді дейсіндер ме деген сөздер әділетті болған соң, аузымды аша алмай, далада бір жарты ішіп, үйге жаңа ғана кіріп едім деп қалай айтайын, қолымдағы газеттің тасасына тығыла түстім... Ішінде ет дейтін қара түйіршіктері бар қағаз қалтада «домашний суп» деген болады, соның бірін ашып, суға қайната қойсамшы... Одан басқа тамақ та жоқ, әйелім соған разы болып қалар еді-ау. Енді «тазы ашудың алады» дегендей, барлық ауыртпалықты мен туғызғандай қара күйенің бәрін менің басыма үюде.

Маған қызыым ара түсіп, шырылдап жатыр. Түскіге ет асып қояйық дегенбіз, бір түйір ет қалмапты ғой, деп шырылдайды құлыным. Қайдағы ет? Ет бітті деп зарлағаныма екі ай болды, жүрттың еркектері үйіне бірдене тасып әлек, мұның бар білетіні газетін құшақтап диванға шалқып жату ғана... Жүрт құсал командировкаға шығып, үйге бірдене әкелуді



де білмейді. Еще холодильникten ет іздепті ғой... Атаңың басын табарсың онан...

Кетті... шапты... шаптықты... долданды... Кезінде аузынан сөз ала алмайтын үяң қыз еді, ашы тұрмыстың азабы шымбайына батқан соң, шыныраудағысын шығарып жатыр... Айтқанының бәрі рас, амал бар ма? Жұмыстан келген соң немесе демалыс қундері диванға жататынам да рас. Шаршасам жатпай не істейін, қарап тұрайын ба? Жұрт құсан тіміскіленіп, дүкен кезіп, таныстар іздел, біреуге жақындастып, біреулермен ауыз жаласып дефицит табуды білмеймін. Қолымнан келмейді. Енді не істейін? Айна 180 сомдай еңбекақы аламын, одан басқа түк табыс енгізе алмаймын. Не деген сорлымын.

Бірақ өзімді өзім сөккеннен гөрі әйелімнің ашы сөздері шымбайыма батып кетті. Бойымдағы жұз граммның күші де қайта қоймаған сияқты. Орнымнан қалай атып тұрғанымды білмеймін, асуыге жетіп барып:

— Маған не қыл дейсің сен қатын? Мен бе бәрін дефицит қылған! – деп ақырып жібердім...

...Өз даусымнан өзім шошып ояндым. Әлгінің бәрі түсім екен. Ух... Алла-ай, мұндағы қуанбаспын. Ойпырмай, қандай жаман, қайыршылық халде өмір сүргенбіз. Көргеніміз ит тірлік екен-ау... Құдай бетін аулық қылсын. Кейбіреулер соны да мақтайды-ау...

Жанымдағы әйеліме қарасам, қаннен қаперсіз пысылдал, тәтті үйқыда жатыр. Демалыс болған соң үйықтамай қайтсін? Дефицит аламын деп ала таңнан тұрып, дүкендерге зырылдамайды. Асықпай тұрып, керек нәрсесін толып жатқан дүкеннен оңай таңдап алады. Сатушылар жұрттың өзінен тауар алғанына мәз болып, асты-үстіне туседі.

Тамақтың проблемасы дегенді де ауызға алмайды. Тек ақшаң болсын, неше түрлісі дүкенде толып тұр. Ет атаулының бәрін сөренің астынан таныстарына ғана тығып сататын көккөз келіншектің де көзі ақсан... Ух, тамаша заманға енді ғана жеткен екенбіз-ау... Алла ұзағынан сүйіндірсін, социализмі құрысын деп күбірлеп теріс аударылып түстім...

## ТЕРГЕУТЕ ТҮСКЕН ТЕЛЕПАТИЯ

Толық айдың сәулесі меймілдеп түскен тымық түннің бірі еді. Мезгіл жазтоқсанның соңғы күндері. Тау бөктеріндегі қойлы ауыл күндізгі күйбеңнен дамып тауып, түн ортасында тым-тырс тынығып жатқан-ды. Арандағы қарындары шеңбірек ата тойынған қойлар анда-санда бір мекіреніп қойып, бір сарынмен ыңқылдауда. Оқта-текте үкінің улі мен байғыздың гүлі ғана естіліп қалады. Ағаш жапырақтарының сыйбыры да тымық түнде саптынған.

Кенет... ит ұлыды. Талмай, тыншымай ұзақ ұлыды. Ауыл үйдің екінші шетіндегі иттер түн тыныштығын бұзған тосын дыбысқа назаланып, оқта-текте бір шәуілдеп қояды. Кейде бір-біріне үн қосып, ұзақ үріп барып, тынады.

Бірақ ұлыған ит сәл толастағанымен, иттердің үруі сая-бырласа болды, қайта бастайды. Әбден мұң басып, шер толып, өкініштің зары өткен бір сарын бар сияқты үнінде. Қайта-қайта күш алып, аспанға қарап, бір қатты қайғыға қала болғанын білдіретіндей.

Киіз үйдің ішінде тәтті үйқыда жатқан жас келіншек мұнұлы дауысқа шыдай алмай аунап түсті.

— Басыңа көріңгір, бұл неге ұли береді? Тұраш, қарашы шығып, не болды ана итке, — деді сосын шыдай алмай.

Әйелінің ыстық лебі өзіне қарай аунағанын сезген томырық жігіт тіл қатпаған күйі үйқысы бұзылғанын ұнатпаған сыңаймен көрпені өзіне тарта түсіп, теріс аунап түсті. Бірақ иттің бір сарынды ұлуты оның да үйқысын шайдай ашты. Үнсіз тыңдал біраз жатқан соң, шыдай алмай:

— Қараң қалғыр қайсы екен? Не көрінді бұл итке? — деп созаландап орнынан тұрып, далаға шықты.

«Әй, Майлышаяқ, Жолдыаяқ, кә-кә, кел мында» деген даусы естілді.

Аздан соң жігіттің «әй, қара басқыр, сен бе едің ұлыған, не көрінді басыңа, кет малғұн» деген зекіген дауыспен қоса иттің «қанқ» еткен үні де алыстан шықты.

Итке ұрсып, қуып жіберген соң, жігіт киіз үйдің есігін қатулана қайырып, ергенектен едірендей аттап, ішке даурыққан дауыспен енді.

— Тс-сс, шулама, балаларды оятасың. Қайсысы екен қараң қалғыр?

— Майлышаяқ атаңа нәлет, шақырсам зорға келді. Аран-ның арғы басына барып, құйрығын қысып алғып, аспанға қарап ұлып отырған сол екен... Жайшылықта жалпандаپ, бұлғандап жетіп келуші еді, бұл жолы біртүрлі сынық өзі... Бірнеше шақырған соң ғана келді.

— Е, ол сорлыға не болды? Жатарда ғана сорпа-суанын ішкен еді ғой?

— Аш емес, ит аштықтан ұлымайды. Бір жамандық шақырып түр да...

— Қойши, тегі... қандай жамандық болсын? Ерігіп жүрген шығар...

— Осы күнге дейін иттің ерігіп ұлыпты дегенін естіген емесспін. Бір жамандық боларда немесе болғанда ғана ит үлиды дейтін еді үлкендер.

— Алла сақтай гөр, пәле-жаладан, қауіп-қатерден қағас қыла гөр бізді, — деп діншіл келіншек бетін сипады. Күйеуі де оның батасына қосылып жатыр.

— Енді қоятын шығар, ұзын таяқпен құйрығынан бір салым өзін... Кінәлі екенін өзі де сезген сияқты, — деп жігіт темекісін тұқыра өшіріп, келіншегінің жылы төсегіне енді енбек болып, көрпесін қайыра бергені сол еді, бір сарынды дауыспен ит тағы да ұлып қоя берді.

Бұл жолы үй-іші иттің қылтығын не деп топшыларын біл-меді...

Үш күн, үш түн бойы талмай ұлып, үйдің ішін әбден ығыр қылған итті ақыры Тұраш мерген сенбіден жексенбіге қараған түні атып өлтіріп қана тыныштанды. Бірақ жайшылықта иесінің көнілін тауып, жанынан екі елі қалмайтын көптен бергі серігінің аяқастынан неге бұлай нілдей бұзылып, ұли бергені жұмбақ күйінде қала берді. Біраз уақыттан кейін ит те, оның беймезгіл ұли бергені де ұмытыла бастады. Тек осы үйдің үлкен ұлы Азат қана оны ұмыта алмай, есіне алып қояды. «Сабақтан келгенде қарсы алып, үйде болса алдыннан арсаландап жүгіріп шығушы еді. Кейде сөмкемді де тістелеп, көтеріскісі келіп тұратын еді» деген қимастық сөздерін айтып жүрді.

\* \* \*

Сонымен уақыт өте берді. Майлышаяқтың ұлығаны түгіл, езі де ұмытылған.

Кеңшар орталығындағы интернаттың сегізінші класында оқытын осы үйдің үлкені Азат мектепте белсенді окушылардың қатарында жүретін жақсы оқытын бала. Мектептегі барлық істерге қызу араласып, үнемі алда болады. Өзі спортшы, жүгіргендеге алдына жан салмайды. Жаңалық, өзгеріс атаулыны да елден бұрын естіп, қолы боста кітапхананың оқу залынан шықпайды. Орыс тілінде шығатын журналдарды да қызығып қарап, көз тартқан суреттері болса, мәтінін жібермей оқиды. Бірде ол кітапханадағы «Огонек» журналынан американалық ғарыш кемесі «Челленджердің» апатқа ұшырап, барлық экипажының қаза болғаны туралы мақала көрді. Ежелеп оқи отырып, оның ұшқан бетінде орбитадан шығып үлгермей Тынық мұхитының үстіне құлағанын білді. Жеті адамнан тұратын экипажы түгелімен мерт болыпты. Суреттерін де берген екен, кілең күлімдеген жас жігіттер, арасында бір қыз да бар.

Орыс тіліне бәлендей жүйрік болмаса да, Азат мақаланың өне бойынан автордың қайғыға ортақ көнілі емес, қанағат сезімінің ауанын сезіп тұр. Америкада бір жамандық болса, кеңестіктер осылай қуанып қалатынын Азат біледі. Өзі де

солай болуын қалайды, алайда көз алдындағы фотода тұрған жап-жас жігіттер мен қыздың қиналып қаза болғаны елестеп, оларды аяп кетті.

Тағы бірде Азат «Вокруг света» журналынан телепат иттер туралы әңгіме оқыды. Иттер алыста болған апatty немесе жақында болуы мүмкін қайғылы дүниелерді сезіп, иелеріне сездіру үшін ұлып, дыбыс береді еken. Кейде тіпті жан таппай, аласұрып, иелерінің бұл жерден кетуін қалайтын көрінеді. Тіпті ұрып, ұрсып жатса да кетпей, қыңсылып, иесін құтқару үшін жанталасады еken. 1948 жылы Ашхабадта, түн ортасы ауа болайын деп тұрған жер сілкінісінде, бір ит шырт үйқыда жатқан иесінің көрпесін қайта-қайта жұлып түсіріп, есікке қарай жүруін қалап, қыңсылап, далаға ұмтыла беріпті. Иесі оны далаға шығарғаннан кейін 5-10 минут өткенде жер сілкініп, үй жермен-жексен болыпты... Иті далаға шығармаса иесін күл-талқан болып құлаған үйдің астында қалады еken.

Көңілі жүйрік баланың қатты әсерленгені сондай, ұзақ уақыт бойы балалармен араласпай, томаға түйік болып, терең ойларға шомып, толқып жүрді. Қурдастары қалжындалап, тұртіп, періп қашып ойынға тартса да, оны ауыр ойлардан арылта алмады. Әбден ішіне сыймаған соң Азат балаларға телепат иттер туралы оқыған дүниесін айтЫП берді. Кейде олар алыста болған оқиғаларды да сезіп, адамдардың қиналып жатқанын иелеріне айтпақ болып, ұлып дыбыс беретін көрінеді. Мыңдаған жылдар бойы адамдардың серігі болып, жанында жүрген ит түқымы үлкен қайғыға адамдардың қатты күйзеліп, қамығатынын сезетін болған соң, оны алдын ала ескерткісі келеді еken. Сол сол-ақ еken, балалар осыған ұқсас өздері естіген, білген оқиғаларын, тіпті ойдан құрастырған өтіріктерін де қардай боратып айта бастанады.

Азат олардың айтқан оқиғаларына аса елтімей, өзінің көптен бері ішкे түйіп жүрген құпия сырларына шомды. Ол Майлыаяқтың алғаш ұлыған түні тамыздың соңғы күндерінің біріне келетінін демалысқа келгенде үйдегі адамдарға ішкі сырын сездірмей анықтаған. «Челленджердің» апат болғаны да сол күндердің біріне келеді. Американың Тынық мұхиттық

белдеуімен санағанда Қазақстанмен екі арадағы уақыт айырмашылығы 11 сағат. Азат әке-шешесінен қайта-қайта сұрап жүріп Майлайаяқтың алғаш рет тұнгі үш кезінде ұлығанын білді. Бұл Америка уақытымен қарағанда күндізгі төрт. «Челленджердің» апатқа ұшырағаны да нақ сол уақыт. Демек... Демек Майлайаяқ челленджерліктердің ажал құшқанына қайғырып ұлығаны ма? Апрай, сонда біздің ит «жауларымыздың» қаза болғанына қапаланғаны ма? Балаларға осы сырды айтсаң болды, бәрі де мұны келеке қылары сөзсіз. Сенің итің адам білмегенді қайдан білген, соңшалықты данышпан ба еді? Данышпан болса қойға қасқыр шабатынын неге сендерге білдірмеген? Қораға шығарып тастаған жүкаяқтың астына неге тығызып қалыпты? Өтірікті соққанда да қисыны болуы керек қой, сенің жаман итің өзгелер білмегенді қайдан білсін, десіп, мұны әбден күлкі қылар еді. Тіпті, Майлайаяқты ит болып жүрген шпион екен деп те шығаруы мүмкін.

Бала қатты қиналды. Өзі әбден иланған дүниесін кімге айтып, ойын кіммен бөлісерін білмеді. Айтпайын десе ішіне сыймай барады. Әкесі мен шешесіне айтса, ешқандай мән бермесі белгілі, тіпті қайдағы жоқты шығарма деп ұрсып тастауды да мүмкін.

Ішіне сыймаған дүниені бала физикадан беретін жас мұғалімі Ескенге айтты. Алғашында баланың әңгімесіне мән бермей, селқос тыңдаған мұғалім иттің ұлығаны мен ғарыш кемесінің апат болуының бір уақытта болғаны айтылғанда елең ете қалды.

— Дегенмен біз бұл оқиғаны анықтай түсейік, егер итің ұлыған уақытта басқа бір апат болмаса немесе бір жамандық кейін естілмесе – онда сенің Майлайаяғың шынымен «Челленджердің» апатына ұлыған болады. Ол үшін екеуміз ешкімге дабыра қылмай, өзіміз ғана біліп кітапханадағы газет тігін-ділерінен сол кездің алдындағы және одан бергі 2-3 айдағы барлық оқыс оқиғалар мен апattар туралы жазылған хабарларды қарап шығайық. Алдымен қазақ газеттерінен, сосын Мәскеуде шығатын орыс газеттері мен журналдарынан. Егер осы уақыт аралығында басқа ешқандай оқыс оқиға бол-

маса, Майлыаяқтың нақ «Челленджердің» апат болғанына ұлығанын айтып, республикалық газеттердің біріне макала жазайық, – деді ол біраз ойланған соң.

Бұл ой Азатқа ұнап кетті. Ішіне сыймаған «қызығын» басқа да адамдардың да біліп, өздерінің ойларын айтатынына баланың өскелең көңілі мәз болып қалды. Мүмкін, Майлыаяқтың телепат ит екенін біліп, газет тілшілері үйге келіп, сұраулар жасар. Тіпті... тіпті өзінің суретін газетке де басар. Шіркін, сонда көре алмайтын балалар қызғанып, іші күйер еді-ау...

Баланың жүзі жаңып қуанумен қатар, қатты ойланып қалғанын көрген Ескен енді іске кірісейік деп шығарып салды.

Содан бері екі ай бойы Азат кітапханадан шықпай газет тігінділерін тегіс ақтарып шықты. Майлыаяқ ұлығаннан бергі төрт айда «Челленджердің» апатынан басқа айта қаларлық оқыс оқиғалар жазылмаған екен. Тек бір-екі жол апаты туралы оқыды, бірақ онда адам қазасы болмаған, тек күре жолдың ортасына шығып кеткен малды «КамАЗ» жүк мәшинесі соғып, 2-3 қара өліпті. Оның үстіне бұл оқиға Майлыаяқ ұлыған түннен көп кейін болған. Орталық «Комсомольская правда» газетінде Ресейдің Алтай өлкесінде бір жігітті ток соғып өлтіргені туралы жазылған екен, бірақ бұл оқиғаның мерзімі де иттің ұлыған түннен аулақ.

Осының бәрін теріп, Азат Ескен ағасына келді. Оның өзі де соңғы кездері кітапханадан шықпай, алдына газет тігінділерін үйіп алып, сүзіп отырғанын талай көрген.

– Ағай, мен Майлыаяқ ұлыған түнге дейінгі екі айда да, кейінгі екі айда да «Челленджерден» басқа үлкен апат туралы жазылған хабар таба алмадым, – деді бала кірген бойда оңаша отырған мұғалімнің назарын өзіне аударып.

Ескен оңаша отырса да, даусын бәсендете сөйлеп, баланың толқыған арынын басып, сыбырға бергісіз үнмен сөйлей бастады.

– Азат, мен де газеттерді тегіс ақтарып, сенің итіңнің ұлыған уақытына лайықты оқиға таба алмадым. Демек, сенің итің телепат болса, нақ осы челленджерліктерге қайғырған



болуы керек. Біз бұл оқиғаны республикалық емес, одактық газеттердің біріне, мысалы жұрт көп оқитын «Комсомольская правда» жазып жіберейік. Алдымен мен қазақша мәтінін құрастырамын, сосын осындағы орыс тілін жақсы білетін аға-апаларыңың біріне аудартамыз. Сен оны көшіріп жазып, редакцияға салып жібересің.

Азат бұл сөздерден тіпті толқып кетті. Өзінің анау-мынау емес, Мәскеуге, оның ішінде атақты газетке хат жазатынын білгенде, атқаңтаған жүргегі аузына тығылды. Бірақ ағайының осы оқиғаны әнтек құпияландырып, даусын бәсендептіп, ақырын сөйлегеніне ғана таң қалып отыр. Себебін сұрайын десе де батылы бармады.

Екеуінің арасында орнай қалған тым-тырс ахуалды Ескен ағасының өзі бұзды.

- Сен осыған келісесің бе, өзі? – деді ол.
- Эрине, келісемін...
- Басқа ойың жоқ па?
- Жоқ...
- Ал менің бұл оқиғаны сыйырлай айтып отырғанымның сырын түсінесің бе?
- Жоқ...

– Эрине, түсінбейсің ғой... Мәселе сенің итіңдің ұлығанында емес, мәселе «Челленджердің» Американың ғарыш кемесі екендігінде. Ал ол мемлекет бізге жау деп саналады. Қазір екеуміз жазып жібергенімізben, жауларымызды жоқтапты деп арты бәле бола ма деген күдігім болған сон, осыны жұрттың бәріне дабырламай, құпияландырып отырмын...

Өзі де солай ойлағанымен, Азат мұның соншалықты маңызды екеніне мән бермепті, не айтарын білмей тосылып қалды. Тіпті басына қайдағы бір үрей де келе қалды. Иті американалықтарға жаны ашыса сонда... сатқын болғаны ма? Бірақ ит кімнің кім екенін қайдан білсін? Оған кез келген адамның қайғысы батады. Осы итті мақтап, оның телепат екендігін жазып, жауларға жаны ашығанын қуана жеткізген менің өзім кім боламын сонда деген ой баланы түйікқа тіреген еді.

Азаттың жүзіндегі мазасыздықтан оның бойына қоркыныш кіргенін Ескен де сезіл қалды.

— Қорықпа, — деді ол баланы тыныштаңдырып. — Қазір бұрынғы заман емес қой. 37-38-ші жылдары ғой, қапелімде бір сөзді ғана қате айтып қойсан, ату жазасына дейін кесетін. Ол кезде «Ұ» әрпінің белдемшесі төбесінде болып, өзі «У» секілді жазылады еken. Соған бір ағаларымыз қателесіп, «Ұлы Сталин» деген сөзді «Улы Сталин» деп жазып жіберген ғой, сол үшін ату жазасын алған. Қазір ондайды елемейді ғой, көп болса, қателік жібердің деп ескерту жасайды. Ал «Челленджердің» апатқа ұшырағанын «Комсомолканың» өзі де жазған, соңдықтан Қазақстандағы бір ит сол түні қатты уайымдап, түні бойы ұлыпты деп жазсақ, сол үшін бізді жазалай қоймас. Бәлки бір ғалымдар көңіл аударып, сенің Майлыаяғыңың тағдырын зерттеуге келер, — деп ағайы сөзінің аяғын жылы жымып, әзілмен аяқтады.

Бірақ бұл әңгіме Азатқа түрлі ой салып, көңіліне күдік енгізді.

Арада үш-төрт күн өткенде Ескен ағасы хаттың орысшын дайын қылды. Мектепте орыс тілінің өзі құралыптас Инга Валерьевна деген мұғалимасымен әзілдесіп, көңілдері жара-сып жүретінін оқушылар көретін. Хатты соған аудартқан болуы керек, үтір-нүктесіне дейін тәптіштеп, болған оқиғаны орысша тілмен сыйдырып, женіл баяндап шығыпты. Оны Азат екі сағатқа жуық тапжылмай отырып, әдемілеп көшірді. Ескен ағасы бұрыннан дайындалған қойған конвертке салып, «Комсомолканың» адресін жазған соң, Азатқа 3 сом беріп, поштадан «тапсырыс хат» ретінде жолдауға жұмсады...

\* \* \*

...Содан бері екі жылға татитын екі айдай уақыт өткен. Азат поштага күнара барып, жауап күтеді, одан қалса кітапханаға жүгіріп, «Комсомолканың» соңғы нөмірін сұрайды... Сейтіп, әбден тағаты таусылып, жауап енді болmas деп жүр-

ген күндердің бірінде төбеден торс етіп тұскендей құтпеген жаңалық келе қалды...

Азат тұсқі тамағын ішіп болған соң, дайындық сабағына қатысу үшін мектепке енді кіріп келе жатқан, сегізінші класта өзімен қатар оқитын Гүлмира деген қыз алдынан жүтіре шығып, өзін директордың жедел келсін деп шақырып жатқанын алқына жеткізді.

— Ағай сені тез тауып әкел деді. Жатақханадан таба алмаған соң, осында келіп едім, әйтеуір таптым-ау, — деді қыз ентігіп.

Бұл шақырыстың редакцияға жіберген хатқа байланысты екенін сезген Азаттың іші қылп ете қалды. Екінші қабатқа көтеріліп келе жатып ол Есken ағаймен ақылдасып алайын ба, әлде бара берейін бе деп ойлап үлгерді. Тез келсін деп жатса асығыс болар, дегенмен ағайға кіріп шыққаным дұрыс шығар деп мұғалімдер бөлмесіне қарай жүтіре жөнелді.

Қырсық қылғанда Есken ағайы орнында болмай шықты, дайындық уақытына қалмайтын мұғалімдердің бәрі тарап кетіпті. Азат амалсыз басып, директордың бөлмесіне барды. Өзін жақсы көріп, үнемі «Азат, қал қалай» деп жүретін Бекмырза Төлебаев ағасының жанында жасы қырықтар шамасындағы аққұба, нарқасқа ағай отыр екен. Аузы-басы сұпсүйір, кісіге сынай қарайтын бұл адамды Азат бұрын-сонды еш жерден көрген емес.

— Міне, мына бала, Жақыпов Азат деген оқушымыз осы. Жақсы оқитын балаларымыздың бірі, — деп өзін қысқа таныстырған директор Азатқа қарап: — мына ағаң сенімен сөйлесуге келіпті, органның адамы, — деді екішты тіл қатып. Сосын өзі қипактап, оңаша сөйлесемін деген едіңіз, мен шыға тұрайын деп кабинеттен кетіп қалды. Әңгіме жаймашуақ басталған соң, Азат та журегін тоқтатып, демін басты.

— Кел, батыр, отыр мына жерге, — деді бейтаныс үстелдің өзіне қарсы жағын нұсқап. — Мениң аты-жөнім Тауман Ыдырысов, қауіпсіздік комитетінің қызметкерімін. Сенің «Комсомольская правда» газетіне жазған хатың бойынша кеңесуге келдім.

Өзінің сөзі қаншалықты әсер еткенін байқағысы келген болуы керек, осы сөздерді айтып ол Азатқа көзін сүзіп, сынай қарады.

– Сен пионерсің ғой, ә, уже комсомол ма едің, онда тем боле... сен маган барлық шындықты айтуға міндettісің. Өйткені, біз елдің қауіпсіздігі үшін қызмет ететін адамдармыз, ал сендер бізге көмекшісіңдер. Бізде еліміздегі тыныштықты бұзғысы келіп, түрлі ғажайыптар, болмайтын қиялдар мен өтіріктерді айтып, жүртты желіктіріп жүретін қитүркы жауала-рымыз көп. Біз сондайлардың алдын алып, олардың халықты толқытуына жол бермейміз. Ал, сен маган комсомол ретінде шыныңды айтшы, мына хатты жазуға саған кім ақыл берді?

Азат көп ойланбай:

– Ешкім де ақыл берген жоқ, мен болған оқиғаны өзім жаздым, – деді.

– Өтірік айтпа, сен мынадай хатты орыс тілінде ешқашан жаза алмайсың, шыныңды айт, кім саған көмектесті? – деді Үйдірысов түсін сұтыып.

– Мен өзім жаздым да, орыс тіліне аударттым. Ал аударған кісіні айтпаймын, өйткені сіздер оған кінә тағатын сияқтысыздар, – деді Азат қасарысып.

Тауман Үйдірысов өзінің тактикасы дұрыс болмағанын, мына баламен ондай жолмен тіл табу қыын екенін тез болжады. Ұзақ уақыт үнсіз отырып қалған соң, ол енді жайма-шуақ қүйге көшіп, Азаттан қалай оқитынын, қандай әдеби-еттерді сүйеттінін, кімдермен дос екенін сұрады. Арасында өзінің блокнотына бірденелерді түртіп алды. Сараң жауап беріп отырса да, Азат оның суыртпақтатып отырып өзінен көп жайды біліп алғанын сезді.

– Жақсы көретін мұғалімдерің кімдер?

Азат Ескен ағасын бірден айтпай, бірнешеуін қатар атап, соның ішінде елеусіз етіп оны да айтты.

– Осынша мұғалімнің бәрін жақсы көру мүмкін емес қой, ең жақсысын аташи, – деді Үйдірысов.

– Мен олардың бәрін бірдей көремін, – деді Азат та қула-нып.

– Эрине, саған бұл хатты жазуға бір мұғаліміңнің көмектескені көрініп түр, біз оның кім екенін бәрібір анықтаймыз.

– Немене сонда, мұндай хатты жазу қылмыс па? – деп қалды Азат та...

– Жоқ... ешқандай қылмыс емес... Бірақ сен әзірге түсінбейтін шығарсың, біз материалистерміз ғой. Біз ғылым дәлелдеген нақты дүниелерді ғана мойындаимыз. Ал құдыреттің ісі, құдайдың күші дегенді идеалистер айтады. Біздің идеологиямыз ондайды мойындармайды. Мына телепатия деген де идеалистердің шығарып жүрген қырық өтірігінің бірі. Оның ешқандай ғылыми негізі жоқ. Мұндайлар адамдарды құдайға табындыру үшін ойдан шығарылған өтіріктер. Сенің итіңнің түнде ұлығаны мен америкалық ғарыш кемесі апатының ешқандай байланысы болуы мүмкін емес. Арада алты мың шақырымдай қашықтық бар, ол кеменің апатын қайдан білсін? Иттер жайдан жай да ұли береді, тіпті бір жері ауырса да ұлиды. Адамдар ауырсынғанда үхілемей ме, сол сияқты иттер де ұлиды. Айтуға тілі болмаған соң, ағзасы ауырып, жанына батып тұрса ұлымағанда не істеуші еді?

– Жоқ, Майлыаяқ ешқашан ауырған емес, күндіз әкемнің жанында қой бағысып жүрді, тамағын да қалдырмай ішіп отырды. Бір жері ауырса, ас құйған аяғына қарамас еді ғой...

– Сонда сен итіңнің сол апатты сезгеніне сенімдісің бе?

– Жоқ... Мүмкін солай шығар деп жаздым, білетін адамдар, ғалымдар бұл телепатия деп айтар ма екен деп ойладым...

– Ал оның саған не керегі бар? Телепатиямен бір жерге баратын ба едің? – деді Үйдірысов басқа сөзі болмаған соң мысқылға көшіп.

– Қызық емес пе, адам болмысты теренірек тануы керек қой?

Осы жерде КГБ-шы «қарай гөр» дегендей Азатқа шұқшия қарады.

– Сен болмыс дегенді қайдан білесің? Мектеп программасында ондайлар жоқ еді ғой?

– Болмаса оқып, білуге болмай ма? Мен философия оқулығын қарап отырамын, маған бәрі қызық!

– Жақсы, – деді Ыдырысов бұл амалдары да өтпеген соң басқа айлаға көшіп:

– Сен өз итінің америкалық кеменің апат болғанына қайғырғанын жазыпсың. Ал америкалықтар бізге жау екенін жақсы білесің. Демек, сенің итің жауларымыздың қайғысына ортақтасып тұр емес пе? Мұны қалай түсінуге болады? Итті сатқын деп кінәлай алмайсың, ал оның иесі – сені кім деп білеміз?

Бұл Азаттың күткен сұрағы еді. Сондықтан саспай жауап берді.

– Ит кімнің жау, кімнің дос екенін білмейді. Ал қайғырған себебінің не екеніне телепатия болмаса, мен жауап бере алмаймын, сондықтан да иттің қылығы телепатия емес пе деген сұрақ беріп, газетке жаздым...

– Сен мен күткеннен әлдеқайда білімді, қызық бала екенсің, – деді қонақ бар амалы құрып. – Сондықтан мен саған шындықты айтайын. Біздің ұстанған саясатымыз бойынша америкалықтарға жаны ашығандықтың, қолдағандықтың, оларды мақтағандықтың бәрі сатқындық деп танылады. Сенің өзің жаның ашымағанымен, итінің жаны ашығанын әйгілеп тұрсың. Соның өзі сені сатқын деп қаралауға негіз болатын дәлел. Бірақ біз сенің жасың қемелетке толмағандықтан жазаламай, тек осындай ақыл айтумен шектеліп отырмызы. Өзіне кімдер көмектескенін сен айтпай отырсың, қажет болса біз оларды да анықтаймыз. Ал сен телепатия деген секілді мифтерді ұмыт. Олардың бәрі не үшін ойдан шығарылатынын мен саған айттым. Айтқанға көнбесен, түрлі сылтау тауып мектептен де шығартып, комсомолдан да қуып жіберу біздің қолымыздан келеді. Өзінің болашақ өміріңе өзің балта шаппа, айтқанға көніп, оқы дегенді ғана оқып, ойла дегенді ғана ойла. Ал орталық басылымдар жүртты қызықтыру үшін және шетелдіктерге бізде бәрі де ашық жазылады дегенді айтқызу үшін неше түрліні жаза береді. Бірақ бәрін де белгілі бір шектен асырмай, коммунистік партияның идеологиялық нұсқауының шеңберінде жазады. Ешқандай жерде қазақстандық иттің америка-

лықтарға жаны ашып, түні бойы ұлыпты дегені сияқты дүниелер айтылмайды. Егер ондай дүниелерге рұқсат болса, ешкімге айтпай, хатыңды бізге жолдамай-ақ редакция өзі баса салар еді ғой... Көріп тұрсың ғой, хатың бізге жолданып, мына баланың кім екенін анықтаңдар, ақылшылары кім екенін біліндер, тиісінше жазаландар деп бізге нұсқау берілген. Әрине, сен, екеуіміздің арамызыдағы әңгімені ешкімге айтпай, бұдан былай тыныш жүргуте уәде берсөн, мен сені жазаламай, әңгіме өткізілді деген жауаппен шектелемін. Мұғалімдерінді де қудалауды қолға алмай-ақ қоямын. Ал басқаша болса, жоғарыда айтқанымдай, біз сені қатты жазалай аламыз, – деді ол сөзін тұжырып.

Азаттың күткені бұл емес еді, ол өзінің ақ, адал екеніне Үйдірысовты сендіремін деп ойлаган. Сейтсе.... олар ешкімге де сенбейді екен-ау, тіпті қолайына келмесе сенімді дүниенің өзінен ши шығарып, жазалауға бар екен.

...Арада көп жылдар өткен соң, осыны ойлағанда Азаттың тұла бойы түршігіп, тітіркеніп кетеді. Апыштамай, адамның ақыл-оыйын, арман-қиялын саясаттың қазығына шандып, арқандап қойған қандай қоғамда өмір сүргенбіз. Соны да еркіндік, азат қоғам деп атады-ау деп ойлайтын. Сонымен бірге өзінің, бала да болса, саясаттың шытырманына шырмалып қалмай, мұғалімдерін ұстап бермегеніне, оларды атамағанына ішінен шукіршілік айтып жүрді.

## ҚИЫН ТҮЙІН

Телефон ұзақ шырылдады. Таңертеңгі мезгіл болған соң, әйелі де естімегендей пысылдап жатыр. Өмір-бойы бірінші жүгіретін еді, енді зейнетке шыққанда өзі алсын дейтін шығар. Әлде... әлде зейнетке шыққан соң, қатынның алдында қадірінің қашқаны ма?

Екі қабатты коттедждің жоғарыға шығатын баспалдағының түбінде түрган қалалық телефонның таңғы тыныштықтағы даусы абажадай үлкен үйді басына көтеріп, әлі бажылдап тұр. Қой... болар емес, мүмкін бірдене болып қалған шығар. Созалаңдап орнынан тұра берген запастағы генерал көзінің қырымен айнадағы өзінің олпы-солпы сұлбасына көзі түскенде, жып-жылдам жөнделіп, халатын жамылған қалпы тәпішкесін сүйретіп төмендегі телефонға жетті.

Телефон тұтқасының сағаты таңғы жетіден он минет кеткенін, ал анықтауыш қоңыраудың ішкі істер басқармасынан екендейтін көрсетіп тұр. Не болып қалды еken деген оймен тұтқаны көтергенде ар жақтан департамент бастығының қобалжыңқырай шыққан таныс дауысын естіді.

— Ереке, ерте мазалағаныма кешіріңіз, өзіңіз білесіз ғой, нерядовая ситуация болып тұр... Бүтін, таңғы үш кезінде «Новая» көшесінде тұратын қасіпкер Литвиненконың отбасын түгел қырып кетіпті... Қемелетке толмаған екі баланы да аямаған. Барлық мәйіт – төрт адам... Ешқандай улика жоқ... Тағы бір көмегініз керек болып тұр. Қазір машина жіберейін, сол істі ашуға көмек беріңіз...

— Мен Қара теңізге демалысқа бармақшы едім... Жағдайым келмейді ғой.

— Ереке, сіз кіріссеңіз оңай ашылады, осыдан кейін мазаламайын, осы жолы бір демалысыңызды қиыныз. Әлі барасызғой. Министрлік мұндаиды тез ашу керек деп дігерлейтінін білесіз... Біздің жігіттердің арасында мұндауда жіті қымылдай алатындар шамалы, амал жоқ сізге ісіміз түсіп тұр.

Бастықтың шын қылғаны даусынан білінді. Ерғали Ерденұлы да оның сағын сыңдырмай, «жә, мәшине жіберіңдер», деп телефонды орнына қойды.

«Не болып қалды, кім екен» деген әйелінің еріне шыққан даусы жоғарыдан созыла естілді.

— Тез тұрып шәйінді қамда... Мені жұмысқа шақырып жатыр, — деді оның жауабын күткісі келмеген Ерғали ваннаға кіріп бара жатып.

«Тағы да жұмыс дей ме, өзі сен демалыстасың ба, жок па, шақырудың шегі бола ма бұл», деген сияқты әйелінің үйреншікті бұрқылын анық естімесе де, даусының кейістігінен жуынып жатып сезіп тұр. Енді қайтсін, өмір бойы шұғыл шақырудан әбден шаршады емес пе? Отыз үш жыл милицияда қызмет еткенде қун-тұн демей болатын шұғыл шақыруларда өзімен бірге тұрып, тұн үйқысын қимаса да, киімін алдып беріп, жеңіл-желлі тамағын жасап, шығарып салатын. Күйеуін төсегінде ғана тосып, керіліп жата беретін еркетотай болған емес. Қашан да қындықтың бәрін өзімен бірге бөлісуге тырысты. Сөйтіп жүріп үш баланы да жүрттан қалдырмай жүнттайді.

Ерғали күтпеген жерден өзінің өмірін көз алдына елестетіп өтті. Әскерден келген соң Алматыдағы милиция мектебіне окута түскен. Айтотыны сонда жүргенде тапты. Милиция мектебінің курсанттарын қыздары көп институттар жиі қонақ қылып, көңілді кештер өткізетін. Соңдай бір кеш шет тілдер институтында болып, қарқылдасып, қауқылдасып барған курсанттар «қызыл қанат қыздардың» ортасына топ еткен. Сол кеште Айтотымен танысып, аузының салымын бір сынаған. Бір көрмеге кербез, тәқаппар көрінген көркем бойжеткен өзіне кет әрі еместігін бірден танытты. Содан соңынан қалмай жүріп, әйтеуір окулары қатар біткенде, Сібірдің ете-



гіндегі ауылына қол ұстасып бірге келген еді. Ол өміріндегі бір бақытты шағы.

Содан, жиырма жыл бойы аудандық милиция бөлімінен үзай алмай, тынышсыз күндерді бастаң өткөрді. Ісі қанша жақсы көрініп жатса да, басқаларға оңай келетін иықтағы жулдыздар мұны жанаң өтіп жатты. Сырттай оқып, жоғары білім алғанына да қарамай, капитан болып он жыл жүргенде, майор атағы екі ұмтылғанда зорға берілген еді. Аудандық тергеу бөлімінен жоғары жылжымаған бұған енді жоғары атақ аспандағы жұлдыздардай болып қол жеткізбейтіндей көрінген. Осы атақпен зейнетке шығармын деп жүргенде, бағы күтпеген жерден жарқ етіп жаңды.

Бірде облыстық департаментке баяғыда өзімен милиция мектебінде бірге оқыған Амантай Ескелдиев бастық болып келе қалды. Барып амандасуға, қызметімен құттықтауға жүрегі дауаламаған. Енді ше, ол генерал-майор, бұл болса жәй майор... Арада жиырма жылдан артық уақыт өтіпті, кімнің қалай өзгергенін қайдан білесін...

Сөйтіп, баруға батылы бармай, бармағанына ішінен өзін-өзі қинап, бармағын тістеп жүрген күндердің бірінде департамент бастығының өзі мұның ауданына келе қалсын. Бастық атаулының бәрі апы кіріп, күпі шығып, жандары мұрындарының ұшына келген. Қатал екен деген сөздер де жиі айтылуда. Қалай амандассам екен деп он ойланып, жұз толғанып бул жүрген.

Аудандық бастық барлық бөлім басшыларын үлкен басшыға таныстыруға жинағанда да көптің бірі болып елеусіз кірді. Бастық мұның аты-жөнін айтып, лауазымын атағанда, бұған дейін қабағы қарысып, түрі түксіп отырған төрдегі төре кенет жадырап, жүрттың бәрінің көзінше жанына келіп, құшақ жайып амандасып еді...

Шіркін, Амантай асыл азамат қой. Милиция мектебінде бірге оқыған жылдарын ұмытпай, тіпті өзіне жасаған бір болмашы жақсылықтарын да есіне түсіріп, сол күні басқаның бәрін керек қылмай, үйіне кіріп, дәм татқан. Сол, сол-ақ екен, Ерғали жиырма жылда қол жеткізе алмаған биіктеге

қырандай қалықтап көтеріле берді. Алдымен басқа ауданға бастықтың орынбасары болды, онда бір-екі жыл істеген соң, тағы бір ауданға бастық болып барды. Амантайдың сенімін ақтайын деп өзі де тыным алмай, өзгелерге де тыным бермей, күндіз-түні үй көрмей жұмыс істеп, бағыныштыларының істерін көзден таса қылмағандығының арқасында жақсы атқа ілікті.

Тұннің біруағында қонақтан шығып үйінекелгенде, әйелін есіктен кіргізіп жіберіп, өзі мәшинесін жібермей, қаланы бір айналып, басқармадағы кезекшілерді бақылап шығушы еді. Бұрын есікті жауып алып карта ойнап, гүжілдеп отыратын немесе притондардағы жезөкше әйелдерді аралап, «қызық» қуып, тұнгі серілікті молынан кешіп жүретін кезекшіліктегі «мент» атаулының бәріне жұмыс істетіп, аяқтарынан сарсылтқан. Екі жыл бойы осылай тынымсыз істеген жұмыстың нәтижесі оны республикадағы алдыңғы қатарлы басқармалардың қатарына шығарды. Ал Амантай өзін министрдің орынбасары қылып әкетерде мұны облыстық департамент бастығының орынбасары тағына көтеріп кетті. Онда екі-үш жыл істеген соң, батыстағы облыстардың біріне департамент бастығы болып жоғарылатылды. Осында істеген жеті жылда да ауыздан түспей үнемі мақталумен болды. Генерал атағында сонда алды. Сөйтіп, алдыңғы жиырма жылда бір орнынан жылжи алмаған басы соңғы он жылда айды аспанға бір-ақ шығарған. Алайда соңғы серпін түйікқа тіреліп, министрдің орынбасарлығына ұсынылған жерден өтпей қалып, запасқа сұранған. Стажы да, басқасы да келіп тұрған мұны ешкім қал деп қолқалай қоймады, сөйтіп 55 жасында демалысқа жалт берді.

...Ерғали келгенде жедел топ жұмысқа кірісіп кетіпті. Топ бастығының кеңесшісі қызметіне тағайындалғаны туралы бүйрекпен таныса сала іске кіріскең запастағы генерал белгіленген төтенше жоспарға көnlі толмайтынын жеткізді. Онда із кесу, саусақтың таңбасын, киімнің тегін, жұлынған шаштың, төгілген қанның құрамын анықтау, қолданылған қарулар секілді криминалистік сэттерге көп мән беріліп, қыл-

мыстық субъектінің өзінің ізін сүйтпай табу екінші кезекте түр.

Оқиға тұнгі үштерде болған, демек бұл кезде көрші үйлердің бәрі тыныштық алған шақ, ал тұнгі дыбыс қатты естілері хақ. Ендеше, алдымен көпқабатты үйдегі іргелес, тіпті іргелес емес үйлер тұрғындарының бәрін жұрт жұмыстарына тарап кетпей тұрғанда тегіс ақтап, не естігендерін біту керек. Оларға қылмыс болғанын жасырмай айтып, көршілерін қырып кеткенін жеткізіп, жан аяушылықтарын оята отырып жеткізген жөн. Қандай дыбыстар естіді екен, кімнің есімі аталды екен, марқұмдарды біле ме, олармен бірге жұмыс істейтіндерді, таныстарын тани ма, кімдермен араласатын еді, қандай да бір төтенше қатынастар, ұрыс-керістер туралы естіп пе? Осының бәрін анықтау үшін жедел топ үйдегі пәтерлерді бөліп алып, дереу аттансын. Тағы біреулер сол манда тұратын тұнгі таксилерді тауып, олардың жүргізушилерімен сөйлессін. Таң алдында қапшық көтергендер көзіне түспеп пе, бір жаққа апарып сал демеп пе? Келсе түрлері, киімдері, сөздері қандай, не аңғарды, соның бәрін анықтау керек.

Енді біреулер тұні бойы қызмет істейтін сол мандағы дәмханалар мен ресторандарға кіріп, құдікті адамдар жайлы сұрау салсын. Департамент бастығының алдында болған жедел отырыста осынау тапсырмаларды ұстемелетіп айтқан генерал осы жұмыстардың дереу орындалуы қажеттігін және алғашқы нәтиже туралы сағат 15.00 жиналу керектігін айтты.

Майор шеніндеңі жедел топ жетекшісі мұның айтқандағының бәрін жазып алғанымен, қыртиып қалғаны сезіліп қалды. Мектеп мұғалімі қатарынан милицияға алынған жас жігіт тергеу бөлімі бастығының орынбасары болғанымен, таныс-білістерінің арқасында 4-5 жылда майор атағын алып үлгергенімен, жұмыстың терендегі қыр-сырын біле бермейтінін көрсетіп алды. Сондықтан да оған генералдың айтқан жұмыстары орындалуы өте қыын шаруалардай болып көрінген сияқты.

Департамент бастығы Ерғалидың айтқандарының бәрін құптал, тағы бір топ марқұмдардың туыстары мен таныс-

тарын іздеуі керектігін және бұл жұмысқа басшылық етуді генералдың өзі қолға алатынын айтты.

Сол бүйрықпен жанына екі лейтенант ерткен Ерғали қылмыс болған жерге келді. Мезгіл ерте көктем еді, дала-дағы қыстың соңғы ызғары бет қарып, адамның басы-бойын жылқының дүр етіп сілкінгеніндей сергіте қалады. Таң ағарып, жүрттың бәрі қунделікті шаруа қамымен жан-жаққа шашыла тарап жатыр. Қылмыс жасалған үй кеңестік бес қабатты көп қораптың бірі еken. Кіреберіс есігі мен қабырғаларындағы алабажақ жапсырмалар, тырналған, жазылған-сызылған іздердің де еш ерекшелігі жоқ. Генерал оларға мұқият көз тастап, үшінші қабаттағы милиция қызметкері күзette тұрған ашық есікке енді.

Төрт адамның мәйіті төрт жерде шашылып жатыр. Қылмыскерлер үйді барынша ақтарып, аяусыз шашқаны көрініп тұр. Не іздеді еken, тек ақша мен қымбат дүниелер ме, әлде басқа да іздегендері болды ма?

Қожайынның үстінде үйге киетін ала халаты бар. Еңгезердей жігіт етбетінен құлаған күйі жатын бөлмедегі үлкен тақтаның қасында жан кешіпті. Қашып келіп құлаған сияқты. Демек, тәбелес бұл жерде емес, залда немесе асүйде басталғаны сезіліп тұр. Бастан, иықтан тиген соққылар қатты әрі ауыр заттың ізін айғақтайды. Бұл өте ауыр, қатты затпен ұрғанның белгісі.

Қожайынның есікті өзі ашқаны да белгілі болып тұр. Жеті түнде есік қаққандарға жақын танысы болмаса, ешкім де есік ашпайды. Келгендер жақын білістері еkenі айқын. Нақты саны белгісіз болғанымен, асүйде отырып арақ ішкендеріне, ондағы рөмкенің үшеу болғанына қарағанда, екеуден кем емес. Бір рөмкені қожайынның өзі үстаса, аналар екі адам.

Қанішерлер үй иесінің жас әйелін зорлап, әбден мазақ қылғаны және артынан қатты затпен дәл мәндайдан ұрғаны залдағы диванда жан тапсырған оның тыр жалаңаш денесінен көрініп тұр. Арақ естерін алып, саналарын әбден тұмшалаған қаныпезерлер сақтықты ұмытып, асықпай қимылдаған. Екі баланы да бауыздап өлтіріпті.

Айналаның бәрін көзімен шолып, болған оқиғаны ойша елестетіп тұрған генералдың ойын кіреберістегі шаң-шұң дауыстар бөліп жіберді. Аңыраған әйел даусы үйге өтемін деп, ал полиция қызметкерінің оны қақпақылдаған дыбыстары аңғарылды. Келген марқұмдардың бір туысы екені сезілді. Генерал орнынан шұғыл қозғалып, асүйдегі ізшілдердің жұмысын тез аяқтатып, келген кейуананы сонда кіргізді. Кім айтқаны белгісіз, балаларының сүмдүк оқиғасын естіген бойында жеткен Литвиненконың анасы екен. Мәйіттерді көремін, жіберіндер деп те айғайға салды. Ерғалидың салқын сабырмен айтқан сөздері мен қатқыл даусы ғана сабасына түсіргендей.

– Сіз қазір ізшілдердің жұмысына кедергі жасайтын болсаңыз, біз қанішерлерді оңай таба алмай қаламыз, одан да сабыр сақтап, өзініздің білгенінізді айтыңыз, – деп генерал кейуанаға су әперді.

Ауыр қайғыдан қатты қалжыраған адамның айтуына қарағанда, баласы көптен бері шағын саудамен айналысады. Соңғы жылдары саудасы жақсы жүріп, жеке үй, мәшине де алған. Көп адамдарға қарыз беріп, кейбіреулерден ақшасын ала алмай жүргенін де біледі. Әйелі Валя да қүйеуіне көмектесіп, оның әкелген тауарларын өткізіп жүретін. Биыл базардан орын алышп, екеуі сауда нүктелерін ашқан. Өзі ешкімге құдік келтіре алмайтын болып шықты, өйткені, балаларының кімдермен істес екенін, кімдерге қарыз бергенін білмейді. Осының бәрін ол қалтасындағы валидолды жұта отырып, зорға айтып берді. Өзіне қарама-қарсы есіктегі көрші әйел хабарласыпты. Полицияға да сол хабар берген еді. Рита мұның Геннадийдің шешесі екенін билетін. Қаланың басқа шетінде тұратын құдағиы Елена Петровнаға да хабар беріпті. Қазір ол да осы жерге келеді. Балаларына кімдер қарыз болғанын сол білуі мүмкін...

Аңырап-боздап, үйді басына көтере келген екінші анадан да генерал деректер алмақ болып көрді, бірақ оның білгені де құдағиынікінен артық емес.

Сағат үште өткізілген жедел топтың отырысында біршама айғақтар аян болды. Соның ішінде «Федя, қойсанышы, саған

не болды?» деген әйелдің айғайын екі жақтағы көршілер де ап-анық естіпті.

Демек... Федя, Федя... Келесі кезекте белгілі болған таныс-білістердің бәрінен Федя есімді жігіттің кім екенін сұрау керектігі күн тәртібіне қойылды. Өзі шыға қалса, 72 сағатқа тұтқындау қажеттігі де айтылды. Тіпті бірнешеу болса да, ұстау керек. Зым-зия жоқ болып кетсе, білетіндерден түр-түсін анықтап, фотороботын жасатқан жөн.

Ендігі шаруаның бәрін ойлап, өзіне бөлінген кабинетте үнсіз отырған Ерғалидың ойын телефонның шырылы болады. Тұскі асқа келмейсің бе деген әйелі екен. Қайдағы тұскі ас... Ойхой, сағат төрт болып қалыпты-ау. Енді кешкілікке бір-ак барамын ғой деген Ерғали өзінің тұскі асты ұмытып та кеткеніне таң қалды...

Жедел жұмыстардың нәтижесінде Литвиненколармен араласқандардың арасында төрт «Федя» - Федор бары анықталды. Байғұс әйелдің «Федя» деп өзімсіне шырылдағанына қарағанда, оны жақсы білетін болуы керек. Алайда жедел іздестіру тобы бұл тарапта ешқандай ілік таба алмады. Төрт Федордың үшеуінің алиби бар, ал төртіншісі қаладан кеткеніне көп болыпты. Өзін іздестіріп жатқанын таныстарынан естіген ол өз аяғымен полицияға келіп, қазір Омбы облысында тұратындығын, қылмыс болған күні өз үйінде болғанын дәлелдеп берді. Сөйтіп, іздестіру тобының басшысы майор Мұрат Есмағанбетов өзінің апталық есебінде бұл тарапты толық індеттік, одан ешқандай ілік табылған жоқ, сондықтан ол жабылатын тақырып деген шешімін жазған. Сабазың екі жақтағы көршілер де ап-анық естіген «Федя, қойсанышы, саған не болды» айқын айғақты бекерге шығара салды. Оның ойынша Федя есімді қылмыскер болуы мүмкін емес, «біз бәрін анықтадық» дейді. Демек, көршілер өтірік айтқан ба? Ол жағы да солғын. Екі жақтағы көршілер қылмыстың ізін жасыру немесе ізшілдерді жалған жолға түсіру үшін «Федя» дегенді жасанды турде айтқан болса, олар да қылмыскерді жасыруға мүдделі болғаны ғой. Есмағанбетов тобының алдына осы күдікті анықтау міндеті қойылған

еді, бір аптадан соң оны да теріске шығарып, көршілердің ақтығын дәлелдеп шықты. Осы бағытпен кете берсе, жедел тергеу тобы жұмысын аяқтап, істі ашылмаған қылмыстар қатарына өткізе салуға бейіл.

Мұндай шешіммен запастағы генерал Ерғали Ерденұлы келіспек емес. Ол «қылмыстық істі» сұратып алғып, жіті зерде-леуге кірісті. Барлық айғақтар мен деректер толық тіркелген, барлық қудіктілер мен таныстар тегіс сұралған. Бір қарағанда іс сапалы жүргізілген сияқты, алайда қылмыс ашылмаған. Өзінің көп жылдық тәжірибесі мұндай қылмыстың ашылмауы мүмкін емес екенін айтады. Өйткені, ол тісқаққан бау-кеспелердің қолы емес, алды-артын болжамайтын айуандардың қылышы екені көрініп түр. Кәнігі баскесер болса, мұндай қылмыс жасаған жерде көп бөгелмес еді. Мына жерде төбе-лес, шаш-шұң кемінде 20-30 минөтке созылған. Тіпті әйел зорлағандарына қарағанда, ішімдікпен немесе есірткімен ақыл-есі әбден тұманданған жандар. Сондай ақымақтардың жасаған қылмысын аша алмау өзінің кәсіби шеберлігіне нұқсан келтірері сөзсіз.

Шағын кабинеттің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп кеткен Ерғали бір түйіннің тарқамай тұрғанын аңғарды. Әсіресе, өзі қадалған «Федя» есімді адам табылмай тұрғаны анық. Мына-лардың анықтауы бойынша, марқұмдар билетін Федялардың саны төртеу екен, ал одан көп болса ше... Тағы бір немесе бір-неше Федя айтылмай тұрған сияқты. Бірақ оларды кім білтуі мүмкін? Мәселе сонда...

Алдымен зардап шегушілерді қайта қақпақ болып, гене-рал Литвиненконың қайын енесінің үйіне бет алды. Кейуа-наны састырып, абыржытпайыншы деп телефон соқпай-ақ, жалғыз өзі келген. Елена Петровна қылмыскерлердің осы уақытқа дейін ұсталмағанына ыздан жарылардай болып жүр екен. «Олар ендігі Ресей асып кетті, сендер енді таба алмайсындар» деп, ол өкініштен өртөнердей болып отыр.

Ерғали бар өнерін салып, оны зорға деп сабырға шақы-рды. Өздерінің күн-түн қатпай қанішерлерді іздестіріп жатқанын дәлелдеп, ақталып бақты. Қол-аяғы дірілдеп,



ашудан қалшылдап отырған кемпір сонда ғана тағат тауып, біршама байсалды әңгімеге көшкендей болды. Сеніміне әбден кірген генерал оның қызы мен күйеуі туралы ұзак әңгімесін тапжылмай тыннады. Мұғалім болғандықтан ба немене қызымен бірге оқығандарды көп біледі екен, солардың ішінде кезінде қызына қырындаған біраз балаларды атап берді. Ерғали олардың бәрінің атын жазып алғанымен, арасында Федор есімді ешкім болмады. Таныстарының арасында да Федор есімді адамдардың болғанынан хабарсыз екен.

Осы күннің ертеңіне ол жігіттің анасына да жолықты. Валентина Тимофеевна қайғыдан қатты шөгіп қалыпты. Жалғыз баласы Геннадий анасына қарасып тұратын қайырымды жігіт көрінеді. Шалы қайтыс болғанына 5-6 жыл болған, содан бері анасына келуді жиілеткен. Генерал оның бүл қылықтарына тәнті екенін білдіріп, ананың көңілін аулап бақты.

— Асығып жүргеніне қарамай маған барлық сапарларынан ылғы сыйлықтар әкелуші еді. Міне, мына шәліні де сол сыйлаған. Енді ондай жақсылықты маған кім жасар? — деп иығындағы жұмсақ, жылы шәлісін сипап отырып, көзін сыйып алды.

Келіні де жаман мінез көрсетпеген, тек кейде балаларын кемпірдің қасына жібергісі келмей, қызғанып қалатын көрінеді. Өйткені мұғалім болған өз шешесінің тәрбиесін артық көретін сияқты. Генерал бухгалтер болып істеген кейуана-ның баласымен қаншалықты сыр бөлісептін сұрады. Кейбір түсімдерінің көлемін анықтарда ақылдаспайтын ба еді деген сұраққа ана елең етті. Ерғали кемпірдің сүйікті тақырыбына тұрткі болғанын сезіп қалды. Кіріс-шығыс, түсім, шығын дегендерге келгенде кейуана қамшы салдырмай кетті. Кедендей салықтан жеңіл жолмен өту, ондағылардың қолына бірдене қыстыру сияқты дүниелерден де ептеп хабары бар болып шықты.

Жіпсі берген мұрның қолындағы орамалымен сұртіп қойып, баласының сонда біrnеше жігітпен таныс болып,



олардың көмегін көріп жүргенін де марқұм бірде айтып қалыпты. Бұл хабарға генерал ентелей түсті.

– Федор есімді ешкімді атаған жоқ па еді?

Ана қатты ойланып қалды. Сосын әлденені есіне түсіріп, осыдан екі-үш ай ғана бұрын осы үйден біреуге телефон шалып, ұзақ сөйлескенін, ол кім деп сұрағанда «кеденде істейтін Федя ғой» дегенін еске түсірді. Бұдан басқа дерегі жоқ.

Уақытты үнемді пайдаланатын жігіт бірден Кеден комитетіне барып, осы қаладан шығатын бекеттерде қазір қызмет істейтіндер мен бұрын істеп кеткендердің соңғы жылдардағы тізімін алды. Орыстың «Федор» деген есімі де кең жайылған ғой, онда істейтіндердің арасынан 7, бұрын істеп кеткендердің арасынан 5 адамның аты осылай болып шықты.

Бұл уақытта жедел тергеу тобының таратылу мерзімі де таяп қалған, генерал олардың арасынан ең тәжірибелі дегендерін тандап алып, «Федорлардың» сол түнгі алибilerін тексеруге аттандырды.

Үш күн жұмыс істеген топтың ешқандай нәтижеге жетпей тоқтағаны генералдың есін шығарды. Қырсыққанда барлық «Федорлардың» да алиби болыпты. Сезіктілеу деген екеуін өзі де қағып көрген еді, одан да ештеңе шықлады.

Бұл мүмкін емес... Екі жақтағы екі бірдей көрші естіген «Федя» есімді кісіні жер жұтып кеткен жоқ шығар. Бір жерден онбай ақсал түрмиз, әйтпесе ондай кісінің болмауы мүмкін емес. Генералдың көп жылдық тәжірибесі істің түйіні нақ осы есімге байланысты екенін де сездіріп тұр.

Кешкे үйіне кеш келген Ерғали жатар алдында телевизор қараған. Ресейдің қоғамдық арнасынан діни хабар болып жатыр екен. Тува Республикасының епископы сөйлеп жатыр. Кескіні монғол нәсілдес епископ жып-жып етіп, өздеріндегі діннің жәйінен көп қызықты дүниелер айтты. Тува, бурят халықтарының арасында да шоқындырылып, православиені қабылдағандар көп екен-ау деп ойлаған Ерғали бір сәт денесін ток ұрып жібергендей селк етіп, аңырап қалды. Оны селк еткізген поптың астындағы субтитрдағы «Епископ Феофан» деген сөздер еді.

Апыр-ай, Феофан дегенді де қысқартып «Федя» немесе «Феня» демейтін бе еді? Біздің ізден жүрген Федорымыз Феофан болып шықпасын? Осы уақытқа дейін мұны қалай ескермегенбіз деп генерал түнімен дөңбекшіп, көпкө дейін көз іле алмады. «Жау келерін жауға мінетін ат білер» дегендей, күйе-үнің сырын әбден үфып алған әйелі оның көп дөңбекшігендің қарап, бір істің жібін ұстағанын сезіп, үйқысы бөліне берсе де, ойын бөлмеуге тырысып бақты.

Ертесіне жұмысқа әдеттегіден ерте келген генерал департамент бастығына болған жайды баяндал, «Феофан» есімді адамды шұғыл ізден көру керектігін мәслихат етті. Сонымен тағы да 5-6 адамдық топ құрылып, жедел іске кірісті.

...Күдік шу дегеннен Ресеймен екі ортадағы «Басқызыл» кеден бекетінде тұратын Феофанға түсті. Ол Литвиненконың фотосын көрсеткенде, абыржып қалып, алдымен танимын деп, артынан көрген адамым емес деп бұлталақтай қалған. Басқа сұрақтарға да берген жауаптары да күдікті тереңдете түсті. Тергеуге барған қызметкер оны басқа мәселеге алдарқатып отырып, басқармаға:

– Мен төртте келемін. Шәйлерің сұып қалмасын, – деп телефон соқты. Бұл: мен «төртінші постамын, жедел топты тезірек жіберіндер» деген сөздердің бүркеме мағынасы еді...

Жедел топ кіріп келгенде орнынан атып тұрып, қалтасына қол салған зор денелі қанішерге тергеуші жігіт Елімжан жабыса кетіп, пышағын суыртпады. Соның арқасында қарсылық көрсете алмаған Феофан Стругачев қолға түсті.

...Алғашқы тергеуді өзі жүргізген генералдың алымды тегеурініне және погонындағы жарқыраған жалғыз жұлдызына көп қараған зор денелі, май мұрынды жас қанішердің психологиялық ұстамдылығы сай келе алмай, көзі жыптылықтай отырып, болған оқиғаның бәрін бүкпесіз айтып берді. Ол Геннадиймен осы бекетте тұрганда танысыпты. Шекарадан әрі-бері жиі өтетін жігіт пошилананы аз төлеу үшін кейбір тауарларына декларация жасамайды екен. Соның есесіне кеденшілердің қолына бірдене қыстыра кетуге де машықтанып алған. Өзі шекарадан аса алмайтын

кеден қызметкері болғандықтан, Феофан одан Ресейдің көршілес Казанка селосында тұратын туыстарына ішінде түрлі заттары бар сөмке беріп жіберуді әдет қылады. Бұл оқиға бірнеше рет қайталанған соң, екі жақ бір-бірінің сеніміне кіреді. Сөмкені күндіз әкелуге көлденең көзден қаймыққан Феофан оның үйіне тек түн мезгілдерінде ғана келіп жүреді. Әйелімен, отбасымен де танысып, реті келгенде бір-екі шөлмекті де бірге босатып кететін көрінеді. Саудагердің тұрмысының сәнді екенін, жұрттың қолы жете бермейтін заттар да көп екенін көріп, ішінен таңырқап әрі қызығып жүреді. Сөмкесін жеткізгенін міндет қылған болуы керек, Геннадий енді мұның қолына контрабандалық тауарлары үшін бұрынғыдай бірдене қыстыруды ұмытады. Есіне салса да қалжындаған болып, бойына дарытпайды. Бұл жігіттің шамына тиіп, ішінен қатты кектенеді.

Осы күндердің бірінде оған бала жастан бірге өскен, кейін көріспей жүрген Сергей деген жігіт кездесіп қалады. Бұл кекшіл әрі ызақор, біреумен сөзге келіп қалса болды, екі айналмай төбелесе кететін нағыз әпербақанның өзі екен. Тұрмеден екінші рет отырып келгеніне де көп бола қоймаған.

Онымен кездескен соң екеуі қосылып арақ ішіп, алкогольдің уыты естерін ала бастағанда тез баюды армандалап, тәтті қиялдарға батады. Әңгіме үстінде Феофан досына Геннадий туралы айттып, оның бай тұратындығына қызықтырумен бірге өзін алдап жүрген ызасын да жеткізеді. Бұған Сергей қарадай шамданып, өш алу керек екенін айттып тұрып алады. Қысқасы, естерін арақтың әзәзілі алған екі әңгүдік тезірек үйлеріне келіп, гантель, пышақпен қаруланып, жеті түнде Геннадийдің үйіне келеді.

Тағы да сөмке әкелгенін айтқан Феофанға үй иесі есік ашады. Бөлмеге кірген соң сөмке әкелгендер кete қоймай бір жарты ішгуді ұсынады. Бойларында қызыу бар енгезердей екеудің айтқанына көнбеуге болмайтынын сезген үй иесі оларды асүйге бастайды...



Содан кейінгі оқиға белгілі. Әлденеден күдіктеніп, үйінен қашып кеткен Сергей Адамов та үш күннен кейін ұсталды. Сот жазықсыз төрт жанның өмірін жалмаған екі қанішердің барлық қалған өмірін түрмеде өткізу жазасын берді.

Бұл запастағы генерал Ерғали Ерденұлы ашқан қезекті іс болатын. Министрлік оған қезекті алғысын жарияладап, сыйлық бергізді.



## ТЫҢШЫ

Бұл оқиға өткен ғасырдың 80-ші жылдарында болған. Бәшімге бақ күтпеген жерден қонды. Шағын ауылдағы сегізжылдық мектепте бірнеше жыл қазақ тілінен сабақ беріп, соңғы екі жылда ғана директоры болып жүрген оған кеңшардың парторгы аудандық партконференциядағы жарыссөзде сөйлейсің дегені ғой. Басында шаян шаққандай шоршып түссе де, картан парторгтың «көзге түсесің, бұл саған беріліп тұрған шанс» деген байсалды сөздерінен соң, ойланып қалған. Содан партияның оқу-ағарту саласындағы «жасам-паздық істері» туралы айта келіп, аудандық білім бөліміндегі «жетістіктерді» шолып өтетін қысқа сөзді бес күн отырып, қара терге түсіп, орысша даярлаған. Оқу ісіндегі табыстар туралы деректерді елу шақырым жердегі аудан орталығына үш барып, үш түрлісін әкелді. Ондағылар да бір сарамас еken, алғашқы бергендерді түзетіп, екіншісін алып кет деп бір звондады, одан екіншісін де түзетіп үшіншісіне де келтірді. Әйтеп, аудан мен екі арада бір парақ қағаз үшін үш рет жүрген.

Сөйтіп, барын салып, басын қатырып жазған дүниесінің арты қайыр болып, конференциядан кейін үш күн өткенде райкомның өзінен шақырту келді. Бұл шақырыстың тегін емес екенін сезген Бәшім де барын киіп, шікірейіп-ақ барған. Бірақ бірінші хатшы аяқ астынан жол жүріп кетіп, хатшы қызыдың келіп қалар деуімен есігінің аузын дәл екі сағат күзетті. Райкомның аты дардай болғанымен, қабылдау бөлмесі тым шағын, адам айналып жүрерлік орны жоқ. Бірақ мауыты қызыл кілем төсөлген едені мен қызыл барқыт жабылған үстелдері, басқа да жиһаздары жайнап тұр. Соның өзі бұл мекенге бір түрлі үстемдік беріп тұрғандай.

Ұзын етекті, тар мықынды юбка киген хатшы қызы орнынан қайта-қайта тұрып, кіріп-шыққан сайын Бәшімді сүйкімді

әтірінің сылқым иісімен сылай-сипап өтеді. Биік өкшелі, жылтыр қара туфли киген оқтаудай түзу, ақ балтырлары да басын төмен салып отырған жігіттің көзін шоқтай қариды.

Ақыры, біріншінің келмейтіні анық болып, Бәшімді екінші хатшы қабылдады. Райкомның біріншісі орыс болса, екіншісі қазақ болатын кеңестің тәртібімен тағайындалған жасы ұлғайған, ұзын бойлы, қара сұр кісі бұған бастан аяқ сынай қарады. Сосын біршама сұрақтар беріп, жауабын тындал, үнсіз отырып қалды.

– Мені сырттай біletін шығарсың, аты-жөнім Әлібек Амантайұлы. Мен де партияға сен секілді гуманитарлық саладан келген адаммын. Өнер адамымын. Соңдықтан сенімен бір өзеннің суын ішкен туыстығым бар, – деді ол түсін сәл жылытып.

Бәшім бұл кісіні сырттай біletін. Осы жерге келгеніне де көп болмаған, бұған дейін жоғарғы жақта істегені туралы да құлағы шалғаны бар.

– Сені мұнда неге шақыртқанын біліп отырсың ба?

– Жоқ...

– Ендеше қуана бер, біз сені «Пушкин» кеңшарына партторг қылышп җібермекпіз...

Бәшім сасып қалды. Оның күткені басқа болатын, аудандық оқу бөліміне немесе басқа бір ірі мектептердің біріне директор етіп жіберер деген оймен келген еді ғой.

– Ой, мен ауыл шаруашылығы жайлы білімім жоқ... Кеңшардың жұмысын білмеймін ғой.

– Ешкім де оқып тумайды. Саған кеңшардың жұмысын білудің қажеті де жоқ. Сен адамдармен жұмыс істейтін боласың. Соңдықтан саспа. Ұсыныстан ешқашан бас тартпа. Өсемін деген жігіт жіберген жердің бәріне бара береді, – деп Әлекең күтпеген жерден мырс етті.

Бәшім ойланып қалды. Бір жағынан өскен де дұрыс, бірақ кеңшардағы жұмыс саласының бірін білмей, қалай оның бір басшысы болмақ?

– Обедті қайдан ішуші едің? – деді бастық күтпеген жерден жадырап.

- Асханаға барамын ғой...
- Мен де сонда барушы едім...
- Бәшім ыңғайсыз болса да, осы арада батылданып кетіп, үлкен кісіні асқа шақырды.
- Жұр ендеше, екеуміз осындағы ресторанның банкеттің залынан шәй ішейік. Отбасымды әлі әкелген жоқпын, тамақты мен де сол жерден ішіп жүрмін, – деді бастық бас тартпай.
- Екеуі аудандағы жалғыз ресторанның шағын банкет залына келді. Мұндағы даяшылар Әлекеңді жақсы білетін көрінеді, жүгіре басып, бірден қызмет көрсете бастады.
- Араққа қалай едің? – деді бастық даяшыға тапсырыс беріп жатқан бұған...
- Жо-жоқ, аузыма алмаймын.
- Қой-ей, бұғін бір жұз грамм іш... Жаңа қызметінді жуайық, – деді Әлібек. Мынау өзі қандай кісі, араққа теріс қарамағанына қарағанда, жоғары жақтан сол тарапты қүйіп кеткен біреу емес пе екен деп ойлап үлгерді Бәшім. Қалай десе де, Әлекеңнің мысы басып, оның айтқанынан шыға алмай отыр. Ал ол тамақты сарабдал жесе де, жұз грамм деп отырып, 2-3 рөмкені тартып қойды.
- Сен парторғ деген қызметтің немен айналысатының жобамен білетін шығарсың?
- Елтеп... көріп жүрміз ғой... Партияның қаулылары мен қарапларының орындалуын бақылайтын шығар...
- Жоқ. Сен бұл қызмет туралы түк те білмейсің. Парторғ деген партияның жергілікті жердегі көзі мен құлағы. Былайша айтқанда тыңшысы...
- Бәшімнің көзі бақырайып кеткен болуы керек, Әлекең оны арқасынан қағып қойды.
- Қорықпа, мен саған басты жұмысын айтып жатқаным ғой. Ал сөз жүзінде ешкім де олай айтпайды. Бізде өкімет қана емес, халықтың да билігі партияның қолында. Ал партия халықтың тыныш болуын, өзіне қарсы келмеуін, айтқанының бәріне «ләббай тақсыр» деп тұрғанын қалайды. Кім де кім айтқанмен жүріп, айдағанға көнбесе – сол партияның

жауы. Ал партияның жауы – өкіметтің жауы. Парторгтың міндеті – жергілікті жердегі партияға қарсыларды көрсетіп отыру. Әрине, ондай, тікелей қарсы келетін адамдар қазір жоқ қой. Бірақ ішінара кейістігін, риза еместігін айтып, сандалып, сынап жүретіндер болады. Әсіреле, ауыл интелигенциясының арасында... Сенің міндетің сондайларды жілкепе тізіп отыру. Ондай пысықтарды біз шеміштен қысып, аяғын аттаптаймыз. Міне, парторгтың негізгі міндеті осы. Былайша айтқанда, ол негізінен қауіпсіздік комитетінің жұмысын атқарады. Барлық аудандарға, кеңшарларға олардың тыңшысын қою мүмкін емес болғандықтан, сендей партия қызметкерлері соның міндетін атқарады. Түсіндің бе?

Амал жоқ бас изеген Бәшімді басынан үрып, тұқыртып тастағандай болған бастық кезекті рөмкені шалқалаған күйі кеңірдегіне құйып жіберді.

– Түсінсең сол. Сенің алдымен бақылайтының сақпоздың директоры. Соның барлық жүрген-тұрган қылықтарынан құлағдар болуың керек. Ауылдарда, жұмыс орындарында өзіңе сенімді адамдар тауып, директордың барлық қадамын солар арқылы біліп отырасың. Қазір директорлардың арасында біреудің әйеліне барып, бозбалашылық қылатындар, отбасын бұзатындар көп. Бірақ ондайлар маңызды емес, тек жілке тізе берсең болғаны, бір керегі болып қалады. Партияның ауылдағы, ұжымдардағы он қанатын басқаратындар бар ғой. Міне, солар, сосын комсомолдың белсенділері және кәрі құлақ бәлшебектер сенің көзің мен құлағың. Бірақ сырын алмай жатып оларға көп сенбе. Ешқашан шынынды да айтпа. Өйткені, олардың кейбірі директорға берілген адам болса, сені арандатуы мүмкін. Ал қағаз толтыру үшін жасалатын басқа партиялық жұмыстар, тапсырмалар үнемі болып тұрады, олардың жасырын ештеңесі жоқ.

Бәшімді аяқ астынан айран-асыр етіп, есінен таңдырған-дай болған бастық одан әрі басқа «қызығын» шығарды.

– Арақты аузыңа мұлде алмайтын ба едің?

– Иә... мұлде ішпейтін едім.

– Ендеше өспейсің...



– Неге? – деп қалды Бәшім шошынған дауыспен.

– Арақ орыстың бағы, бары, бақты. Барлық соғыстардағы жеңісіне орыстар арақ ішіп алғандықтан ешкімнен, ештеңеден қорқпай, өлгеніне қарамай «уралаумен» жеткен. Тіпті бастарының тез көбейіп, қатындарының баланы топырлатып тапқандары да осы арақтың арқасы. Арақтың қызызы болмаса, күні бойы жер жыртып, соқа айдайтын мұжық әйеліне қарай алушы ма еді? Орыстың барлық қуанышы, қайғысы тек арақпен жөнелтіледі. Басына қайғы алмай, мұңсыз-қамсыз болып жүре беретіні де содан. Көбінің әумесер, дөрекі, жындыбайлау болатыны да сол – арақтың қүшімен туғандықтың белгісі. Ал біз орыстардың қол астындамыз.

– Қалай қол астындамыз? Біз бәріміз тең праволы емеспіз бе?

– Ей, баламысың деген... Тең праволы болсаң сені неге «ұлы» демейді. Өзбекті, қырғызды, украинды, беларусты неге «ұлы» демейді. Бізде бір-ақ халық «ұлы» екенін білмейсің бе? Ұлы мен құлы ешқашан тең бола ала ма? Тең болмайды. Сондықтан олардың барлық қылышын, ісін, соның ішінде ұлттық дәмін сыйлауымыз керек. Сыйламасаң, саған сенімсіздік білдіреді.

– Апырай, ә?...

– Вот саған апырай... Ішкенде де ақылынды ішпеуің керек. Оның да түрлі жолдары бар. Алдымен... қатар отыра қалғанда үш рөмкені жұртпен бірге түбіне дейін тарт. Үйдистың түбін көрсетпесең, тағы бәлеге қаласың. «Слезы оставляешь» деген сойқан сөздері бар. Сондықтан алдынғы үш рөмкені тартынбай іш. Қалғанына аузынды малып қана отыр, әйтпесе мас болып қаласың. Үш рөмкеден соң сені ешкім андымайды, ал оған дейін қатты бағып отырады.

– Өтірік мас болып көріп пе едің? – деді бастық тағы да күтпеген сұрақ қойып.

Бұл уақытта үш жұз грамм деп алдырған шағын графинің де түбі көрініп қалды. Бәшім ернін тигізіп қана отыр, оны түтпеп тастаған өзіне құйылғанның бәрін төңкеріп отырған басекеңнің жалғыз өзі. Өзінің екі көзі дәм тасып кіріп-

шығып жүрген сары келіншекте. Оның ашық-шашық қеудесі мен аппақ сандары жарқырап көрініп қалатын жырық етегін көзімен ішіп-жеп барады. Анау да селт етпейтін бір сарамас екен, мұның дөрекі қалжындары жанына жағып кеткендей, сылқ-сылқ қуліп қалады. Партия қызметкерінің моральдық бейнесі осында болушы ма еді деп ішінен наразы болып отырған Бәшім бәрібір оның сұрағын жауапсыз қалдыруды әбес санап:

– Жо-жоқ. Өтірік те, шын да мас болып көрген емеспін.

– Болмасаң үйрен.

– Қалай?...

– Оның еш қыындығы жоқ. 3-4 рөмке ішкен соң тілінді шайнап, бастықты мақтап, арасында жаңылып кеткен болып, боғауызды қосып қой және оныңа қайта-қайта кешірім сұрап отырсаң болғаны...

– Ондайдың не керегі бар?

– Әй, баламысың деген... Жалын құдірейтіп, жонын дөңкитіп, күржиіп отырған бастықтан үй, мәшине немесе қызметінді өсіруді сұрай аласың ба? Ал мас болып отырып, ондай өтініштерінді айтып қалуға болады. Шешсе шешеді, шешпесе есінде жүреді... Сөзің ұнамаса, мас екен ғой деп ұрыспайды. Және ондайды міндетті турде өзің жайған дастарханның үстінде айтуың керек.

Мәссаған... Партия қызметкеріміз, халықтың ғана қамын жейміз деп қоқып жүргендердің ішінде осындағы сырлары жатады екен-ау деп, мұндаиды бұрын білмейтін Бәшім аң-тан қалып отыр. Өзі шағын графиннің түбі көрінген соң, қонақ күтіп отырған адамның емеурінімен тағы да алдырмақ болып ұмысынып еді, бастық күтпеген жерден тойтарып таstadtы.

– Обед уақытында көп ішгүте болмайды, осы жетеді, – деді ол жанағыдай емес, барынша байсалды дауыспен. Дәм қайырып, тұра бергенде бастық күтпеген жерден бір сөз айтпақтың ишарасын жасап, мұны қайтадан орнына сылқ еткізді.

– Есінде болсын, орыс өзі сенбеген адаммен арақ ішпейді. Әсіресе, бастықтары сондай, бізге де сол әдет жүққан. Мен бүгін саған бірден сенім артып, арағынды іштім, тіпті бір-

шама сырдың да ұшығын шығардым. Осының бәрі сенің сыр шашпайтының өзімдей сенгеннің тұспалы екенін ұқ. Осыны ұмытпа, ешқашан сыр шашпа. Сенімді ақта! – деді. Соңғы сөзін тіпті өситеттей етіп, көтеріңкі дауыспен айтты.

Осы күні Бәшім үйге кете алмай, бәрібір бірінші хатшыға кіру керек болғандықтан, қонып қалды. Әлібек Амантайұлы: мен сенімен «беседа» өткізгеніммен, облысқа жібере алмаймын, бәрібір біріншігে кіруін керек деген соң, амал жоқ аудан орталығындағы бір танысының үйіне барған. Ертесіне бірінші хатшы Подгорбунскийдің қабылдауында болды. Оның Әлеkeң айтқан көп сөздерді өзгеріссіз қайталап бергеніне таң қалған. Партияның жарғысы бойынша парторгты совхоз коммунистерінің жалпы жиналысы «сайлайды» екен. Бірақ кандидатты аудан обкомның келісімімен ұсынатын көрінеді. Облыс орталығында екі күн жатып, обком басшыларының да ақыл-кеңестерінен өтті. Мұндағы әңгімелер де Әлекендікіндегі тым ашық болмағанымен, негізгі ау-жайы соған сайды. Обкомның бірінші хатшысы парторгке директордың ығында кетіп қалмай, өкіметтің, халықтың мүддесіне сай болмаса, оның шешімдеріне қарсы шығу керектігін айттып тұрып, оның жеке басының партиялық тазалығы туралы мәліметі болуы керектігін жеткізді. Бұл да сол, Әлеkeң айтқан «досье» екенін Бәшім жақсы түсінді.

\* \* \*

Бәшім бүгін аудан орталығына келе жатыр. Кеше 2-ші хатшы тоғыздан қалмай жетсін деген екен, содан ақырын жүретін жаңа «пирожковозben» асығыс келе жатқан жайы бар. Шопыры Серік жасы зейнет демалысына жақындаپ қалған тәжірибелі жүргізуші. Бірақ тәжірибелілігі бар болсын, жылдамдықты сафатына алпыс шақырымнан асырмайды. Бұрын өмір бойы қаладан жанаармай тасымалдайтын «бензовоздын» шопыры болыпты. Сол кездегі жылдамдыққа үйреніп қалған басы қатты жүрісті жарадай көреді. Бәшім бір-екі рет айттып көріп еді, ештеңе өзгермеген соң ондай

әңгімесін қойған. Қазір өзі де Секеңнің үйқы келтірер ыңылдақ жүрісіне үйреніп қалған.

Бәшімнің парторғ болып жүргеніне бір жылға таяп қалды. Әзірге бастықтарына жағып жур, ешқайсысы мұның жұмысына көңіл толмағандық білдірген жоқ. Келген қонақтарды қарсы алады, шығарып салады. Тілші, жазушы, әртіс келсе, бірге жүріп халықпен жолықтырады, жиналыс, кездесулерді дайындал береді. Осы кеңшардан шыққан екі жазушы, бір белгілі әртіс бар. Бірақ үшеуінің басы бір жерге сыймайды, біреуінің мерейтойына екіншісі келмейді, соңдықтан үшеуінің тойын, кездесулерін үш бөлек атқарады. Олардан басқа алғып-жұлып бара жатқан жұмыс жоқ, күнделікті тірлік. Екінші хатшы әлі де сол – Әлібек Амантайұлы. Анда-санда бұған хабарласып, жайды біліп қояды. Не қылып жатырындар ей? Ешқандай «ЧП» жоқ па әйтеуір? Биыл еттің, астықтың, сүттің жоспарын орындаі алатынсындар ма? Ана кіші бастықтарынды қудалап қой. Үнталандыру жағына көңіл бөліндер, сендерден биыл екі адамға орден, төрт адамға медалдық орын бөлдік. Соны кімге беретіндерінді шешіндер. Орыс-қазағын, жас-кәрісін, әйел-еркегін араластырып отыруды ұмытпандар. «Соотношениені» білесің ғой, бұрын үш орысқа бір қазақ еді, биылғы разнарядқада екі орысқа бір қазақтан қылдық. Ұсынылатындардың анкетасын әбден зертте... «Правдаға» қанша адам жазылды? «Известияға» ше? Былтырғыдан төмен түспендер. Әзіміздің газеттердің былтырғыдан кем дегенде он саны артық болсын. Міне, Әлекеңнің беретін тапсырмалары осылар. Ал бірінші кейде үлкен жиналыстардан кейін парторгтарды оңаша алғып қалып, директорларының, кейбір бас мамандарының көңіл-куйін, мінез-құлқын сұрап қояды. Бір қызығы, парторг екіншіге, директор біріншіге жақын. Әлекеңнің үйіне кейбір сенбілерде, мейрамдардың алдында басқа парторгтерден кейін кезегі жетсе, 5-10 келі етті қоймадан арзан бағаға жаздырып алғып, шопырынан беріп жібереді. Оны хатшы қыз жұмбақ сөзбен еске салып қоюдан жаңылмайды. Ал біріншінің не жеп, не ішетіндігі директордың мойнында.

Бәшім райкомға тура тоғызда жетіп, асыға басып Әле-  
кеңнің алдына келді. Жайшылықта аман-саулыққа ықтиялты  
Әлекен бұл жолы қабағын бермей тырсысып, тым салқын  
қарсы алды.

– Эй, сендердің естерің дұрыс па? – деді бұған аз отырған  
соң сынай қарап.

– Не болып қалды, Әлеке?

– «Еңбек Қызыл ту» орденіне кімді ұсынғандарынды  
білесіндер ме?

– Озат малшы Қамзабек Ескендеровті ұсындық. Барлық  
құжаттары дүр...

– Озат дейді ғой. Озат болмай оңқасынан түссін ол. Сен  
білесің бе оның мамандығы кім екенін?

– Білемін. Бірнеше жыл мұғалім болты. Жоғары білімді...

– Ал... әрі қарай? Жоғары білімді адам не қылышп мал  
бағып жүр екен?

– Мұғалімнің еңбекақысы аз болған соң, мал бағуға  
шықтым деген өзі...

– Оттапты... Сен оның досьесін қарамағансың. Өзін  
дұрыстап зерттемегенсің. Ол көзі ашық «жетібас». Білмейтіні  
бит астында. Осыдан бірнеше жыл бұрын біздің системаны,  
видите ли, ұнатпай, мал бағуға шыққан. Жүрген-тұрған жер-  
лерінде Совет әкіметін сынал жүретіні туралы сигналдар  
бар. Сен оның жоғары білімді бола тұра неге малшы болып  
кеткеніне дұрыстап көніл аудармағансың. Білетін адамдар-  
дан сұрауың керек еді. Бұл сенің жұмысыңың шалалығы...

– Бірақ жұмыста озат қой. Үш жыл қатарынан аудан,  
облыс бойынша төл алудан да, сүт беруден де алда келеді  
екен.

– Мейлі!..

Әлекенің ақырып қалған даусынан Бәшім селк ете  
қалды.

– Сен не деп отырсың өзің? Бізге сенімсіз адамды жұ-  
мысты жақсы істейді екен деп орден берейін деп пе едің?  
Мейлі, жұмысты жақсы істей берсін, ол үшін еңбекақысын  
алып жатыр. Ал біз тек Совет әкіметіне әбден берілген, ешқа-

шан артық сөйлемейтін, оны тек мақтап жүретін жандарды ғана қолдайтынымызды мен саған айтпап па едім?

Ондай әңгіменің болғаны рас, алайда Бәшім оны қатардағы көп «ақылдың» бірі шығар деп қана қабылдаған еді. Сөйтсе... ол аяқасты ететін әңгіме емес екен. Апырмау, сонда адамның өзіндік ойы, принципі болса, ол партияға жақпайтын болғаны ма?

— Ертеңнен қалдырмай басқа адамды тауып, анкетасын мүқият толтырып, барлық құжаттарын алып келетін бол. Ал ертеңнен кешіксендер, орденді басқа сақпозға бұрып жібереміз, — деді Әлекең әңгіменің аяқталғанын білдіріп, орнынан қозғалақтап. Мұндай сөздер естімін деп ойламаған Бәшім абдырап қалған.

— Ал... сол, басқа әңгіме жоқ менде, — деді бастық.

— Әлеке, бір сұрақ қойсам айып етпейсіз бе?

— Сұра... Оның несі айып?

— Сонда біз бір адам Совет өкіметіне кейіс білдірсе, сынasa болды, оған өмір бойы қырын қарап өтеміз бе? Мұнда баяғы, 30-шы жылдардың салқыны бар сияқты ғой. Өзінің сұрағына шамданып қалар ма екен деген Әлекесі керісінше бұған сәл езу тартып, балалық шалалыққа аяныш білдірген кейіптен қарады. Көп тарта бермейтін қымбат темекісін де шығарып, үстелінің төменгі тартпасынан күлсалғышын алды. Осындау, асықпайтын қимылдар жасап жатқанына қарағанда, Әлекең әңгімені теренген толғайтын сияқты.

— 30-шы жылдардың «салқыны» деп дұрыс айтасың. Бірақ есінде болсын, ол «салқын» ешқашан жойылған емес, жойылмайды да. Партия оның әрекетін кейде қатты ширатып, кейде босаңсытып отырды. Қазір босаңсыған жылдарға кез келіп тұрмыз, бірақ ол ешқашан тізгін үзуге жібермейді. Бәрін де қатаң бақылап, сергек қарап отыр. Бізде адамның емін-еркін жүріс-тұрысы болса да, еркін сөйлеуіне жол жоқ. Бәрі де партияның салып берген ізімен ғана сөйлеуі керек. Әсіресе, қызмет орындарындағы адамдар. Сәл басқаша сөйлегендер болса, жілкө тізіледі. Ондайларға ешқашан сенім болмайды. Қазіргі заманды тыныштық, еркіндік деп ойладап, ауыздарына

келгенді оттайтындар бар. Ондайларды біз білеміз және шөміштен қысып, ағын бұғаулаймыз. Мен саған шу дегенде-ақ біздің «көз-құлағымыз» ауылдағы «қызыл белсенділер» деп айтқанмын... Сен оларды қолтығындың астына алып, қолдауың керек еді. Тіпті ынталандырып қою да керек болатын. Бірақ сен ондай жұмыстарға көніл қойып жүрген жоқсын. Жаңағы Ескендіров тұратын ауылда Тоқтыбек деген кәрі бәлшебек бар. Көп ақпаратты сол береді. Кстати, ол сенің үстіңнен де бір арыз түсірді. Бесінші немересін кеңшар атынан оқуға жібермек болып, жолдама сұрап барған екен, қолдамапсын...

– Алдындағы төрт немересін стипендия төлеп, кеңшар оқытыпты ғой... Тек соныңғана балаларын оқыта береміз бе, басқалар да бар ғой деп қолдамағаным рас...

– Міне, мұның да үлкен қателік. Өкіметке шын берілген адамнан ондай жақсылықтарды аямау керек еді. Сен шөміштен қысқың келсе, жаңағы Ескендіров сияқтыларды қыс. Әлі күнге өзіңнің сақпозындағы қазан бұзарларды білмейсің. Тіпті белсенділерді де танып болмағансың. Біз саған жұмыстардың бәрін ежелеп айтпаймыз ғой, ұзын-ұрғасын айтқан соң, аржағын өзің алып кетуің керек еді.

Бәшімнің басы салбырап кетті. Есіне Әлекеңнің ең алғашқы әңгімеде парторг деген партияның тыңшысы деп айтқан сөзі тұсті. Шынында да сол екен-ау. Бұл Әлекең әзіл-деп отырған шығар деп қалған. Тыңшы. Бірге жүрген, бірге тұрған адамдарды сататын, алатүқ, жансыз... Өзі өмірінде ондай арын сатқан, екіжүзді адамдарды барынша жек көріп өсken. Сөйтсе, әжептәуір қызметте жүрмін деген басы... өзі де сондай болуы керек екен... Ел ішіндегі көрші-қолаңының, тамыр-тансының, тіпті ағайын-тұғанының үстінен жамандық жинайтын сатқын, арамсідіктерді қолдап, оларды қол-паштауы керек екен. Жо, жоқ. Мен ондай бола алмаспyn. Партиясынан шығарып жіберсе де мейлі. Тыныш қана мұғалім болып жүремін. Бірақ партиядан шығарып жіберсе мені мұғалімдікке де қоймайды-ау. Осы ойын айтса мына Әлекең шалқасынан түсер ме екен. Темекісін асықпай тар-



тып отырған Әлекең мұның барлық қылышын бағып отыр екен.

— Мен сені түсініп отырмын, — деді ол әлден уақытта. — Соңғы жылдары партия кадр таңдауда шалыс кете бастады. Гуманитарлық саладан партия қызметкеріне алута болмайды. Оларды Ленин «вшивая интелигенция» деп бекер атамаған. Өйткені, олардың жүрегі, сезімі бар ғой, ал бұл іске қатып қалған технократтар ғана шыдайды. Мен сені шу дегеннен-ақ ширатып, қатаң әңгімелер айтқаным сол еді. Бірақ бұл жұмыстың саған ауыр болатынын көріп тұрмын. Мен өзім де зорға көндіккем...

— Әлеке, бәрін біліп, сезіп тұрсаңыз, мені енді өзіңіз құтқарыңыз, — деді Бәшім жалынышты үнмен. Бастық ұзақ ойлаңып қалды. Әлден соң бір шешімге келіп: — Жақсы, көрерміз, — деген.

... Осы әңгімeden соң үш апта өткенде, Бәшім кеңшар орталығындағы үлкен мектептің директорлығына ауыстырылды. Жанашыр жандардың бәрі оның парторгтен түсіп қалғанына қынжылып жүрсе, өзі одан аман құтылғанына қуанып, мәз-мейрам болып жүрді. Аты дардай болғанымен, заты ұсақ істермен айналысып, тыңшылық жасауға оның ары мен ұтты бармаған еді.

## ҚАСҚЫР ТІРЛІК

Құланды жазығының қуаң сайындағы қотыр түбірдің панасындағы тар апанда сүті тартылған қу шандырды ырылдаса тартқылаудан жақтары талған құнжындаған қос бөлтірік тұмсықтарын анасының бауырына тығып, енді ғана рахаттанып, бырылдаған тәтті үйқыға кеткен.

Тістері жаңа білініп келе жатқан бұларды аналары қазір дәнге ауыздандырып жүр. Жат дыбыстап қуаң сайдың қиыршық тасы мен ақ шоқалағы аралас құнарсыз сорына өсken бұйырған, бұзаубас, көкпек секілді селкем шөптердің арасына бұға қалған жерлерінен атып тұрып, алдынан қуана секіріп шығатын аш бөлтіріктерін ол бауырына бірден жолатпайды. Алдымен ішіне сақтап келгендерін құсады. Құсықтың иісін жатырқап, бастарын алышқашып, емшек сұрап қыңылап, бауырына ұмтылатын бөлтіріктерге қаншық өткір тістерін ақситып, сұық ырылдайды. Амалы жоқ, қарыны ашқан бөлтіріктер сонда ғана анасына көзінің астымен жасқана қарап қойып, жемтікті тұрткілей бастайды. Кейбір тұтас түскен кесектерді үяластар балаң тістерімен таласа жұлмалап, тақыр-таза жеп, қанағаттанған соң ғана, анасы жұмсақ бауырын апанның сыздауыт топырағына төсеп жата кететін. Сол кезде ғана қуана секірген бөлтіріктер ырылдаса келіп, емшектерге жабысады. Алты емшекті қу шандыры қалғанша тартқылап, енді ғана тағат тапқандары осы.

Құндізгі таласқандары есіне түсе ме немене, кейде үйқыда жатқан екеуі жоғарырақ үймелеп, бірін-бірі жұмсақ желіннен тықсырып, ырылдасып қояды. Екеуіне дүниеде осы шакттан артық рахат та жоқ сияқты...

...Кенет аспан айрылып, дүние төңкөріліп кеткендей, гұрс еткен дауыспен бірге дәл үстеріне келіп қалған дан-дүн, тасыр-тұсыр дыбыстар естілді. Арс етіп атып тұрған қаншық бауырындағы бөлтіріктерін төңкере тастанап, апаннан атқып шыққан. Онымен бірге шыққан екінші гұрсіл тіпті жақыннан естіліп, бөлтіріктердің құлағын тұндырып жіберді. Тәтті үйқыдан арылмаған қос бөлтірік, қорыққандарынан қыңсалауға да шамасы келмей, үйлігіп, бір-біріне тығылуды білді. Құннің енді ғана құланиектеніп көтеріліп келе жатқан шағына қарамай ерте жеткен жаулары қоян-қолтық келіп қалған екен, қаншық апаннан ұзай алмады. Екінші шыққан гұрсілмен бірге аналарының қаңқ еткен дауыспен соңғы деміде шыққанын бөлтіріктер сезбеді. Өздеріне қарай топырлай жүгірген табан тарпылдарымен бірге «здесь, здесь» деген қуанышты дауыстарды естіп, дыбыстарын шығармауға тырысып, бір-біріне жабыса түскен.

Ендігі кезекте, кеше ғана асыр салып, емін-еркін ойнақтап жүретін жәудіреген құнәсіз көзді, тік құлақ, сүйкімді сұр бөлтіріктің басына тұтқынның тұмылдырығы мәнгі киілген еді. Мұның әлсіз ырылдағанына қарамаған бір әлеуетті қол желкесінен бүре ұстап, қолқаны қабатын жағымсыз иісі бар, бір сасық дорбаның ішіне тоғытып жіберді. Содан кейін жарық дүние бұл үшін қап-қараңғы көрге айналып жүре берген. Ұяласының қайда қалғанын да білмейді, тек оның өзіне таныс қыңсылы бір естіліп қалған-ды, бірақ мұны салған дорбага оны әкелген жоқ.

Аңшылар да екеу екен. Көптен ізіне түсіп, бүгін ғана қақпандарына түсірген көкшулан қаншықты алғандарына екеуі де мәз. Осыдан бір айдай бұрын, бұрынғы аpanдарында боз арланды да осылар сулатқан. Ол жолы да екі бөлтірік олжалап, қарық болған-ды. Құтылып кеткен қаншықтың соңынан ай бойы қалмай, ақыры бүгін, Құланды жазығындағы жаңа аpanының үстіне дәл түсіп, екеуі тағы да екі бөлтірікті олжалаганға тіпті масайрап, белбеулеріне қыстырып жүретін фляж-каларын сурып шығарып, бір-біріне торс еткізіп қағыстырып алды да, кенезелері кеуіп қалғандай ұзақ қылқылдатты.

\* \* \*

Аңшылықпен айналысады кәсіп қылған екі маскүнем бөлтіріктерді жаңадан ашылған зоопаркке сатып жіберіп, тұсірген ақшаға күнімен ішті. Айналасы бозала шаң болып тұратын жаздық кафениң талай ішкіштің түрегеп тұрып сіміруіне сүйеніш болған жуантық үстелінің дөрекілеу жонылған қалың тақтайлы дөңгелек беті мен жуан аяқтары ғана бұларды құлаудан аман сақтап тұр. Әйтпесе, екі аяқтан әлдеқашан әл кетіп, қайта-қайта сүрінгендер беттері мен иектерін биік үстелге дұрс-дұрс ұрумен зорға түзеледі.

Әңгімелері тек аңының қызығы болған екеу ақыры езулерінен шұбырған сілекейге шашалып, үнемі боқтық араластырып, даурығып, қатты сөйлегеннен дауыстары да қарлығып, дыбыстары шықпауға айналған шақта, бөксесі бес биенің сабасындай болатын буфетші Соня оларды кафениң ішінен желкелерінен бір-бір түйіп, қуып шыққан. Тәлтіректеген күйінде бір-біріне сүйенген екі алқаш үйді айнала беріп, түзге тұрды. Бірақ бұл жер кафениң ауласы емес, көшеге шығатын қабырғасы еді, ешкімнен именбей, қабырғаға сүйенген күйі дәрет сындырып тұрған екеуге жиіркене қараған жұрт айнала қашып, тез-тез өтіп жатыр. Тек үсті-басы бітеу милицияның мәшинесі ғана сыр етіп тоқтап, екеуін желкелеген күйі торлы қорапқа басып алып, жүріп кетті.

...Зоопарктегі қос бөлтірік іші біршама кең, ұзынша қораптарға екі бөлек салынған. Андармен айналысатын Камила есімді келіншек Шыңғыс Айтматовты көп оқыған жанның бірі болу керек, еркегін Тасшайнар, ұрғашысын Акбара деп жаздырды. Үсті тұтас, асты жартылай тақтайлы, жарымдай торлы, ал бергі беті тұтас тормен қоршалған бұл кілетті зоопарк басшылығы жақында ғана жасатқан. Төңірегінен жас қарағайдың иісі шығып тұратыны содан. Өзі жерден біршама биік етіліп, төрт тағанға орнатылған.

Кілеттің ірге жақ бұрышына апан тәріздес етіліп, аузы жартылай ашық қорап жасалыпты. Күндіз Тасшайнар қорадағы ел-жұртқа көрінбей, соның ішіне кіріп жатады.

Мұнда салған күні ол тұра қашпақ болып, тар қораптың ішін айналып, ұзақ жүгірген. Бірақ қалай жүгірсе де, құтақтай мен торлы темірге соғыла берген соң әлі бітіп, көзін жалт-жұлт еткізіп ұзақ жатты. Біраздан соң атып тұрып, барын салып тағы да зырлап көрді. Неге ешнәрсे өзгермей, бәрі де сол, баяғы күйінде қала беретініне ақылы жетпей-ақ қойды. Бір кезек әбден әлі біткенше шауып, басы айналып құлаған да еді. Екі өкпесі өшіп, тілі салақтап, көзін ашса – бәрібір сол, торлы темір мен құтақтай... Мұндай қорлыққа шыдай алмай, ырылдап, тістерін шықырлатып, ашу да шақырып көрген, одан да қайран болмады. Темір торды қауып, үзіп тастамақ болып, ұзақ тістеледі. Бірақ оған қалың сым былқ еткен жоқ. Іргені қопармақ болып, қалың тақтайды тырналадап еді, балаң тырнақтары қопара алмай, сынып қалды. Ауырған жерін жалап, амалы таусылып ұзақ жатқан.

Жат иісті бір әйел жылы сейлеп, тәбесіндегі тақтайды сәл көтеріп, сүт қойып кетеді. Ол келгенде ырылдап, бұрышқа тығыла қалатын Тасшайнар әйелдің қарасы әбден үзілгенде ғана итаяқтағы сүтті тез шалпылдатып, көзінің астымен жан-жағына алақ-жұлақ қарап қойып, жалап-жүктап қояды.

Алғашқы кезде итаяқтағы сүтке де жоламай көрген, бірақ нәпсі шіркін шыдатпады, аштық женді. Итаяққа бір басып, екі басып ақырын ғана жақындалап көрсе, еш қауіп жоқ. Ішін-дегі иісі мұрынды жарған ақ сүйиқтықты көргенде шыдай алмай, шалпылдатып, асығып-үсігіп тілімен қарпи бастаған. Содан бері оны бір-ақ қотаратын болды.

Үш күннен кейін көрге де үйренедінің кері Тасшайнардың да басына келген. Алғашында барлық дыбыстан шошынып, селк ете қалып, құныса түссе, қазір кейбір дыбысқа ырылдап, айбат шегіп, атылғысы келгендей қоразданып қояды. Әсіресе, астындағы тордан жерге түскен нәжіс пен зәрді тазалауға келетін боқтампаз шалдың қолқаны жарған күлімсі иісі мұрынна келгенде, баратын жер таппай ырылдап, апанның ішіне тығылады.

Бұл – Тасшайнарға таныс иіс. Апанда үйлығып жатқанда анасынан айырып, желкесінен бүріп алып тоғытқан кір

қапшықтан да осындаи иіс шыққан. Тасшайнар сондықтан өзінің ата жауы осы екен деп біледі. Одан хабары жоқ шал да бір кәззап, мұны айналдырып, жұмысын бітірсе де тез кетпей, ұзақ уақыт тұрып алады. Қалтасынан бірдеңелер алып шығып, жұмсақ дауыспен мұны өзіне шақырған болады. Бірақ оған Тасшайнар баруши ма еді, анасынан айырған жағымсыз іскесе барлық ызғарын шашып, ырылын қүшайте туседі. «Ах, ты моя злюка, ах, ты волчонок мой» деп күбірлеғен шал әйтеуір кетіп тынады.

Кешке қарай сам жақтан құңғірт жарық түсіп тұрады. Адам дыбысы білінбеген соң бір күні Тасшайнар сол жаққа қарап ақырын ұлыды. Аяғында тіпті дыбысын шығарып, үріп те көрген. О, ғажап, оған басқа жақтан жауап келді. Өзінің ұяласы Акбараңың дауысын жаңылмай таныған Тасшайнар қуанып кетіп, қайта-қайта ұлыған.

Неге екенін білмейді, басында екеуін екі бөлек қамаған зоопарктегі қожайындар біршама уақыттан соң екеуін бір кілетке тоғытты. Тасшайнар сол күні осында келгелі алғаш рет қуаныштың не екенін сезініп, күні бойы Акбараға сүйкеніп, жалап-жүқтап, оған қатты үйкелүмен болды. Өзінің бойы да, күші де Акбарарадан артық екендігі сезіліп тұр, бұл қатты үйкелей берсе, алғашқы уақытта қуанатын Акбара кейде ауырсынып, құнысып та қалып жүреді.

\* \* \*

Бұл қалада зоопарк жаңадан ашылғанымен, цирк көптен бері бар еді. Цирк директоры Ақылбек Алдонғаров жуырдағана Белоруссиядан тәжірибелі аң үйретуші шақырған. Зоопаркке қасқырдың қос бөлтірігі алынғанын естіген директор жаңадан келген аң үйретушіге соларды сатып алып, үйретуді ұсынды. Өзі соншалықты қыын жұмыс деп білмейтін бұл ұсыныстан Игорь Бовк бірден бас тартты.

– Қасқырды үйрету өте қыын. Оған тым ұзақ уақыт керек. Өйткені, оның ақыл-ес жүйесі басқа андарға қарағанда анағұрлым күрделі, жоғары дамыған, сондықтан ол барынша

сақ. Үйреткен нәрсені бірден үққанымен, қайталай бергенге қатты күдіктеніп, әлденеден қауіп алғып, жоқ жерден сылбырап, ешнәрсеге зауқы соқпай қалады. Ал қасқырга өзіне қажеттіні мәжбүрлеп жасату мүмкін емес. Мәжбүрлекенге ол бірден ерегісп қалады. Қасқырга іштен туғанға дейін берілетін білім адамдікінен күшті. Жаңа туған жас бала мен қасқырдың жаңа туған бөлтірігін салыстырсан, екіншісі өмірге әлдеқайда бейім болады. Өлетін жерін де бірден болжап, сақтана бастайды. Адам баласы ондайды санасты дами бастағанда өмірлік тәжірибе арқылы ғана біледі емес пе?

— Ой, Алла-ай, ондайды кім білген? Бәсе, цирктерде басқа андар көп болғанымен, қасқырдың сирек болуының сондай мәнісі бар екен ғой. Сонымен мына ұсынып отырған екі бөлтірікті не істейміз? Бұрын қасқыр үйретіп көрмеген бе едіңіз?

— Көргенмін, бірақ, айтып тұрмын ғой, оны сахнаға шығарғанша өте көп уақыт керек. Сонша көп уақыт беретін болсаныз, тырысып көрейін.

— Сонда қанша уақыт керек?

— Бөлтіріктердің неше айлық екен? — деді үйретуші қарсы сұрақ беріп.

— Анығын қайдан білейін, бізге айтқаны 3-4 айлық болса керек...

— Олай болса кем дегенде 5-6 айдан кейін ғана оларды аренага шығаруға болады.

— Болсын. Қазір шаруашылық басшысымен бірге зоопаркке барып, бөлтіріктерді алғып қайтыңыздар...

Сейтіп, Тасшайнар мен Ақбараның цирктері жаңа өмірі басталды. Ерлі-зайыпты Игорь мен Наталья Бовктер олардың сеніміне кіру жолында ұзақ тер төкті. Алғашқы кездे екеуінен де қауіп алғып, құныса қалатын бөлтіріктер қазір оларға әбден үйренген: келгендеріне куанып, қатты сүйкеніп, беттерін де жалап, өліп-өшіп қалады. Күннен-күнге денесі күдістеніп, күші көбейіп келе жатқан Тасшайнардың «құшағы» да қатты, ол Игорьдың арқасына жабысып, қысып тұрып алатыны да бар. Әсіресе, бірнеше күн көрмесе «сағынып» қалғандары сезіліп тұрады. Үйретушілердің еркелеткен үндери қатты ұнайтын

болса керек, Акбара мұндаіда тіпті олардың үстерін былғап, қуаныштан дәретін де жіберіп қояды. Игорь олардың алдында беделді болуға тырысып, еркелетумен қатар айтқанын да еki қылмай істетеді. Қасқырлар оны үйірдің арланы деп ойлайтын болуы керек, айтқанынан шықтай, көрсеткенін күр жібермей, әйтеуір талап еткенінің бәрін орындал жүр.

Қазір қасқырлардың тұрағы әрі биік, әрі кең, үлкен вольер. Тар кілеттен құтылып, кең дүниеге шыққанына екеуі де мәз болып, ұзақ жүгірген. Бұл жерде еркін тыныстап, көп қимыл жасайтыны екеуіне де ұнайтын сияқты. Қапелімде ұшып кірген торғай болса, екеуі де қуалап, әбден қалжыратып, әйтеуір ұстап алғанша бір тынбайды. Ал аренадағы жаттығуға шығу тіпті қызық. Бұл жерде Игорь мен Наталья да бірге болып, өздерімен бірге ойнайды. Дауысы қатты шығатын музика мен көрермендердің жазылып алынған дабырынан Тасшайнар алғашқы кездे қатты сескеніп еді, бірақ қасындағы Игорьдің бұлтартпас талабы қорқынышын сейілтіп тастаған. Одан әрі өзіне берілген тапсырманың «қызығына» беріледі. Бірақ онай тапсырманы неге қайта-қайта жасататынын түсінбей, кейде қажып қалады. Әйтеуір айтқанын бұлжытпай істесе, үретушілердің көмейлеріне тығып жіберетін бір түйір бауыр мен жүректің дәмі ғана сілекейін ағызып, тезірек соған жеткенді қалайды. Екеуі үйретушілер көрсеткен жерге жатып, алдымен «ән салуы» керек. Онысы, бастарын есік жаққа қаратып, басқа бастастарын шақырып, ұлу. Сол кезде аренада ақ тоқты атып шығып, аренанды айнала жүгіреді. Қөлденең жатқан екеуінің үстінен қарғып өтіп, жүгірісін жалғастыра береді. Булардың қасқыр деп шақырғаны қой болып, және ол бұлардан қорықтай үстерінен секіріп кеткені көрермендерге қатты ұнайтын болса керек, бұлар бауыр мен жүректі қылғытып жатқанда олар ұзақ қол соғады. Осындай болмашы тапсырмаларды орындау еki қасқырга да түк емес.

Тасшайнарға тамақ беретін Антонның қылғығы ғана ұнамайды, ол кілеттің тесігін ашқан бойы етті лақтыра салып, оны тез жабуға тырысады. Өзінен қорқатынын сезетін жыртқыш та оны бір бәксергісі келіп, қызығып жүр. Тесікке жетіп

барғанымен, анау алыстап кетіп, тістерін ақситып, ырылдап қала береді. Бірақ түбінде бір бөксеретінін адам да, анда біліп алған. Антонның бұл қылыштың бір күні көріп қалған Игорь жыртқышты ызаландырғаны үшін оған қатты ұрысты. Содан бері Антон көрінбейді, оның орнына Ермолай деген шал тұрыпты. Бұл Тасшайнардан қорықпайды, әкелген етті вольерге кіргізіп, бір уақ отыратыны да бар. Бірақ оның үстінен шығатын жағымсыз іс баяғы өзін салған дорбаны еске салып, ол келгенде қасқыр бұрышта көзін жұмып қойып, кектенген түрін жасырмай, отырып алады. Акбара болса өзіне тиесілі етті қақшып алып, сүйегін бытырлатып, шайнай бастайды.

\* \* \*

Күндер осылай өтіп жатты. Тасшайнар бұл уақытта дүрдей болып өсіп, нағыз арлан кейпіне енген. Бірде мезгіл қыс ортасынан ауған шақ еді. Біртекті, бірсарынды уақыт пен тірлік бір күндерде Тасшайнарды сарыгуайымшылдыққа сала бастады. Үстіндегі жуні де түсіп, түлеген жабағы түрін де аздырып жіберген. Көңілсіз күйден бір кезек ол ұзақ ұлып, тұн баласында маза таппайтын жағдайда жетті. Вольердің ішіне сыймай, шарқ ұрып бұрыш-бұрышын кезіп кетеді. Кейде ашу шақырып, ұяласын да талап тастайды. Оның мінезіндегі өзгерісті сезген Игорь цирк бастығына оны үйіктату арқылы өлтіруді немесе ашықдалаға, еркіндікке қоя жіберуді ұсынды. Бірақ «қасқырлар ойын қөрсететін цирк» деген көрерменді қызықтырғыш лақаптан бас тарта алмаған бастықтар оның ұсынысына мән бермеді. Тіпті жаңа бағдарлама жасап, қасқырлардың «қызығын» арттыра түсуді тапсырды. Бұл іске қосымша ақша бөлінетіндігі Натальяны да қызықтырып, ол да Игорьдің қаупін сейілтүге тырысқан.

...Сол күні қасқырлар кезекті «өнер қөрсетуге» шыққан. Тасшайнар түнімен ұлып, дамыл таппаған еді, сондықтан ба, қимылды сұлбыр. Игорь оның көңіл-күйін дәл танып, даусын ызбарландыра шығарып қояды. Міне, қасқырлар қатар жата қалды. Аренада жүгіріп шыққан ақ тоқты алдымен

Акбараңы, сосын Тасшайнардың үстінен секіре берген... Сол кезде қасқыр арс етіп оны бүйірден қауып алды. Бір-ақ сәттік көрініс. Бүйірінен қан саулай жөнелген тоқты жаны шыға ышқына бақырып, аренадан тұра қашты. Игорьдің ақырған даусынан өзінің бірдеңені қатты бұлдіргенін сезген Тасшайнар жалы күдірейіп бұға қалды. Көрермендер «Ах» деген азы дауыстарымен бірге іштен тынып қалған.

Жұрттың бәрі естерінен танып қалғандай сәтте ең бірінші болып есін жинаған Игорь болды. Ол қасқырларға аренадан шығуға команда беріп, өзі публикаға бас иіп, ілтипат білдірді де, олардың соңынан Натальяны ертіп жүгіре жөнелді. Сол сәтте ғана ес жиган халық қатты қол соғып жатты.

Осьдан кейін цирк басшылығы мен үйретушілер Тасшайнардың болашақ тағдыры туралы ұзақ таласты. Үйретілген қасқырдың аяқ астынан мұндай оқыс «өнер» шығарғанын немен түсіндіруге болады дегенге бәрі де іс асистенттің шалалығынан болды дегенге сайды. Қасқыр үйретушілердің жас асистенті ешкіммен ақылдаспай тоқтының мойнына «сәндік» үшін шар байлап шығарған екен. Ал ондайды жаттығу кезінде көрмеген Тасшайнар жаңа нәрседен бірден қауып ойлайтын дағдысымен «қатерге» қарсы шыққаны сол десті. «Ондей-ондай ханның қызында да болады» дегенге сайған басшылық Тасшайнарды әлі де пайдалануды қалаған еді. Алайда жыртқыштың психологиясын жақсы білетін үйретуші Тасшайнардың бойына қорқыныш енгенін және ол енді санадан гөрі жабайы инстинкті басым қыла беретінін айтып тұрып алды. – Қазір бұл қасқырдың ақылынан гөрі жыртқыштың инстинкті басым тұр. Мен оны бұрыннан да байқап жүргенмін. Оны ұйықтату керек дегенім де сол еді. Бүтінгі оқиға, одан кейін болған жазалардың бәрі қосылып оның жыртқыштық болмысын арттыра тұсті. Қазір құтылмасақ бұл аңнан бүтінгіден де ауыр қауіп құтуге болады, – деген Игорьдің бұлтартпас сөздері ақыры жеңіп шығып, Тасшайнарды орманға апарып еркіндікке жіберу туралы шешім қабылданды.

...Тасшайнарды қамаған тар кілетті артқан жүк тасиын ескі «Уазик» сары даланың икі-тикі жолымен ыңылдал

жүріп келеді. Қаладан кем дегенде 50 шақырым әрі апарып, орманға қоя беріндер деген бүйрықты бұлжытпай орындауға тырысқан шопыр мен шаруашылық басшысы Сәркен спидометрге анда-санда көз салып қояды.

Міне, межелі жерге де келіп, жүргіншілер машинадан түсті. Бұл жер елді мекеннен біршама қашық, қалың орманың шеті болатын. Машинаның кузовындағы ауыр кілетті көтеріп түсіруте ерінген жүргіншілер бортты түсіріп, оның есігін ашып еді, атып шығып, кең далаға ата жөнелуге тиісті Тасшайнар оның бұрышына барып тығылды. «Өй, мына сорлы, қайтеді, кет бар, шық, деп кабинаға кіретін басқышқа шыққан екеу ұзын ағашпен оны тұртқілеп жатыр. Бірақ Тасшайнар түсер емес, керісінше оларға ырылдалап, айбат шеге бастады.

— Мәшинені шұғыл қозғап жүріп кетейік, соңда құлаған кілеттен өзінен-өзі секіріп түспей ме? — деді завхоз.

Оның сөзін дұрыс санаған шопыр машинасын құрт қозғап, жүріп кеткен еді, айтқанындай Тасшайнар асты жылтыр кілеттен сыптырылып, жерге түсіп қалды. Бірақ орманға, бостандыққа қарай жүрудің орнына машинаның соңынан жүгіріп, тоңқылдаққа кідірген оның кузовына бір-ақ қарғып, қайтадан мініп алды.

— Өй, мына жазған қайтеді? Бар орманыңа, бар, — деген екеуі ақыры Тасшайнарды ұзын таяқпен ұрып, зорға қуып жіберді. Бірақ біршама жерге барып тоқтап, арттарына қараған еді, түскен жерінен тапжылмай, бұлардың соңына аңырап, тұрып қалған қасқырды көрді.

— Ой, жазған-ай, тұғалы еркіндік көрмеген басы не істерін білмей тұр-ау, — деді көпті көрген Сәркен.

— Нешауда, үйреніп кетеді, өзініңдаласығой, — деді шопыр...

...Уш күннен кейін жергілікті газетке аш болғаннан ауылға кіріп кеткен қасқыр туралы оқыс оқыға жарияланды. Қасқыр ешкімге шаппаған, тек қоқыс төгетін жерден өзіне нәпақа таппақ болып жүрген екен. Ауылдың ит атаулысы оған үріп, у-шу болып жатқанда, мылтығы бар бір аңшы оны атып салып, ел-жүрттың алғысын алғыпты...

## ТАҢҒАЖАЙЫП ОҚИҒА

Ымырт үйірілген шақ еді. Облыс орталығына апаратын сара жолдың үстінде шабан журісті жалғыз «Уазик» ыңылдал келеді. Кабинада екі-ақ адам. Газет тілшісі Жәнібек Ақкөзев күйгелектеніп, Толағай ауылынан кеш шыққанына ішінен өкінүлі. «Мәшине болса ескі, жүргізуші де сенімсіз, жас бала. Ал жол алыс, несіне қарадым солардың дайын болмаған асына?» деп ішінен өзін-өзі сөгіп қояды. Тұн тунерген сайын жел де қатайып келе жатқан тәрізді. Ескі «Уазиктің» алқам-салқам есік-терезесінен уйлдей енген сүйк ызғар қалың тонның қаусырылмаған құystарын дәл тауып, денесіне сумандай кіріп жатыр.

Бір кезде үдей түскен ақ сырғыма жаяу бүрқасынға айналып, қар борай бастады. Мәшиненің жарығында қалықтай ұшқан жапалақ қар желдің құтырғанына куанғандай опыр-топыр ойнап кетті. Бағанағыдай емес жолдың шеті де көрінуден қалды. Міне, қырсық...

Жәнібекті Толағай ауылына редактор күтпеген жерден жіберген. Сонда КПСС-тің 26-шы съезіне баратын бір шопан бар еken, жұрттың бәрі жабыла жазып жатқанда қазақ тіліндегі жалғыз газет – біз көрсете алмай қалсақ ұят болады, тезірек барып қайт деп бүйрый берген соң, бүтін таңертен жолға шыққан еді. Обалы нешік, 180 шақырым жерге тұс болмай жетіп келді. Қалыптасқан тәртіппен алдымен, телефонмен хабар алған, кеңшардың директорына кірген. Ол кеңшардың хал-ахуалын мақтанышпен айтып ұзақ отырып алғаны ғой. Содан шопанның үйіне парторгпен бірге келгенше қыстың қысқа күні бесінгे таяп қалған.

Қалдыбек қойши, өзін арнайы іздең облыстан келген адамдарға өмірінің барлық қызық пен шыжықтарын қалдыр-



май айтып берді. Бірақ әйелі «мың салсаң бір баспас» дейтін ауыр қимылды адам екен, бұлар әңгімелесіп жатқанда ас салмай, енді шығамыз деген уақытта ғана бірденені көңірсіте бастағаны той. Бұл рахметін айтып, кете бермек болып еді, отағасы байғұс жат та кеп жабыссын. Үй иесінің сөзін қимаймын деп, міне енді, жеті түнде желмен алысып, ақ боранға оранып келе жатқаны.

Жол бірқалыпты қалыбынан жазар емес. Тегіс жолда мәшиненің жылдамдығы да бір күйінен жаңылмай келеді. Қатты жел тынса керек, бір сәт салонның іші жылынғандай болды. Қалың тонның ішінде бұйырып отырған жігіт бағанағы ішкен бір-екі жұз грамм арақтың қызыу әсер етті ме, әлде қойдың жүні денесін балбыратып жіберді ме кім білсін, бір сәт өзінің қалғып кеткенін сезбей қалды.

Бір уақытта... Барлық дуние астан-кестен болды да кетті. Сатыр-күтір... Темірдің шақырышқыры шиқылы мен тарсылы құлақты тұндырып жібере жаздады. Аузынан сөз шыға қоймайтын жас шопырдың: «Өлдік...» деп ышқынған даусы да құлағында қалып қойыпты. Содан кейінгісі есінде жоқ. Әйтепер бір туннельдің ішіне еніп кеткендей болды. Алдынан ақ сәуле көрініп түрғандай... Бірақ, ешнәрсе анық емес, бәрі бұлдыр. Қалың тұманның арасындағы елес сияқты. Сол жерден әкесі марқұмның сұлбасын да көріп қалғандай болды...

\*\*\*

Қанша уақыт өткенін білмейді, бір кезде Жәнібек біреу түртіп қалғандай селк етіп оянып кетті. Қатты бастығырылып, демі үзілердей болып, қиналып жатыр екен. Оянғанына қуанып қалды. Денесі де әбден малшынып, терлеп кетіпті. «Уазик» ыңылдаған үнінен жаңылмай, әлсіз жарығымен түн тунегін түре қуып, бір қалыппен жүріп келеді. Алдына сүзілген жургізуши бала да қозғалмай қатып қалған. Аптарай-ә, мұндан да тұс болады екен-ау. Бірденеге соғылып қалған екенбіз деп зәрем кетті-ау деп ойлаған Жәкең құлағында:



«Өлдік...» деген жүргізушінің айғайы қалып қойғанына таң қалды.

– Өміртай, сен жаңа бірдеңе деп сөйлемдің бе? – деді ол шыдай алмай. – Жоқ, аға, ештеңе де айтқан жоқпын.

Ой, Алла-ай, құлағымда оның даусы қалай қалды екен деп ойланған Жәнібек қатты таңырқап отыр. Элде, елес пе? Елес болса көзге көрінеді деуші еді, мынау тіпті ап-анық болып құлағында тұр. О, ғажап-ай! Осы кезде бұларды бір көлік басып озды. Ұзындау келген, жарығы мол, жатаған мәшине екен, жандарынан сыр етіп өте шықты.

– Өміртай, мынау, «Жигулиге» де, «Волгаға» да ұқсамайды ғой, қандай мәшине болды екен?

– Мен де соған таңырқап келемін, шетелдікі болмаса, – деді ол да. «Қой әрі, ондайлар қайдан келуші еді мұнда?» – деп қарсы сөз айтайын десе де, баланың сөзінің жаны бар сияқты.

– Аға, байқайсыз ба, біз келе жатқан жолмен қарсы мәшинелер жүрмейді, олар мына бір аранның ар жағымен өтіп жатыр. Бізде мұндаидай екі қанатты жол жоқ секілді еді ғой, деді Өміртай тағы да сөз қозғап. Жәнібек оны байқампты, сәлден кейін қарсы келе жатқан мәшиненің жарығы көрініп еді, ол арғы беттегі бөлек жолмен өте шықты. – Өй, мынадай жол бізде жоқ-та... Біз өзі басқа бір жолға түсіп кеткен жоқпыз ба?

– Білмеймін. Жолдан ешқайда бұрылмаған сияқты едім...

– Көзің ілініп кетпеп пе еді?

– Көзім ілінген жоқ, бірақ бір кезде қатты жұмылып, байланып қалғандай болды. Содан селк етіп оянып кеттім, – деді ол сипақтап. – Ендеше сол кезде басқа жолға түсіп кеткен болдық. Бірақ Ақмоладан шығатын барлық жолды мен білемін, мынадай екі қанатты жол ешқандай бағытта жоқ болатын. Элде біз басқа бір қалаға...

– Мүмкін емес...

– Өй, қайдам... Әнене, тағы бір мәшине қарсы шықты. Ол да ана қанаттағы жолмен келеді, байқайсың ба?

– Рас, не де болса мына жол екі қанатты болды. Ой, Алла-ай, ондай жол біздің маңайда жоқ еді ғой...

Екеуі жолға ұзақ таңырқады. Мұндай кезде көлік көп жүре қоймайтын еді, бірақ барған сайын, неге екені белгісіз, олар көбейе түсті. Жандарынан сыр етіп өте шыққан тағы бірнеше мәшине де шетелдікі болып шыққанына екеуі тіпті таңдана түсті. Бір қызығы, жайшылықта кездесіп қалатын «КамАЗ», «Зил» сияқты жук мәшинелері жоқ, бәрі де бір кілең жүйрік, жеңіл көліктер.

Бір кезде алдарынан жол көрсеткіші кездесті. Мәшиненің жарығымен жарқырай көрінген ондағы «Астана 95 км» деген жазу екеуін тіпті айран-асыр етті.

– Өй, бұл жақта Астана деген қала бар ма еді? Алматы жағына шығып кеттік пе, әлде? Бірақ Алматыны Астана деп кім жазушы еді? Оның үстіне Алматыға 95 шақырым ғана қалғандай ұзақ жүруіміз мүмкін емес. Басқа бізде қандай астана бар?

Жәнібектің көп сауалдарына Өміртай да жауап таба алмай, өзі де таң қалып отыр. Біраз жүрген соң екеуі мәшинені тоқтатып, сыртқа шықты. Бағанағы қатты боранның ізі де жоқ, дала тым-тырыс. Эр жерден көліктердің әлсіз оттары ғана көрінеді. Аспан да, жер де, ауа да сол сияқты, бірақ жол басқа екені даусыз. Тіпті бір бағыттың өзіне уш жолақ кетеді екен. Аранның ар жағындағы екінші қанат та уш жолақты, құтты дамыған шет елдердің жолы сияқты. Астапыралла... Екеуінің аузына басқа сөз түспей естері шығып, таңырқай берді. Әлде... әлде бір шет елге шығып кеттік пе? Жоға, мүмкін емес. Жаман «Уазикпен» Ақмоланың аймағынан ұзап қайда шығасың, оның үстіне жүріп келе жатқандарына да екі сағаттай ғана уақыт болыпты. Осы ойлардың шегіне жете алмай бастарын әбден қатырған жолаушылар жолды көп уақыт жаяу аралап көріп, ақыры мынау біздің жол емес деген шешімге келді.

Жәнібектің есіне аномальды зоналарға тап болған кейбір адамдардың басқа бір уақыт өлшеміне ауысып кеткен тағдырлары туралы жазылған жартылай фантастикалық оқиғалар түсті. Ондайлардың 20-30, тіпті жүздеген жылдар бұрынғы немесе алдағы уақытқа қалай түсіп кеткені туралы

бастан кешкен жайларын, одан қалай аман-есен шыққанда-рын өздері түгіл ешқандай ғылым да, дін де, көріпкел, жауы-рыншы дегендер де түсіндіріп бере алмайтыны жөнінде біршама оқығаны бар-ды. Әсілі, ондайларға өз басы сене қоймайтын. Енді, мынадай жағдайда сол оқиғалар есіне түсे қалар ма. Әлде сондай бір оқиға біздің де басымызға келді ме деген ой Жәнібекті біресе құлдіріп, біресе қорқытып әйтеуір жанына тыныштық бермеді. Тек ішінен ол мүмкін емес, мум-кін емес деп күбірлеп қояды.

Екеуі не де болса алға жүре бермек болып шешті. «Уазик» қайтадан ыңылдал жолға түсті. Алдан үлкен қаланың сұл-басы көрініп, түнгі шам жарықтары жыптырлад қоя берді.

Әйтеуір жол белгілерінің өзгермегендігі екі жолаушыға дәтке қуат беріп, жүректерін біршама орнықтырды. Алда жанармай стансасы бар екенін көрсеткен белгі де мәшиненің жарығымен жарқырап көрінген сәтте Жәнібек: – Бензинің азайса, мына жерден құйып алайық, – деді жүргізушіге. Өзі де осы сөзді тосып келе жатса керек, ол мәшинесін үн-түнсіз жол көрсеткіштің бағытымен бұрды.

– Өй... Өй, мынауың театрдың алды секілді жарқырап тұрған бірдене ғой? Заправкаға мұлде ұқсамайды, – деді Жәнібек.

– Не де болса кіріп көрейік, әне бір бөшкелер бензоколон-каға ұқсал тұр, – деп жүргізуши алған бетімен жүре берді.

– Мәссаған! Төбесіне «Есіл» деп қазақша жазып қойыпты. Әй, мынау тіпті қызық болды ғой? Бұл жерге келе қалған қандай мықты қазақтар? Біз «Ишим» дегеннен шыға алмауышы едік қой?

Колонкаға тоқтаған Өміртай бензин талонын бермек болып кеткен еді, біршама уақытта өні боп-боз қайтып келді.

– Ойбай, аға, біз ақыры бір қызық жағдайға тап болып-пыз. Аналар бізге талоның керек емес деп ақша сұрады. Ақша берсем бетіме күле қарап, есің дұрыс па дейді. Мына ақшаның көзі жойылғанына жиырма жыл болды ғой деп өзімді мазақ қылды. Сіз барып сөйлесіп көріңізші, – деді ол жылар-ман болып. Жәнібек бір сұмдықтың болғанын іші сезіп отыр

еді, енді соған көзі анық жете бастады. Келгендері тесікпен сөйлесетін заправка да емес, ішінде заттары сықылып тұрған дүкені бар әлемет бір орын. Есіктің кіре берісінде екі милиционер отыр. Сатушы болып отырған екі қызың бұған қуле қарады. Бәрі де қазақ балалары. Жәнібек оларға орысша сөйлемей, қазақша бастап көрмек болды.

— Айналайындар, біз облыстық газеттің қызметкерлеріміз, командировкадан келе жатыр едік, бензиніміз азайып қалған соң бұрылдық. Жүргізушиден не талон, не ақша алмасыздар, бұл қалай? — деген еді, екі қызың сыйылықтап құліп жіберді.

— Ой, ағай, жігітің де бір қызың екен, бізге баяғы советтік ақшаларды ұсынады. Немене, ойнап тұрсыз ба, десек ашу шақырады.

— Тоқта, тоқта, шырақтарым. Өздерің бір иманжүзді, ана тілінде сөйлейтін жақсы балалар екенсіздер. «Баяғы советтік» деген не сөз, ақша өзгеріп пе еді?

— Ой, ағай, сіздер бір жерде ұйықтап қалған адамсыздар ма, немене өзі? Ақшаның өзгергеніне 20 жыл болды ғой...

— Қа... Қалай... Сонда қашан?.. Қайтіп...

Жәнібектің аузына басқа сөз түсер емес. Тіпті шошынған даусы біршама күніреніп кеткендей де болды.

Екі қызың үп-үлкен кісінің ойыны емес, шыны екеніне көздері жетіп, енді өздері таңырқай бастады. Екі милиционер де бұларға жақындал, әңгімеге араласты. — Сіз қандай газеттенмін дедіңіз? — деді олардың бірі.

— Облыстық «Коммунизм нұры» газетіненмін...

— Ағасы, қазір ондай газет те жоқ. Ақмола облыстық газеттің аты... і-і қалай еді, е, «Арқа ажары» деп аталады, — деді ол.

— Сонда өзі мен қай жерде тұрмын? Елдің аты қандай? Қазақстандамын ба, әйтеуір?

— Иә, Қазақстандасыз. Тәуелсіз Қазақстандасыз. Біздің тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан асты, — деді тағы да әлгі милиционер. — Ал СССР қайда қазір?

— Ол құрыған...

– Өй, жігітім, олай деме... Өзің формада тұр екенсін. Соңдай бір сөз үшін бір кездे үлкен ағаларың бастарын да жоғалтқан.

– Ағасы саспаңыз. Талайдың басын құртқан сол СССР-ыңдың өзі де келмеске кеткен. Біз енді Тәуелсіз елміз. Мына форма да милициянікі емес, біздің күзетшілердің униформасы ғой. Міне, арқасында «Күзет» деген жазуы да бар, – деп жігіт теріс айналды.

Жәнібек көп нәрсе сұрамақ болып еді, бірақ мына милиционер өзін арандататын сияқты көрініп кетті. Коммунист басымен соңдай сөздер сұрапты деп ертең біреу сыйырлап қойса, қын болар деп ойлаған еді. Дегенмен сұрамауға болмайтын жайлар да көп-тін.

– Жігітім, өзі биыл қандай жыл? – деді ол.

– 2012 жыл...

– Не дейт?!!

Жәнібек шошып кетті.

– Әзілдесен де алысқа кетпесеңші, бауырым, – деді есін сәл жиып.

– Ағай, шын, шын, – десті әңгіменің бәрін естіп тұрған қалғандары да шу етіп. – Ал сіз нешінші жыл деп тұрсыз?

Жәнібек жауап беруге де жарамай, ұнжырғасы түсіп есікке беттеді. Артынан өздерін естері шыға талқылап жатқан жастардың сөздеріне, айран-асыр болған таңырқауларына қарауға да шамасы келмеді.

– Ағай, бенzinіңіз мүлде бітіп қалса бір бес литр құйып берейік, әйтпесе Астана мына жерде тиіп тұр, жетіп те қаларсыз? – деп айғайлады жігіттің бірі сыртқа шығып.

Жәнібек оның сөзіне мән бермей, мәшинеге отырды. – Не болды, ағай, өніңіз қашып кетті ғой? – деді Өміртай.

Жәнібек соңда ғана өзіне-өзі келді.

– Өміртай, сен екеуміз бір таңғажайып оқиғаға тап болып-пыз. 1988 жылы коман翟ровкаға кетіп едік қой. Ал қазір 2012 жыл болып қалыпты. Осыған сенесің бе? – деді.

Өзі де үркектей қарап отырған жігіттің азы даусы шығып кетті.

— Қа... Қалай, ағай! Мүмкін емес қой? Сағатыңызға қараңызы, Толағайдан шыққанымызға төрт сағаттай ғана болды емес пе?

Жәнібек оның сөзіне жауап берे алмай, мәңгіріп тұрып қалды. Апымай, үй-ішім аман ба еken? Жиырма төрт жылдан кейін ғана келе жатқаным ба сонда? Анаргұл қазір... так-так, 36-да еді. Енді 60-қа келген болады ғой. Астапыралла, кемпір десенші енді. Өзім ше... Ойбай-ау, өзім де 66-ға келгенім бе? Балаларым аман өсті ме еken? Бізді жұрт қайда кетті дейді еken. Түк сезіп, түк білген жоқпыз... Қызық-ә? Адамзаттың 24 жылын төрт-ақ сағатта өтетін заманға түсіп кеткеніміз бе сонда? Қалай, қайтіп? Бағанағы темірдің ышқына шыққан шақыр-шұқыры рас болғаны ғой? Сол апат кезінде бізді біреулер басқа бір уақыт кеңістігіне салып жіберді ме еken? Кім олар?

Жәнібек өз сұрақтарының жауабын таба алмай, санасты сансырап, кабинаға мінди.

— Ал, бауырым, не де болса екеуміз бір қызыққа тап болдық. Ол қызық бола ма, шыбық бола ма, оны тірі болсақ алдағы күндер көрсетер. Тек өзіңе берік бол. Енді ақырын жүре бер, алдымызда Астана деген қала бар еken, соған кірейік. Бұл өзіміздің Ақмола болуға тиісті. Тұған-туыстарымыз бер таныстарымызды сонан табармыз, — деді Жәнібек.

Мұның сөзін шошына тыңдаса да, таңданыстан айтар сөзі болмаған шопыр мәшинесін от алдырып, жүріп кетті.

Қазір екеуі де тым-тырс. Не айтуды да білмейтін секілді. Болған жайды әркім өз әлінше саралап келеді. Барған сайын бұлардың аузын аштырып, көзін жұмдыратын оқиғалар көбейе берді. Жандарынан зу етіп өтіп жатқан мәшине атаулының бәрі шетелдік. Кейбіреулері бұларға жол бер деп сигнал да беріп қояды. Толып жатқан демалыс орындары, отель, кафе дегендерді көрсеткен жол көрсеткіштері де қаптап кетті. Құдды кинолардан көретін шет елдегі секілді. Жарнамалық билбордтар да көп. ГАИ гимараты да өзгеше еken. Тоқтамай өтүте болмайтын қызыл жарық жанып тұрган соң, Өміртай да оған жақын келіп тормозын басты.

— Ал, кіріп шық, — деді Жәнібек.

Бір уақытта Өміртай жүгіріп келді.

— Аға, бәрі де қазақтар екен, мені бір жынды кісі сияқты көріп, мазақ қылды. Техталоның ескі, правоңды неге ауыстырымaganсың деп итімді шығарды. Мәшинемнің нөміріне келгенде бәрі бір-біріне көрсетіп, әбден күлді. Қазір нешінші жыл десем, бұлар да 2012 деп отыр. Мені жындыханадан шыққан біреу деп ойлады-ау деймін, ауруханадан қашан шықтың, әлде қашып кеттің бе деп тиісті. Сіз барып сөйлесіп көріңізші, документтерімнің бәрі сонда қалды, — деді ол жыларман күймен.

— Сабыр, бауырым, бұл әлі алғашқы соққы. Екеумізге таң қалатындар, мазақ қылатындар әлі көбейеді, берік бол дегенім сол ғой саган, — деп Жәнібек ГАИ-ге беттеді.

Іштегілер бір өңкей қазақтың жас жігіттері екен. Бұған іші жылып қалса да, бәрінің де өздерін сөз қылып, құлсіп, келекелеп отырған қылжақбас, есерсоқ мінезі бірден сезіліп, көтерілген көнілі су сепкендей басылды. Кірмей жатып біреуі мұның жолын бөгеді.

— Ау, тұлышыңмен қайда ентелеп барасың? Сібірдің мұздағынан келгенсіңдер ме өздерің, — деп кекетті ол мұның табиғи теріден иленіп, қолдан тігілген аппақ тонын мұқатып.

— Айналайын, біз одан да алыстан келеміз. Сенесіндер ме, сенбейсіндер ме, оны өздерің біліндер. Бірақ облыстық газетте істейтін біз 1988 жылы командировкаға кетіп, 24 жыл бойы жоғалып, енді оралып келе жатқан жандармыз. Міне, сенбесендер менің журналистік документтерім, командиро-вочныйым... Біз бір таңғажайып оқиғаға тап болдық, өзіміз де есімізді жия алмай келеміз. Бізге құлменіздер, — деді ол төрде отырған біреуіне қағаздарын ұсынып жатып барынша салмақты үнмен. Іштеріндегі бастығы ма, әлде беделдісі ме кім білсін, әйтеуір ол ұсынған құжаттарды алып, оқи бастады.

Сосын жан-жағындағыларға қарап:

— Мынау бір адам айтса нанғысыз таңғажайып оқиға екен. Шын болса бұл кісілердің есімін ертең бүкіл әлем білетін болады. Ең алғашқы болып танысқанымызды ертең

біз де мақтан ететін боламыз, – деп ол келелі сөзге алдымен келді. Бағанадан сыйырлап, күбірлеп, мысқылдай құліп отырғандар жым болып, бастықтың қолындағы қағаздарға шұқшиды. Тағы бірі Жәнібектен паспортын көрсетуді сұрады. Кеңес Одағының қызыл документі де жігіттерді таңырқата тусты.

– Аға, Ленин көшесіндегі, 31 үйге тіркелген екенсіз, қазір ондай көше де жоқ. Ол көше қазір Абай деп аталады. Үйіңіз бұзылып қалмаған болса, енді отбасыңызды сол көшеден іздейсіз, бірақ үй нөмірі өзгерген шығар, – деді іргедегі жігіт бәрінен бұрын пайдалы кеңес айтЫП.

Осыдан әрі екі жақтың да бір-біріне деген сұрақтары қарша борады. Жәнібек жанармай стансасындағы жігіттің сөзіне сене алмай келе жатыр еді, сөйтсе Қазақ елі шынымен жеке мемлекет болыпты. Бәрінен ғажабы, жүрек жарғызардай қуаныштысы сол болды. Жолдағы көрсеткіштер, жанармай стансасы – бәр-бәрінің қазақша аталау сырьы да сонда еken. Ал Ақмола Астана деп аталып, қазір мүлде өзгеріпті. Қазақстанның өз ақшасы да бар еken, жігіттер оларды Жәнібекке мақтанышпен көрсетті. Біраз отырған соң қалын тоннан терлей бастаған Жәкең әңгімеге шешініп кірісті. Бағанағы желөкпе, қылжақбас жігіттер енді мұның бастан кешкен оқиғасына қызығушылық білдіріп, жабысып қалған. Бірақ Толағайдан кеш шығып, боранды даламен келе жатып, апатқа ұшырағаннан басқа түк білмейтініне ешкім сенетін емес. – Сонда қарныңыз да ашпады ма? – деді бірі.

– Сенсендер де сол, сенбесендер де сол, түк те сезген жоқпын. Оянғанда қарным тоқ болды, – деді Жәнібек.

Бастығының кешіккеніне аландаған Өміртай да келген еді. Жігіттер оны да сұрақтың астына алды.

Ақыры мұндағылардың бірінің ақылымен бұлар жол полициясы қызметтік мәшинесінің алып журуімен үйлеріне қарай шықты...

\* \* \*

Әлдебір құдіреттің қүшімен уақыттың кейбір адамдарға қатысты өзгеруі өте сирек оқиға болса да, адамзат тарихында кездесіп тұрады. Ондайда мұндайға ұшыраған жандардың қайда жоғалып кететінін бір Құдайдан басқа ешкім де білмейді. Бірақ ғалымдар, ойшылдар, ізденушілер түрлі гипотезалар жасап жатады.

Сондай оқиғалар, әсіресе Атлант мұхитындағы Бермуд үштағаны аумағында көбірек тіркелген. Мәселен, 1993 жылы америкалық «The News» журналы осы аумақта тұрған АҚШ сұнғуір қайығының күтпеген жерден жоғалып кеткенін жазады. Бірақ біршама уақыттан кейін қайықтың Үнді мұхитында тұрғаны туралы сигнал түседі. Айналдырған жарым сағатта сұнғуір қайық 5-6 мың шақырым жерді артқа тастаған. Оның әкипажы аман оралғанда өздерінің 20 жылдай уақытқа қартайып кеткендерін көрген... Халықты дүрліктірмес үшін Пентагон мұндай оқиғаларды бірден құпия қылыш, еш адамға ешқандай ақпарат бермеуге тырысады.

1992 жылы Каракастың (Венесуэла) әуежайына ешқандай радар «көре алмай қалған» ұшақ қонуға рұқсат сұрайды. Диспетчердің сұрақтарына ұшқыш өзінің Нью-Йорк қаласынан Майамиге бет алған 914-ші чартерлік рейс екенін және ұшақтың бортында 54 жолаушы барын хабарлайды. Сонымен бірге, ол Майамидің әуежайына 1955 жылғы 2 маусымдағы таңертеңгі 09.55 қонуға тиісті екенін жеткізілті. Осының бәрі диспетчердің күнделік журналында автоматты түрде жазылып қалған. Диспетчер қонуға рұқсат беріп, бірақ қазір 1992 жыл екенін айтқанда, ұшқыштың есі шығып кетеді. Аман-есен қонғанымен, ол бортты қарсы алуға таянған әуежай қызметінен шошып, жақындағандар, біз кетеміз деп, кабина терезесінен қолындағы бір журналмен жасқап, жақын келмеуді өтінеді. Сөйтіп, қайтадан ұшып, қайырылмастан кетеді. Бірақ ұшақтың қайтадан өз уақытына енгені туралы мәлімет жоқ. Сонымен бірге, 1955 жылдың чартерлік

рейстің жоғалып кеткені туралы да мәлімет қалмаған. Соған қарағанда 37 жыл алға кеткен ұшақ аман-есен өз заманына оралған секілді...

Осындай аномальды оқиғаларды зерттеушілер олардың қаншалықты жи қайталанатынын анықтамақ болған. Сөйтсе... 1976 жылдан 2001 жылға дейінгі уақыт аралығында мұндай 274 оқиға тіркеліпті...

Өз замандарынан алға немесе кері кетіп қалатындарды ғылым хрононафттар деп атайды. Кейбір ғалымдар жер бетінде уақытты өзгертіп жіберетін ғажайып туннель бар деп есептейді, соған түсіп кеткен адамдар үстіндегі киімімен, қолға ұстаған затымен, астындағы қөлігімен бірге өз заманынан не алға, не кейін кетіп қалады деседі олар. Соңдай адамдардың біразы өз заманына қайта оралады, ал кейбірі «жаңа» заманда қалып қойып, неше түрлі жағдайларды бастан өткереді. Көбі тіпті, сол кездің адамзаты әлі игермен жаңалықтарды ашып, ұлы ғалым немесе өнертапқышта болып жатады. Мәселен, кейбір ғалымдар Леонардо да Винчиді болашақтан келген адам деп есептейді. Оның ойлап тапқан көптеген жаңалықтары XV ғасырдан әлдекайда алға кеткендіктің белгісі деседі олар. Өкініштісі сол, көбіне-көп ондайлардың орны жындыханадан табылады. Көзге елестетіп көретін болсақ, осы заманғы полиция қызметкери «әлем-жәлем» боп күніп шыға келген бір адамның Шыңғысханның ноянымын дегеніне ешқашан сенер ме? Ол қолындағы қалтафонымен бірден аурухананың нөмірін тере бастайды емес пе?

...Ал біздің кейіпкерлеріміз аман-есен өз заманына оралды. Бірақ оларды уақыт өзгерісімен болатын түрлі талқылар күтіп тұр еді. 24 жыл бұрын із-түzsіз жоғалып кеткен бұларды ешкім таба алмай, акыры Толағайдан Ақмолаға барын күре жолдан 15 шақырым қыыс жерде болған теміржол апатымен үштастырады. Авто жол темір жол қызылсытын сол жерде жүк поезы мен «КамАЗ» көлігі соғылып, бензин тасымалдайтын үлкен-үлкен бірнеше бөшке-вагондар отқа оранып, үлкен жарылыс болған екен. Бұл оқиға Жәні-

бектер сол маңнан 2 сағат бұрын өтіп кеткеннен кейін болса да, басқа амалы жоқ ізшілдер журналистік әуестікпен Жәнібек сол жерге бара қалып, ақыры апаттың кесірінен бұлар да жанып кеткен болуы керек деген болжамға келеді. Сенімсіз болса да осы болжамды ешкім терістей алмай, бәрі де «жабулы қазан – жабулы» күйінде қала береді...

Жәнібектің әйелі Анаргұл екі жыл тосқан соң, басқа бір адаммен көніл қосыпты. Екі полицияның бастауымен тұнгі сағат 12-де үйіне кіріп келген бұрынғы күйеуін көргенде ол талып түсті. Содан бері есі кіресілі-шығасылы... Екі баласы да ер жетіп, өз отбасымен бөлек тұрады екен. Жәнібектің өзі тез арада қартайып, 42 жастағы жігіт емес, 60-қа келіп қалған отағасы кейпіне оңай енді. Қайта-қайта кіріп, барлық БАҚ-тың қолдауымен қала әкімінен бір бөлмелі үйді зорға алған. Біраз уақыт Өміртай екеуі бірге тұрған еді, сосын ол өзіне лайық біреуді тауып, әйтеуір бөлек кетті. Қазір азamatтар жаңа өмірге біршама үйреніп қалды. Алғашқы кездे журналистерге ештеңе айта алмаған олар өздерінің бәстери «қызық» оқиғаларды айтса ғана өсетінін біліп, неше түрлі жайттарды «естеріне түсіріп» жүр. Әсіресе, шетелдерден келген журналистердің ауыздарын аңқитып, төлеген долларын ақтауға тырысады...

# МАЗМҰНЫ

## БҰРАЛАҢ ЗАМАН (роман)

Далада .....	3
Қалада .....	40
Самғау .....	75
Құлдырау .....	121

## ӘҢГІМЕЛЕР

Социализм салаңы.....	153
Тергеуге түскен телепатия.....	162
Қиын түйін .....	175
Тыңшы .....	189
Қасқыр тірлік .....	201
Таңғажайып оқиға .....	211

## Kaz.0



Жазушы Жақсыбай САМРАТ бұған дейін де бірнеше кітаптар жазған қаламгер. Оның Желтоқсан оқығасы туралы жазылған «Бітеу жара» романы кезінде жүртшылық тарапынан жоғары баға алған. Биыл осы кітаптың негізінде Түркияның Ардахан университетіндегі магистрлік диссертация да қорғалды. Бұдан басқа автордың «Өзгеленді бұл ғалам» атты өлеуметтік романы жарық көрген. Сондай-ақ оның «Күзде гүлдеген алмалар» атты әңгімелер жинағы және көркем публицистика жанрында жазылған бірнеше кітаптары шықкан. Ол үзақ жылдардан бері республикалық «Егemen Қазақстан» газетінде шолушы болып еңбек етіп келеді. Президент Грантының, Журналистер одағы мен «Нұр Отан» партиясының лауреаты, «Мәдениет қайраткері» және СҚО Есіл ауданының Құрметті азаматы атақтарын алған.